

ӘОЖ:373.21

Қолжазба құқығында

ТАЙТЕЛИЕВА ЛАУРА РАХАТОВНА

**Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің
инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту**

6D010100 -Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Кыякбаева У.К.
п.ғ.д., профессор
Жиенбаева С.Н.

Шетелдік кеңесші:
п.ғ.д., профессор
Козак Л.В.

Қазақстан Республикасы

Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
АНЫҚТАМАЛАР.....	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ.....	7
1 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘРБИЕШІЛЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	19
1.1 Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін кәсіби даярлау мәселесінің ғылыми еңбектерде қарастырылу жайы.....	19
1.2 «Инновациялық іс-әрекет», «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлау» түсініктерінің мәні мен мазмұны.....	37
1.3 Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлаудағы әдіснамалық тұғырлар.....	54
2 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘРБИЕШІЛЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	76
2.1 Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық инновацияның түрлері мен ерекшеліктері.....	76
2.2 Инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлаудың педагогикалық әлеуеті.....	92
2.3 Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі	107
3 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘРБИЕШІЛЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК- ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР МАЗМҰНЫ...	127
3.1 Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдістемесі.....	127
3.2 Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың механизмі.....	153
3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері.....	171
ҚОСЫМША А - Т.Элерстің «Тұлғаның жетістікке жету мотивациясын диагностикалау» әдістемесі.....	186
ҚОСЫМША Ә - Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы В.Э.Мильман).....	189
ҚОСЫМША Б - Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі (Е.Е.Рукавишникова)	207
ҚОСЫМША В - Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы В.Э.Мильман).....	209
ҚОСЫМША Д - Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі (Е.Е.Рукавишникова)	213

ҚОСЫМША В - Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау әдістемесі негізінде анықтауға Ю.В. Рындина әдістемесі	215
ҚОСЫМША Г - Д.Джонсонның креативтілікті зерттеуге арналған экспресс-әдісі.....	217
ҚОСЫМША Д - Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау әдістемесі (Л.М. Митина бойынша).....	219
ҚОСЫМША Е - «Педагогтардың жаңашылдыққа бейімділігі» сауалнамасы (Н.В. Немова бойынша).....	221
ҚОСЫМША Ж - Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетінің даму картасы.....	222
ҚОСЫМША З – Ендіру акті.....	225

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер пайдаланылған:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2022 ж.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы.

Педагогтің кәсіби стандарты Жалпы ережелер. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы №31149 бұйрығына қосымша.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Педагог-тәрбиеші – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына, жас ерекшелік топтарының үлгілік оқыту жоспары бойынша оқу қызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық үдерісті жүзеге асырады.

Инноватор – барлық жаңалықты, алдыңғы қатарлы тәжірибені енгізу қажет деп табатын және жаңалықтардың бәрін бірінші болып меңгеретіндер, жаңашылдардың ізбасарлары.

Мектепке дейінгі ұйым – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасайтын ұйым.

Даярлық – тұлғаның бір нәрсе істеуге келісім беруі және өз үлесін қосуға мүдделі екендігін білдіретін термин, белгілі бір мәселеде көмектесуге оның толық дайын екендігінің белгісі, бір нәрсені істеуге дайын болу немесе толықтай дайын болуы.

Жоғары кәсіби білім – жоғары кәсіптік білім деңгейі; жоғары оқу орнын бітіргені туралы дипломмен формальды түрде расталған, толық орта білім негізінде алынған мамандық бойынша біліктілік деңгейі ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресс жағдайында кәсіби мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін жүйеленген білімдердің, практикалық дағдылар мен дағдылардың, жеке қасиеттердің жиынтығы.

Инновация – Инновация (лат. innovis) - жаңа, жаңалық, жаңарту. Білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсені жақсарту, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту.

Инновациялық үдеріс – білім беру ұйымдарының жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі.

Педагогикалық инновация – баланың жеке тұлғасының қалыптасу үдерісінің мәдени дәстүріндегі басқа концепциямен байланысты, білім беру үдерісіне деген басқа көзқараспен және жолмен байланысты білім беру іс-әрекеті.

Инновациялық іс-әрекет - тәрбиешінің жаңашыл идеяларды, жаңашыл әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үдерісіне өз кәсіби тәжірибесіне, балалардың білім дәрежесінде байланысты енгізуін айтамыз.

Тәрбиешінің инновациялық іс-әрекеті - бұл – қоғам сұранысы сай ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің нәтижесін педагогикалық үдерістетрансформациялау шеберлігі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР ҒЖЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР ОАМ	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ЖОО	Жоғары оқу орны
МДҰ	Мектепке дейінгі ұйым
МЖДБ	Мектеп жасына дейінгі балалар
БТ	Бақылау тобы
ЭТ	Эксперимент тобы
Абай ат. ҚазҰПУ	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазұқызпу	Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
СӨЖ	Студенттің өзіндік жұмысы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Еліміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени, жалпы қоғамдық өмірінде болып жатқан жаңа өзгерістер қазіргі заманғы қайта құру процестеріне белсенді қатысуға, өзінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға қабілетті, жүйелі өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру арқылы өз мүмкіндіктерін үнемі кеңейтуге дайын тұлғаны қалыптастыруды қажет етуде. Ол өз кезегінде, білім беру реформасының стратегиялық бағытында көрсетілгендей, дүниетанымдық мәдениеті дамыған, инновациялық, шығармашылық, жаһандық ойлау типі бар адамдардың жаңа буынын қалыптастыру, өзіндік көзқарасы бар жоғары білікті мамандар дайындау мәселесін алға қояды.

Қоғамның өркендеп даму барысында болып жатқан өзгерістерге байланысты мемлекетіміздің білім беру стратегиясының мақсаты – жүйеленіп, дайын берген білімді, дағдыларды меңгеріп, қайталайтын емес, өзекті мәселені көре білетін, ой ұшқырлығы мен ізденімпаздық іс-әрекеті қалыптасқан, білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайына қарай оңтайлы пайдалана алатын, өзін-өзі басқара алатын, танымдық дербестігі жоғары деңгейдегі тұлға тәрбиелеу болып айқындалған.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Білім беру ұйымдарында адамның білімділік деңгейін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар өз өмірлік мүдделерінде де, қазақстандық қоғамның мүдделерінде де шығармашылық әлеуетін серпінді әлеуметтік-экономикалық жағдайларда іске асыруға қабілетті, түлектің түйінді құзыреттеріне ие, адамгершілігі жоғары және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін атмосфераны қалыптастыру білім беру жүйесінің таяудағы жеті жылға арналған бағдарына айналуға тиіс» деп адамзат санасының жаңаша ойлау мүмкіндіктерінің тізгіні болатын инновациялық ойлаумен инновациялық іс-әрекеттің қолданысқа түсуі бүгінгі күннің басты мәселесі екені белгілі [1].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 25 наурыздағы №164 Жарлығымен «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы Үшінші бағдарында Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек», - [2] деп кәсіби дайындықтың маңыздылығы туралы және оған баса назар аудару қажеттілігін айта келіп, басым бағыттар қатарына қосып кеткендігі де бұл

тақырыптың күн тәртібіндегі өзекті мәселе екендігіне көз жеткізеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1 бап, 22 тармағында «инновациялық – білім беру консорциумы... технология инновациялар негізінде жоғары білікті мамандар даярлау үшін зияткерлік және өзге де ресурстарды біріктіретін бірлескен қызмет туралы тең құқықты бірлестік», - деп береді. Заңда көрсетіліп отырған ұғымдар бізге ЖОО-да болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін инновациялық іс-әрекетке даярлау ісінде субъективті идеяларды жүзеге асыруға тірек болады [3].

XXI ғасырдың басында Қазақстандық мектепке білім беру жүйесінде педагогтердің белсенді қатысуына себепші болған елеулі инновациялық үдерістерге әкеп соқтырған әсерлі өзгерістер орын алады. Бүгінгі таңда мектепке заманауи білім жүйесінің басты сипаты -тәрбиеші. Қоғамдпғы болып жатқан және соңғы жылдардағы өмір жағдайлары (Covid-19 проблемалары) педагогикалық ЖОО түлегіне, болашақ тәрбиешілерге жеке тұлғаның дамуын айқындайтын оқытудың бағыттарын, шарттары мен әдістерін қайта қарауға әкелетін жаңа талаптар қояды.

Инновациялық үдерістің әсерінен білім берудің мақсаттары, мазмұны, оқыту әдістері мен технологиялары сияқты жекелеген компоненттері ғана емес, ең алдымен педагогтің өзі де өзгереді. Қазіргі заманғы педагог үнемі білім беру үдерісін құру тәсілдерін өзгертумен байланысты тоқтаусыз «инновациялық ізденіс» режимінде болуы заман талабы. Инновациялық қызмет әлеуметтік-педагогикалық құбылыс бола отырып, педагогикалық еңбектің маңызды сипаты және педагогтің жалпы мәдениетінің, оның шығармашылық әлеуеті мен кәсіби бағыттылығының күрделі де мәнді өзара байланысын сипаттайды.

XXI ғасыр бәсекеге қабілетті жаңашыл маманды талап етуі заңды құбылыс. Сондықтан, болашақ тәрбиешілер білім деңгейі мен біліктілік тұрғысынан әлдеқайда жоғары болуы тиіс. Бірнеше нормативтік құжаттарда жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, оқыту бағдарламаларын өзгертуді, сондай-ақ студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай инновациялық дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың инновациялық технологияларын енгізуді көздейді – деп көрсетілген [4].

Түбегейлі өзгеріс мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясат мамандарды инновациялық іс-әрекетке даярлау жүйесі, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңартуға әкелді. Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуге педагог кадрларды даярлау жүйесін дамыту және жетілдіру жолдарын іздестіру кәсіптік білім беру міндеттерінің бірі болып табылады. «Білімді ұлт сапалы білім беру» ұлттық жобасында «Қазақстандық ЖОО–ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» мәселесі қойылды [5].

Жоғары білім беру жүйесіндегі тәрбиешілерді даярлау үдерісін қалыптастыруға бағытталуы тиіс мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қажеттіліктерін қанағаттандыратын және жалпыға бірдей білімдердің,

дағдылардың тұтас жүйесі. 2021 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде «кадрларды даярлауда теория мен практиканың бірлігі үшін жоғары оқу орындары мен университеттердің мектепке дейінгі ұйымдармен балаларды ерте дамыту мәселелері бойынша өзара ынтымақтастығының қамтамасыз етілуі және балаларды ерте дамыту саласындағы мамандықтар профессор–оқытушылар құрамының сапасын арттыру арқылы жоғары оқу орындарының институционалдық әлеуетін ұлғайту қажет», - делінген [6]. Бұл өз кезегінде инновациялық іс-әрекеттер негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламалардың талаптарына сәйкес балалардың жалпы әлеуетін дамытуға даярлау мәселесінің өзектілігін арттырады.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне балалардың рефлексиясын дамытуда олардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі бағалау сынды іс-әрекеттеріне қатыстыру, олармен нәтижелі қарым-қатынас орната алатын іскерлік қажет.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтық актілерді талдаудан мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық бағытта еңбектенетін маман даярлау мемлекеттің қажеттілігімен тығыз байланысты және сұранысы жоғары екенін байқаймыз. Алыс және жақын шетелдік, отандық философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік бағыттағы зерттеулерді талдау, аталған мәселенің теориялық алғышарттарын анықтауға негіз болды.

Қазіргі педагогика ғылымында кәсіби іс-әрекетке дайындық құбылысы келесі деңгейлерде зерттеледі: болашақ педагогикалық іс-әрекетке дайындығын жеке-тұлғалық қасиеттердің көрінісі ретінде қарастыратын (Б.Г.Ананьев [7], А.Н.Леонтьев [8], И.С.Кон [9], А.Г.Спиркин [10], Е.В.Шорохова [11] және т.б.); психикалық функцияларды іске қосу алдындағы белсендіру, іс-әрекетке қажетті физикалық және психикалық ресурстарды жұмылдыру қабілетін кәсіби іс-әрекетке дайындығын функционалдық тұрғыда түсіндірген (Е.П.Ильин [12], Н.Д.Левитов [13], Л.С.Нерсесян, В.Н.Пушкин және т.б.); өз функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік беретін тұлғалық-іс-әрекеттік тұрғыдан зерттеген (А.А.Деркач [14], Л.А.Кандыбович [15] және т.б.). Болашақ педагог мамандарын даярлаудағы біртұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасы мәселесін зерттеген Н.Д. Хмель [16], Н.Н.Хан [17], К.Ш.Ахияров [18], М.С.Молдабекова [19], О.А.Абдуллинаның [20] еңбектерін атауға болады.

Педагогика, психология ғылымдарында болашақ мамандарды инновациялық іс-әрекетке дайындау, педагогтің инновациялық іс-әрекетінің әртүрлі аспектілері түрлі бағытта зерттелген. Сапалы білім беруді дамытудың негізгі тетіктерінің бірі ретінде білім беру жүйесіне инновацияларды енгізу, инновациялық іс-әрекеттің ерекшелігін байланысты мәселелерді И.Г. Богуславская [21], Т.К.Клименко [22], С.В.Наумов [23], А.М.Новиков [24], Т.Г.Новикова [25], Ш.Т.Таубаева [26], К.Ж.Бұзаубақова [27] және басқалар;

педагогикалық инновацияның негізгі ережелерін О.Г.Хомерики [28], А.Б.Хуторской [29], Н.Р. Юсуфбекова [30] және т.б. зерттеген. Жоғары оқу орны студенттерін инновациялық іс-әрекетке дайындаудың жалпы педагогикалық аспектілері В.А.Сластенин [31], Л.С.Подымова [32], Н.М.Анисимов [33], С.Д.Поляков [34], В.С.Пылаева [35], В.Е.Морозов [36], П.И.Пидкасистый [37], Е.Г.Малиночка [38], А.К.Наинаның [39] зерттеулерінде көтерілген. И.В.Штых [40], Н.А.Щербакова [41], К.Ажибеков [42], А.Қ.Мыңбаева, [43], А.Қ.Қозыбай [44] педагогикалық университет студенттерін мектепте оқытудың инновациялық технологияларын қолдануға дайындау мәселелерін қарастырады. Соның ішінде В.А.Сластенин, Л.С.Подымова педагогті инновациялық іс-әрекетке дайындау технологиясын мүмкіндігінше толық және жүйелі түрде қарастырды.

Қазіргі таңда болашақ мамандарды инновациялық іс-әрекетке баулу көптеген ғалымдардың (К.Ю.Белая [45], З.Ф. Мазур [46], М.В.Усынина [47], Н.А.Шепилова [48] және А.С.Васякина [49]) зерттеу пәні болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешінің инновациялық технологияларды пайдалану тәжірибесін зерттеген алыс шетелдік ғалымдардың Lara Hoareau [50], Aude Thomas [51], Youssef Tazouti [52], Jérôme Dinet [53], Christophe Luxembourger [54], Hasniza Nordin [55], Annette Jarlégan [56] еңбектерінде тәрбиешінің инновациялық іс-әрекетінің маңыздылығы мен ерекшеліктері, практикада іске асыру мүмкіндіктері кеңінен сараланған.

Кеңес өкіметі тұсында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тарихы мен дамуын, маман дайындауға қойылатын талаптарды ішінара зерделеген зерттеулер: Н.Құлжанова (1887-1939) [57], Г.П.Охотская (1917-1941) [58], Р.М.Жұмағожина (1941-1945) [59], Н.И.Храпченкова «1946-1980) [60], Меңдаяхова (1958-1980) [61], Л.И.Давиденко (1980-1990) [62], Б.Б.Баймұратованың (1970-1999) т.б.[63] еңбектерінде сипатталды.

Отандық ғалымдардың еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне қатысты бірқатар мәселелер теориялық тұрғыдан негізделген. Мәселен, балалардың тілін дамыту (Б.Баймұратова [63], Р.Аралбаева [64], А.Бакреденова [65], К.Метербаева [66]); ойын әрекетін дамыту (М.Турскельдина [67], Т.Иманбеков [68]); айналамен таныстыру, экологиялық тәрбие беру және денсаулығын нығайту (А.Манкеш [69], Р.Керімбаева [70], Н.Сайлауова [71], Ш.Сұлтангазиева [72]), рухани-адамгершілікке тәрбиелеу (А.К.Меңжанова [73], А.Амирова [74], А.Казетова [75]), еңбекке тәрбиелеу (Г.Меңлібекова [76], С.Жиенбаева [77], Ш.Сапарбаева [78]), баланы мектепке дайындау (К.Сейсенбаев [79], М.Сәтімбекова [80], Ж.Рысбаева [81], Ғ.Таубаева [82], Р.Сыздықтың [83] және т.б.) ғылыми жұмыстары зерделенген.

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға болашақ мамандарды даярлау ғалымдар Ж.К. Рысбекова [84], В.Я. Никитин [85], Р.Т. Бупебаева [86] Б.О. Арзанбаева [87], Н.В. Мирза [88], А.И. Балабаева [89], Г.Қ. Белгібаевалардың [90] еңбектерінде қарастырылды.

Теориялық зерттеулердің әртүрлілігіне қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың түрлі бағыттарының нәтижелі шешілуі педагогтердің кәсіби педагогикалық дайындығына байланысты екендігін ішінара қарастырылғанын атап өтуге болады.

Мектепке дейінгі ұйымға маман даярлауда: мектепке дейінгі ұйымдарға маман дайындаудың инновациялы бағыттарын С.Н.Жиенбаева, болашақ педагогтердің мектепке дейінгі балалардың ойын іс-әрекеттеріне кәсіби құндылық бағдарын қалыптастыруды Б.О.Арзанбаева, мектепке дейінгі мекеме балаларының ақыл- ойын тәрбиелеуге болашақ педагогтердің даярлығын қалыптастыруды Р.Т.Бупебаева, мектепке дейінгі білім берудегі болашақ педагогтердің кәсіби- коммуникативтік даярлығын қалыптастыруды Н.В.Мирза, болашақ мамандарды мектеп жасына дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті арқылы патриоттық тәрбие беруге даярлауды Г.Қ.Белгібаева, педагогикалық тәжірибе барысында студенттердің кәсіби бағдарлануын қалыптастыруды зерттеген А.И.Балабаева, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагог-тәрбиешілерін дайындау мәселесінде Ұ.Қ.Қыяқбаеваның еңбектерін атауға болады.

В.Я.Никитиннің зерттеу жұмысы инновациялық типтегі оқу орындарында мектепке дейінгі балалардың оқуға дайындығын қалыптастыру мәселесіне арналса [85], А.Т.Искакова «Step by Step» халықаралық білім беру технологиясын дамытудың енгізілуін инновациялық тұрғыда қарастырған [91]. Аталған еңбектерге жасалынған талдау болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту мәселесінің арнайы зерттеу нысанына алынбағандығын көрсетеді.

Соңғы уақытта мектепке дейінгі ұйымдарға маман даярлау мәселесін жан-жақты қарастырып, зерделеген (PhD философия докторы дәрежесін алу үшін) жас ғалымдардың диссертациялық жұмыстары зерттеуімізге теориялық негіз болды. Мысалы, Ғ.Т. Абилбакиеваның [92] ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруды, М.А.Шауенованың [93] У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлауды, Т.С.Жұмашеваның [94] болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуды, С.Т.Тілеубайдың [95] болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілділік коммуникативтік құзыреттілігін дамытуды, А.Ж. Жакупованың [96] болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуды, Г.М.Мышбаеваның [97] болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін Lesson study әдістемесі арқылы дамытуы зерттеу жұмысымыздың теориялық әдіснамалық негіздерін қарастыруда ерекше маңызды болып табылады.

Аталған зерттеулерден ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда әлі де болса жеткілікті дәрежеде шешімін таппай отырғандығы мәселенің көкейтестілігін арттыра түседі. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту мәселесі кәсіби

даярлаудың құрамды бөлігі ретінде көптеген зерттеулерге негіз болды. Дегенмен, жоғарыда зерделенген ғылыми еңбектерде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту арнайы қарастырылмаған. Болашақ тәрбиешілердің мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық іс-әрекетке дайындығының қолда бар тәжірибесін зерделеу бізді педагогикалық ЖОО түлектерінің инновациялық үдерістерге белсенді қатысу үшін инновациялық іс-әрекетке дайындығы жеткіліксіз деген қорытындыға негіз болды. Сондықтан ЖОО оқыту үдерісінде білім алушыларды инновациялық іс-әрекетке даярлығын ғылыми негіздерінің жеткіліксіз қарастырылуы, қазіргі мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтердің инновациялық іс-әрекетінің төмендігі тақырыптың өзектілігін арттыра түседі. Мектепке дейінгі білім берудің бағыттары мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетіне қажеттілігі төмендегідей **қарама-қайшылықты** туындатады:

– жоғары оқу орындарында болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын жетілдіру қажеттілігі мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;

– қазіргі еліміздегі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мазмұнының трансформациялану жағдайында педагогтардың инновациялық іс-әрекетіне даярлау қажеттілігінің жоғарылауы мен болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуды тәжірибеде жүзеге асырудың оқу-әдістемелік жағынан толық қамтамасыз етілмеуі арасында;

– болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлау қажеттілігі мен оның моделінің жасалмауының арасында.

Көрсетілген қарама-қайшылықтардан туындаған мәселелерді теориялық негіздеу мен оның тиімділігін тәжірибелі-экспериментте қарастыру зерттеу жұмысымыздың проблемасын айқындады және диссертациялық жұмысымыздың тақырыбын **«Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту»**, - деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу нысаны: Жоғары оқу орындарындағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

Зерттеу пәні: Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлауды дамытудың әдістемесі, оны ұйымдастыру үдерісі.

Зерттеудің мақсаты: Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін әзірлеу, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеу міндеттері:

– болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-

әрекетке даярлығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

- инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің даярлығын дамытудың педагогикалық әлеуетін анықтау;
- инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін құру;
- болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдістемесін дайындау, оны педагогикалық эксперименттен өткізу және тиімді нәтижелерін оқыту үдерісіне енгізу, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып, аталған мәселенің құрылымдық-мазмұндық моделі құрылып тәжірибеге ендірілсе онда, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлау жоғары деңгейге қол жеткізуі мүмкін болады, өйткені болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлаудың кезеңдерін, жаңашыл идеялар мен әдіс-тәсілдерін меңгеруі, заман талабына сай әлеуметтік сұраныстарды қанағаттандырады және кәсіби даярлануына негіз болады.

Зерттеудің жетекші идеясы: ЖОО оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды саралап қолдану арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетінің кезеңдерін, даярлығын дамытуға қажетті оның білімі мен біліктілігін меңгерту, білім алушының инновациялық іс-әрекетке даярлығын теориялық және әдістемелік тұрғыдан шешуге мүмкіндік береді.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру саласына қатысты инновация, инновациялық технологияларға байланысты «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі, «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2022 жылғы 19-желтоқсандағы №31149 бұйрығына қосымша Педагогтің кәсіби стандарты, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2022 ж.«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы, Қазақстан Республикасы

Ғылым және Жоғары білім министрлігі 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2019 жылғы 27 желтоқсан № 293-VI ҚРЗ., Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Отандық және шетелдік, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік инновация теориясына қатысты ғылыми зерттеулер мен әдебиеттер, ғылыми басылымдар, анықтамалық, терминологиялық сөздіктер, оқулықтар мен оқу құралдары оқу әдістемелік кешендер, БАҚ және интернет ресурстар.

Зерттеу әдістері:

теориялық әдістер: философиялық, педагогикалық, психологиялық және әдістемелік еңбектерді зерттеу салыстыру, талдау, контент-талдау, жинақтау, жіктеу, модельдеу ;

эмпирикалық әдістер: педагогикалық бақылау, ауызша және жазбаша жауап алу, сауалнама, педагогикалық эксперимент, құжаттаманы зерделеу, тәуелсіз сараптамалық бағалаулар әдісі;

математикалық статистикалық әдістер: алынған мәліметтерді тіркеу, дәрежелену, шкалалау.

Зерттеу базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: Философиялық таным теориясы, тұлғалық-бағдарлық теориясы (В.В.Серииков, В.В.Давыдов, И.С.Якиманская), ізгілік-тұлғалық теориясы (тұлғалық қасиеттер тұтас жиынтығының дамуының білім беру жүйесіндегі білім алушылардың орталығы), жеке тұлғаның дамуы мен құзыреттілік- іс-әрекеттік теориялары, құндылықтар теориясы (И.Я.Лернер, Г.И.Щукина), тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр (В.А.Сластенин, Н.В.Кузьмина, жүйелілік ілімі (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, құзыреттілік тұғыр (Б.Т.Кенжебеков, Г.Ж.Меңлібекова, А.К.Маркова, М.В.Прохорова, Дж.Равен, А.И.Пискунов, В.И.Журавлев, А.А.Реан, А.А.Вербицкий) теория мен практиканың байланысы туралы философиялық ілімдер, біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы, дидактикалық, педагогикалық-психологиялық тұжырымдамалар. Тұлғаның іс-әрекетте қалыптасуы туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық ілімдер, тұжырымдамалар, ақыл-ой іс-әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы; рефлексия; өзін-өзі дамыту туралы тұжырымдамалар; тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, инновациялық технологиялар туралы педагогика мен психологиядағы теориялық қағидалар, ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру туралы ғылыми тұжырымдамалар, оқытудың дидактикалық заңдары мен принциптері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:

– болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлауды теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

– инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлаудың педагогикалық әлеуеті анықталды;

– инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым

тәрбиешілерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

– болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлау мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігі тексерілді және ұсыныстар даярланды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

– Педагогика тарихы (жалпы және мектепке дейінгі)” оқулығы жазылды;

– болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлау деңгейін диагностикалау және бағалау әдістемесі жасалды;

– болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуға даярлаудың әдістемесі: «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» атты элективті курсы дайындалып, тиімділігі тексерілді;

– «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» атты оқу-әдістемелік кешені дайындалды;

– «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін бақылау күнделігі» жасалынды;

– «Тәрбиеші-педагогтың қысқаша инновациялық анықтамалық сөздігі» құрастырылды. Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, педагогикалық колледждердің, мектепке дейінгі ұйым тәжірибесінде, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің біліктілігін жетілдіру жүйесінде пайдалануға болады.

Зерттеудің негізгі кезеңдері: зерттеу үш кезең бойынша жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2017-2018 ж.ж.) зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік еңбектерге талдау жасалып, шетелдік және отандық тәжірибелер бойынша материалдар жүйеге келтірілді. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуға даярлау жайлы нормативтік құжаттар, болашақ мамандар даярлау, инновациялық технологиялар мәселесінің зерттелу жайы анықталып, зерттеудің ғылыми аппараты құрылды. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуға даярлаудың теориялық негіздері айқындалды. Теориялық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипаты түзілді. Педагогика тарихы (жалпы және мектепке дейінгі)” оқулығы жазылып, оқулықта мектепке дейінгі білімнің дамуы, зерттеу жұмысының тарихи хронологиясы сараланып кіргізілді;

Екінші кезеңде (2018-2019 ж.ж.) Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды. «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» элективті курсының бағдарламасы, студентерге арналған «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» атты оқу-әдістемелік кешені, «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін бақылау күнделігі», «Тәрбиеші-педагогтың қысқаша инновациялық

анықтамалық сөздігі» әзірленді. Әдістемелік кешенін тәжірибелік эксперименттен өткізу жұмысының мазмұны мен кезеңдері жүзеге асыру логикасы нақтыланды. Қалыптастыру кезеңінде ЖОО-да тәжірибеге ендірілді.

Үшінші кезеңде (2019-2020 ж.ж.) Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуға даярлау әдістемесін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері сараланып, эксперименттің жалпы қорытындылары өңделді, түзетулер мен толықтырулар жасалынып ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулар әзірленді. Диссертацияны рәсімдеу жұмысы жүргізілді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығы оның жалпы кәсіби дайындығының құрамдас бөлігі ретінде жоғары деңгейдегі ғылыми-педагогикалық әрекетіне негіз болатын «инновациялық іс-әрекет» жайындағы білімі, оқу мен оқыту үдерісінде жаңаша іс-әрекет түрлерін білуі, инновациялық іс-әрекетке даярлау әдістерінің мәнін, қызметін түсінуі, жаңашылдыққа бейімделуі, жаңа идеяларды жүзеге асыруы сияқты бір-бірімен тығыз байланысқан компоненттерден тұратын тұлғаның кешенді сапасы.

2. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың педагогикалық әлеуеті - тиімді педагогикалық қызметтің шарты, кәсіби әрекет пен жетілдірудің көрсеткіші, шығармашылық, инновациялық өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі. Педагогикалық әлеует тиімді инновациялық іс-әрекетті қамтамасыз етіп қана қоймай, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетті қалыптастыруға себепші болатын инновациялық технологияларды меңгеруде студенттер дайындығының сапасын арттырады және инновациялық іс-әрекеттің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін инновациялық біліктер мен дағдылар жүйесінің дамыту әлеуетін жүйелейді.

3. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуға даярлаудың аксиологиялық іс-әрекеттік, құзыреттілік, жүйелік, синергетикалық, акмеологиялық, инновациялық әдіснамалық тұғырлары зерттеудің нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным ретінде танылады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әдіснамалық, теориялық негіздерімен анықталған мақсат, міндеттері, әдістемелік қағидалар жиынтығынан тұратын өзара байланысты компоненттерінің, көрсеткіштерінің, деңгейлерінің бірлігін құрайды.

4. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуға даярлаудың әдістемесі: «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» элективті курсы, «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» оқу-әдістемелік кешені, «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін бақылау күнделігі», «Тәрбиеші-педагогтың қысқаша инновациялық анықтамалық сөздігі» ЖОО педагогикалық үдерісіне ұтымды әдістерді, жаңа инновациялық оқыту құралдарын қолданғанда нәтижелі

болады.

Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелерінің талқылануы: зерттеу материалдары бойынша 16 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде 2 мақала Scopus ақпараттық базасына кіретін журналдарда, 5 мақала ҚР ҒЖЖБ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы жарияланымдар, 5 мақала халықаралық конференция материалының жинағында, Оқулық және оқу әдістемелік құралдар-4. жарияланған.

2 мақала Scopus ақпараттық базасына кіретін журналдарда:

Development of readiness of future teachers of preschool organisations to innovative activity // **Cypriot Journal of Educational Sciences** Том 17, Выпуск 6, Страницы 1972 – 1982 June 2022 Мақалада Мектепке дейінгі ұйымдардың болашақ педагогтерінің инновациялық әрекетке дайындығын дамыту жайында сипатталады. Мақала жазудағы докторанттың үлесі 75%. Қосалқы авторлар: Zhubandykova A., Balazhanova K., Turdaliyeva Sh., Salimbayeva Sh., Baizhanova S.

Preparation of preschool education specialists for innovative activities in preschool organisations // **World Journal on Educational Technology: Current Issues** Том 14, Выпуск 3, Страницы 619 – 629 May 2022 Мақалада Мектепке дейінгі білім беру мамандарын мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық қызметке даярлау жайында сипатталады. Мақала жазудағы докторанттың үлесі 70%. Қосалқы авторлар: Zhiyenbayeva S., Zhumabekova F., Kerimbayeva R., Salimbayeva Sh., Bulshekbayeva A.

ҚР ҒЖЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 5-еуі жарияланды:

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы,- Алматы, №4 (68), 2020 ж., 120-125 б. ISSN 1728-5496 (қосалқы автор:Искакова А.Т.-10%) Мақала жазудағы докторанттың үлесі 90%.

Развитие инновационной деятельности педагогов дошкольных организаций// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Педагогика және психология» ғылыми әдістемелік журнал-Алматы, №4 (68), 2020 ж., 120-125 б. ISSN 1728-5496 Мақала жазудағы докторанттың үлесі 100%.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру//«Педагогикалық Ғылымдар Академиясы» Хабаршысы.-Алматы, №3 (мамыр-маусым), 2020 ж.,121-132 б. (қосалқы автор: Искакова А.Т.-10%) Мақала жазудағы докторанттың үлесі 90%.

Мектепке дейінгі білім берудегі инновация мазмұны// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - Алматы, №7/3 2020 ж., 228-232 б. ISSN 2073-333X Мақала жазудағы докторанттың үлесі 100%.

Инновациялық білім беру үдерісінің көрсеткіштері мен өлшемдері// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -Алматы, №4/2 2020ж., 231-238 б.ISSN 2073-

333X Мақала жазудағы докторанттың үлесі 100%.

5 мақала алыс-жақын шетелдердегі халықаралық конференцияларында:

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі инновация/ Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Актуальные проблемы современного образования». -г.Москва, 20.02.2019 г., 171-176 стр.ISBN 978-5-9507041-0-2 УДК 378.018.46 (қосалқы автор:Искакова А.Т.-10%) Мақала жазудағы докторанттың үлесі 90%.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі инновация/ Халықаралық ғылыми-практикалық конференция Образование в XXI веке» - г.Москва, 15 апрель 2019 г., 85-89 стр. УДК 378.018.46 ISBN 978-5-9907041-0-7 (қосалқы автор: Искакова А.Т.-10%).) Мақала жазудағы докторанттың үлесі 90%.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық технологиялардың мүмкіндіктері /Халықаралық ғылыми-практикалық конференция "Көшбасшылық және менеджмент: теория мен практиканың қазіргі даму тенденциялары», - Алматы қаласы. 26 сәуір 2019 ж. 78-82 б. ISBN 978-601-298-760-7. УДК 005(063) (қосалқы автор: Дауткулова Д.А.-10%) Мақала жазудағы докторанттың үлесі 90%.

Студенттердің инновациялық іс-әрекетке дайындығы – педагогтің маңызды сапасы ретінде/Халықаралық ғылыми- тәжірибелік онлайн конференция «Жастар және ғылым-2020». – Петропавл, 2020ж., 109-113б. ISBN 978-601-223-210-3 УДК 001(063) Мақала жазудағы докторанттың үлесі 100%.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке дайындығы/ «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогтердің зерттеу мәдениетін дамыту: тәжірибе және инновациялар» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 17 ақпан 2023 жыл. – Алматы: әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. 1086-1091 б (қосалқы автор: Қыяқбаева 20%) Мақала жазудағы докторанттың үлесі 80%.

Оқулық және оқу әдістемелік құралдар-4

Педагогика тарихы (жалпы және мектепке дейінгі) /Оқу құралы. «ОНОН» баспасы,-Алматы: 2018. – 186 бет. Докторанттың үлесі 80%.

Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация/ Оқу әдістемелік кешен. «Баспагер» баспасы, - Алматы: 2022. –109 бет. Докторанттың үлесі 100%.

«Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін бақылау күнделігі»/ Оқу әдістемелік кешен. «Баспагер» баспасы, - Алматы: 2022. –37 бет. Докторанттың үлесі 100%.

«Тәрбиеші-педагогтың қысқаша инновациялық анықтамалық сөздігі»/ Анықтамалық сөздік «Баспагер» баспасы, - Алматы: 2023. – 65 бет. Докторанттың үлесі 60%.

1 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘРБИЕШІЛЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін кәсіби даярлау мәселесінің ғылыми еңбектерде қарастырылу жайы

Әлемдік экономика дамуының қазіргі кезеңінде, оның инновациялық бағыттылығы және жаһандану үдерісінің кеңеюі жағдайында, дамыған елдер қазірдің өзінде өндіріс саласында емес, білім мен инновациялық, технологиялық идеялар саласында бәсекеге түсіп жатқан кезде, мектепке дейінгі білім беру саласы мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ететін сала, ал ол құратын зияткерлік капитал оның даму болашағы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын стратегиялық фактор ретінде танылады.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлау мектепке дейінгі білім беру саласындағы болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың жалпы стратегиясы, негізгі бағыттары, басымдылықтары, міндеттері және оларды іске асыру тетіктері «Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамытудың тұжырымдамасы», «бала құқықтары туралы халықаралық конвенция, жоғары білім жөніндегі дүниежүзілік конференция декларациясы», «Болоньядағы Еуропа елдерінің білім министрлері кеңесінің ұсынымдары», «Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі», «Педагогтің кәсіби стандарты», «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары», «Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» атты Мемлекеттік құжаттарда айқындалған.

Қазіргі жағдайда мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамыту және оның сапасын арттыру кадр саясатына тікелей және көбінесе педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау мәселесінің қаншалықты тиімді жүзеге асырылатындығына байланысты. Сондықтан, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісін даярлау мәселесі мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі маңызды бағыт болып табылады.

Барлық зерттеушілер білімнің инновациялық үдерістердің болмысын жаңа теориялық талдап, түсінік беруге, үздіксіз инновациялық қозғалысты қамтамасыз етуге қажеттілігін атап өтеді. Бұл қажеттілік, өз кезегінде мамандардың арнайы даярлау, соның ішінде педагогикалық инновация саласында кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол, оқытудың жаңа технологияларын өмірге енгізуге дайын, оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнына және ұйымдастырылуына кешенді тұрғыда қарайтын, зерттеушілік ыңғайға бейім, теория мен тәжірибелік іс-әрекетін біріктіре білетін, өмірлік құндылық қағидалар – адамгершілік, ізгілік, еңбекқорлық,

парасатты мінез-құлық сияқты қасиеттерді бойына сіңірген тәрбиеші-педагогтерді даярлау мәселелесін өзектендіреді. Инновациялық іс-әрекетке, үздіксіз инновациялық режимде жұмыс жасауға болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлау инновациялық білім беруді дамытудың басты қағидасы болып табылады. Осы даярлықтың маңызды құрылымдық бөліміне қоғамның, еңбек нарығының, тұлғаның, технологиялардың және үздіксіз ақпараттық ортаның жаңаруына өз кәсіби іс-әрекетінде оперативті әрекет етіп, икемді болу қабілеті жатады.

Демек, жоғары оқу орындарында даярланып жатқан болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің тек білім беру бағдарламасына тиісті білімді ғана игеріп қоймай, инновациялық технологияны меңгерген, теориялық білімдері мен білік, дағдыларын тәжірибеде жүзеге асыра алуға дайын болуы аса маңызды. Ендеше, зерттеу жұмысымыздағы «дайындық», «даярлаудың» ұғымдарының мәнін ашу қажеттілігі туындайды.

ЖОО студенттерінің болашақ кәсіби қызметіне дайындығын қалыптастыру мәселесі қазіргі педагогика ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жоғары мектеп педагогикасында кәсіби іс-әрекетке «дайындық» құбылысы студенттердің кәсіби даярлығы үдерісінің нәтижелерін бағалауда негізгі ұғым мәртебесіне ие. Бірақ оның атқаратын қызметі, ерекшеліктері мен деңгейлері бар күрделі құбылыс болғандықтан, нақты, біржақты түсіндірмесі жоқ. Сондықтан ЖОО студенттерінің болашақ кәсіби қызметіне дайындығын қалыптастыру мәселесін зерттеу «жоғары оқу орны студенттерінің болашақ кәсіби қызметіне дайындығы» ұғымының мәнін негіздеуді талап етеді.

«Дайындық» ұғымы алғаш рет эксперименталды психологияда пайда болды, содан кейін педагогикалық және социологиялық зерттеулерге ауысты. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «дайындық» түсінігінің әртүрлі түсіндірілуі зерттеушілердің іс-әрекетінің және авторлардың теориялық тұжырымдамаларының ерекшеліктеріне байланысты.

Философиялық сөздікте «дайындық» ұғымы «алдағы іс-әрекеттің табысты болуын қамтамасыз ететін жеке тұлғаның, ұжымның, мотивациялық, танымдық, эмоционалдық және ерікті үдерісінің дамуының жоғары деңгейі және болашақ қызметке психикалық ресурстармен қамтамасыз етілген ынталандыру және жұмылдыру» - деп қарастырылған.

Б.Г.Ананьевтің зертханасында адамды қызмет субъектісі ретінде зерттеуге байланысты «дайындық» ұғымы ғылымда 1950-1960 жылдары тарады. Объективті қызметтің тарихи қалыптасқан нысанынан тыс қызмет субъектісін анықтау мүмкін емес, өйткені «субъект – қызмет субъектісі – қызмет құралы» біртұтас тұтастықты құрайды. Адамның негізгі объективті іс-әрекеті еңбек болып табылады, соның ішінде ойын мен оқу пайда болатын материалдық немесе рухани құндылықтарды тудыратын қызмет субъект сөзінің жалпы мағынасында мінез-құлық субъектісінен ерекшеленетінін Б.Г.Ананьев атап көрсетті [7, 15 б.].

К.К.Платонов, В.А.Сластенин педагогикада кәсіби іс-әрекетке дайындық мәселесі адамның іс-әрекетке дайындығының жалпы теориясының шеңберінде

қарастырылатынын, ал Д.Н. Узнадзе «дайындықты» психологиялық қатынас деп түсіндірді.

Ю.Н. Кулюткин, В.А. Ядов «дайындық» жеке тұлғаның мінез-құлқын анықтайтын әлеуметтік көзқарас, В.П. Беспалько «кәсіби қызметке дайындықты адамның табиғи мүмкіндіктері мен жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асырудың жинақталған тәжірибесінің жиынтығы», В.А. Крутецкий «іс-әрекетке дайындықты» тұлға қасиеттерінің синтезі» - деп тұжырымдады. [99].

Профессор С.И.Архангельскийдің пікірінше, педагогтің педагогикалық әрекетке «даяр» болуы оның өз пәнін шебер жүргізе алуында, оқу ақпаратын ұғынықты жеткізе білуінде, балалардың оқуға деген қызығушылықтарын оята алуында, өзінің еңбекқорлығы, табандылығы, педагогикалық мәселелерді шешудегі дербестігінде көрінеді [100]. Айтылған пікірлерде педагогтің инновациялық іс-әрекетке дайындығын көрсететін негізгі сапалар айқындалған деп санаймыз және олардың біздің жұмысымыз үшін маңызы жоғары. Яғни, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби, оның ішінде инновациялық іс-әрекетке даярлығын зерделеуге негіз болды.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетке даяр болуы оның кәсіппен айналысуға деген дайындығының саналы түрде ұғына бермейтін күйі, ол арқылы өзінің қажеттілігін қанағаттандыратын бағдары да болып табылады. Бұл дегеніміз, инновациялық іс-әрекетке дайындығы оның сол мамандыққа бағыттылығына да тікелей тәуелді екендігін білдіреді. И.А.Кучерявенко дайындықты мүмкіндіктерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тұлғаның мотивациялық, танымдық, эмоционалдық және ерік-жігерлік қасиеттердің жиынтығы арқылы оның жалпы психофизиологиялық күйінде белгі бір әрекеттерді орындауға бағдарланған тұлғаның бағыттылығы деп есептейді [101]. Сонымен қатар, педагогтің инновациялық іс-әрекетке даяр болудың психологиялық астарларын қарастырған.

Болашақ тәрбиешінің инновациялық іс-әрекетке, оның ішінде инновациялық дайындық мәселесін іс-әрекеттік тұрғыдан Л.А.Кандыбович тұлғаның барлық жақтарының көрініс беруіндегі оның біртұтастылығы деп есептейді [15]. Болашақ тәрбиешінің инновациялық іс-әрекетін біртұтас үдеріс деп қарауымызға ғалым еңбегі себеп болды.

А.А.Деркач кәсіби іс-әрекетке тұлғаның дайындығын зерттеу барысында оны маман тұлғасының барлық жақтарының біртұтас көрініс беруі ретінде қарастырып, оған танымдық, мотивациялық және эмоционалдық компоненттерді кіріктірген. Ғалым дайындықтың құрылымындағы мотивациялық-құндылықты негізгі компонент ретінде анықтайды [14]. Екі ғалым да педагогикалық әрекетке даяр болуды жеке тұлғалық сапалардың біртұтастығымен байланыстыруы көңілге қонымды. Біздің жұмысымыздағы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетін анықтауда бұл идеялар негізгі тірек болды.

Сөздіктерде «дайындық» сөзі әр түрлі мағынада беріледі: «жағдай», «бір нәрсеге дайындық»; «бір нәрсеге бел буу»; «бір нәрсені пайдалануға жарамды күйге әкелу»; «бір нәрсе жасауға қадам жасау» [98], т.б.

В. Дальдың анықтамасы бойынша «дайындық» - бұл дайын күй мен меншік, яғни барлық қажетті дайындықтарды жасап, бір нәрсеге дайындалды.

О.В. Юдин өзіне дейінгі жазылған еңбектерді талдай келе «даяр болу» категориясына:

- құндылық тетік ретінде ішкі сенімділікті;
- мотивациялық тетік ретінде әрекетке деген қажеттілікті;
- субъектілік тетік ретінде кәсіби сапалардың қалыптасқандығын;
- еріктік тетік ретінде кәсіпте жетілуге деген ұмтылысты;
- операциялдық тетік ретінде замануи құралдарды пайдалана алу деп сипаттама береді [102]. Автордың ұсынып отырған «даяр болу» тетіктері болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің педагогикалық қызметіне қажетті сапа, білік, дағды жиынтықтары болғандықтан аса маңызды деп ойлаймыз. Төменде О.В. Юдиннің «даяр болу» категориясы берілген.



Сурет 1 – О.В. Юдин бойынша «даяр болу» категориясы

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе, «дайындық» ұғымы іс-әрекет теориясының категориясы ретінде қарастырылатындығын анықтадық. Сонымен бірге, бір жағынан, «дайындық» дайындау үдерісінің нәтижесі, екінші жағынан, бір нәрсеге бағдарлану ретінде түсіндірілетіндігіне көз жеткіздік.

Белгілі бір әрекетті орындауға «даяр болу» ұғымының өте кең тарағанына қарамастан, психологиялық-педагогикалық интерпретациясы әр алуан. Бір жағынан даяр болу әрекетті табысты орындаудың шарты, өз практикасына сүйеніп мәселені шешудегі болашақ тәрбиешінің белсенділігі, өзін - өзі жүзеге асыруы, әрекеттің алғышарты әрі реттеушісі ретінде, екінші жағынан – даяр болу болашақ тәрбиешінің сапалары мен қасиеттерінің жиынтығы, «кешенді сапасы», «жүйеленген сапалар жиынтығы» ретінде анықталады.

Л.Я. Осиповская «педагогикалық әрекетке даяр болуды», төмендегі төрт компоненттен тұрады деп есептейді [103]. Ғалым Л.Я. Осиповскаяның тұжырымына сүйене келе болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби


әрекетке даярлық компоненттерін қарастырамыз:

- *тұлғалық даярлық* компоненті – болашақ тәрбиешінің өз өмірлік бейнесін ұғынуы, өзі таңдаған өмір жолына сәйкес өзінің нақты бағдарламасын құра алуы, білім беру барысындағы жағдаяттарды шеше алуы;

- *апперцептивті-аксиологиялық* компоненті – болашақ тәрбиешінің қоршаған әлемнің құндылық мағынасын айқындай алуы;

- *когнитивтік* компоненті – болашақ тәрбиешінің педагогикалық-психологиялық білімдер мен біліктер жүйесінен құралған теориялық дайындығының болуы;

- кәсіби педагогикалық даяр болудың төртінші компоненті *ұйымдастырушылық* болашақ тәрбиешінің мектеп жасына дейінгі балаларды белсенді әрекетке тарта алу біліктерінің болуы. Ғалымның пікіріндегі көрсетілген компоненттер бәсекеге қабілетті болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін сипаттауда басшылыққа алатын идеялар деп санаймыз [104]. Төменде Л.Я. Осиповскаяның «даяр болу» категориясы берілген.



Сурет 2- Л.Я. Осиповская бойынша «даяр болу» категориясы

Берілген анықтамаларды қарастыра отырып дайындықтың мазмұнында келесі компоненттердің болуы керектігі анықталған, және біз оны болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби қызметіне қарай топтастырдық: педагогикалық мамандыққа оң қатынас, тәрбиешінің алуан түрлі әрекеттеріне оң қатынас; тұрақты кәсіби қызығушылықтар; педагогикалық іс-әрекеттің тұрақты мотивтері; оның нәтижелеріне қатысты жауапкершілікті сезіну; кәсіби іс-әрекеттің адекватты талаптары, тәрбиешінің кәсіби сапалары, мінездің сипаттары; кәсіби маңызды білімдер, біліктер, дағдылар, оларды жұмылдыруға және белсендіруге қабілеттілігі; дамытылған педагогикалық қабілеттер; кәсіби міндеттерді шешудегі өз бетінше әрекет ету; эмоциялық, еріктік, сезімдік аймақтардың дамығандығы (шабыттылық, өз жетістігіне сенім арту, өзін-өзі басқару білігі, сенімсіздікті жою, қорқыныш пен үреймен күресу және т.б.); кабылдаудың, зейіннің және ойлаудың тұрақты кәсіби маңызды ерекшеліктері.

Сонымен қатар, болашақ тәрбиешінің кәсіби іс- әрекетке дайындық кәсіби іс- әрекетке дайындаудың нәтижесі, салдарының да алар орынын айқындаған. *Дегенмен де, біздің дәлелдеуімізше, «болашақ тәрбиешіні инновациялық даярлау» ұғымы үдерісті білдіреді, ал, «болашақ тәрбиешінің инновациялық дайындығы» түсінігі оның нәтижесін көрсетеді. Біз қарастырып отырған болашақ тәрбиешілерді инновациялық іс-әрекетке даярлау да өз кезегінде үдеріс және оның нәтижелі болатындығымен сипатталады деп есептейміз.*

Түркі ойшылдарының мәшһүрі әл-Фараби мінсіз адамды қалыптастыру туралы идеясы жас ұрпақтың сана-сезімін жетілдірумен айналысатын педагогке қатысты үш нәрсенің: баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы; ұстаздың шеберлігі, ар тазалығының, сабақ үдерісінің алатын орнының ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алуы шарт екендігі туралы пікірі болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық даярлау ісін жүзеге асырудың алтын дінгегі деуге болады [105].

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі», - деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай: қазіргі білім беру ұйымдары алдындағы міндеттерді шешуде тәрбиешінің инновациялық біліктілігінің басты шарты екені аян [106].

Қазақ халқының ұлы классик ақыны, ұлтымыздың мақтанышы Абай Құнанбаев адам тәрбиесіне, оның өсіп келе жатқан жас бала мен жастардың жетілуіне аса мән беру керектігін айтып, жеке адамның тұлға ретінде қалыптасуы үшін қажетті қасиеттерін дамыту туралы: «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек; өзіңе сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап...» дейді. Ал мұндай тұлғаларды тәрбиелеу ісімен айналысатын педагогтарға арнап «Қашан бір бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты «адам» болады», - деп айтқан болатын [107]. Мұндай тұжырымды ой мен көзқарас дәл бүгінгі күні өзекті болып, болашақ тәрбиешінің білімділігі арқылы қалыптасқан қасиет сапалары оның ЖОО ұстаздарынан алатын тәрбиесінің қоғамдық мәнін айқындап тұрғандығы анық.

Қазақ ағартушысы А. Байтұрсынұлының «Мұғалім қандай болса, мектеп хәм осындай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі - білімді, педагогика әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген пікірі бар [108]. Бұл мәні мен мағынасы көнермеген пікірді бүгінгі замандағы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлауда басты қағида екені айқын.

XX ғасырда іс-әрекеттік тұрғы негізін Б.Г. Ананьев [7], С.Л. Рубинштейн [109], қарастырған.. Е.Д. Божовичтің әрекеттерді орындау жағдайына байланысты қызметке дайындық жетекші орын алуы мүмкін деген тұжырымы біздің болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін зерттеуіміз үшін өте маңызды [110].

С.Л. Рубинштейн педагогтерді даярлау міндетін ең маңызды мәселе деп карап, оның тұлғасын дамытуға басты назар аударды [109]. Болашақ

тәрбиешінің қалыптасуында ғалым ең алдымен табиғат оған не берді, ол өзінде нені қалыптастыруы тиіс, *екіншіден*, ғылым оған не беруі тиіс, теориялық жұмыс барысында ол нелерді меңгеруі қажет, *үшіншіден* ол өзінде нені қалыптастыруы қажет деген мәселелерді айқындап алынуы тиіс деген. Сонымен қатар, педагог өзі кәсіби және тұлғалық тұрғыдан дамуында, тек оған бар қабілеттерінің толық ашылуына көмектесу қажет екендігіне тоқтала келе, педагог тұлғасының құрылымын ұсынған болатын.

Біз өз зерттеуімізде ғалымның идеясын зерделей келе, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің тұлғалық құрылымын құрастырып шықтық:

- *әлеуметтік сипаты* (баланы сүю, оларға көмекке асығу, кәсіби борышын мойындау, өз жұмысының сапасына жауапкершілік т.б);


- *эстетикалық сипаты* педагогикалық жасампаздық белгісіретінде көрінетін шығармашылық сипаты;

- *дербес сипаты* (өмір қуанышы, өз индивидуалдығын дамыту);

- *биологиялық* негізделген сипаты-өмір сүру әрекетінің құндылығын сезіну;

- *моральдік сипаты* (кәсіби іс-әрекеті мен өмірде өзіне өзі адал болуы, педагогикалық әдеп, объективтілік сапалары).

Бұл сипаттамада біз қарастырып отырған бәсекеге қабілетті болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің бойында болуға тиісті қасиеттер де көрсетілген деп санаймыз [111].



Сурет 3- Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің тұлғалық құрылымы

Болашақ педагогтерді даярлау күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі екенін даусыз, үнемі ғалымдардың назарынан тыс қалған емес. Оның бастауында Я.А. Коменский тұрғаны белгілі. Педагог болашақ педагогтерді дайындауда ең бастысы олардың терең ойлауын дамыту, өз ісін сүюге тәрбиелеу қажеттігін айтады. Оның пікірінше, болашақ педагогтің білім, білік-дағдылары, жалпы кәсіби дайындығы мектептегі оқыту және тәрбиелеу үдерістерінің

сапасын қамтамасыз етеді [112]. Бұдан шығатын тұжырым, мектепке дейінгі ұйымдардағы сапалы оқу-тәрбие үдерісі тікелей тәрбиешінің кәсіби даярлығына байланысты болуы.

К.Д.Ушинский: «... халық педагогінен ең алдымен өз іс-әрекетіне ықыласы, қабілеті, үндеуі талап етіледі, өзі дұрыс педагогикалық тәрбие алған адам ғана жақсы педагог бола алады», - дейді [113]. Сондықтан, бүгінгі болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің өз-өзін ұдайы жетілдіруі, бала тұлғасын дамыту ғана емес, өзін тұлғалық дамытуда да ізденісте болуы аса маңызды.

А.С.Макаренко педагогтерді даярлаудағы кәсіби жұмыстың сапасынкөтеру үшін педагогикалық жоғары оқу орындары мен техникумдардың бағдарламасын қайта қарау керектігін. Оның пікірінше; жоғары оқу орындарында оқу барысында студент тек арнайы білім игеріп қоймай, сонымен бірге арнайы тәрбиеленуі керек, яғни мәдениетті, зиялы, ұйымдастыру қабілеті жоғары дамыған, өзін-өзі басқара білетін және өз ісіне баға бере алатын маман болып шығуы тиіс [114]. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім бағдарламасы бойынша даярланып жатқан болашақ тәрбиешілерде ғалым көрсеткен сапалардың болуы заңдылық деп есептейміз.

Зерттеуші ғалым П.Ф.Каптерев: «Оқыту жағдайында педагог тұлғасы бірінші орында тұрады, оның сол немесе басқа ерекшеліктері оқытудың тәрбиелік әсерін арттырады немесе төмендетеді», - деген тұжырым жасайды. Сонымен бірге, ғалым педагогтің ең негізгі маңызды сапаларына: оның ғылыми дайындығы мен жеке педагогтік дарынын жатқызады. Автор болашақ педагогтің теориялық дайындығына қоса, оның объективтілігі, байқампаздығы мен сезімталдығы, жауапкершілігі және шыдамдылығы, ұстамдылығы, өз-өзіне сыни көзқарасы, балаларды шынайы жақсы көруі секілді маңызды тұлғалық сапалары болуының қажеттілігін ерекше атап көрсетеді [115]. Яғни, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің бойында ғалым атап өткен тұлғалық сапалар болатын болса, болашақ тәрбиешінің кәсіби шыңдалуының негізі дұрыс қалыптаспақ.

Кейбір зерттеушілер педагогтің кәсіби даярлығының құрылымына тек қана білімдерді ғана емес, сонымен қоса практикалық іскерліктерді де енгізіп қарастырады. Мысалы, Н.В.Кузьмина педагогикалық іскерліктер жүйесіне: жобалау, ұйымдастыру, гностикалық, конструктивтік және коммуникативтік сияқты сапаларды жатқызады [116]. Автордың бұл іскерліктерді педагогтің кәсіби қызметтерін табысты атқаруға қажетті қасиеттері ретінде қарастыруы біз көтеріп отырған мәселе идеясына сәйкес келеді.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлауға арналған кейбір зерттеулерде олардың іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымын көрсететін кәсіптік графика (профессиограмма) жасаудың маңыздылығы қарастырылады. Бұл ретте В.А.Сластенин «педагог профессиограммасы мамандықтың өзіндік паспортын, оның біліктілік сипатын көрсетуі керек, яғни қоғамдық-саяси, арнайы және психологиялық-педагогикалық білімдерінің ғылыми негізделген қатынасы мен көлемін, сол сияқты болашақ педагогке қажетті педагогикалық

және әдістемелік іскерліктер мен дағдылардың бағдарламасын қамтуы керек» деген пікір білдіреді [31].

Ғалымның зерттеулерін талдай отыра, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің профессиограмма құрылымын құрастыруды жөн санадық:

- болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиеші тұлғасының қасиеттері мен сипаты: кәсіби-педагогикалық бағыттылық, танымдық бағдарлар;
- психологиялық- педагогикалық даярлық: білімдер, іскерліктер, дағдылар;
- арнайы пәндік даярлықтың көлемі мен жағдайы;
- мамандық аясындағы әдістемелік даярлықтың мазмұны.

Болашақ педагог тұлғасының үйлесімді, ықтималды мінездемелерін ажырата отырып, В.П. Симонов [117], педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі төмендегідей тұлғалық сапаларға: төзімділік, көшбасшылыққа ұмтылу; өз-өзіне сенімділік, талап қоя білушілік, қайырымдылық, мейірімділік, сезім оята білушілік, көтеріңкі көңілділік, сергектік және т.б. сапаларға тікелей байланысты дейді. Осы пікірді саралай отырып, біз болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің үйлесімді педагогикалық дамуының бірнеше тетіктерін көре алдық.

М.И. Дьяченко педагогтің кәсіби даярлығы құрылымындағы мотивациялық, бағдарлық, операциялық, еріктік және бағалау компоненттерін бөліп көрсетеді. Автор олардың қалыптасқандығы кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешуге дайындық жағдайын қамтамасыз етеді деген қорытынды жасайды [15]. Ғалым еңбегіндегі түйінді ойлар болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлауда басшылыққа алынатын құнды пікірлер деп санаймыз және зерттеуіміздің міндеттерін жүзеге асыруда негізгі тірек болды.

Э.Ф. Зеер педагогтің қабілеттілігін құрайтын тұлғалық сапаларының төмендегі құрамды бөліктерін атап көрсетеді: оқу материалын балаларға түсінікті етіп беру қабілеті; жұмыстағы шығармашылық; балаларға педагогикалық еріктік әсер ету; балалар ұжымын ұйымдастыра алу қабілеті; балаларға деген қызығушылық пен махаббат; сөйлеудің мазмұндылығы мен айқындығы, оның бейнелілігі мен сенімділігі; педагогикалық әдеп; оқу пәнін өмірмен байланыстырып бере алу қабілеті; байқағыштығы; педагогикалық талап қойғыштығы [118]. Мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылып жатқан оқу-тәрбие үдерісінің негізгі субъектісі мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытуда Э.Ф. Зеердің талаптарын құнды дүние деп есептейміз.

Осы тұста ғалым И.П. Подласый ғылымға: қызығушылық; өзінің кәсіби еңбегін сүйю; эрудиция; оқытатын пәнін жетік білу; пәнді оқыту әдістемесін меңгеру; психологиялық дайындық; жалпы эрудиция; кең мәдени дүниетаным; педагогикалық шеберлік; педагогикалық еңбек технологияларын меңгеру; ұйымдастырушылық іскерліктері мен дағдылары; педагогикалық әдеп; шешендік өнері және т.б. қасиеттер педагог тұлғасының сапалары ретінде маман бойынан табылуы тиіс деген көзқарасты білдіреді [119].

Е.А. Панько педагогтің тұлғалық кәсіби сапаларынан тыс пәндік-кәсіби құзыреттілігін де маңызды деп көрсетіп, оларды гностикалық, конструктивтік

коммуникативтік, ұйымдастырушылық және арнайы іскерліктермен байланыстырады [120]. Авторлардың пікірлерімен келісе отырып, осы аталған талаптар негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі өзін бәсекеге қабілетті педагог ретінде жүзеге асыра алады деген пікірімізді нақтылаймыз.

Отандық педагогика ғылымында болашақ педагогтерді дайындау мәселесі өткен XX ғасырдың орта шенінен бастап жан-жақты зерттеле бастап, үздіксіз білім беру теориясы тұрғысынан талданған. Болашақ педагогтерді дайындаудағы тұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасын Н.Д.Хмель [16], А.А.Бейсенбаева [121], Г.К.Нұрғалиева [122], және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Соның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарға мамандар даярлау мәселесі ғалымдар Б.О.Арзанбаева [87], Р.Т.Бөпебаева [86], А.И.Балабаевалардың [89] зерттеу объектісі болды. Ғалымдардың еңбектерін талдай отыра, инновациялық қызметтің субъектісі ретінде болашақ тәрбиешіні кәсіби даярлау үдерісі болашақ тәрбиешілердің кәсіби қалыптасуының нақты бөлігі болып табылады деп айтқымыз келеді. Педагогикалық жүйе объектілерінің санасына тәуелсіз және болашақ тәрбиешінің кәсіби қалыптасуын тұтастай және инновациялық қызметтің субъектісі ретінде анықтайтын объективті жағдайлар педагогикалық университеттегі студенттерді кәсіби даярлаудың нақты жүйесімен байланысты екенін анықтай алдық.

Жоғары білім беру үдерісінде педагогтерді даярлау мәселесіне қатысты Н.Д. Хмель педагогикалық үдерістегі «педагогикалық көру» деген ұғымды педагогтарға қажетті сапалардың бірі ретінде ұсынды [16]. Мұны ол таным теориясының «жанды қабылдау» кезеңімен ұштастыра келіп «педагогикалық үдерісті жүйелі қабылдау және елестетуді «педагогикалық үдерісті көру» деп айтуға болады», - деген пікір білдіреді. Ғалымның еңбегінде болашақ педагогтің кәсібиіс-әрекетке даярлығы әлеуметтік маңызды мотивтерінің, психологиялық-педагогикалық білім жиынтықтары және тұтас педагогикалық үдеріс қызметінің жемісті орындалуын анықтаушы қызметінің тәсілдері ретінде сипатталады. Осы идеяны біз болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби іс-әрекетін саралауда ұтымда басшылыққа алдық.

Н.Д. Хмельдің ғылыми мектебін жалғастырушы Н.Н. Хан, жалпы білім беру мекемесінің педагогикалық үдерісіндегі педагогтердің балалармен ынтымақтастық тұжырымдамасының тәсілдері: болашақ педагог даярлаудағы инновациялық, адами құндылықтарға және т.б.негізделгені біз қарастыратын мәселені толықтырады [17].

Жоғары оқу орнында болашақ мамандарды рухани- адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін қарастырған ғалым А.А. Бейсенбаеваның еңбектеріндегі білім алушылардың тұлғалық сапаларын қалыптастыру мәселесі ізгілікшілік идеясына бағындыру және гуманистік қасиеттерді білім мазмұны арқылы оқу құралдарының тәрбиелік компоненті арқылы жүзеге асыру [121] туралы ойлардың маңызы өте жоғары.

Педагог - бала жанын сезе білуге, түсінуге бейім, онымен үнемі бірге болудан, араласудан жалықпайтын және осындай қарым-қатынастың өзіне

сүйсіне алатын адам. Педагогтің балаға деген сүйіспеншілігі оның бойындағы барлық қасиеттерді ауыстыра алмайды, қайта басқа қасиеттердің айқын көрінуіне негіз болады. Педагогтің балаға шынайы сезіммен, құрметпен қарауы балада да педагогке деген сыйластық сезімін тудырады. Сондықтан болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің жалпы мәдениетінің жоғары дәрежеде болуы, оның интеллектуалдық мүмкіндігі, ой-өрісінің кеңдігі, рухани байлығы тұтас педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыруға зор ықпал жасайды.

Г.К. Нұрғалиева өз еңбектерінде жоғары білім беруді дамытудағы маңызды мәселелердің бірі ретінде қазіргі педагогтерді даярлау сапасын арттыру мәселесін көтереді [122]. Ғалым «даярлау сапасы» ұғымының мағынасы «білім беру сапасы» ұғымымен салыстырғанда тар болып келетіндігіне және мамандарды сапалы дайындау мына төмендегі мәселелерді көздейтіндігіне тоқталады: білім алушыларды берілетін білімнің пәндік саласына терең бойлату, оларға танымның зерттеп жатқан саласына «ену» тәсілдерін меңгерту; олардың беймәлімді тануға ішкі қажеттіліктерін және үдемелі қызығушылықтарын қалыптастыру; таңдалған мамандықтың шығармашылық сипатына деген білім алушылардың мотивациясын зерттеу; білім алушылардың өзіндік жұмысын қалыптастырушы біліктер мен дағдыларды, стимулдарды анықтау; мамандардың инновациялық іс-әрекетке даярлау сапасына ықпал етуші факторларды бөліп көрсету.

Бұл айтылғандар қазіргі болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлауға негіз болатын түйінді мәселелер ретінде қабылдаймыз.

М.С. Молдабекова болашақ педагогті дайындаудағы университеттік білімнің іргелі мәселесін көтеріп, олардың кәсіптік әрекетке даярлық деңгейін жетілдіру шарттарын педагогикалық үдерістің жан-жақты қасиеттерін бейнелейтін құбылыстардың бірлігі мен өзара байланыстылығы ретінде қарастырады [19]. Бұл мәселені тиімді шешу университеттің білім беру жүйесінің іргелі, арнайы, психология-педагогикалық және әдістемелік дайындығының негізінде жүзеге асырылып, оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны, түрлері және әдістерінің бірлігімен қамтамасыз етілетіндігіне көңіл бөледі. Ғалымның еңбегінде университеттің педагогикалық үдерісінде болашақ педагогті кәсіптік әрекетке даярлау технологиясын, ондағы мазмұндық және тұлғалық-бағдарлаумен біріктіруді, ұйымдастырушылық іс әрекеттерінде жалпы және жекені айыра білуін үйретуді қалыптастыруға назар аударылады.

Автордың бұл пікірінде біз қарастырып отырған болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін дайындаудың басты шартының бірі болып табылатынының білімділігі туралы ой жатыр деп санаймыз. Терең білім негіздері жоғары оқу орынының оқу жоспарларында қарастырылып, оқытушылардың шығармашылық әрекеттерінде жүзеге асуы тиіс.

Жоғарыда келтірілген талдаулар кәсіби іс-әрекетке даярлау барысында болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін дайындаудың танымдық, инновациялық, әрекеттік тұрғыда қарастырғанын көреміз. Бұл еңбектердің әрқайсысын педагог дайындау мәселесіне тың идеялар қосқан жұмыстар деп айтуға болады.

А.С. Магауова, балалардың оқу және оқудан тыс әрекеттер бірлігі арқылы болашақ педагогтерді дайындауды қалыптастырудың оқыту-дамыту кеңістігінің бірлігі негізінде қарастырып, біртұтас педагогикалық үдерістегі көрінісін айқындаған [123]. Автор ұсынған болашақ педагогтерді дайындаудың құрылымдық мазмұндық моделі мотивациялық, мазмұндық, технологиялық компоненттерден тұрады.

Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер қатарына; болашақ маманның біліктілігі мен шығармашылық әлеуетін дамытуды қарастырған Б.А.Тұрғынбаеваның [124], Ш.К.Жантлеуованың педагогикалық практикада студенттердің кәсіби біліктілігін қалыптастыру үшін студенттің кәсіби тұрғыдан өзін-өзі айқындауына әсер етуді қарастырған [125] зерттеу жұмыстарын жатқызамыз.

Ғалымдардың еңбектерінде кәсіби біліктілікті қалыптастыру – арнайы ұйымдастырылатын үдеріс екендігі дәлелденіп, оған ұтымды педагогикалық басшылық жасалуы тиіс екендігі аталып өтіледі.

Заман талабына орай, болашақ педагогтардың ақпараттық технологияны меңгеруіне байланысты С.М. Кеңесбаевтың «Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері» докторлық диссертациясында біз қарастыратын әдістемелік-тәжірибелік тұрғыда дамыту мәселесі болашақ маманның біліктілігі мен кәсіби іскерлігін қалыптастырады [126].

Ж.К.Стамбекова «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау» зерттеу жұмысында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау үдерісі мотивациялық, когнитивтік, инновациялық әрекеттік, жеке тұлғалық бөліктерінің бірлігі ретінде қарастырады [127].

К.Ж. Ажибеков жоғары мектептегі инновациялық қызмет арқылы болашақ педагогтерді дайындауды қарастыра келе, бұл қызметтің мәні мен құрылымын айқындайды [42],

Жоғары оқу орнының қызметі болашақ педагогті инновациялық іс-әрекетке мақсатты даярлаумен қоса педагогикалық шығармашылық қызметке әзір болуға дайындаумен тікелей астасып жатуы тиіс. Ол болашақ педагогтің жалпы мәдени, әдіснамалық, әдістемелік пәндерді меңгеру арқылы қамтамасыз етіледі. Мамандықты меңгеру барысында олардың ішкі ашылмаған мүмкіндіктері іске қосылып, жаңашыл педагог болуға қажетті таланттары, қабілеттері жетіледі.

Педагогтердің кәсіби дарындылығын дамыту мәселесіне арналған Е.Е.Мырзабеков, болашақ мұғалімді инновациялық іс-әрекетке дайындауда заманауи технологиялармен әдістерді тиімді қолдана білу іскерлігін дамытуға бағыттайды [128].

Зерттеу жұмысында қарастырып отырған мәселеге орай қазақстандық ғалымдардың болашақ педагогтерді дайындау мәселесіне арнаған еңбектерге талдау жасап, оларды төмендегідей (кесте-1) жүйеледік:

Кесте 1- Болашақ педагог дайындау мәселесіне арналған зерттеулер

№	Педагог мамандарды сатылар бойынша дайындау	Авторлар
1	2	3
1	Болашақ педагог мамандарды тәрбиелеу мен оқытуға даярлау	Н.В. Мирза, Р.Т. Бупебаева , Х.Т. Шерьязданова, М.А. Прокофьева, Б.О. Арзанбаева , А.И. Балабаева , Ж.Ш. Хасанова. А.Т. Искакова
2	Білім беру мен тәрбиелеуге педагог мамандарын даярлау	С.К. Абильдина, А.К. Сатынская, Т.М. Казангап, А.Ж. Куракбаева, М.Б. Джаздыкбаева, Г.Т. Абдуллина
3	Мектеп балаларына білім беру мен тәрбиелеуге педагог мамандарын даярлау	И.Н. Бодыкова, Ф. Борибекова, Ж.Т. Сарыбекова, Р.Х. Канапьянова, А.К. Калимолдаева
4	Колледжде білім беру мен тәрбиелеуге педагогмамандарын даярлау	Г.У. Уразамбетова, Н.Р. Шаметов, Г.Х. Буханова
5	Жоғары оқу орындарында білім беру мен тәрбиелеуге педагог мамандарын даярлау	М.С. Молдабекова , А.Ж. Утешева, А.А.Момбек, А.Е. Берикханова, Т.К. Самуратова, К.С. Ахметкаримова, А.А. Фалеева, А.Б. Абибулаева, С.С. Маусымбаев, Ш.К. Жантлеуова, С.М. Кенесбаев, Ж.К. Оналбек, Ш.Б. Оразов, А.С. Магауова, Г.Д. Аубакиров, С.К. Ксембаева, К.Ж. Ажибеков, Л.С. Майлыбаева, Н.С. Газизова, У.Ж. Конакбаева,
6	Біліктілікті арттыру мекемелерінде педагог мамандарын даярлау қайта даярлау	Г.К. Ахметова, М.Г. Соколова, Б.А. Тұрғынбаева, Е.И. Бурина, А.Е. Есполова.
7	PhD бағыты бойынша ғалымдар	М.К. Ибраева, Ф.Т. Абилбакиева, С.Т. Тлеубай, М. Шауенова, Т.С. Жұмашева, А.Ж. Жакупова, Г.М. Мышбаева, С.Ж. Еркебаева

Аталған ғалымдар еңбектерінде болашақ педагогтердің білім, білік, дағдыларын, тұлғалық қасиеттерін, әртүрлі құзыреттіліктерін, қасиет, сапаларын қалыптастыру мен дамыту мәселелері жан-жақты ашылады. Ғалымдардың зерттеу еңбектерінің реттік кезеңіне қарай топтастырылуы диссертациялық жұмыс соңында тіркеледі. Олар біздің зерттеу жұмысымыздың теориялық базасын құрайды.

Педагогтің даярлығы – қоғам дамуының қай кезеңінде де өзектілігін жоймайтын мәселе, өйткені дамудың әр сатысында қоғамның әлеуметтік–экономикалық міндеттері өзгеріп, өз кезегінде өскелең ұрпақты қоғамдық өмірге дайындау мәселесінде да жаңа талаптар пайда болып отырады. «Кәсіби дайындық» ұғымына сүйену көмектеседі адамды белгілі бір еңбек саласына дайындау үдерісінде оған қол жеткізудің ықтимал деңгейін белгілеу, сондай-ақ белгілі бір адамның кәсіби дайындық деңгейін анықтау және бағалау.

Зерттеулерді талдау бұл ұғымды анықтауда авторлардың ортақ көзқарасы жоқ екенін көрсетті (Е.П. Белозерцев [129], К.М. Дурай–Новакова[130], М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович [15], Л.В. Кондрашова [131], Н.Д. Левитов [132], А.Г. Мороз [133], В.А. Слостенин [31] және т.б.). Ғылыми әдебиеттерде кәсіби дайындық құбылысын сипаттайтын көптеген терминдер бар: «Оқытуға дайындық»; «кәсіп»; «кәсібилік»; «Студенттің кәсіби дайындығы»; «Педагогикалық дайындық»; «Кәсіби іс-әрекет».

Осыған байланысты студенттердің кәсіби іс-әрекетке дайындығын сипаттауда қандай ұғымдар шешуші болатынын нақтылау қажеттілігі туындады. Педагогикалық сөздікте «дайындық» ұғымы «бәрі орындалған, бір нәрсеге бәрі дайын күй», кез келген әрекеттің, күйдің соңғы нәтижесі ретінде түсіндіріледі [134].

К.К. Платонов маманның кәсіби дайындығы – бұл өзін кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті және дайын деп санайтын және оны орындауға ұмтылатын тұлғаның субъективті күйі деп атап көрсетті [135].

Р.А. Низамов дайындыққа қабілеттілік жатады деп тұжырымдайды: өз жұмысын ұйымдастыру, даму болашағын көре білу, өз бетімен жұмыс істей білу. «Дайындық» және ұғымын ажырату қажеттігі туралы пікір бар «дайындық». «Ерік» «тұлғаның сапалы жай-күйі» ретінде, ал «дайындық» теориялық және практикалық жақтардың, процедуралық, мазмұндық, ұйымдастырушылық, мотивациялық–тұлғалық құрамдастардың өзара байланысын жүзеге асыруды өзегі етіп алатын интегралды үдеріс ретінде қарастырылған [136]. Бұл ұғымдардың бөлінуі заңды және негізделген. Бұл зерттеуімізде балалармен жұмыс істеудің теориясы мен тәжірибесіне, өзара әрекеттесуге дайындықты студенттердің бағытталған әрекеттердің дәйекті, сатылы жүйесі ретінде қарастырамыз.

Педагогикалық кәсіби дайындығы деп іс-әрекеттерге, атап айтқанда, тәрбиешінің жоғары сапалы педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және балаларды тәрбиелеу үдерісінде тиімді нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін тұлғалық маңызды, кәсіби қасиеттерін қалыптастыру жатады деп есептейміз.

Ғалым Л.Г. Семушина педагогтің кәсіби дайындық мазмұнына бірнеше тұрғыдан қарастырған:

- Білім мен дағдыны меңгеруге негізделген кәсіби тапсырманы белсенді орындауға ұмтылу;
- Өз әрекеті үшін әлеуметтік жауапкершілікті сезіну [137].

Балабақшадағы оқу-тәрбие үдерісін заманауи ұйымдастыру педагогтен туындаған сұрақтарға өз бетінше жауап таба білуді, дүниетанымының кең болуын, жаңа мәселелерді тез шеше білуді талап етеді. Сондықтан, жоғары оқу орнында студенттерге сабақ беру барысында өзіндік жұмысына, ең алдымен өз бетінше әрекет ету мотивтерін қалыптастыруға көбірек көңіл бөлінуі керек. Заманауи мектепке дейінгі ұйымға қызметтік міндеттерін атқарып қана қоймай, өз бетінше жоспарлай алатын, педагогикалық мақсатқа сай жұмыс жүйесін ұйымдастыра алатын, жаңа бағдарламалар мен технологияларды енгізетін

педагогтер қажет.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың шетелдік тәжірибесін қарастыру барысында, зерттеуімізге негіз болатын бірнеше идеяларды зерделей алдық. Мысалы, ғалымдар L.M.Ridley [138], G.L.Callan [139], S.Kartami [140], J.Ehlinger [141] педагогтердің инновациялық қызметін кәсіби іс-әрекет пен шығармашылық көзқарас тұрғысынан қарастырады. Бұндағы ғалымдардың түйінді ойы педагог инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін кәсіби жетілген, шығармашыл тұлға болуында. Осы идеяны D.Henriksen [142], M.Henderson [143], E.Creely [144], M. Zennoush [145] жалғастырып, шығармашылықты 21 ғасырдағы білім берудің негізі ретінде таниды.

Ал, педагогикалық инновациялардың талаптары, педагогті кәсіби жетілдіру мәселелері ғалымдар Davidov-Unger [146], A.Forkosh-Baruch [147] еңбектерінде жүйеленген. Авторлар педагогикалық қызметтің жаңашылдығына байланысты педагогтердің кәсіби іс-әрекетінің үш түрін ажыратады: 1. «Болу, қалыптасу» педагогикалық инновациялардың талаптарына сәйкес қатар өмір сүру тұжырымдамасы ретінде; 2. «Іс-әрекет» инновацияларды практикада іске асыруы ретінде; 3. «Қол жетімділік» білім алушылар мен әріптестердің қажеттіліктеріне негізделген инновацияларды жүзеге асыру ретінде. Ғалымдар өз еңбектерінде ғылымға педагогикалық инновацияларды ендіруде бірнеше түрлері мен факторларын жүйелеп, жан-жақты талдаған.

Қазіргі педагогика мен психологияда «дайындық» ұғымы басқасөздермен тіркесіп, термин ретінде, «мектепке оқуға дайындық», «кәсіби қызметке дайындық» сияқты нақты көрсетілген көрсеткіштерді қамтиды. Жалпы психология – «дайындық» дегеніміз «адамның іс-әрекетті сәтті орындауға қажетті білім, білік, дағдымен жабдықталуы; сәйкестігін анықтайтын тұлғалық қасиеттердің синтезі ретінде іс-шаралар; тұлғаның ажырамас көрінісі ретінде; элементтердің интегралды динамикалық жүйесі ретінде қарастырады. Тұлға қасиеттерінің бұл синтезіне мыналар жатады: белсенділікке деген белсенді оң көзқарас, тұрақты интеллектуалдық сезімдер, қолайлы психикалық жай-күй, тиісті саладағы білім, білік, дағдының белгілі бір қоры, нақты әрекетке қабілеттілік.

Қазақстандық психология ғылымының көрнекті өкілдері: Т.Тәжібаев [148], М.Мұқанов [149], Қ.Б.Жарықбаевтар [150], этнопсихологиялық теориялар негізінде тұлғаның іс-әрекетке дайындығын оның ұлттық психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерін дамыту тұрғысынан қарап, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту қажеттілігін атап көрсетеді. Ғалымдардың бұл бағыттағы ойлары саналы әрі белсенді әрекет ете алатын адам, субъект - бұл белсенді әрекет етуші адам дегенге келіп саяды. Ол - қоршаған орта әсерін сезеді, ол - танушы және танылатын адам. Осы айтылғандарға қосыла отырып, болашақ тәрбиешінің қарым – қатынас белсенділігі, әлеммен саналы қарым-қатынас жасайтындығы мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытуда, рухани, ұлттық тәрбие беруде негізгі кілт болмақ.

Х.Т. Шерьязданова болашақ мамандарды психологиялық тұрғыда

дайындаудың жеке үдеріс ретінде ұйымдастырылуына көңіл бөліп, оқыту мазмұны және әдістемелерінде білім алушылардың тұлғалық және жас ерекшеліктерін ескеруді ұсынған. Ғалым болашақ педагогтерді біртұтас жүйе тұрғысынан кәсіби даярлаудың алғаш рет психологиялық үлгісін жасаған. Бұл үлгі қарым-қатынас психологиясының теориялық және практикалық мәселелеріне негізделеді. Автордың көзқарасы бойынша, психологиялық дайындау психо-диагностикалық және психокоррекциялық бағыттағы жұмыстарды қамтиды. Осы білімнің топтастырылған сипаттағы дәрістері және білім алушыларды меңгертілген психологиялық, академиялық білімді практикада қолдана білуі - кәсіби дайындаудың басты шарты деген пікір білдіреді [151]. Айтылған пікір негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің, өз кезегінде бәсекеге қабілетті педагог даярлығының бүгінгі қоғамға қаншалықты қажеттілігін болжауға болатынын көреміз.

Болашақ педагог мамандарды даярлауда С.М. Жақыповтың «бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекет» тұжырымдамасының маңызы зор. Ғалым педагогикалық психология саласы бойынша «оқу іс-әрекеті» және «оқыту іс-әрекеті» категорияларының психологиялық мазмұнын қарастырып, арнайы ұйымдастырылған оқыту жағдайларында адамның таным іс-әрекетінің бірыңғай жүйесіне танымдық синтездеудің шарттары мен қырларын көрсетеді. Мұнда педагогтің оқыту үдерісін ерекше психологиялық құбылыс ретінде таным үдерістердің өзара әрекеттесуін және бұрынғы жинақталған жүйесіне жаңа білімнің қосылуын қамтамасыз ететін субъектінің когнитивтік практикасын түрлендіру үшін қажетті жағдайларды жасайтынын тарқатып айта келе, танымдық практиканы қайта құру индивидтің бүкіл өмірін қайта қарауды және оған тиісті қатынасының өзгеруін талап етеді. Осылайша адамның тұлғалық қасиеттерінің өзгеруі іске асады, тұлғаны тек тұлға ғана қалыптастырады деген тұжырым жасайды [152]. Бұл еңбектерді болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінен бәсекеге қабілетті педагог тұлғасын қалыптастырудың ұлттық ерекшеліктерін жалпы әлемдік мәселемен ұштастыра жүргізуде басшылыққа алуға болады.

Ғалым М.Ә.Перленбетов болашақ педагогтердің академиялық болашағын болжап, психикалық үдерістер мен типологиялық тұлғалық қасиеттердің детерминациялық өзара байланысын зерттеу негізінде психика құрылымының асимметриялық тұжырымдамасы алғаш рет ұсынды. Зерттеу жұмысында білім алушылардың нақты психологиялық типтері кәсіби қабілеттілік қызметтің тиімділігін анықтайтын белгілі бір танымдық стратегияларға сәйкес келетіндігін тұжырымдады. [153]. Келтірілген пікірде болашақ педагог даярлаудағы тұлғалық ерекшелікке мән берудің маңыздылығы оның бәсекеге қабілетті болуына ықпал ететіні байқалады. Демек, біз ғалымның пікірін зерделей келе, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің психологиялық даярлығының маңызды екенін де атап өткіміз келді.

Жаңа тұрпаттағы мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісін даярлау мәселесі соңғы жылдары философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалып, қорғалып жатқан диссертациялық жұмыстарда да кеңінен қарастырылуда.

Болашақ тәрбиешінің тұлғалық сапаларын қарастыра келе, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің педагогикалық кәсіби сапасын анықтайтын құжатқа талдау жасауды жөн деп есептейміз.

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы №31149 бұйрығына қосымша «Педагогтің кәсіби стандартында»: «Педагогтік іс-әрекет – бұл бір адамның басқа адамға тікелей әрекет жасауы емес, олардың өзара әрекеттесуі», - деп көрсетілген. Стандартта педагог қызметінің маңыздылығына ерекше назар аударған. Кәсіби стандарт «Педагог» білім бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде білім ұйымдарының қызметкерлерін оқытуға, білім ұйымдарының бітірушілері мен қызметкерлерін сертификаттауға арналған құжат [154]. Аталған кәсіби стандартта мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің еңбек қызметі беске бөлініп қарастырылған: оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік және әлеуметтік-коммуникативтік

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің 1-ші еңбек қызметі «Оқытушылық» бойынша оқу ақпаратын таратады, өз бетімен оқуды үйретеді; 2-ші еңбек қызметі «Тәрбиелік»: білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тартады; 3-ші еңбек қызметі «Әдістемелік»: білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады; 4-ші еңбек қызметі «Зерттеушілік»: білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделейді, білім ортасын зерттейді; 5-ші еңбек қызмет «Әлеуметтік-коммуникативтік»: кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыратын бес еңбек қызметі белгіленген: «білім», «іскерлік пен дағдылар», «тұлғалық және кәсіби іс-әрекет» көрсеткіштерінен тұрады.

Аталған еңбек қызметінің дескрипторлары деңгей бойынша сипатталған, демек болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің қызмет құндылығын және кәсіби іс-әрекетін ашып көрсетеді. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: кәсіби іс-әрекет – оқу үдерісінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті, – деп атап көрсетілген. Осылайша, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби даярлығы біздің зерттеуіміздің маңызды сұрағына айналды.

Ғалымдардың еңбектердегі жүйеленген көзқарастар, біз қарастыратын болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби тұрғыда қалыптасып, бәсекеге қабілеттілігіне тұлғалық сапаларының әсері маңызды екендігін көрсетеді. Олай болса, тұлға мен оның кәсіби бір-бірінің дамуына тікелей ықпал ететіндігі анық.

Келтірілген талдауларды қорыта келе, көптеген зерттеуге арқау болған болашақ педагогтерді даярлау мәселесі, инновациялық білім беру барысында педагогтің бойында ұстаздық қызметті атқаруға негіз болатын сапаларды қалыптастыру олардың заман талабына сай қызмет жасауының кепілі болатындығын ашып көрсетеді.

«Дайындау» түсінігін талдай отырып, оның көптеген түсіндірмелері бар екенін байқаймыз. Студенттердің балалармен жұмыс істеуге дайындау үлгісін

құруға көмектесетіндеріне ғана тоқталайық. Даярлау – біртұтас өзара байланыстарды жүзеге асыру өзегі болып табылатын үдеріс теориялық және практикалық аспектілері, процедуралық, мазмұндық, ұйымдастырушылық, мотивациялық және тұлғалық құрамдас бөліктер [155].

Педагогикалық сөздікте «инновациялық білім беру» белгілі бір қызмет саласында жұмысты орындауға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдыны меңгеру үдерісі ретінде қарастырылады. Инновациялық дайындық студенттердің белгілі бір жұмысты орындауға қажетті дағдылар мен дағдыларды жедел меңгеруіне бағытталған және студенттің білім деңгейінің жоғарылауын білдірмейді [156].

Бұл зерттеуде инновациялық дайындықты кәсіби білім берудің негізі мен өзегі ретінде қарастырамыз. Инновациялық дайындықтың түпкі мақсаты студенттің кәсіби бағдары, оның білімі, мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуге дайындығы және қабілеті арқылы көрінетін іс-әрекет ретінде қарастырылатын болады.

Жоғарыда талқыланған ғылыми пікірлерді қорытындылай келе, ғалымдардың көзқарастарындағы барлық айырмашылықтармен бірге кейбір ұқсастықтар да бар деп қорытынды жасауға болады. Мәселен, барлық авторлар студенттердің кәсіби дайындығының негізгі көрсеткіші ретінде іргелі білім, білік және дағдыларды игеру туралы айтады. Сонымен қатар, көптеген зерттеушілер кәсіптік оқыту алған білімдерін іс жүзінде қолдануға және тұлғалық қасиеттерді дамытуға кәсіби дайындықты қалыптастыруды көздейтінін атап өтеді.

Кәсіби іс-әрекетке даярлау - мамандық бойынша толық білім алу, кәсіби білім мен дағдыларын, кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігін дамыту. Мектепке дейінгі ұйым мамандары кәсіби міндеттерді шешуде бүгінгі заман талаптарына сай білім мазмұнын, әдіс-тәсілдерді, инновациялық технологияларды меңгеруі қажет. Кәсіби іс-әрекетті жетілдіру - бұл кәсіби білім мен дағдыларды тереңдету үдерісі, оны табысты аяқтау белгілі бір мамандық немесе лауазым шегінде неғұрлым күрделі жұмыстарды орындауға мүмкіндік береді. Кәсіби іс-әрекетке даяр болу үдерісі - мектепке дейінгі ұйым педагогтері үшін маңызды. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің *кәсіптік, инновациялық* біліктіліктері заманауи білім беру технологиялары негізінде қалыптасуы тиіс.

Ғалымдардың еңбектеріндегі болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесін қарастыра келе, *кәсіби іс-әрекетке даяр болашақ тәрбиеші* – инновациялық, ізденушілік, сауаттылықтан туындайтын кәсіби қызмет ету жүйесіндегі тұлға. Жоғарыда аталған ғалымдардың ой-пікірлері мен ғылыми теорияларына сүйене отырып, біз мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісін өз іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алатын *саналы тұлға* ретінде танып, *болашақ тәрбиешінің кәсіби іс-әрекетке даярлығы* – белгілі бір іс-әрекеттердің өзара байланысты сапасын қамтиды (білім, білік, қабілет, дағды, әрекет, оқу немесе болашақ қызмет ету саласындағы тәжірибе мен мәселелерді шешуді біріктіретін

қасиеттер) деп тұжырымдаймыз.

Келесі параграфта «инновациялық іс-әрекет» ұғымы мен «мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлау» түсінігінің мәні мен мазмұны қарастырылатын болады.

1.2 «Инновациялық іс-әрекет», Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлау» түсініктерінің мәні мен мазмұны

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде инновациялық үдерістерді қолдана отырып, жаңашаландыру ісі ХХ ғасырдың 90-жылдарынан басталды. Инновациялық үдеріс әрдайым білім беру жүйесінің ішкі қозғаушы күші ретінде қолданылады.

Заман дамуының барысы мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің тек балаға білім мазмұнын жеткізуші, белгілі бір дағдыларды меңгертуші ғана емес, жаңа инновациялық іс-әрекеттерді, ақпараттық технологияларды игеру сатысына көтерілуін талап етеді.

Инновациялық іс-әрекетке дағдылану болашақ тәрбиешінің жоғары оқу орындарында дайындалуы барысында меңгеретін пәндер мен курстардың өн бойынан табылуы керек. Ал, инновациялық іс-әрекетке арнайы дағдыландырудың жолы да, мазмұны да, жүйесі де ерекше болуы тиіс екендігі анық. Ақпараттық кеңістіктің ерекше орын алуымен, мектепке дейінгі білім беру мазмұнының жаңартылуына байланысты болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлауда педагогтің мәртебесі мен оқыту үдерісіндегі рөлінің де жаңа қасиеттерге ие болу қажеттілігі туындап келеді.


Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби дайындығының сапасын арттыру үшін педагогикалық білімнің құрылымы мен мазмұнына жаңа леп қарқындап енгізілуін ХХІ ғасырда мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің алдына қойылып отырған мақсат, оған жетудің жаңа тетіктерін табуды қажет етеді, ал оның түп бастауы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін дайындайтын жоғары оқу орны.

Тәрбиешінің де өмір бойы өзін-өзі жетілдіріп, дамытып, заман талаптарына сай бейімделуінен тәрбиеші тұлғасының сапасы танылады. Өзінің болашақтағы педагогикалық әрекетінде шығармашылыққа, жаңашылдыққа, белсенді инновациялық іс-әрекетке дайын болуда жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Сондықтан кәсіби жетілу, инновациялық іс-әрекетке дайын болу студенттің болашақ тәрбиеші ретінде қалыптасу үдерісінде маңызды орын алуы тиіс.

Инновациялар кез келген дамушы қоғамдық жүйеге тән, керісінше, қоғамда инновациялық процестердің болмауы ондағы консерватизмінің, дағдарыстың, тіпті жүйенің тозуының көрсеткіші болып табылады. Дамушы қоғам әрқашан «жаңа адамдарды» қажет етеді, яғни элеуметтік тапсырысты іске асыра отырып, жаңаша ойлайтын адамдарды дайындауды жүзеге асыруға тиіс. Сондықтан педагогикалық инновациялардың пайда болуы

қайшылықтарды шешу, қоғамдық қажеттіліктерде көрініс тапқан әлеуметтік тапсырысты қанағаттандыру қажеттігі ретінде, инновацияның бастамашысы басқару құрылымдарынан да шығуы мүмкін, алайда педагогикалық инновациялардың пайда болуының негізгі көзі педагогикалық ғылым болып табылады. Барлық педагогикалық инновациялар, олар қаншалықты тартымды болса да, тиісті дұрыс басқарусыз және ұйымдастырусыз игеріле алмайды. Жаңашылдық бастамашылары (жекелеген педагогтар, педагогтар тобы, білім беру ұйымдары және т.б.) жаңашылдықтардан туындайтын мәселелермен қақтысатыны сөзсіз, сондықтан білім берудегі инновацияны жаңаша теориялық ұғынуға, үздіксіз инновациялық қозғалысты қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайларды әзірлеуге қажеттілік артты. Білім берудегі инновацияларды зерттеу теориялық-әдіснамалық бірқатар мәселелерді анықтады: дәстүрлер мен инновациялардың арақатынасы, инновациялық циклдің мазмұны мен кезеңдері, түрлі білім беру субъектілерінің инновацияларына қарым-қатынас, инновацияларды басқару, кадрлар дайындау, білім берудегі жаңа бағалау критерийлерінің негізі және т.б. Бұл мәселелер өзгеше зерделеуді қажет етеді және педагогикалық инноватиканың қалыптасуына ықпал жасайды.

XXI ғасырдың басында педагогикалық инноватика жаңа технологияларды, білім беру ұйымдарының даму үдерістерін, жаңа білім беру тәжірибесін зерттейтін ғылыми-педагогикалық білімнің жаңа саласы ретінде қалыптасты. Л.В.Хуторскийдің анықтамасы бойынша: «педагогикалық инноватика - бұл ғылым саласы, білім беру саласындағы инновациялық үдерістің 3 негізгі үдерістерінің ажырамас бірлігі мен өзара байланысы туралы ілім: жаңаны (жаңалықтар) құру, оларды игеру (қабылдау, беру), жаңалықтарды қолдану». Төменде суретте көрсетілген. (Сурет 4)



Сурет 4 – Л.В. Хуторский бойынша инновация қадамдары

Инновациялық іс-әрекетке даярлау – болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін дайындау үдерісінің құрамдас бөлшегіне айналуы керек. Инновациялық іс-әрекет туралы ұғым «әрекет теориясын» талдаудан бастау алады да «педагогикалық әрекетке» ұласып, «инновациялық іс-әрекетпен» жалғасады. Өйткені оның құрамында «инновациялық іс-әрекет», «іс-әрекет» және «педагогикалық іс-әрекет» ұғымдарының мазмұны орын алатыны белгілі.

Зерттеу жұмысымызда болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлаудың теориялық негіздері мен практикалық

жүйесін қарастырайық.

«Үлкен энциклопедиялық сөздікте» іс-әрекет адамның әркез жоспарлы әрекеттерінің жиынтығы [157], философиялық энциклопедияда [158]: «іс-әрекет – адамның қоршаған әлемге белсенді қатынас формасы, мазмұны жағынан мақсатқа бағытталған өзгерту және қайта жасау. Адамның іс-әрекеті қарама-қарсы қойылған әрекеттің объектісі және субъектісі: адам өзіне іс-әрекеттің объектісін материал ретінде қарама-қарсы қояды, адам оған әсер ету арқылы жаңа форма және сапа алып, материалдан іс-әрекет өнімін алады. Кез келген іс-әрекеттің мақсаты, құралы, нәтижесі, іс-әрекет үдерісінің болуы, әрекеттің саналы екендігін білдіреді» - деп берілген.

Берілген анықтамаларды нақтылайтын болсақ, іс-әрекет барысында адам табиғатты өзгертуі мүмкін, сөйтіп өзін білікті субъекті ретінде қалыптастырады, ал өзі игерген табиғат құбылыстарын жинақтаған тәжірибесіне сүйеніп іс-әрекет объектісі етеді. Адам іс-әрекет үстінде заттың табиғаты мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп оны игереді, оны өз біліктілігінің деңгейінде қарастырады. Сонымен қатар адам табиғатпен өзара әрекетте болып қана қоймай, оны бірте-бірте өзінің материалдық және рухани мәдениетінің құрамына енгізеді. Адам алған білімінің негізінде еңбек құралдарына, табиғаттағы заттар мен құбылыстарға әсер етіп, оларды өзгертіп, бірте-бірте тәжірибе жинақтайды. Демек, іс-әрекет тіршілік етудің, әлеуметтік белсенділік көрсетудің амалы.

Аристотельдің пікірінше, адамның игілікті ісі іс-әрекетінен көрінеді, онда тұлғаның өзін-өзі көрсетуінің бірден-бір мүмкіндігі берілген [159].

Кант адамды жеке және тәуелсіз бастау ретінде, өзінің теориялық, практикалық әрекетінің иесі ретінде айқындаған [160]. Адам іс-әрекеті мен қылығының түпкі қағидасы категориялық императив болуы тиіс,- деп іс-әрекеттің тұлғаға әсері ерекше екендігін атап кеткен. Іс-әрекет негізінде тұлғаның дамуы және оның қоғамда түрлі рөлді атқаруда жүзеге асады. Тек іс-әрекетте ғана индивид тұлға ретінде орнығады, онсыз «өзіндік зат» болып қалады.

Осындай пікір Конфуцийдің еңбектерінің өзегі болып, «адамдардың сөзін тыңдап қоймай, олардың іс-әрекетін көрген жөн» деп тұжырым айтқан [161]. Ал кейбір философтардың көзқарасынша, «іс-әрекет – қоршаған дүниеге белсенді қарам-қатынастың ерекше адами түрі, оның мазмұны мәдениеттің бар формаларын меңгеру мен дамыту негізінде осы дүниені мақсатқа сәйкес өзгерту мен қайта құруды құрайды»,- деп әрекетті сезімдік, практикалық пен теориялықты органикалық бірлестігі тұрғысынан түсіндіруге тырысқан. Осы үш тараптың өзіндік атқарар қызметтері бар: қимылдық – орындау, сезімдік – бақылау, саналық – реттеу.

Қысқаша психологиялық сөздікте [162] «іс-әрекет - адамның қоршаған шындықпен белсенді өзара әрекеттесуі, оның барысында адам субъекті ролін атқарып, объектіге мақсатқа бағытталған ықпал жасап және өзінің қажеттілігін қанағаттандыруы» деген түсініктеме берілген. Жоғарыдағы берілген қай анықтаманы алсақ та, адам әрекеттің субъектісі ретінде белсенді рөл

атқаратындығын көреміз [163].

«Іс-әрекет» ұғымын талдауда бұл ұғымның тарихи генеологиялық жолына тереңдеп бармай нақты ғылыми сала ретінде зерттеген Л.С. Выготский [164], А.Н. Леонтьев [8], С.Л. Рубинштейн [109] және т.б ғалымдар. Л.С. Выготский әрекет теориясын тікелей қалыптастырмаса да, осы теорияның қалыптасуының негізін қалаған ғалым ретінде үлкен орын алатын «Ойын және оның баланың дамуында алатын орны» атты зерттеуін атауға болады. Бұл еңбегінде Л.С.Выготский баланың ойынына «жетекші әрекет» деген атау береді. Баланың ойнауы барысында санасында пайда болатын жаңа түзілімдер балада әрекет жасауға деген жаңа мотивтер туындауына негіз құрайды. Л.С. Выготскийге сүйенетін болсақ, адамның даму динамикасында жаңа мотивациялардың туындауы үлкен орын алады [164].

Психология ғылымында әрекет ұғымы туралы С.Л. Рубинштейн [109] мен А.Н.Леонтьевтің пікірлері қатар айтылады [8]. А.Н.Леонтьевтің әрекет теориясында әрекет ұғымының құрылымы келесідей екі қатарлы модельде беріледі (сурет 5).



Сурет 5 – С.Л. Рубинштейн бойынша іс-әрекет ұғымының құрылымы

А.Н. Леонтьевтің анықтауынша, әрекет дегеніміз – ішкі (психикалық) және сыртқы (физикалық) белсенділік болып табылады, ол белсенділік қажеттіліктен туындайды және өзі мен қоршаған ортасын өзгертуге бағытталады. Әрекет импульсивті белсенділіктен өзінің мақсаттылығымен және саналылығымен ерекшеленеді (сурет 6) [8, 92б].



Сурет 6 – А.Н. Леонтьев бойынша іс-әрекет ұғымының құрылымы

Іс-әрекеттің жалпы құрылымына мақсат, құрал, іс-әрекет үдерісінің өзі

және нәтижесі кіреді. Белсенділіктің мақсатқа сай сипаты оның ең маңызды шарттары мен негіздерінің бірі сана, кең мағынада оның әр түрлі формаларының жиынтығы ретінде ғана емес, сонымен қатар ішкі ережелер: қажеттіліктер, мотивтер, көзқарастар, құндылықтар болып табылады. Іс-әрекет құрылымына төмендегідей талдау жасадық. (2 –кесте)

Кесте 2 – Іс-әрекеттің құрылымы

С.Л. Рубинштейн	мотив, мақсат, құрал, әлеуметтік жағдай, нәтиже, бағалау
В.В. Давыдов	қажеттілік, мотив, тапсырма, әрекет режимі
Г.П. Щедровицкий (ойлау әрекеті туралы)	мақсат, тапсырма, бастапқы материал, құралдар, процедура, өнім
О.Л. Конопкин (Іс- әрекеттің өзін өзі реттеуі туралы)	мақсат, шарттар моделі, бағдарлама, жетістік өлшемі, нәтижелер туралы ақпарат, түзету туралы шешім
В.Д. Шадриков	мотив, мақсат, бағдарлама, ақпараттық негіз, шешім қабылдау, кәсіби маңызды қасиеттер
Г.В. Суходольский	қажеттілік, бағдар, мотив, мақсат, нәтиже, бағалау
В.Э. Мильман	қажеттілік мотив, объект, мақсат, қоршаған орта жағдайлары, құралдар, құрам, бақылау, бағалау, өнім

Педагогикалық үдерістің басты ерекшеліктерінің бірі әрдайым жаңаланып, дамытылып, жетілдіріліп отыратындығында, инновациялық үдеріс педагогикалық үдерістің ішкі көзі болып табылуы тиіс. Жоғары оқу орындарында оқып жатқан болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық орындылығы инновацияның мемлекет тарапынан қолдау тауып отырғандығымен анықталады.

Осымен де байланысты, болашақ тәрбиешілердің өз педагогикалық әрекеттерінде әрдайым ғылымның жаңа жетістіктері мен жаңалықтарына бетбұрыс жасай білуіне қажетті дағдылар қалыптастыру керек. Бакалавриатта оқып жүрген кезінен бастап қоғамның білім беру салаларына қойып отыратын жаңа талаптарына сәйкес ғылымның жаңа инновациялық технологиялық жетістіктерін педагогикалық әрекетінде тиімді пайдалануы тиіс.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлаудың барысы дайын жол емес, не болмаса анықтап алып жүретін данғара жолда емес. Аталған мәселе көпқырлы, күрделі педагогикалық жүйенің нақты мақсатқа бағытталған арнайы ұйымдастырылып, басқарылатын әдістемелік жүйесін қажет етеді. Ол жүйе болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлауда анықталған ғылыми-әдіснамалық бастау көздері мен сапалы оңтайлы әдістемелік ортасынан құралады.

Педагогтің инновациялық іс-әрекеті – кең ауқымды ұғым. Бір қырынан

қарағанда, ол жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану шеберлігіне байланысты танылады. Келесі қырынан алғанда, жаңа әдіснамалық зерттеулер негізінде танылған әдістемелерді қолданумен байланысты болады. Ал, үшінші қырынан алатын болсақ, ол ескірген білім беру стандарттарын жаңашылдандырумен байланысты танылатын әрекет болып табылады. Педагогтің инновациялық әрекеті – білім беру үдерісін ұдайы жаңартып, жаңа леп алып келетін, тоқырау мен тоқтап қалудан сақтайтын маңызды әрекет.

Инновациялық іс-әрекет ұғымы «инновация» және «инновациялық үдеріс» ұғымдарының туындысы болып табылады. «Инновациялық іс-әрекет» ұғымы өмірдің барлық саласында өзіндік ерекшелігіне сай қолданылатыны белгілі: ғылымдағы, білім беру саласындағы, экономикадағы инновациялық әрекет, медицинадағы инновациялық әрекет т.б.

«Инновация» туралы теорияны «Экономика дамуы теориясы» кітабында негіздеген Й.А.Шумпетер, инновацияны тек жаңадан енгізілген нәрсе емес, өндірісті дамытушы фактор деп атаған. Негізінде, Й.Шумпетер өз заманында түрлі комбинацияларға сүйеніп қарқын ала бастаған экономиканы одан әрі дамытудың бес жаңа комбинациясын ұсынған [165]. Й.Шумпетерден соң инновацияның неоклассикалық теориялары пайда бола бастады. Жаңа пайда болған теориялар инновациялық теорияны жаңа үдерістер мен басқа құбылыстарға қатысты қолданды.

«Инновация» ұғымы латын тіліндегі «innovates (in -, novus - жаңа)» сөзінен алынған. «Инновация» терминінің пайда болуына б.з. д. IV ғасырда өмір сүрген ежелгі грек философы Аристотельдің ілімдерінде, ал кейінірек классикалық латын әдебиетінде алғаш рет пайда болған «даму» терминінің сан ғасырлық эволюциясы ықпал етті. Алайда, тұрмыстық ойлау деңгейінде өзінің ауызекі күнделікті мағынасында: «пікірлерді шатастыру» (Аристотель), «кітапты ашу» (Цицерон) деңгейінде қолданылған. XV ғасырда еуропалық ғалым, діндар Николай Кузанскийдің еңбектерінде бұл ұғым философиялық мазмұнға (сызық дегеніміз нүктені өрістету (evolution) ие болды.

Инновация (жаңалық жарату) - қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсені тіпті де жақсарту, бір кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені негіздеу, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту, сөйтіп адамға және адамзатқа бақыт сыйлау.

Инновация сөзін қазақтың «тапқырлық», «жаңалық» сөздерімен тең мағынада қолданамыз. Ағылшын тіліндегі «инновация» ұғымы көбінесе техникалық тапқырлық пен жаңашылдықты көрсетеді.

«Oxford» сөздігінде нақты тұлға ұжым үшін жаңа идея, ол оның объективті жаңалығына және инновациялық ізденістің нақты қатысушысының талабына дейін алғаш рет пайдаланған немесе жаңалықтың ашылу уақытынан бері өткен уақытына тәуелді емес деп қарастырылады [166].

«Cambridge» сөздігінде «инновация белгілі салаға мүлдем жаңа идеялар, технологиялар және т. б. енгізу» деген анықтама береді [167].

«Merriam-webster» сөздігінде «инновация ұғымы жаңа идея, әдіс немесе құрылғы, жаңалық, жаңа нәрсе енгізу» - деп қарастырылған [168].

Шетелдік сөздіктердегі берілген «инновация» ұғымын талдау барысында, біз инновацияны жаңалық, жаңа идея, жаңа әдіс-тәсілдердің жиынтығы ретінде берілгендігін аңғардық.

Инновация ұғымының мәні



Сурет 7-Инновация ұғымының мәні

Инновация теориясын зерттеушілердің айтуынша, Й.Шумпетердің инновация теориясының негізгі өзегі инновациялық парадигма болып табылады, ал ол парадигманың негізгі рөлі кәсіпкерге берілген [165]. Яғни нақты кәсіпкер қоғамның мүшесі ретінде, өндірістің факторларын инновациялық жолмен пайдалана отырып, тұтас экономикалық жүйені, соның нәтижесінде қоғамды дамыта алатын жүйе құра алады. Егер педагогикаға қатысты алатын болсақ, нақты тұлға – педагогикадағы инновацияның негізгі рөлін атқарады деп түсінеміз. Адам өміріндегі салалардың аралығында қатаң шектер болмағандықтан, бір салада дамыған инновация адам өмірінің басқа салаларына да ауысуы – заңды құбылыс. Бірақ, әр саланың өзіндік ерекшеліктері инновацияның дамуына да өзіндік ықпалын тигізетіні белгілі.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н. Нұрахметов «инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Сонымен қатар, «инновация» ұғымының пайда болып, қалыптасып, дамуымен бірге «инновациялық іс-әрекет» ұғымының даму барысы сол жолды өтіп жатқаны белгілі. Педагогика саласындағы инновациялық әрекет туралы

арнайы еңбек жазған ғалымдар инновациялылықты педагогиканың басты ұғымдарының бірі ретінде қарау керектігін айтады.

Педагогикадағы инновациялық іс-әрекеттің ұғымдық болмысы мен құрылымдық-мазмұндық жүйесін танып-талдауда бірнеше көзқарастар байқалды. Инновациялық іс-әрекет жайында қарастырған ғалымдар өз еңбектерінде педагогтердің инновациялық іс-әрекетке деген мотивациясын, даярлығын қарастырады.

Қазіргі кездегі педагогикадағы заманауи инновациялылықтың басты міндеті енгізіліп жатқан жаңашылдықтарға жіктеме жасау. Жіктеме арқылы мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері пайда болып жатқан жаңа педагогикалық технологияларды тани алады. Педагог ғалымдар білім беру саласында жаңа инновациялық үдерістің екі типі бары байқалатынын айтады, олардың:

бірінші типіне стихиялы түрде пайда болып, еш жерге қазығы қағылмай, жүзеге асырылуының мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылмаған, педагогикалық жүйеде ғылыми негіздемесімен орнықтырылмаған эмпирикалық түрде, жағдаяттық талаптар барысында туындаған инновациялар жатады;

екінші типіне жататындар – саналы түрде мақсаттылықпен, ғылыми зерттеліп, нәтижелері айқындалған педагогикалық инновациялар.

А.И.Пригожин жаңашыл педагогикалық жүйелерді үшке бөліп қарастырады:

- жаңашылдығы бойынша;
- іске асырылу тетіктері бойынша;
- инновациялық үдерістің ерекшеліктері бойынша [169].



Сурет 8- А.И.Пригожин бойынша жаңашылдық категориясы

Жаңа идея мен жаңашылдық үдеріс белгілі бір адамның еңбегіне тікелей байланысты. Оларды педагогика саласында жаңашыл-педагогтер, новаторлар деп атап, көптеген идеялардың жүйесі қалыптасқан кезеңдер ерекше кезеңдер болғаны белгілі. Жаңашыл тәрбиеші дегеніміз – оқыту және тәрбиелеу үдерісіне жаңаны енгізуші тұлға. Осындай тәрбиеші тұлғаны жылдар бойы күтетін уақыттың қазіргі кезде мерзімі өткенін көріп отырмыз. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі студент кезінен бастап-ақ өзіне дейінгі инноватор педагогтердің тәжірибесін, еңбек жолын және инновациялық әрекетінің қалыптасуы мен жасампаздық нәтижеге алып келген табысты сәттерін терең педагогикалық-психологиялық талдау жасай отырып, жүйелеу алатын болуы тиіс.

«Инновациялық іс-әрекет» болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің сезімтал қабылдағыш қасиетінен басталады. Инновациялық іс-әрекеттің үздіксіз көшке өту не өтпеу кезеңдері осы аталған бес кезеңнің кез келгені болуы мүмкін. Қалай дегенде де, кез келген жаңаның табысты болуы сол жаңаны енгізуші тұлғаның мінез-қылығына, өзін ұстауына, болмысына көптен-көп байланысты болады. Нақты айтсақ, инновациялық әрекетте ғалымдар атап көрсеткеніндей, жаңаны тасушы адамның инновациялылығы, жаңашылдығы үлкен орын алады.

Төмендегі кестеде зерттеу көздері мен ғалымдардың «инновация» ұғымына берген анықтамаларына талдау жасадық [170]. Біз осы берілген анықтамаларды талдай отырып, «инновацияның» ғылыми әдебиеттерде жаңашылдық, жаңа мазмұнды ұйымдастыру; жаңаша білім беру; теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы; жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет; кәсіби іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі; оқу-тәрбие үдерісінің сапалы жаңа өзгерісі; жаңа мазмұнды ұйымдастыру; жаңалықты енгізу құралын жасау, жаңалықты тарату, қолдану және жинақтау тұрғысынан қарастырылғанын зерделей келе мазмұнын төмендегі 3 – кестеде ұсындық.

Кесте 3 – Ғалымдардың және зерттеу көздерінің «инновация» ұғымына берген анықтамаларына талдау

Автор	Анықтама
Энциклопедиялық сөздік	Инновация – жаңаша білім беру
Педагогикалық сөздік	Интеллектуалды меншіктің объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми –техникалық қызметтің нәтижесі;
Психологиялық сөздік	Адам іс-әрекетінің кез-келген саласындағы жаңалық.
Oxford сөздігі	Нақты тұлға (ұжым) үшін жаңа идея, ол оның объективті жаңалығына және инновациялық ізденістің нақты қатысушысының талабына дейін бірінші рет пайдаланған немесе жаңалықтың ашылу уақытынан бері өткенуақытына тәуелді емес деп қарастырылады

3-кестенің жалғасы

1	2
Cambridge сөздігі	Инновация белгілі салаға мүлдем жаңа идеялар, технологиялар және т. б. енгізу деген анықтама береді
Merriam- webster сөздігі	Инновация ұғымы жаңа идея, әдіс немесе құрылғы: жаңалық жаңа нәрсе енгізу деп қарастырылған. Сонымен қатар басқа адамдарға өз идеяларын немесе сипаттамаларын көрсету
Й.А.Шумпетер	Инновация тек жаңадан енгізілген нәрсе емес, өндірісті дамытушы фактор
Э.Роджерс	Инновация дегеніміз- жаңалық ретінде қабылдайтын идея, тәжірибе.
А.И. Пригожин	Белгілі бір әлеуметтік бірлікке салыстырмалы түрде тұрақты жаңа элементтер әкелетін мақсатты өзгеріс
Т.И Шамова. П.И. Третьяков	Инновация дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни инновация үдерісі мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылыс.
В.А.Сластенин	Мақсаттарға, мазмұнға, әдістер мен формаларға жаңасын енгізу оқыту және тәрбиелеу, тәрбиеші мен балалардың бірлескен қызметін ұйымдастыру
Ш.Т.Таубаева	«Инновация» антропологиядан экономикаға содан соң педагогикаға көшіп, оқыту мен тәрбие жүесіндегі, оқыту әдістемесіндегі білім беру ұйымдарының практикалық немесе ғылыми әрекетінде туындаған түрлі өзгерістерді зерттеу.
Н. Нұрахметов	Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі

Инновация бір ғана жүйеде шектеліп қалмай, жалпы сипатқа ие бола алатын сипаты инновацияға қатысатын барлық субъектілердің ерекшеліктерін зерттеуді қажет етеді.

Өйткені инновациядағы субъект дегеніміз – өзін қоршаған ортаны терең танып-білуге және біліміне сүйеніп ортаны өзгертуге ұмтылған, санасы мен ерік-жігері қуатты, алдына қойған мақсатына қарай тіке жүре алатын адам. Педагогтің инновациялық әрекетін талдауда В.П.Кваша инновациялық элементтердің критерийлеріне қысқаша сипаттама берді [171]:

- инновацияның мәні неде, жаңа идея ма, бұрынғыға жаңа тұрғыдан қарау ма, мектептің жалпы тәжірибесінде қаншалықты көрініс тапқан, бұл инновация педагогикалық шеберлікті қаншалықты шындай алады?

- педагогикалық тәжірибені қаншалықты сапалы деңгейге көтере алады?

- авторлық қағидалардың негізінде инновацияның қандай элементтері орын алған, қандай ғылыми тұжырымдаманы қаншалықты деңгейде толықтырып, байыта алады?;

- автор қандай нақты әдістер мен амалдар ұсынған, олардың тиімділігі қаншалықты жаңашыл?

Осындай критерийлерден кейін педагогтің инновациялық іс-әрекетінің элементтері анықталады. Содан соң олардың барлығына жалпы сипаттама

беріледі:

- педагогтің *инновациялық әрекетінің инновациялық мәні* – жаңа идея, жаңа тәсілдеме, жаңа ақпараттық қамтамасыз ету, оқытудың жаңа логикасы;
- инновацияның ғылыми дәлелденуі;
- инновацияның білім берудегі мүмкіндіктері және оны қолдануаялары;
- баланың дұрыс дамуындағы инновацияның тиімділігі,
- инновация нәтижелерінің тұрақтылығы;
- жаппай қолдану мүмкіндіктерінің кезеңі.

Инновациялық іс-әрекетті болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби шеберлікке, жаңа жетістіктерге жетелейтін тиімді нәтижелерге қолы жеткізетін сапалы әрекеті деп бағалап отырмыз. Инновациялық іс-әрекет шәкірттердің білім алу жолын оңтайландыруға, жаңа сапалық деңгейлерге көтеруге, балалардың білім алу барысындағы ойлау, сөйлеу, тыңдау, жазу, шешу, жасау дағдыларын жаңа шығармашылық дәрежеге көтеруге арналады. Осынысымен де инновация құнды болып есептеледі.

Инновациялық іс-әрекеттің нәтижесінде көптеген әдістемелік немесе дидактикалық тәрбиелік мәселелер оң шешімін табады. Инновациялық іс-әрекеттің аксиологиялық сипаты педагогтің ғана емес, мектепке дейінгі ұйымдардың, тұтас білім беру жүйесінің құндылық парадигмасын насихаттайды. Бұл жағдай болашақ тәрбиешілерді инновациялық іс-әрекетке даярлаудың құндылық мәні мен даму барысының ұлттық білім беру жүйесіндегі аксиологиялық құндылығын көрсетеді.

Біз қарастырған ғалымдардың еңбектерінен инновацияға қатысты анықтама мен мәнін ашуда қолданған мазмұнынан инновацияның ментальды картасын ұсындық. (9-сурет)



Сурет 9 – Семантикалық әдіс бойынша «Инновация» ұғымының ментальды картасы

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісін инновациялық іс-әрекетке даярлау барысын көп қырлы, сондықтан осы ерекшелікті мүмкіндігінше

университетте маман даярлау барысында ерекше назарға алу қажет.

Ғалымдардың пікірімен келісе отырып, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің мотивациялық дайындығын өздерінің келешектегі тәрбиешілік қызметінде кездесетін бағыттар бойынша жүргізу пайдалы және тиімді болады деп есептейміз [172].

Осындай бағыттар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісін инновациялық іс-әрекетке деген мотивтерін қалыптастыру мүмкін болады. Өйткені бұл бағыттар, көп жағдайда, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінен тыс қалып, оларға тек жоғарыдан түсірілетін дайын әзірleme түрінде келіп, тәрбиешіш қарсылықсыз орындаушы ғана болып қала беретіні белгілі.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетінің мотивациялық мәнін ғалымдар екі бағытта қарастырады.

Біріншіден, кәсіби мотивацияның жалпы мотивациялар құрылымы тұрғысынан, екіншіден, педагогтің педагогикалық жаңашылдықтарға деген қажеттілік тұрғысынан, өйткені нақ осы қажеттілік педагогтің кәсіби әрекетінің шығармашылығын өркендетеді. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісін инновациялық іс-әрекетке даярлауда студенттердің мотивациясын қалыптастыру мақсатында мотивацияның ерекшеліктерін танудың маңызы ерекше.


Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекеттерін төмендегі деңгейлер бойынша қарастырамыз [173].

Педагогтің инновациялық іс-әрекетінің *бейімделу деңгейі* инновацияға деген қарым-қатынасының тұрақсыздығымен сипатталады. Педагогтің жаңаға индифферентті қарым-қатынасы байқалады, оның бойында білім жүйесі жоқ және оларды қажетті педагогикалық жағдайларда пайдалануға дайындығы мүлде жоқ. Кәсіби қызмет алдын ала жасалған сызба, алгоритм бойынша құрылады, шығармашылық белсенділік іс жүзінде байқалмайды да жаңашылдық әлеуметтік ортаның қысымымен игеріледі.

Зерттеушілердің пікірінше, педагогтің инновациялық іс-әрекеті *репродуктивті деңгейде* жаңғыртылатын қызмет шеңберінде жүзеге асырылады. Алайда стандартты жағдайларда жаңа шешімдерді іздеу элементтері бар. Білім беру үдерісін құрудың баламалы тәсілдерін зерделеуге деген қажеттіліктердің, мүдделердің оң бағыты қалыптасады. Педагогтің ойлауы дайын әдістемелік әзірлемелерді көшірумен, жұмыс тәсілдерін қолдануда аздаған өзгерістер енгізуімен сипатталады. Педагогтер өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін түсінеді.

Инновациялық іс-әрекет көрінісінің *эвристикалық деңгейі* педагогтердің кәсіптік тәжірибесіне жаңалықтарды енгізу тәсілдері мен жолдарының мақсатты, нақты, жалпы түрімен сипатталады. Өзгерістер ең алдымен инновациялық қызметтің технологиялық компонентінің құрылымында болып, педагог тұлғасының баламалы тұжырымдама, технология немесе білім беру мазмұнының субъектісі ретінде қалыптасуының дәлелі бола алады. Осы деңгейдегі педагогтер әрқашан жаңалыққа жақын, әртүрлі көздерден жаңа ақпарат алады

Инновациялық іс-әрекеттің *креативті деңгейі* нәтижеліліктің жоғары деңгейін, тұрақты шығармашылық белсенділікті және проблемаларға сезімталдықты сипаттайды. Педагогтердің технологиялық дайындығы тұтас әдіснамалық сипатқа ие, оның құрылымында аналитикалық - рефлексиялық іскерліктер ерекше орын алады. Педагогтің инновациялық қызметінде импровизация маңызды орын алады. Педагогтің жеке құрылымында ғылыми және педагогикалық мүдделер мен қажеттіліктер үйлесімді ұштасады, педагогикалық рефлексия мен шығармашылық дербестіктің жоғары деңгейі тиімді өзін-өзі іске асыру үшін жағдай жасайды. Педагогтер мақсатты түрде қажетті ақпаратты іздейді, тәжірибе жинақтау және ұсыну іскерліктерін, ұжымдық пікірталасты ұйымдастыру және жүргізу, даулы жағдайларды шешу дағдыларын меңгереді.



Сурет 10-Болашақ тәрбиешілердің инновациялық іс-әрекетке даярлығының деңгейлері

Ғалым В.С.Дудченко инновациялық оқыту жүйесінде болашақ педагогтерді дайындаудың, дәстүрлі, ескі оқыту әдістерінен ерекшелігін анықтаған болатын [174].

Қазіргі заманғы білім жүйесін дамыту педагогтер бойындағы инновациялылық сапаның болуымен тікелей байланысты, онсыз заманауи білім беруді елестету мүмкін емес. В.А.Сластенин [31, 13 б.], Н.С.Подымова [32], М.М. Поташник [175], В.И.Загвязинский [176] және т.б. зерттеушілер инновациялылық іс-әрекетті, ең алдымен, өз пікірінен өзгеше, пікірдің ашықтығы, өтімділігі, өз ұстанымына тек бір ғана, барынша жалғыз шынайы, жалғыз мүмкін пікір ретінде қарамау, өз көзқарасын басқалармен есептеп отырып үйлестіру және оны жалғыз болжамды пікір деп қарастырмау керектігін атап көрсетеді.

Осыған байланысты, «педагогикалық инновация» ұғымының мәні мен мазмұны және онымен байланысты бірқатар терминдер «жаңашылдық», «инновациялық (педагогикалық) үдеріс», «педагогтің инновациялық әлеуеті»,

«жаңашыл педагог» және т. б. зерттеу жұмысымызда ерекше назар аударуды талап етеді.

К.Ангеловски [177], В.И.Беляев [178], М.М.Поташник [175], М.И.Скаткин [179], П.Г.Щедровицкий [180] педагогикалық инновациялардың пайда болуы объективті-субъективті табиғилыққа байланысты дейді. Олардың пайда болуы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты, мазмұны, әдістері мен нысандарын қоғамның жеке тұлғаға деген тұрақты өзгеріп отыратын талаптарына сәйкес негіздеу қажеттілігінен туындады.

XXI ғасырдың басында педагогикалық инноватика жаңа технологияларды, білім беру ұйымдарының даму үдерістерін, жаңа білім беру тәжірибесін зерттейтін ғылыми-педагогикалық білімнің жаңа саласы ретінде қалыптасты. Л.В.Хуторскийдің анықтамасы бойынша [181]: «педагогикалық инноватика - бұл ғылым саласы, білім беру саласындағы инновациялық үдерістің 3 негізгі үдерістерінің ажырамас бірлігі мен өзара байланысы туралы ілім: жаңаны (жаңалықтар) құру, оларды игеру (қабылдау, беру), жаңалықтарды қолдану» болып табылады.

«Педагогикалық инновация» ұғымының мазмұнын анықтауда жоғарыда біз атап өткен зерттеушілердің көзқарастарының біркелкілігіне қарамастан, бәрінде ортақ бір ұғым бар, ол педагогикалық инновация - білім беру үдерісіне жаңа элементтерді енгізетін мақсатты, басқарылатын өзгеріс.

Зерттеушілердің арасындағы қарама-қайшы пікірлер, әсіресе жаңалық енгізуде субъектісіне қатысты педагогикалық инновацияның жаңашылдық дәрежесін анықтау кезінде көбірек кездеседі.

Ю.И.Рудинова мен Т.А.Стефановскаяның анықтамасы бойынша: «педагогикалық инновация - нақты тұлға ұжым үшін жаңа идея, ол оның объективті жаңалығына және инновациялық ізденістің нақты қатысушысының талабына дейін бірінші рет пайдаланған немесе жаңалықтың ашылу уақытынан бері өткен уақытына тәуелді емес» [182].

«Мектепке дейінгі білім беру» терминдерінің сөздігінде педагогикалық инновация-педагогикалық салаға мүлдем жаңа идеялар, технологиялар және т. б. енгізу» -деп берілген.

Бұл анықтамалардан байқағанымыз, педагогикалық инновациялар уақыттық және сапалық параметрлермен сипатталады. Жаңашылдық-педагогикалық инновацияның мәнді қасиеттерінің бірі және ол - бірегей құндылық. Заманауи педагогикада зерттеушілердің басым көпшілігі екі түрлі жаңашылдықты бөліп көрсетеді: абсолютті жаңашылдық (түбегейлі «белгісіз» педагогикалық инновация, баламалар мен прототиптердің болмауы) және салыстырмалы жаңашылдық жергілікті, жеке, шартты педагогикалық инновация [183].

Ю.К.Бабанский «педагогикадағы жаңашылдық - бар педагогикалық тәжірибені жетілдіретін прогрессивті жаңа енгізілім, яғни қолданыстағы теория мен практиканы жоққа шығармайтын салыстырмалы түрдегі жаңашылдық» - деп анықтама береді [184].

В.М.Полонский, В.А.Сластенин сынды зерттеушілердің ой-пікірінше,

жүйенің бір элементі жаңартылған жағдайда, мысалы, зерттелетін тақырыптың мазмұны, бақылау жиілігі және т.б. жаңартылған кезде, яғни әдістеме сапалық жағынан бір жаңа өзгеріске ұшыраса, онда жеке педагогикалық инновация туралы айтуға болады.

Біз өз зерттеуімізде педагогикалық инновацияның жаңалығы жаңа енгізілім субъектісіне- педагогке, педагогтар тобына, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына, білім беруді басқару органдарына және т. б. қатысты анықталады деген көзқарасты ұстанамыз.

Осындай ұғымдарға жасалған талдаулар Л.В.Хуторский тұжырымдаған анықтаманы зерттеудің мақсатына қатысты бастапқы өзек ретінде пайдалануға мүмкіндік береді [185]. Ол: «педагогикалық инновация өзара байланысты үдерістер кешені болып табылады және мәселені шешуге, одан әрі жаңа құбылысты практикалық қолдануға бағытталған жаңа идеяның концептуалдануының нәтижесі болып табылады. Жаңашылдығы қоғамға қатысты емес, зерттелетін ұйымға қатысты өлшенеді».

Педагогикалық әдебиетте «инновация» ұғымымен қатар «жаңа енгізілім» ұғымы жиі қолданылады.

В.И. Загвязинский [176], Н.И. Лапин [186], А.В. Хуторский [185], В.А. Сластенин [31], Л.С. Подымова [32], М.М. Поташник [175], В.С. Лазарев [187], Б.П. Мартиросян [188] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде «жаңа енгізілім» және «инновация» ұғымдары теңбе-тең қарастырылады. Біз де зерттеуімізде де осы ұғымдардың теңбе-теңдігі туралы көзқарасты ұстанамыз. В.М.Полонскийдің, В.А.Сластениннің [31], Л.С.Подымованың [32] көзқарастарымен келісе отырып, біз кез келген педагогикалық инновацияның мақсаты - жаңа енгізілімдер нәтижесінде білім беру ұйымдарының қызметінде пайда болатын оң әлеуметтік және экономикалық өзгерістер деп есептейміз.

- Өз зерттеуімізде педагогикалық инновациялардың түрлерін анықтауда М.М. Поташниктің жіктемесін басшылыққа алдық [175], Педагогтің инновациялық қызметінің шекарасын нақты белгілеуге, оның мәнділік дәрежесін, логикасын және мақсаттылығын анықтауға мүмкіндік береді. Автордың пікірі бойынша инновациялар былайша бөлінеді:

- жаңа енгізілімдердің ауқымы бойынша - жергілікті, модульдік және жүйелік;

- инновациялық әлеует бойынша - модификациялық, радикалды және комбинаторлық;

- өзінің алдындағы жаңалыққа қатыстылығы бойынша – жаңалық ашушы, алмастырушы.

М.М.Поташник [175], В.А.Сластенина [31], Л.С.Подымова [32], В.И.Беляева [189] қазіргі уақытта білім беру саласында инновациялық үдерістер шығу тегінің сипаты бойынша екі түрге бөлінетінін атап көрсетті.

Бірінші тип - бұл инновациялық үдерісті жүзеге асырудың барлық шарттарын, құралдарын және жолдарын толық ұғынусыз, қажеттілікке нақты байланбаған, айтарлықтай дәрежеде стихиялы болып табылатын инновациялар. Мұндай түрдегі инновациялар көбіне ғылыми негіздеменің толықтығына

тәуелді емес, жиі эмпирикалық негізде, қалыптасқан жағдай талаптарының әсерінен жүзеге асырылады. Педагог инновацияға әдетте өзінің стихиялы түрде ұйымдастырылған дәстүрлі емес тәжірибесінен өтеді.

Екінші тип - білім беру жүйесіндегі саналы, мақсатты, ғылыми-дамытылатын пәнаралық қызметтің өнімі болып табылатын инновациялар. Мұндай қызметтің нәтижесі инновациялық педагогика болып табылады. Педагогикалық инновацияның бұл түрі ғылыми бағытта ұйымдастырылған. Ол теориялық ойлау деңгейі, нәтижелердің маңыздылығы мен ауқымдылығы бойынша бірінші типке қарағанда жоғары болып табылады.

Зерттеушілердің көпшілігі инновациялық үдерістің үш негізгі кезеңін бөліп көрсетеді: идеяларды генерациялау (жекелеген жағдайларда-ғылыми жаңалықтар), қолданбалы аспектіде идеяларды әзірлеу, тәжірибеде жаңа енгізілімдерді іске асыру.

М.М. Поташник [175] инновациялық үдерістің құрылымы күрделі және полиқұрылымды (өз құрылымы бойынша алуан түрлі) екендігін айта отырып, құрылымдардың келесі иерархиясын ерекшелейді:

- *іс-әрекеттік* - компоненттер жиынтығы: мотивтер - мақсат-міндеттер-мазмұны-формалар-әдістер-нәтижелер;

- *субъектілік қызметі* - дамудың барлық субъектілерінің: педагогтердің, мектепке дейінгі білім беру ұйымы әкімшіліктерінің, ғалымдардың, ата-аналар мен балалардың (тәрбиеленушілердің), консультанттардың, сарапшылардың, білім беруді басқару органдары өкілдерінің, демеушілердің және т.б.;

- *деңгейлік* - халықаралық, мемлекеттік, өңірлік, аудандық (қалалық) және (мектепке дейінгі білім беру ұйымының деңгейі) деңгейлеріндегі субъектілердің инновациялық қызметі;

- *мазмұндық* - туу, білім беру, тәрбие жұмысы, мектепті басқару, жаңалықтарды әзірлеу және игеру және т. б.;

- *кезеңмен көрінетін өмірлік цикл*: пайда болу (бастау) - жылдам өсу (оппоненттермен, рутинерлермен, консерваторлармен, скептиктермен күресте) жетілу - игеру - диффузия (оқу-тәрбие және басқару үдерістерінің барлық бөлігіне ену, тарату) - рутинизация - дағдарыс - иррадиация (жаңалықты жаңғырту);

- *басқарушылық* - басқарушылық әрекеттердің төрт түрінің өзара іс-қимылы: жоспарлау-ұйымдастыру-басшылық-бақылау;

- *ұйымдастырушылық* - мына кезеңдерді қамтиды: диагностикалық, болжамдық, өзіндік ұйымдастырушылық, практикалық, жалпылау, енгізу.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы инновациялық үдерістердің жүйелі екендігін айғақтайды. Олар көптеген компоненттерді қамтиды, бірақ жалпы инновациялық үдерісті сипаттайтын құрылымдық байланыстар мен заңдылықтарсыз дәл санын шығару мүмкін емес. Біз зерттеу жұмысымызда М.М.Поташник ұсынған инновациялық үдерістің өмірлік циклінің құрылымы негізінде С.Лазарев және Б.П.Мартиросян дайындаған инновациялық үдерістің жалпы құрылымын ұстанамыз.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге жүргізілген талдау

педагогикалық инновацияның мәнін түсіндірудің алуан түрлілігін көрсетеді. Зерттеушілер осы ұғымның әртүрлі маңызды белгілерін саралайды. Барлық түсініктемелерге ортақ дүние, педагогикалық инновация дегеніміз - білім беру үдерісіне жаңа элементтерді енгізетін мақсатты, басқарылатын өзгеріс болып табылады.

Соңғы 10-15 жылда мектепке дейінгі білім беру жүйесі елеулі өзгерістерге ұшырады. Осы өзгерістердің арасында оң үдерістер де, шешуді талап ететін күрделі мәселелер де байқалады. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беруді дамытудың маңызды факторы жалпы білім беру деңгейлерінің тізбесіне енгізілуі болып табылады.

Сонымен, «инновациялық іс-әрекет» ұғымын төмендегідей нақтылауға мүмкіндік береді: инновациялық іс-әрекет – педагогикалық әрекеттің шығармашылық дамуының тәсілі; педагогтің білім беру үдерісін ұдайы жаңартуға, ұжымда жұмыс жасай алуға, оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін құруға қабілеттілігі тұрғысында түсінеміз.

Осы анықтаманы басшылыққа ала отырып, біз зерттеуіміздің негізгі түсінігін тұжырымдаймыз: «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығы» оның жалпы кәсіби дайындығының құрамдас бөлігі ретінде жоғары деңгейдегі ғылыми-педагогикалық әрекетіне негіз болатын «инновациялық іс-әрекет» жайындағы білімі мен оқыту үдерісінде жаңартпалы әрекет түрлерін білуі, инновациялық іс-әрекетке даярлау әдістерінің мәнін, қызметін түсінуі, білім беруде жаңашылдыққа бейімделуі, жаңа идеяларды жүзеге асыруда бір-бірімен тығыз байланысқан компоненттерден тұратын тұлғаның кешенді сапасы.

Инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлаудың ғылыми негізделген тұжырымдамалары мен теорияларының нақты болмауы, сондай-ақ инновациялық іс-әрекетті пайдаланудың жаңашылдығы біздің зерттеуіміздің логикасын анықтайды. Біз осы тарауда категориялық аппаратты қалыптастыруға және «инновациялық іс-әрекет» ұғымы мен «инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлау» түсінігін нақтылауды қарастырдық.

Педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру мәселесі бойынша жүргізілген зерттеулерге жүргізілген талдау мектепке дейінгі білім беру саласында жүзеге асырылатын болашақ тәрбиеші-педагогтардың кәсіби қызметінің мазмұнын және инновация ерекшеліктерін зерделеу «мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекеті анықтамасын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Мектепке дейінгі ұйымы тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекеті тұлғаның инновациялық әрекетінің бір бөлігі бола отырып, күрделі құрылымды білім беру, кәсіби қызмет үдерісінде педагогикалық инновацияларды қабылдауға немесе құруға және кейіннен іске асыруға дайындығының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін өзара байланысты, өзара негізделген және өзара толықтырушы компоненттердің жиынтығы болып табылады.

Зерттеушілердің пікірінше, педагогикалық инновацияның пайда болуы

объективті-субъективті табиғатқа ие - олардың пайда болуы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын, мазмұнын, әдістері мен нысандарын қоғамның жеке тұлғаға деген үнемі өзгеріп отыратын талаптарына сәйкес қажеттіліктен туындайды. Жоғарыдағы зерттеу жұмыстарынан **«инновация – жаңа, жаңалық, жаңарту. Білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсені жақсарту, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту»**, **«инновациялық үдеріс – білім беру ұйымдарының жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі»**, **«педагогикалық инновация – білім алушының жеке тұлғасының қалыптасу үдерісінің мәдени дәстүріндегі басқа концепциямен байланысты, білім беру үдерісіне деген басқа көзқараспен және жолмен байланысты білім беру іс- әрекеті»**, **«инновациялық іс-әрекет – болашақ тәрбиешінің жаңашыл идеяларды, жаңашыл әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үдерісіне өз кәсіби тәжірибесіне, балалардың білім дәрежесінде байланысты енгізуі»** деген анықтамаларды негізге ала отырып, «мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс- әрекетке даярлау» түсініктерінің мәні мен мазмұнын **«Болашақ тәрбиешіні инновациялық іс-әрекетке даярлау - бұл – қоғам сұранысына сай ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің нәтижесін педагогикалық үдерісте трансформациялау шеберлігі»** деп тұжырымдаймыз.

Келесі параграфта болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлаудағы әдіснамалық тұғырларға тоқталамыз.

1.3 Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлаудағы әдіснамалық тұғырлар

Бүгінгі таңда жаһандық ғаламданудың кеңеюі, ақпараттық технологиялардың өріс алуы, әлемдік білім кеңістігінде бәсекелестікке түсе алуға қабілетті болуы білім беру нәтижесінде халықаралық талаптардың күшеюіне әкелді. ХХІ ғасырдағы еліміздің инновациялық дамуы жұмыс күшін ғана емес, ең батыл идеяларды ең қысқа мерзімде және ең аз еңбек пен ресурстарды жұмсай отырып жүзеге асыра алатын, мамандандырылған ғылымды қажет ететін міндеттерді шеше алатын, академиялық, университеттік және жоғары оқу орындарының оңтайлы интеграциясын қамтамасыз ететін дарынды адамдарды қажет етеді. Білімді бүгінде әлемдік қоғамдастық экономиканың тұрақты дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде қарастырады және мемлекет дамуының тұрақтылығы мен елдің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды факторы болып табылады. Осындай жағдайларда университеттер инновациялық дамудың жетекші құрылымдық бөлімшелеріне айналуға, тек оқу орталықтары ғана емес, сонымен қатар білім, ғылым, өндіріс және бизнестің интеграциясын қамтамасыз ететін ғылыми-инновациялық қызмет орталығына айналуға шақырылады.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлауда әдіснамалық тұғырлардың атқаратын рөлі зор. Алдымен,

әдіснама түсінігіне аз-кем тоқталғанды жөн деп таптық. Әдіснама объективті шындықты танудың және түрлендірудің ең жалпы принциптері, осы процестің жолдары мен құралдары туралы ғылым екенін философиядан білеміз.

Википедия сөздігінде: «Әдіснама – пәнді зерттеудің әдістері, құралдары және стратегиялары туралы ілім» деп анықтама берілсе, кеңестік энциклопедиялық сөздікте: «Әдіснама («әдіс» және «логос» деген сөздерден) — іс-әрекетті логикалық ұйымдастыру мен әдістері, құралдары туралы ілім», философиялық энциклопедиялық сөздікте: «Әдіснама – теориялық және практикалық іс-әрекеттерді құру, ұйымдастыру принциптері мен тәсілдерінің жүйесі» деп анықтамалар беріледі [190].

В.В.Краевский педагогиканың әдіснамасы педагогикалық шынайылықты бейнелейтін педагогикалық теорияның құрылымы мен негіздері, білімдер жасауға қажет тұғырлар мен тәсілдердің қағидалары туралы білімдер жүйесі, сондай-ақ, арнайы ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бағдарламаларын, логикасын және әдістерін, сапасын бағалау туралы білімдерді алу бағытындағы әрекет жүйесі деп тұжырымдайды [191].

В.И.Загвязинский [176] *«Педагогикалық әдіснама – бұл ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бастапқы ережелері, құрылымдары, функциялары және әдістері туралы ілім»*. Автор: 1. «Педагогика әдіснамасы бұл педагогикалық білім және оны табу үдерісі, яғни педагогикалық мәселе туралы ілім; 2. Әдіснамалық мәні бар бастапқы, шешуші, түп негізді, философиялық, жалпы ғылыми және педагогикалық қағидалар (теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар); 3. Педагогикалық *таным әдістері* туралы ілім (сөздің нақты мағынасындағы әдіснама).

А.М.Новиковтың пікірі бойынша, әдіснаманы құру және түсіну бір ұстаным мен бір логикада ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдіснамасын, тәжірибелік педагогикалық білім беру әрекетінің әдіснамасын және болашақта оқу және ойын әрекетінің әдіснамасын қарастыруға мүмкіндік береді [24]. Әдіснаманың жалпы қызметі – ғылыми немесе жобалық әрекетті басқару (немесе бағыттаушысы) болу.

Ш.Т.Таубаева педагогика әдіснаманы төмендегіше бөліп көрсеткен [26]: педагогиканың басқа ғылымдар арасындағы және педагогикалық зерттеулердің маңызды мәселелерінің орнын анықтау;

- педагогикалық шындық туралы оларды өзгерту және интерпретациялау әдістері, білім алудың ұстанымдары мен тәсілдері;
- педагогикалық теорияның құрылымын құру және дамытудың әдістері;
- ғылым мен практиканың өзара әрекеттесуінің тиімді шарттары, ғылым жетістіктерін педагогикалық практикаға ендірудің негізгі ұстанымдары мен тәсілдері.

К.А.Абульханова-Славская еңбектерінде «әдіснама» ұғымының мағынасын:

- *ғылымды тану* туралы ілім;
- сол тану жолындағы қолданылатын *танымдық құралдар, әдістер мен тәсілдердің жиынтығы;*

- танымдық және қайта құрушы қызметті ұйымдастырудың алғышарттары мен қағидаларын зерттеуші құралдар турасындағы *теориялық білім* саласы деп тұжырымдайды [191].

Әдіснамалық құралдардың бірі – тұғыр. Тұғыр – әдіснама категориясы ретінде теориялық және практикалық мәселелерді біріктіретін және теорияға қарағанда диалектикалық ойды педагогикалық тәжірибемен нақтылай түсетін функцияларды көздейді. Біз басшылыққа алатын әдіснамалық тұғырлар болашақ педагогтердің инновациялық іс-әрекеті және кәсіби әлеуетінің дамуының негізгі сипатын, яғни бұл тұстағы инновациялық әрекеттің танымдық құралдары мен практикалық әдістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдіснамалық базасы *аксиологиялық тұғыр, акмеологиялық тұғыр, жүйелік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, синергетикалық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, инновациялық тұғыр* негізге алынды. Зерттеу мәселесіне байланысты әдіснамалық тұғырлардың негізгі атқаратын функцияларына, байланыстарына, қатынас бірліктеріне талдау қажеттілігі туындап отыр. Болашақ мамандардың инновациялық іс-әрекеті құндылыққа бағдарлануының қажеттілігі *аксиологиялық тұғырмен дәлелдеуді жән көрдік*. Қазіргі шығармашылық бағыттағы оқыту қоғамымызға басқа әлемдік державаларға беймәлім рухани күйді әлеуметтік сезінуі (азаматтық қадір-қасиет, ұлттық және дүниежүзілік тарихты жасаушы; біріккен ұлт, ұлттардың бірлігі; өсуге әкелген еркіндік сезімі азаматтарды қоғамнан алшақтатуға әкелді, қоғам, мемлекет тарапынан жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетіне сұраныс жоғарлады) соңғы жиырма жылда, әсіресе жастар арасында әлсіреп кетті.

Сонымен қатар, құндылықтарды «өркениетті» елдерден алу ұлттық рухтың құлдырауына, жеке мінез-құлық, жастар тәрбиесі мен қоғамдық қатынастардың қалыптасуына негіз болатын моральдық-этикалық құндылықтардың төмендеуіне әкеледі. Осындай жағдайда мемлекет өмір сүретін ішкі күш болып табылатын руханият, адамгершілік сияқты дәстүрлі құндылықтарды сақтау, шығармашылықпен оқыту, әлеуметтік кепілдіктерді сақтау, әділеттілік қазіргі жаһанданудан аман қалуға, ғылым мен техниканы дамытуға көмектеседі. Қоғам дамуындағы мұндай басымдықтар іс жүзінде адам қызметінің сапалық бағдарларының үлгісі болып табылады. Жастар тұтынушылыққа емес, осыған бағытталуы керек. Бұл білім берудегі реформаларды реформалар үшін емес, тұлғаны өз мемлекетінің және әлемдік қоғамдастықтың тағдырын айқындайтын шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыру үшін жүргізуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда біздің зерттеуімізге аксиологиялық тұғыр негізде келу маңызды болашақ мамандардың инновациялық іс-әрекетінің құндылыққа негізделуін айқындауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда мәселенің қалыптасуын зерттеген еңбектерде құндылықтар теориясы немесе аксиология «грек тілінде «ахис» — құндылық және «logos» — ілім) теориясы қалыптасқан. Педагогика ғылымында соңғы он жылда білім берудің жаңа парадигмасы тәжірибеде аксиология тұғыры бойынша адамның ішкі әлеміне бағдарланып, оның құндылығына, түрткісіне, ерік, әсерленуіне көңіл бөлуді ескертеді.

Ғалым И.А.Колесниковтің пікірінше, білім берудің басты парадигмасы тәжірибеде аксиологиялық тұғыры бойынша адамның ішкі әлеміне бағдарланып, оның құндылығына, түрткісіне, еркіне, әсерленуіне көңіл бөлуді қажет етеді [192].

Қоғамдық жүйелер бір күйден екіншісіне ауысып жатқан мезетте, бұрынғы парадигмалар сараптаудан өтіп, жаңалары қабылданып жатқан қазіргі кезеңде әлеуметтік кеңістіктегі құндылықтар заңдары үлкен өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Сондықтан да, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың әдіснамалық негізін аксиология тұғырымен қарауға және құндылықтарды теориялық тұрғыдан талдау өзекті мәселе болып қала береді.

«Құндылық» ұғымына тұңғыш рет анықтаманы Р.Лотце [193], Г.Коген [194] беріп, құндылықтарға бейімделу азаматқа тән болып, болмыс құбылыстарының құндылықтарынсыз әлеуметтік жан иесі ретіндегі адамның іс-әрекетінің де, өмірінің де мәні болмайды делінген.

Қазақ Ұлттық энциклопедиясында: «құндылық – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуметтанулық ұғым» [195]. Берілген анықтамалардан, құндылық болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады деп атауға негіз бар. Әрбір халық ұрпағын өзіне дейінгі қоғамда болған жалпы адамзаттық құндылықтарды жинақтап, қоғамдық-тарихи тәжірибесін игеруді мақсат еткен. Әрбір қоғам өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, іс-әрекеттегі өмірлік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау барысында «құндылық» ұғымына берілген әр түрлі анықтамалардың бар екендігіне көзіміз жетті.

Аксиология тұғыры бойынша адамзаттың инновациялық іс-әрекетінің мақсатқа бағытталуы, себептілігі, мәдени ұйымдастырылуымен байланысты баға, көрсеткіш (мақсаты, нормасы, стандарты және т.б) және бағалау жолдарын белгілейді. Білім берудегі құндылық бағдарларының мәселелері В.И. Гинесинский [196], В.Г. Пряникова [197], З.И. Равкин [198], В.С. Собкин [199] және т.б. еңбектерінде көрініс тапты.

Жеке тұлғаның мәдениетінің негізі оның жалпы адамзаттық құндылықтарға теория мен практика, ғылыми таным мен практика арасындағы «көпір» қызметін атқарады. Аксиологиялық тұғыр негізінде тұлға – қоғамның ең жоғарғы құндылығы, қоғамдық дамудың өзіндік мақсаты, сондықтан да оның ізгілік педагогика мәселелеріне тікелей қатысы жаңа білімдегі философияның негізі, жаңа педагогиканың әдіснамасы ретінде қарастырылады. Олай деуге негіз, білім беру мазмұны бойынша маңызды дағдылар, яғни рухани-адамгершілік құндылықтарды тұлға бойында дарыту деп көрсетілгені белгілі. Қазіргі білім беру жағдайында болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуда педагогика-психология ғылымы жетістіктерінің бүгінгі ғылыми білімнің адамтану аймағына қатысты пайымдалуымен қамтамасыз етілуі, басқа да ғылымдар

амалдарының практикаға ендірілуі аксиологиялық тұғырға деген қажеттілікті көрсетеді.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуда қызмет атқаратын аксиологиялық тұғырдың негізгі функциялары ретінде төмендегілерді тұжырымдаймыз:

- болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлау жағдайында бірегей ізгілік құндылықтар жүйесі шеңберінде барлық философиялық көзқарастағы құндылық қатынастардың, адамгершілік тәрбиенің тең дәрежеде қамтылуы (білім алушылардың кәсібіне құндылық қатынастарды қалыптастыру, пән мазмұнына енгізуі көзделеді, тәжірибеде дамыту т.б.);

- болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетінің дамуы барысында ұлттық құндылықтар мен шығармашылық табыстар, өнімдер мағынасының бірлігі, бүгін және болашақта жаңалықтарды ашу мүмкіндіктері мен өткен ілімдерді пайдаланудың, оқудың қажет деп танылуы (білім алушыларда кәсіби әлеует тұрғысындағы өзін-өзі өзгертуді қамтамасыз ететін оның ішкі дінгегі ретіндегі тұлғалық құндылықтардың мәнін ашу т.б.).

Педагогикалық қызметтегі тәжірибелік іс-әрекетке дайындау және жүзеге асыру барысында болашақ маман педагогикалық құндылықтарды игереді, олардың негізінде педагогикалық іс-әрекеттің субъективтісі ретінде қалыптасуын қамтамасыз етеді. Педагогикалық құндылықтардың субъективтілік деңгейі педагогтің жеке тұлғалық болмысының және педагогтік қызметтегі кәсіби дамуының көрсеткіші болып табылады. Педагогикалық мәдениетінің ішкі өзегі болып табылатын құндылықты іске асыру дәрежесінің бағыты – педагогикалық әлеуеттің мазмұндық құрылымына тиесілі және маңызды болып табылатындығын ескеруіміз қажет.

Инновациялық іс-әрекеттегі аксиологиялық тұғыр - бұл адамның мақсатты іс-әрекеті, жүйелерді, үдерістерді, қатынастарды дамытудың негізгі формасы. Ол қоғам мен адам алдында туындайтын ішкі және сыртқы мәселелерді шешудің әртүрлі нұсқаларын іздеу стратегиясында жүзеге асырылады. Инновациялық іс-әрекеттегі аксиологиялық тұғыр болашақ педагог үшін:

– Мақсат қою құндылығы мақсаттар мәні мен мағынасын ашатын құндылықтар.

– Құралдар мен әдістер құндылығы кәсіби педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру құралдары.

– Қарым-қатынас құндылығы - педагогикалық іс-әрекеттің мәні мен мағынасын ашатын құндылықтар өзара қарым-қатынас біртұтас жүйенің жұмыс істеуінің негізгі тетігі ретінде қаратырылады.

– Инновациялық іс-әрекет мәні мен мағынасын ашатын құндылықтарды жүзеге асыру

– Болашақ тәрбиешінің жеке қасиеттерінің мәні мен мағынасын ашатын

құндылықтар.

Құндылықтар адамдардың тіршілігінде, инновациялық іс- әрекетінде реттеушілік қызметті атқаратындығы, олардың дербес мағынасы бар екендігі және сондықтан олар мәдени мұрада тұтас бір қабатты құрап, көзқарастың ерекшеліктерін анықтайды. Құндылықтың дәл осы белгісіне байланысты, олар адамгершілік тәрбиемен тікелей байланысты және адамгершілік құндылықтардың ерекше тобын құрайды.

Жоғарыдағы аксиологиялық тұғыр негізінде қарастырылған құндылықтарды талдай келе, төмендегідей тұжырымдаймыз: болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудағы *білімге, жаңашылдыққа, кәсіби және шығармашылық қабілеттерін дамытуға құндылық қатынасы аспектілерінің үйлесуі* деп тұжырым жасаймыз.

Аксиологиялық тұғырдың жүйелілік тұғырмен байланыстылығы аса маңызды. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудағы негізгі тұғырлардың бірі – жүйелілік тұғыр болады.

Педагогикадағы *жүйелік тұғыр* зерттелетін педагогикалық құбылысты және оның арасындағы байланыстың көптеген элементін анықтау, терең құрылымдалған және бір-бірімен тығыз байланысты элементтердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Жүйелік көзқарастың негізгі идеяларын Р.Акофф [200], В.В. Дружинин [201], Д.С.Конторов [202], Дж.Ван Гиг [203] және т.б. Инновациялық даму процестерін модельдеуге жүйелі көзқарас қажет: зерттелетін (құрылатын) құбылыстың шекарасы мен құрылымын анықтау; жүйелер иерархиясын құру және ондағы зерттелетін (құрылатын) жүйенің орнын анықтау; ішкі (жүйе элементтері арасындағы) және сыртқы сілтемелерді есепке алу. Сонда жүйелік тұғыр бес негізгі элементтер жиынтығымен анықталады: *тұтастық, иерархия, құрылымдау, көп субъектілік және жүйелеу*. Мұндағы жүйелеу іс жүзінде тұтастықты, иерархиялауды, құрылымдау мен көпсубъектілікті біріктіреді, өйткені әрқайсысы жүйенің барлық белгілеріне ие бола алады. Субъектілерді жүйе ретінде педагогикалық үдерістің мақсаттардан, міндеттерден, ұстанымдар, формалар мен әдістер, технология, нәтижелерден тұратын бұл жүйелік тұғыр негізінде анықталады. К.С.Құдайбергенованың еңбектерінде жүйенің екі түрлі құрамдас бөліктері, яғни бірінші – *жүйеге кіру, шығу элементтері, әсер етуші сыртқы орта*; екіншісі – *ішкі элементтердің бір-бірімен байланысқан* компоненттер жиынтығы деп көрсетіледі [204]. Сондықтан, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуды жүйелік тұғыр негізінде қарастыруды бір үдеріс деп танып, кіру мен шығу элементтерінің жүйелілі инновациялық іс-әрекетке бағытталуы қажет. Мысалы, жүйеге кіру – білім жүйесіне кіруші компонент талапкер; жүйеден шығу – білім жүйесінен шығушы компонент студент-маман; ал жүйеге әсер етуші фактор – ЖОО-дағы педагогикалық үдеріс субъектілері, әлеуметтік орта, білім беру кеңістігі т.б. Жүйелі тұғыр тұрғысынан жоғары оқу орнының білім беруінің

барлық бөліктері инновациялық қызметтің барлық құрамдас бөліктерінің бірлігінде көрініс табуын барынша ынталандыруы керек. Біздің ойымызша, мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық кадрлық әлеуетін дамытуға да жаңа көзқарас қажет, ол бірнеше бағытты қозғауы тиіс:

- инновациялық көзқарасты қамтамасыз ететін мамандардың құзыреттілік моделін қалыптастыру. Ғылыми, технологиялық, ұйымдастырушылық салаларда жаңалықтарды жасап қана қоймай, оларды практикалық қызметке енгізуге қабілетті инновацияға бағытталған мамандарды даярлау жүйесін құру;

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтарының инновациялық іс-әрекетті дамыту және қолдану үшін жағдайлар мен ынталандыруды қамтамасыз ететін жүйені құру;

- болашақ мамандардың еңбек қызметінің сипаты мен нәтижелеріне қатысты жеке инновациялық көзқарасын қалыптастыру. Аталған ой-тұжырым мектепке дейінгі ұйымның болашақ педагогтерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуда негізге алынады.

Г.О.Исакованың болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға жүйелі тәсілмен келу тұстарын зерттеуімізге негізге алдық:

- таным әрекетіне өзінің заңдылықтары бар объективті үдеріс ретінде қарау;

- осы салаға қатысты мәселелердің шешімін қамтамасыз ету кез келген жағдайда білімді инновациялық тұрғыда пайдалануы мүмкін;

- зерделенуші нысан өзімен-өзі емес, басқа да жүйелермен маңызды байланыстар жиынында көрінеді [205].

Сонымен, жүйелік тұғырдың қызметтері жоғары оқу орнының білім беру үдерісіне қатысушы субъектілердің ізденушілік, шығармашылық, инновациялық іс-әрекетінде және оның қалыптасу кезеңдерінде ұйымдастырылып жүзеге асырылады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын жүйелілік тұғыр негізінде дамыту білім берудің мақсаты, міндеттерін, мазмұнын, әмбебап әдістерін, құралдарын, технологиясын, және күтілетін нәтижесін біртұтас жүйе ретінде қарауға және моделін құруға, теориялық білімдерін практикалық тұрғыда кешенді ұйымдастырудың жолдарын, зерттеушілік іс-әрекетпен байланыстыруға негіз болды.

Іс-әрекеттік тұғыр қазіргі өзгермелі жағдайда болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуда әдіснамалық негіз бола алады. А.Н. Леонтьев [8], С.Л. Рубинштейн [109] іс-әрекет тұлға дамуы мен қалыптасуының негізі, құралы және шарты, әрі ол қоршаған шындық моделін мақсатқа сай түрлендіру ретінде қарастырады. Іс-әрекетін тұғыры (А.Н.Леонтьев [8]) гуманитарлық ғылымдарда қолданылады, мұнда негізгі зерттеу объектісі адам және оның іс-әрекеті: күнделікті, әлеуметтік, кәсіптік, танымдық және т.б.. Рефлексиялық-іс-әрекеттік тұғырмен жүзеге асыру болашақ педагогтің сыни тұрғыдан талдау, оның бала дамуындағы тиімділіген түсіну және бағалау мақсатында өзіне және өз әрекетіне және оның субъектісі ретінде өзіне қатысты белсенді зерттеу позициясына ену қабілетін дамытуды

көздейді.

Қызметтің барлық түрлерінде (басқару, оқыту, тәрбиелеу, қолдау) қызмет құрылымының барлық элементтерінің (мотив – қажеттілік, мақсат, жоспар, мазмұн, операциялар мен қатынастар, нәтиже, талдау және түзету) болуын ескеру қажет. , оқыту, өзара әрекеттесу) педагогикалық процестің барлық субъектілері және дамыту міндеттеріне сәйкес келетін іс-әрекеттерге дамыту субъектілерін батыру қажеттілігі. Іс-әрекеттік тұғыр арқылы инновациялық іс-әрекетінің құрылымдық бөліктерін анықтауға және сипаттауға, оның ерекшеліктерін, қолдану аясын анықтауға, нәтижесі мен оны алу тетіктерін ұсынуға мүмкіндік береді. Тұлғаның қалыптасуы іс-әрекет арқылы көрініп, таңдау және ұйымдастыру, еңбек және қарым-қатынас субъектісі ретінде жандандыру үшін іс-әрекетті қажет етеді. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін дайындауда іс-әрекеттік тұғырды іске асыру мынадай міндеттерді шешу барысында орындалады: білім алушылардың *жеке қасиеттері мен әмбебап оқу іс-әрекеттерінің* қалыптасуына байланысты *оқыту мен тәрбиелеудің негізгі нәтижелерін анықтау*; тиісті пәндік салаларда *маңызды білімге* бағдарлана отырып, оқу пәндері мен жалпы білім беру мазмұнын құру; білім беру үшін *әмбебап оқу іс-әрекеттерінің функцияларын*, оның мазмұнын мен құрылымын анықтау; әмбебап оқу іс-әрекеттерінің нақты түрлерін оңтайлы қалыптастыруға болатын *оқу пәндерінің шеңберін* анықтау; инновациялық іс-әрекетін дамытудағы *интериоризация-экстериоризация* үдерісі, білім беру үдерісінің әр кезеңінде *әмбебап оқу іс-әрекеттерінің* қалыптасуын диагностикалау үшін *типтік міндеттер мен тапсырмалар жүйесін әзірлеу* және білім алушылардың *әмбебап оқу іс-әрекеттерін* қалыптастыруды қамтамасыз етуде бағдарлауды ұйымдастыру.

Іс-әрекеттік тұғыр болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің алдағы кәсіби қызметіне, оның кәсіби саладағы, инновациялық технологияларды қолданудағы, сабақтан тыс түрлі іс-шараларды өткізудегі дағдылары мен қабілеттеріне жауап береді. Басқаша айтқанда, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби іс-әрекеті оның өмір бойы өзінің кәсіби қызметі үдерісінде кездесетін барлық жағдайларға дайындығын реттейді.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде теория мен тәжірибедегі іс-әрекеттік тұғырға жүгіну:

- болашақ болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту педагогикалық үдерісте *тұлғаның субъективті ұстанымын* қамтамасыз ету;

- студент *тұлғасының* дамуы мен *өзін-өзі дамытуы үшін жағдай жасау*;

- кәсіби әлеуеттің құраушы бөлігі ретінде *танымдық қабілеттерін* қалыптастыру;

- болашақ болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуда *өзін-өзі оқыту және өзін-өзі тәрбиелеу* тетіктерін ашу және іске қосу;

- болашақ болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту ісінде *оқыту сапасын арттыру*

қызметтерін атқарады.

Осылайша, іс-әрекеттік тұғыр – бұл оқу үдерісінде білім алушының өзін-өзі анықтау мәселесі бірінші орынға шығатын әрекетті ұйымдастыруды көздейді. Іс-әрекеттік тұғырдың мақсаты – адамның жеке басын тіршілік субъектісі ретінде тәрбиелеу. Жалпы мағынада субъект болу дегеніміз – өз іс-әрекетінің, өмірінің шебері болу. Ол: мақсаттар қояды, міндеттерді шешеді, нәтижелерге жауап береді т.б.

Педагогикалық іс-әрекет - бұл маман іс-әрекетінің белгілі бір түрі және біз оның тиімді жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық үдеріс жағдайында жүзеге асырылатын кәсіби қызмет ретінде түсінеміз. Оған ашықтық, жүйелілік, икемділік, көп деңгей, әмбебаптылық, ауыспалылық ерекшеліктер тән. Іс-әрекеттік тұғырдың жалпыға бірдей құрылымына сүйене отырып және педагогикалық саланың ерекшеліктерін ескере отырып, біз инновациялық іс-әрекеттің келесі құрылымын ұсынамыз: мақсаттарды (стратегиялық, тактикалық, жедел) анықтау, құралдарды таңдау, нысанды түрлендіру, нәтижелерді бағалау және түзету (жанама және негізгі).

Инновация – бұл әрекет. Демек, іс-әрекеттік тұғыр бізге мақсатты, объектіні, субъектіні, құралдарды, әдістерді, кезеңдерді, нәтижені жатқызатын оқу жобалаудың белсенділік құрамдас бөліктерін қарастыруға, іс-әрекеті тұрғысынан зерттеуге, әрекеттерді, кезеңдерді, функцияларды қарастыруға мүмкіндік береді.

Іс-әрекеттік тұғыр П.Я. Гальпериннің [206], Н.Ф. Талызинаның [207] ой әрекеттерін кезеңмен қалыптастыру теориясында мейлінше толық және теориялық тұрғыдан негізделіп берілген. Адам әрекетінің қоғам бағалайтын қасиеттері ретінде П.Я. Гальперин бастапқы бес қасиетті айрықша атап көрсетеді, кезең қасиеттерінің толықтығы, мәнді қатынастарды мәнді еместерден саралау мөлшері, жүзеге асыру деңгейі, уақыттық және шамалық сипаттамалар және төрт туынды қасиет – ақылдылық (естілік), саналылық, меңгеру мөлшері, сыншылық. Ақыл-ой әрекеттерін кезеңмен қалыптастыру теориясында адам әрекетіне айналатын белгілі бір қасиеттер жиынтығын алуды қамтамасыз ететін төмендегі төрт ішкі жүйеден тұратын психологиялық шарттар анықталған:

- Іс-әрекетті меңгеру және оны жүзеге асырудың тиісті түрткісін қалыптастыру.
- Толыққанды бағдарлануды және меңгерілетін әрекетті пайдалануды қамтамасыз ету.
- Әрекеттің қалаған қасиеттеріне тәрбиелеу.
- Әрекетті ойша істеу.

Ішкі жүйелердің әрқайсысының кең түрдегі сипаттамасы бар, бұл болашақ тәрбиешілердің жас, дара және оқылатын материалдың мазмұндық ерекшеліктеріне сай құруға мүмкіндік береді.

Іс-әрекеттік тұғыр арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың құрылымдық бөліктерін

анықтауға және сипаттауға, оның ерекшеліктерін, қолдану аясын анықтауға, нәтижесі мен оны алу тетіктерін ұсынуға мүмкіндік береді. Болашақ тәрбиешінің қалыптасуы іс-әрекет арқылы көрініп, таңдау және ұйымдастыру, еңбек және қарым-қатынас субъектісі ретінде жандандыру үшін іс-әрекетті қажет етеді.

Біз іс-әрекеттік тұғырды болашақ тәрбиешінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың теориялық әдіснамалық стратегиясы ретінде қарастыра отырып, жалпыланған ғылыми ережелердің жиынтығын ұсынуға, өз іс-әрекетінің субъектісі болуға мақсат қоюға, міндеттерді шешуге, нәтижелер үшін жауап беруге, теориялық және тәжірибелік іс-әрекетін ұйымдастыруды қамтиды деп есептейміз. Зерттеу әдісі ретінде синергетикалық тұғыр қоғамда жүйенің барлық түрлеріне ортақ кейбір заңдарға бағынатын күрделі жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Іс-әрекеттік тұғырдағы кейбір қызмет түрлері бізге болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуда өзін-өзі білімдендіруге мүмкіндік алуы синергетикалық тұғырға сүйенуді негіздейді.

Синергетикалық тұғыр – бұл идеяларды, ұғымдарды, зерттеу әдістері мен өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті ашық сызықты емес жүйелерді үйлестіруді қамтитын кешенді жүйені қолдануға негізделген оқу-тәрбие іс-әрекетіндегі әдіснамалық тұғыр.

Студенттердің кәсіби әлеуетін дамыту - бұл ашық жүйе. ХХ ғасырда күрделі жүйелердің уақыт пен кеңістіктегі дамуының жалпы заңдылықтарын зерттеуге бағытталған күрделі жүйелерді зерттеуге синергетикалық көзқарас қалыптасты (И.Пригожин [169], Г. Хакен [208], В.П.Бранский [209], С.Д.Пожарский [210], т.б.).

Педагогикалық жүйелерді модельдеу кезінде келесі негізгі заңдылықтарды ескеру маңызды:

- даму – кез келген күрделі жүйенің, оның ішінде әлеуметтік жүйенің өмір сүруінің жолы мен шарты: адам, мемлекет, мектеп және т.б.;

- даму өзін-өзі ұйымдастыру арқылы жүзеге асады, бұл жүйенің өміршеңдік дәрежесін көрсетеді;

- даму акмеологиялық (өсу) және катаболикалық (төмендеу) тенденцияларды қамтиды, олардың өзгеру жиілігі артады, бұл қызмет ету және даму процестерінің қосылуына әкеледі;

- әлеуметтік жүйелердегі басқару жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруына бағытталған және кеңірек жүйені сақтау мен дамытудың мүдделері мен факторларын ескере отырып, өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру және жағдай жасаумен байланысты.

«Синергетика» термині грекше «синергия», «достастық», «ынтымақтастық» [211] сөзінен шыққан және құрылымның біртұтас құрылым ретінде қалыптасуындағы бөліктердің өзара әрекеттесуіне баса назар аударады.

Философиялық сөздікте [212] «синергетика - қазіргі заманғы өзін-өзі ұйымдастыру теориясы, өзін-өзі ұйымдастыру, тепе-теңдік, жаһандық

эволюция құбылыстарын зерттеумен, «хаос арқылы тәртіптің» (И.П. Пригожин [169]) қалыптасу процестерін зерттеумен байланысты жаңа дүниетаным, бифуркациялық өзгерістер, уақыттың қайтымсыздығы, тұрақсыздық эволюция процестерінің негізгі сипаттамасы ретінде» қарастырылады. Біздің ойымызша, синергетика күрделі жүйелер, өзін-өзі ұйымдастыру құбылыстары оқытылатын білім салаларына қатысты универсал әдіснамалық парадигмаға енеді және зерттелетін объектілер мен объектілерге біртұтас пәнаралық көзқарасты білдіреді.

Синергетика пәні - өзін-өзі ұйымдастыру механизмдері. Сондықтан оны өзін-өзі ұйымдастыру теориясы деп атайды.

О.А. Анисимовтың еңбектерінде: *синергетика* («синергейя» - бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу) немесе «өзін-өзі дамыту теориясы», яғни өзін-өзі ұйымдастыратын механизмдердің жүзеге асуындағы нақты тәсілдемелерге ерекше көңіл бөлінеді және ұтымды әдістердің жүйе шеңберінің жиынтық әрекетін негіздеп береді [33].

Синергетика талдаулардан белгілі болып отырғандай, өзін-өзі ұйымдастыратын үдерістердің жүзеге асуының нақты тәсілдеріне көңіл бөледі, үдерістің интер субъектілік кәсіби тұрғыдан ұйымдастырылуын тірек етеді. Осы орайда адам әрекетінің әртүрлі саласында оның өзін-өзі ұйымдастыруының көріністерінен байқауға болады және бұл жағдайда синергетикалық тұғыр маңызды орын алады.

В.Г.Будановтың еңбектерінде білім беру үдерісіне синергетиканы енгізу үш бағытта жүргізіледі деп қарастырылған. Атап айтсақ:

- ЖОО-ның ынтымақтастығында кіріктірілген білімді ұйымдастыру – бұл білім үшін синергетика;
- білім берудегі пәндер мазмұнына синергетиканың маңызын бейнелейтін материалдар, оның қалыптасуы, дамуы, қажеттілігін түсінуге жағдай жасау – бұл білімдегі синергетика;
- тұлғаның қалыптасуы мен дамуы үдерісін синергетикаландыру – бұл білімнің синергетикасы [213].

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуда синергетикалық тұғырдың атқаратын функциялары:

- білім алушылардың *өзін-өзі дамыту қабілеттілігін* арттыру;
- шығармашылықпен *өзін-өзі дамыту стратегиясын* болжауға дағдыландыру;
- *өзін-өзі тұрақты жетілдіріп отыру* арқылы объектіден субъектіге айналу үдерісін ұйымдастыру.

С.В.Кулневичтің пікірі бойынша өзін-өзі ұйымдастырудың педагогикалық аспектілерін дамыту үшін әдіснамалық маңызды ережелерін көрсетті:

- жүйенің (тұлға, білім) өзі өз шекарасын құрайды;
- тұлғалық жүйенің дамуы бір сызықты емес, тепе-теңдіксіз, альтернативті және ретсіз;
- өзін-өзі ұйымдастыру концепциясы білім берудегі доктриналық идеологияға қарсы күрестің бір түрі;

- өзін-өзі ұйымдастыру концепциялары стихиялық процестерді зерттеуде оларға ұсақ және жұмсақ реттеу элементтерін енгізе отырып, жаңа өлшем ашады;

- ұсақ және жұмсақ реттеу элементтерінің бірі стихиялылық параметрлерін едәуір дәрежеде сақтайтын болашақ тәрбиешінің педагогикалық дайындық процесін қарастыру мағынасы бар;

- мұндай процесті жүзеге асыратын реттеу (басқару) жеке тұлғаның жеке жүйесіне потенциалды түрде енгізілген өзін-өзі ұйымдастыру механизмдерін «іске қосуға» бейімделуі керек;

- реттеу өзін-өзі ұйымдастыру механизмінің «нәзіктігін» ескеруі керек: бақылау әрекеттері оның адамгершілікке сәйкес келуі керек, яғни адамгершілік мәні, әйтпесе олар өзін-өзі ұйымдастыруды бұзады [214].

Сонымен, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуда білімнің синергетикасы білім берудің байырғы үлгілерінен өзге, жаңа педагогикалық әлемді синергетикалық тұрғыдан қарастыратын, білім алушыларға өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың жаңа әдістерін меңгертуге бағытталған жаңа әдіснамасын жасауды алға шығарады.

Құзыреттілік тұғыр негізінде білім беру әдістемелерін таңдауда олардың жауапкершілігін қамтамасыз ететін педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің құзыреттілігін қалыптастыру, тіршілік әрекетінің барлық аспектілерінде өзін-өзі дамыту және олардың функционалдық сауаттылығы қазіргі ғылыми әдебиеттерде кеңінен талқылануда.

Құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның өзара байланысты сипаттамалары мен қасиеттерінің жиынтығы: ол адамның жеке тәжірибесінен, жинақталған *білімі мен дағдыларынан* тұрады. Бұл сипаттамалар белгілі бір білім саласына қолданылады және оларды кәсіби қызметте тиімді пайдалану үшін қажет. Құзыреттіліктің жалпыланған түсінігін адамның жинақталған білімдерін практикалық іс-әрекетте және стандартты емес жағдайларда қолдану қабілеті ретінде түсіндіруге болады. Тек білімнің қолжетімділігі мен қолданылуына ғана емес, іс-әрекет аспектісіне де баса назар аударылады. Мазмұны бойынша кез-келген құзыреттілік күрделі, өйткені белгілі бір құзыреттілікке ие болу алынған теориялық білім көлемімен емес, қолданыстағы біріктіру арқылы қосымша шешімдерді іздеудің іс жүзінде қолданылатын әдістері жүйесімен анықталады [215].

Құзыреттілік тұғыр негізін адамның жеке тұлғалық аспектілері, белгілі бір іс-әрекеттерге дайындығы, қалыптасқан құндылық бағдары құрайды. Аталмыш тұғыр бұл жеке құзыреттер спектріне бөлінетін адамның ажырамас сипаттамасы. Егер жалпы түрдегі құзыреттілік меншік немесе сапа ретінде анықталса, онда құзыреттілікті кәсіби қызметте көрінетін осы қасиетке ие деп санауға болады. Құзыретті кәсіби, жеке және басқа құзыреттердің белгілі бір жиынтығы бар маман деп атауға болады. В.А.Адольф еңбектерінде құзыреттілік нәтижелі педагогикалық іс-әрекетке теориялық-әдістемелік, мәдени, пәндік, психологиялық-педагогикалық дайындықты қамтитын жалпылама тұлғалық білім ретінде берілген. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі құрылымында

В.А.Адольф мазмұндық-операциялық, мотивациялық-құндылық, зерттеушілік-рефлексивтіктерді қамтиды. Біздің зерттеу аясында ұсынылған тәсіл ерекше қызығушылық тудырады, өйткені кәсіби құзыреттілік құрылымында инновациялық қызмет құрылымымен көптеген ортақ құрамдас бөліктер бар [216].

Білім берудегі инновация адамның білімге өзінің қатысуы мен ықпалының шекараларымен анықталатынын атап көрсететін зерттеуіміз үшін маңызды: тұлғаның білім берудегі жеке қатысу орнының пайда болуынан субъективті әрекеттің, инновациялық белсенділіктің қалыптасуына дейін. , білім беру философиясының салалық маманы Б.С.Гершунскийдің ұстанымы болып табылады. Ол «кәсіби құзіреттілік» категориясы субъектінің өзінің кәсіби білімінде қатысу деңгейімен, оның тәжірибесі мен жеке қабілеттерімен, үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуымен, шығармашылық және жауапты көзқарасымен анықталады деп санайды. [217]. Педагогикадағы тұлғалық көзқарастың айқын тұжырымы болып табылатын ғалымдар – педагогтар (И.С. Якиманская [218], В.В. Серіков [219], Е.В. Бондаревская [220], т.б. құзыреттілік, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұндық компонентіне ерекше көңіл бөлінеді. Құзырлылық, олардың пікірінше, әрқашан белгілі бір тұлғаның жеке қасиеттерін көрсететіндіктен, оның құрамдас бөліктері жеке мағынаға еніп, жеке тәжірибемен байланысты болуы керек. Құзыреттілік педагог тұлғасының ішкі, субъективті мазмұнының, оның таза жеке сипатының көрсеткіші болып табылады, өйткені әрбір пәннің оқу әрекеті жеке траектория бойынша дамиды. Құзыреттілікті педагогтің санасына сыртқы әсерлерді, ең алдымен кәсіби білімді тікелей механикалық енгізудің нәтижесі деп санауға болмайды.

Сонымен, кәсіби құзіреттілік деп субъектінің ішкі жұмысының нәтижесін түсінеміз, оның барысында сыртқы, іштей түрлендіреді және игереді, нақты педагогикалық мәселені немесе жағдайды шешуге тиісті дағдыларды қалыптастырады. Жалпы, кәсіби педагогикалық білім берудің педагогикасы мен психологиясындағы тұлғалық-белсенділік тәсіліне сәйкес студент тұлғасының ішкі мәнін жүзеге асыру идеясы орталық болып табылады. Жоғарыдағы зерттеулерде педагогикалық білім беруде жеткілікті толық және терең әзірленген «Кәсіби құзіреттілік» ұғымының талдауына сүйене отырып, болашақ тәрбиешілерді жаңашылдыққа дайындаудағы құзіреттілік тәсілінің негіздемесіне тоқталайық. іс-әрекеті, дәлірек айтсақ, инновациялық қызметтегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы мен мазмұнын зерттеу.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуда акмеологиялық тұғырдың орны бөлек.

Акмеология - (ежелгі грек: *Acme* - биіктік, шың, жетістік, *logos* - ілім) - адамның шығармашылық өміріне, кәсібиліктің шыңына жетуге ықпал ететін факторлар мен заңдылықтарды зерттейтін ғылым.

Кемелдену өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі басқару арқылы өзін-өзі жетілдіру қабілеті жетілу болып саналады. Эмбриология, морфология,

физиология, психология, педиатрия, педагогика, геронтология және т. б. ғылымдарды қарастырады.

«Акмеология» ұғымдарын қазіргі таңда басылымдарда көптеп кездестіреміз. «Акмеология» ұғымы ХХ ғасырдың бас кезеңінде қолданысқа енген ұғым. Бұл ұғымды ең алғаш рет 1928 жылы Н.А. Рыбников ұсынған [221]. Кейін Б.Г. Ананьев анықтама беріп, оның ғылымдар жүйесіндегі орнын көрсеткен. Ол адамның онтогенездік дамуын зерттейтін ғылымдарды былайша орналастырады: эмбриология, морфология және физиология, педология, акмеология, геронтология [7].

«Акмеология» ұғымына акмеолог ғалымдар әртүрлі түсініктемелер береді:

- әлеуметтік маңызы бар мәдениет, шығармашылық, әдебиет, ғылым, техника, білім салаларында және адамның өзінде жүзеге асатын, кәсіби шеберлік шыңына және жасампаздық әрекетінің өнімділігіне жетуге бағытталған өзіндік қозғалысында ересек адамдардың шығармашылық әлеуетінің өзіндік жүзеге асуына әсер ететін немесе кедергі жасайтын жағдайлар, факторлар мен заңдылықтар туралы ғылым;

- жаратылыстану, қоғамдық, гуманитарлық және техникалық пәндер тоғысында пайда болған, адамның ересектік даму кезеңін, әсіресе, оның бұл даму жолында жоғары дәрежеде жетістікке жету заңдылықтары мен құрылымдарын зерттейтін ғылым (А.А. Деркач [14], А.А. Бодалев [222]);

- психологиядан айырмашылығы, адамның нәтижеге жетудегі жасампаздығының заңдылықтарын зерттейді. Оның қызметінің нәтижелілігін бағалау өлшемдерін тұжырымдайды, даму және өмір сүру жағдайларын зерттейді: ғұмырнамасы, шығу тегі, қоршаған ортасы, басқа адамдармен қарым-қатынасы (Н.В. Кузьмина-Гаршина., Л.Ф. Лунева) [223];

- ересек адамның жасампаздық әрекетінде өзін-өзі жетілдіру әдістерін және шығармашылық әлеует шыңына жету жағдайларын, тәсілдерін, жолдарын, заңдылықтарын зерттейтін шоғырланған ғылым (Г.И. Хозяинов) [224];

- білім беру жүйелерін дамыту жағдайында педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзін-өзі дамытуы туралы ғылым (В.Н. Максимова [225]).

Акмеологиялық тұғыр- ғылымдағы жаңа теориялық және әдіснамалық бағыт ретінде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кемелдену шыңына көтерілу мәселесін шешуге және қоғамдық өмірдің рухани - адамгершілік негізін сақтау құралын қарастырады. «Акме»- болашақ тәрбиешінің тұлғалық дамуының шыңы, бұл ең алдымен жоғары жетістіктерді жобалау және жүзеге асыру мүмкіндігі, тұлғаның дамуы, маман кәсібилігінің мәселелерін қарастырады. Акмеологиялық тұғырдың зерттелуіне өз үлестерін қосқан отандық зерттеушілер Г.К. Нурғалиева [226], А.К. Ахметов [227], А.К. Рысбаева [228] еңбектерінен кездестіруге болады.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық әрекетінің акмеологиялық тұғырының қырлары келесідей: шығармашылық жеке тұлға, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру, креативтік тәжірибе, өз мүмкіндіктерінің жүзеге асыру. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің

инновациялық әрекеті екіжақты үдеріс, бір жағынан, жасампаздық үдеріс екінші жағынан, шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі. Инновациялық мінез-құлық бейімделу емес, адамның жеке дағдыларын барынша дамыту, өзін-өзі таныту.

Педагогтің бойында мынандай ой болуы керек: егер біреу олардың кейбір құндылықтары мен идеалдарынан бас тартса, ол оның моральдық және интеллектуалдық тұтастығын бұзады, бақытсыз болады, бостандығынан айырылады. Бостандық өзін тұлға ретінде құрметтеуді білдіреді. Қоғамда адамды инновациялық қызметті тоқтатуға мәжбүрлейтін «арнайы әдістер» бар. Педагог үшін инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыруға кедергі келтіретін психологиялық кедергілерді, «кешендерді» жүзеге асыру, аман қалу және одан арылу пайдалы. Педагогтің мінез-құлқы мен ішкі жан дүниесін стандарттау оның іс-әрекетінде ғибратты нұсқаулардың көбірек орын алуымен қатар жүреді. Педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі дайын үлгілері санада көбірек жинақталады. Бұл педагогтің шығармашылық деңгейін төмендете отырып, қауымына сыйып кетуіне әкеледі.

Жоғарыда болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудағы басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлардың мәні, атқаратын қызметі талдадық.

Инновациялық тұғыр. Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы түбірлі өзгерістер, ғылым мен мәдениеттегі ілгерілеу, педагогикалық қызмет саласындағы жаңа талаптар білім жүйесіндегі қайта құруға әкеледі. Бұл саланы әрі қарай жетілдірудің бірден - бір мүмкін жолы - инновация, яғни педагогикалық жаңалықтарды игеру мен қолдануды басқаратын үдерістер. Бұл білім беру мазмұнына, оқыту және тәрбиелеу әдістеріне, білім мен ұйымдарын ұйымдастыру және басқару жұмыстарына байланысты [26].

Жаңа әдістемені, әдістерді, құралдарды қолдана отырып, педагогикалық қызметті жетілдіруге негізделеді. Инновациялар білім берудегі белгілі бір өзгерістерге, білім беру саласындағы бастаманың сапасы мен тиімділігін қамтамасыз етуге әкеледі. Инновациялық тұғыр болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлауда олардың жаңашылдыққа бейімділігінен, ізденістерінен, мәселелерді шешу барысында сыни пікір беріп тәуекелге бара алу қасиеттерінен көрініс табады.

Біздің ойымызша инновациялық іс-әрекетте жоғарғы көрсеткіштерді көрсете білген тәрбиеші кәсіби даярлығы жоғары деуге болады. Себебі оның жаңашылдыққа ұмтылысы барлық мүмкіндіктердің жоғары деңгейінің көрінісі болып есептеледі.

Философ ғалымдардың айтуынша, инновация мен инновациялық іс-әрекетті айыра танудың орны зор. Инновациялық іс-әрекеттің философиялық негізін жаһандану аясында қарастыратын ғалымдар инновацияның философиясын тереңірек тану қажеттігін атап көрсетеді. Платон [229] мен Аристотельдің философиялық ілімін инновация тұрғысынан талдаған ғалымдардың пікіріне сүйенсек, материалдық емес (нәрсе) идеяның нақты материалдық іске айналуын инновация деп аталады [159].

Философияда инновациялық іс-әрекет жалпы мағынасында білімнің әлеуметтік және мәдени түрде трансформациялануы деп анықталады. Бұл мәселе инновация мен дәстүрдің өзара әрекет жасауы деп түсіндіріледі. Н.Я.Борисова педагогтардың инновациялық әрекетін қолдау деген еңбегінде білім беру үдерісіндегі инновацияның табиғаты- оқыту барысында биік нәтижелерді қамтамасыз етуге бағытталған, кең қолданыс табатын, оқу-тәрбие үдерісінде үлкен өзгерістерге алып келетін реттелген элементтердің, іс-әрекеттер мен қатынастардың белгілі бір жүйесі [230].

В.М.Блинова педагогтің инновациялық іс-әрекетін табысты жүзеге асырудың қажетті шарты – инновациялық шешім қабылдау, белгілі бір тәуекелге бару, инновацияны енгізу барысында туындайтын даулы жағдайларды сәтті шешу, инновациялық кедергілерді жою деп тұжырымдайды [231].

Педагогтерді оқытудың мазмұны мен технологияларына инновациялық тәсілдер.

- педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру мен өткізудегі инновациялық тәсілдер;
- педагогикалық университеттің ғылыми-инновациялық қызметін басқару;
- жаңа білім беру стандарттары жағдайындағы әлеуметтік жарнама ресурстары;
- педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру мен өткізудегі инновациялық тәсілдер.

Педагогикалық практика студенттердің теориялық дайындығы мен олардың практикалық іс-әрекеті арасындағы байланысты қамтамасыз ететін оқу процесінің органикалық бөлігі ретінде студенттерді педагог жұмысына сәтті дайындау құралдарының бірі болып табылады. Ол білім мен тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін толық түсінуге, кәсіби дағдылар мен тәжірибені, практикалық жұмыс тәжірибесін меңгеруге мүмкіндік береді. Тәжірибе жетекшілерінің алдында оны ұйымдастыру мәселелерін жаңаша шешу, студенттердің кәсіптік шеберлік сырын, ұйымдастыру-тәрбие жұмысының негіздерін меңгерудегі рөлін арттыру міндеті тұр.

Педагогикалық ЖОО да қолданыстағы бағдарламаларды талдау қазіргі мектепке дейінгі ұйымдардың қажеттіліктері мен ЖОО түлектерінің кәсіби қызметіне дайындығы арасындағы елеулі алшақтықты, болашақ тәрбиешінің жалпы ғылыми дайындықтың жоғары деңгейінде педагогикалық дайындығының жеткіліксіздігін көрсетеді. Осының аясында жоғары оқу орындарының студенттерін мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық іс-әрекетке дайындаудың соңғы кезеңі болып табылатын педагогикалық тәжірибенің рөлі артып келеді. Құзыреттілік тәсіл бойынша оқытудың формалары мен әдістері әртүрлі оқу сабақтарын өткізуді көздейді.

Визуализациялық лекциялар, екі адамға арналған лекциялар, алдын ала жоспарланған қателері бар дәрістер, лекциялар, баспасөз конференциялары, лекциялар-әңгімелер, лекциялар-пікірталастар ұйымдастырамыз; дәстүрлі емес практикалық жаттығулар (рөлдік және іскерлік ойындар; тренингтер);

тұтынушылардың белгілі бір мақсатты тобына арналған жобаларды дайындау және студенттер орындайтын әзірлемелер мен тапсырмалар оқу процесінде пайдаланылады және үшінші тарап аудиториясының алдында ашық түрде қорғалады. Құзыреттілікті меңгеруді қамтамасыз етудің ең маңызды шарты – мектеп жасына дейінгі балалардың субъективті позициясын қалыптастыратын жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үдерісінде қолдану.

Кесте 4- Инновациялық іс-әрекетін дамытуда әдіснамалық тұғырлардың ғылыми интеграциялануы

Әдіснамалық тұғыр атауы	Инновациялық іс-әрекетті дамытудағы мәні, функциясы	Негізгі идеясы
Аксиологиялық тұғыр	Аксиологиялық тұғыр негізінде тұлға – қоғамның ең жоғарғы құндылығы, қоғамдық дамудың өзіндік мақсаты, сондықтан да оның ізгілік педагогика мәселелеріне тікелей қатысы жаңа білімдегі философияның негізі, жаңа педагогиканың әдіснамасы ретінде қарастырылады. ЖОО-ның білім сапасы мен білім алушылардың көркемдік тәрбиесі, оның кәсіби және шығармашылық қабілеттерін дамытуға құндылық қатынасы аспектілерінің үйлесуі	«Құндылық қатынас, ізгіліктік білім, көркем тәрбие».
Құзыреттілік тұғыр	Құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның өзара байланысты сипаттамалары мен қасиеттерінің жиынтығы: ол адамның жеке тәжірибесінен, жинақталған білімі мен дағдыларынан тұрады	«Жеке тәжірибе жетістігі, білім, білік, дағды жиынтығы».
Жүйелік тұғыр	Педагогикадағы жүйелік тұғыр терең құрылымдалған және бір-бірімен тығыз байланысты элементтердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Жүйеге кіру – білім жүйесіне кіруші компонент талапкер; жүйеден шығу – білім жүйесінен шығушы компонент студент-маман; ал жүйеге әсер етуші фактор – ЖОО-дағы педагогикалық үдеріс субъектілері, әлеуметтік орта т.б.	«Элементтердің жиынтығы».
Іс-әрекеттік тұғыр	Білім алушылардың жеке қасиеттері мен әмбебап оқу іс-әрекеттерінің қалыптасуына байланысты оқыту мен тәрбиелеудің негізгі нәтижелерін анықтау; тиісті пәндік салаларда маңызды білімге бағдарлана отырып, оқу пәндері мен жалпы білім беру мазмұнын құру; білім беру үшін әмбебап оқу іс-әрекеттерінің функцияларын, оның мазмұны мен құрылымын анықтау; әмбебап оқу іс-әрекеттерінің нақты түрлерін оңтайлы қалыптастыруға болатын оқу пәндерінің шеңберін анықтау; білім беру үдерісінің әр кезеңінде әмбебап оқу іс-әрекеттерінің қалыптасуын диагностикалау, тапсырмалар жүйесін әзірлеу және білім алушылардың әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етуде бағдарлауды ұйымдастыру.	«Тапсырмалар жүйесін әзірлеу».

4-кестенің жалғасы

Синергетикалық тұғыр	Синергетика («синергейя» - бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу) немесе «өзін-өзі дамыту теориясы», яғни өзін-өзі ұйымдастыратын механизмдердің жүзеге асуындағы нақты тәсілдемелерге ерекше көңіл бөлінеді және ұтымды әдістердің жүйе шеңберінің жиынтық әрекеті.	«Өзін-өзі дамыту», «үйрету арқылы үйрену».
Акмеологиялық тұғыр	Болашақ тәрбиешінің кәсіби кемелденуімен, оның тұтас дамуы және түпкілікті нәтиже сапасы әлеуметтік жетілу деңгейі ретінде қарастырады.	Кемелдену
Инновациялық тұғыр	Білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологияларды жетілдіру үдерістері, оқыту әдістері мен құралдарының жиынтығы ретінде түсіндіріледі.	Жаңаша көзқарас

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудағы әдіснамалық тұғырлар төмендегі суретте берілген



Сурет 11 – Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудағы әдіснамалық тұғырлар

Біз қарастырған тұғырлар отандық педагогиканың іргетасын құрайтыны және болашақ тәрбиешілердің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру мәселесінің шешімі. Осы тұғырлар педагогикалық теорияда да, тәжірибеде де жоғары деңгейде бағаланған.

Келесі кезекте болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің

инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдіснамалық тұғырлары негізінде әдіснамалық ұстанымдарды жіктеуді жөн деп санаймыз.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың аксиологиялық тұғырына сәйкес таңдап алынатын *ізгіліктік ұстаным* болады. Ал жүйелік тұғыр *даму ұстанымын* негіздесе, іс-әрекеттік тұғыр *танымдық ұстанымды*, синергетикалық тұғыр *субъектілік ұстанымын*, құзыреттілік тұғыр *жеке тұлғаның әлеуетін дамыту ұстанымын* реттейді.

Біз, басшылыққа алып отырған ізгіліктілік, даму, танымдық, субъектілік, жеке тұлғаның әлеуетін дамыту ұстанымдарын талдауды жөн көрдік.

Ізгіліктік ұстанымы. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың ізгіліктік ұстанымы болашақ маманның өз өмірінің мәні мен түрін анықтауға құқы және міндеттемесі бар екенін танытатын демократиялық, этикалық өмірлік қағидаларды реттеуші тұрғысынан адамдарды сүю, жақсылық жасау, жанашыр болу сезімдерінен тұрады. Адамның өзінің құндылығына, оның дамуындағы аса маңызды өзін-өзі жетілдіруде қарым-қатынастағы үйлесімділікке сай ізгіліктің болуын көздейді. Педагогикалық және психологиялық ғылыми білімдер тарапынан ізгіліктік ұстанымы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуды сүйемелдеуде үш бағытты болжайды:

- болашақ тәрбиешілердің кәсіби жолда өмірлік қарама-қайшылықтарды өзбетінше шешудегі субъектілігі мен қабілеттерін мойындау;
- өмірлік жағдаяттарда немесе оқу-тәрбие үдерісінде өзінің ізгілікті ұстану арқылы интеллектуалдық мүмкіндіктерін ашу;
- болашақ тәрбиешілердің білім алу барысындағы өз мүмкіндіктерін ашуда жаңа баспалдақтарға көтерілу жағдаяттарын адамгершілікпен шешу т.б.

Ізгіліктік ұстанымдағы бағыттардың міндеті болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін кәсіби-шығармашылық еңбекке, қоғам талаптары деңгейіне және өзінің жеткілікті нүктесіне дейін дамыту болады. Мұндағы ізгіліктік міндеттер адамның өмірінің мәнді, мағыналы болып, өзін толыққанды іске асыруына ықпал ету болып табылады.

Даму ұстанымы. Бұл ұстанымның болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуда мәні жоғары, яғни мұнда тұлғаның ішкі шарттарын дамудың қозғаушы күштері ретінде қарастырып, ішкі әлемнің, ішкі уәждердің қозғалыс ырқымен сыртқы жағдайларға әсер етуі орын алады да ол шығармашылық жасампаздыққа ұласады. Соның нәтижесінде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі кәсіби өмірде, еңбекте туындаған мәселелерді шешу арқылы *дербес даму, құндылық, шығармашылық іс-әрекетте жарқ ету сипаты* көрініс береді, инновациялық іс-әрекетінің табысты жағдайда дамуын қамтамасыз етеді.

С.Л.Рубинштейн бойынша, «даму – жетілу, толығу, біртұтастыққа, жоғары деңгейге қарай жылжу» деп беріледі [109]. Ғалымның тұжырымдауымен келісе отырып, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлауды дамыту байланыстарын орнату, дамуындағы *ашылмаған*

мүмкіндіктердің дамуына жол ашу, оны болашақпен байланыста қарастыру қажет деп қорытынды жасауға болады. Жалпы алғанда, даму ұстанымының мақсаты – болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс- әрекетке даярлығын дамытуды олардағы дамудың жеке сипатын есепке алу, солбойынша үдерісті ұйымдастыру.

Танымдық ұстаным. Танымдық психологияның ережелеріне негізделген және оқыту үдерісінде сана қағидасына, белгілі бір топтың студенттеріне тән әртүрлі танымдық стильдерді, олар қолданатын оқу стратегияларын ескеруге негізделген оқыту ұстанымы.

Н.М.Иргебаеваның зерттеулерінде: «...студенттердің кәсіби дамуының түрлі сатыларында кәсіби міндеттер атқарып, мотивациялары өзгерістерге ұшырап, танымдық мотивтері кәсіби мотивтерге трансформацияланады» деп қарастырады [232]. Автордың пікіріне сүйене келе, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың қажеттіліктері мен кәсіби әлеуетін дамытудағы даярлықтары олардың даму қозғалыстарының бағыттарын айқындайтынын байқаймыз.

Бұл ұстанымды дамытушы Дж. Брунер келесі ережелерге негізделеді: Тұлғадағы ойлауды дамыту академиялық білімді (тілдік, ақпараттық т.б.)

меңгеру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Білім алу мен ондағы ережелерін қабылдау механикалық жаттауға негізделмеуі керек, болашақ педагогтің өз білімін өзі түсінікпен қабылдауы, тануы маңызды. Кез-келген білім алушы жеке бағдарларды жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалған кезде зерттелетін құбылыстардың мәнін білудің белсенді үдерісіне қатысуы керек;

Студенттердің жеке қызығушылықтары мен ерекшеліктерін ескеру қажеттігіне сай олар оқыту үдерісінің белсенді қатысушылары болуы тиіс;

Оқу үдерісі тек жеке ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік тұрғыдан да анықталады. Осыған байланысты студенттер мен оқытушылар кәсіби диадада бір-бірін өзара тану және түсіну мен субъект-субъект ынтымақтастық үдерісіне қатысады [233]. Сондықтан мұндағы Дж.Брунер ұсынған танымдық ұстанымның ережелерін субъектілік ұстанымы іс жүзінде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуда толықтыра түседі.

Субъектілік ұстанымы. Болашақ маманның кәсіби шеберлігі, оның тұлға болып қалыптасуында ЖОО-да алған білімі мен кәсіби тәжірибесі аса маңызды.

«Субъект» ұғымы (латынша -subiectum- бастаушы) - болмысты тану мен өзгертудің бастауы ретіндегі индивид немесе топ; белсенді жеткізуші деп аударылады. Субъектінің өз «өмірлік кеңістігі» болады. Ол тұлғаның әрекетінің қозғаушы күші болып табылатын мотивациялық құрылымына енетін ұмтылыстары, ниеттерінен тұрады.

Ғалымдар субъектіліктің пайда болу кезеңдері және оның жүру барысының нәтижелі болуы төмендегі мәселелерге байланысты екендігін анықтаған:

- адамның нәтижесінің әлі беймәлім әрекеттерді шешудегі жауапкершіліктіөзіне ала білуі (*басталғалы тұрған істің субъектісі*);

- болашақтағы жүзеге асырудың әртүрлі нұсқаларын ойдан өткізу, күтілетін нәтиженің кейпіне өзінің қатысы мен оны орындауға қабілеттілігін анықтау (*мақсаткерліктегі субъектіліктің көрінуі*);

- өз еркі бойынша атқарылатын істе өзінің ашылуға тиісті мүмкіншіліктерін іске қосу (*«дәл қазір, осы жерде» жағдайында өзін субъект ретінде көрсете алуы*);

- істің аяқталуы жөнінде жауапкершілікпен шешімдер қабылдау; өзінің белсенділігі арқылы қол жеткен нәтижені мәнді жаңа құрылым ретінде сезіне отырып, оған баға беру (өзін жүзеге асқан істің субъектісі сезіну) (сурет 12).

Ұстанымдары



Сурет 12 - Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін даярлаудың әдіснамалық ұстанымдары

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуға ықпал ететін педагогикалық жағдайлар психологиялық-педагогикалық (кешенді диагностиканы, саралап консультация беруді, түзетуді, студентті психологиялық ағартуды қамтитын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге бағдарлану; әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету; валеологизация, оқыту процесін ақпараттандыру, білім беру процесіне қатысушылар арасындағы субъектілік-субъектілік қатынастарды қамтамасыз ету) болып табылады; ұйымдастыру-әдістемелік (білім беру процесінің барлық субъектілерін дамытуға ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құру; болашақ педагогтің кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту бойынша озық тәжірибеге бағдарлау; педагогикалық құзыреттілікті арттыру); дидактикалық (оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерінің оңтайлы үйлесімі; жеке тұлғаға бағытталған оқытуды пайдалану) болып жіктеледі. Нағыз субъект өзі қатысқан іс-әрекеттің мотивтері мен мақсатын ұғынудан бастап нәтижесіне дейінгі құрылымына толықтай ие болады.

Педагогикалық әдебиеттерді талдау соңғы жылдары көтерілген мәселенің жекелеген аспектілері белсенді түрде дамып келе жатқанын және бүгінгі күнге дейін жинақталған ғылыми қор болашақ педагогтің инновациялық

дайындығының сапасын арттыру үшін белгілі бір теориялық алғышарттар жасайтынын көрсетті. Ал, әдеби дереккөздерді саралай келе, зерттеушілердің назары негізінен студенттің дидактикалық дайындығының сан алуан аспектілеріне аударылатыны белгілі болды. Психологиялық–педагогикалық еңбектерді зерделеу мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық қызметкерлерінің дидактикалық даярлығы әлі арнайы зерттеу нысанына айналмағанын және мектепке дейінгі тәрбие педагогын инновациялық іс-әрекетке даярлаудың жалпы жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылмағанын көрсетті:

- педагогикалық іс-әрекеттің жекелеген мәнді әртүрлі жағдаяттарға бөліну ұстанымы, жаттығулар жүйесін ұйымдастыруға негіз болатын нақты шарттардың контекстінде білім алушылардың тәртібінің тактикасы мен стратегиясы олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады;

- жоғары коммуникативтік ұстанымы білім алушылардың белсенділігін арттырып, олардың топтағы және білім беру ұйымдарында практикада өзара субъектілік әрекетке түсу қарқындылығының негізінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру;

- рефлексия ұстанымы әрбір білім алушымен және топпен кері байланысты және сабақтың нақты нәтижесін тұтастай қамтамасыз етіп, болашақ мамандардың кәсіби тұрғыда және болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптасуына ықпалының үлесі;

- жоғары оқу орны практикалық сабағы мен мектеп тәжірибесінің үнемі байланысы ұстанымы білім мен дағдыны тиімді қолдануы негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін даярлауға дамыту үдерісін зерттеу аксиологиялық, акмеологиялық жүйелілік, іс-әрекеттік, синергетикалық, құзыреттілік тұғырлар негізінде жүргізілді. Сондай-ақ, инновациялық іс-әрекет болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің әрекетінің логикасынан көрініс береді. Зерттеу жұмысының негізіне алынған әдіснамалық тұғырлар болашақ тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін даярлауға дамыту жұмысының мазмұнын, әдістерін, нәтижеге бағытталған білім беру үдерісінде іске асыруға себепші болады.

Осылайша, осы тараудағы әдіснамалық тұғырларды бөлу осы саладағы өзекті мәселелерді иерархиялық түрде анықтауға, осы мәселелерді шешудің стратегиясы мен тактикасын анықтауға және практикалық жұмыстың жоспарланған нәтижелерін болжауға мүмкіндік береді.

Келесі тарауда біз болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың ғылыми және тәжірибелік алғышарттарын қарастырамыз.

2 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘРБИЕШІЛЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК АЛҒЫШАРТТАРЫ

2.1 Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық инновацияның түрлері мен ерекшеліктері

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізілген инновацияларға жүргізілген талдау олардың қоғамда болып жатқан әлеуметтік өзгерістерге тікелей тәуелділігін және бірқатар бірегей ерекшеліктердің болуын анықтады.

Г.П.Новикова [25] мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі инновацияны сипаттайтын үш негізгі ерекшелікті төмендегідей бөліп көрсетеді:

- бірінші ерекшелік - педагогикалық инновациялар мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының оңтайлы жас дамуын қамтамасыз етуі;
- екінші ерекшелік білім беру үдерісінің тұтастығын қамтамасыз ету;
- үшіншісі - демократияландыру, ізгілендіру, барлық басқару іс-қимылдарының зерттеу бағыты, мектепке дейінгі ұйымды басқарудың әкімшілік тәсілін ғылыми тұрғыдан ауыстыру.

Біздің көзқарасымызша, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекеті жеке тұлғаның инновациялық іс-әрекетінің бөлігі бола отырып, білім берудің күрделі құрылымдарын, кәсіби қызмет үдерісінде педагогикалық инновацияларды қабылдауға немесе құруға және кейіннен іске асыруға дайындығының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін өзара байланысты, шарттасқан және толықтырушы компоненттердің жиынтығын білдіреді.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін кәсіби дамытудың қажеттілігі «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» [1], білім беруді дамыту бойынша басқа да мақсатты стратегиялық құжаттарда сонымен қатар, Президент Қ.К.Тоқаевтың халыққа Жолдауында да білім сапасының жақсаруы мен педагог-тәрбиешілерді қолдауға тағы да ерекше назар аударды. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды ұсынды [2].

Бірақ, біз бұл салада айтарлықтай келесідей мәселелер бар деп санаймыз:

- мектепке дейінгі ұйымдардың дәстүрлі әдістемелік жұмысы педагог-тәрбиешілердің кәсібилік деңгейін, білімнің қолжетімділігін, жаңа әдістер мен технологиялар туралы түсініктерді көздейді. Олар тәжірибеде қалай пайдаланылып жатқандығы туралы жеткілікті дәрежеде талдаудың тиімділігі бағаланбайды. Яғни, кері байланыс жоқ.

- педагог-тәрбиешілердің жас ерекшелігін, педагогикалық өтілін, «кәсіби қиындықтарын» ескермейтін бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылады. Демек, жеке педагог-тәрбиешінің кәсіби қажеттіліктері ескерілмейді және бұл жағдайда оң өзгерістер болмайды.

- жас педагог-тәрбиешілердің тәжірибелі педагогтердің ашық ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысып, соңынан жетістіктерін жіктеп, үйренетін тұстарын талдау жұмыстары үнемі жүйелі жүргізілмейді. Бұл жағдайда мамандардың кәсіби дамуы орын алмайтындығы айдан анық.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты және мемлекеттік саясаттың ажырамас

бөлігі. Бала – біздің болашағымыз. Сондықтан, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы әрі деңгейі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде, қазіргі таңда тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды.

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытты дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды деп дана халқымыз бекерден бекер айтпаса керек.

«Инновациялық технологиялар - бұл білімнің басым мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: мектепке дейінгі ұйымдағы іс-әрекеттердің өзара ортақ қорытындыларымен байланысқан баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды» [234].

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді қажет етіп отыр.

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтің міндеті. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үдерісін технологияландыру-басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Білім беру жүйесінде инновациялық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтің міндеті болып табылады.

Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар мынадай: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, дамыта оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты-дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік

талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Заман талаптарына сай мектепке дейінгі мекемелерде АКТ ны оқыту процесінде кеңінен пайдаланады. Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға арналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар: олар көру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау т.б.

Интерактивті тақтаны пайдалану. Оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үдерісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту тиімділігін көтереді. Бірнеше технологияларды пайдаланудың әсері, оқыту нәтижесінің сапасын күшейтеді. Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп қана қоймай, сонымен қатар интуиция, образдық ойлауын дамытады.

Мектепке дейінгі ұйымда интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру екені мәлім.

Интерактивті тақтаны пайдалануда қандай дағдылар болу қажет:

Компьютерді қолдана білудің бастапқы білімі;

Word, PowerPoint, бағдарламаларымен жұмыс;

Интернет жүйесінде жұмыстану практикасы (бейнелерді, әзір презентациялар мен оқыту бағдарламаларын тауып алу).

Проблемалық оқыту технологиясы – баланы өз бетімен ізденуге үйретіп қана қоймай, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді. Бұл технологияда бала оқытуды өмірмен және еңбекпен байланыстырады.

Ынтымақтастық педагогикасы – педагогтің талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да тәрбиеші де субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.

Бұл технологияның негізгі мақсаты – баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Модульдік оқыту технологиясы– оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені

таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі ретінде оқытудың жаңа технологияларын енгізу туралы айтылған. Балабақшадағы оқу – білім беруге арналған инновациялық қызмет. Ол мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің кәсіби дамуының ең басты факторы болып отыр. Бүгінде балабақшалар мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беру жүйесіндегі алдыңғы қатарлы мамандардың әр түрлі жаңашыл идеялары мен жобаларын тәжірибеге ендіруде. Міне, осы тұста балабақшаларда педагогикалық жаңа технологиялардың мектепке даярлау білім беру үдерісіне енгізу деңгейінің таяздығы аралығындағы балаларды мектепке даярлаудың бүгінгі өмір талабына сай ұйымдастыру қажеттілігі мен оның ғылыми-педагогикалық негіздері, мазмұндары және оны ұйымдастырудың ғылыми әдістемелік жүйесінің жетімсіздігі арасында қарама-қайшылықтар туындап отыр. Бұл қайшылықтардың шешімін табу үшін педагог-тәрбиешілердің алдында мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты тәрбиелеуге ықпал ететін, қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі ұйымдардың мақсаты мен міндеттерін толыққанды шеше алатын педагогикалық технологияларды таңдау мәселесі тұр. Мектепке дейінгі педагогикада адамзаттың сұранысынан қалмауға, оқыту және тәрбиелеудің қиыншылығы мен қарама-қайшылықтарын алдын-ала болжауға тырысып бағуда. Қоғамдық қызығулар мен қажеттіліктер әлеуметтік тапсырысты (сұранысты) қалыптастырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке даярлығын қалыптастыру мәселесін зерттей отырып Б.П.Никитин мектептерді мектепке дейінгі ұйымдар жүйесінде балаларды мектепке даярлау деңгейі қанағаттандырар еді, бірақ жаңа инновациялық мектептердің пайда болуы мектепке даярлық деңгейіне танымдық белсенділігі, ойлау креативтілігі, әртүрлі іс-әрекеттердегі мәселелерді өз бетінше шешу дағдылары сияқты талаптар қоя бастады. Бұл өз кезегінде мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру үдерісінің мазмұны мен технологияларының өзгеруін талап етеді [59].

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін реформалаудың демократияландыру және ізгілендіру ұстанымдары оқыту мен тәрбиелеудің әдістемелік жүйесінің (оқыту және тәрбиелеу мақсатының, мазмұнының, әдістерінің, формалары мен құралдарының) біртұтас және жүйелік өзгеруін көздейді. Осындай мазмұнды әдістемелік жаңартудың негізінде дәстүрлі «үйретуші» балабақшаның орнына шығармашылық пен жасампаздыққа негізделген (конструктивті) жаңа мектепке дейінгі ұйым моделі өмірге енуі тиіс. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім мазмұнын қалыптастырудың тарихи жаңа баламалы түрі - «инновациялық оқытуды» ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

Бұл ұғымға 1979 жылы Дж.Боткин басқарған ғалымдар «оңтайлы анықтама беріп, инновациялық оқыту мен нормативтік оқытудың» айырмашылығын атап көрсеткен. Сонымен инновациялық оқыту - саналы ұйымдастырылған, жобаланған, басқарылатын, болашаққа ұмтылған, оны жүзеге асыруға дайын тұлғаны дамытуға бағытталған оқыту үдерісі [235].

Ф.Н.Жұмабекованың «Мектепке дейінгі педагогика» оқулығында мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық білім беру тақырыбына назар аударар болсақ, мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық білім беруді енгізуде бірқатар маңызды мәселелерді ескеру шарт деп көрсетілген [236]. Олар: инновациялық бағытты дұрыс тандай білу; инновациялық іс-әрекетті тұжырымдамасы мен бағдарламасын жасау; инновациялық жобаны жүзеге асырудың тиімді жолдарын анықтап, жағдай жасау; инновациялық іс-әрекетті дұрыс жүргізу үшін қажетті құжаттарды кәсіби сауаттылық тұрғысына дайындап алу. Инновациялық оқытуға көшу өз кезегінде инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалануды көздейді. Бұл - мектепке дейінгі ұйымдардың білім мазмұны мен оқыту әдістерін, бағдарламаларын, формаларын, жаңашыл педагогтердің тәжірбиесін, соның ішінде педагогикалық жүйенің қазіргі талаптарға сай әдістемелік жаңаруы болып табылады. Ендеше, педагогикалық технология өзіне барлық жаңа әдістерді, тәсілдерді жинақтайды, сондықтан олар инновациялық деп аталады.

Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды. Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерісінде өзгерістер орын алуда: мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбиешілердің назарын балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына, эмоционалды-еріктік және қозғалыс аясын түзеуге бұра отырып, білім беру мазмұны күрделене түсуде; дәстүрлі әдістердің орнын баланың танымдық дамуын белсендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың белсенді әдістері басуда.

Өте қарқынды дамып жатқан ғылым, техника, өндіріс білім беру жүйесінің барлық сатыларына оқытудың тиімді әдістерін қарастыруды талап етіп отыр. Сондықтан да әрбір мектепке дейінгі ұйым балаларға дұрыс білім мен тәрбие беретін жолдар, тәсілдер, бағдарламалар қарастырып келеді. Өйткені, педагогикалық жаңа технологияны қолдану балабақшаны сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып әрбір балабақша өзіндік даму жолын табуға, әрбір тәрбиешіге өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізбек.

XXI ғасырда білім берудің ұлттық жүйесін дамытудың негізгі бағыттары тәрбие мен оқытуда инновациялық қағидаттар мен тәсілдерді қолдану, білім беруді ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін тереңдету, материалдық-техникалық базаны жаңарту және кеңейту, білім беру бағдарламалары мен қызметтерінің кең таңдауын қамтамасыз ету, білім беруді ақпараттандыру болып табылады.

Педагогикалық үдерісте инновация — оқыту мен тәрбиенің тәсілдерін, мақсаты мен мазмұнын, педагог пен баланың бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізу дегенді білдіреді. Қазіргі заман тәрбиешісінің инновациялық қызметі – балабақша балаларымен жұмыс істеуде инновациялық технологиялар, әдістер, балалардың психологиясы мен педагогикасын терең, нақтылай айтқанда балаға білім мен тәрбие беруді саналы-сапалы етіп қызығушылықтары мен өміршендігін арттырады деп айтуға болады.

Инновациялық технология - бұл білімнің басым мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістердің күрделі және ашық жүйелерінің, мұнда әр позиция балаларына әсер етіп, соңында балалардың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Инновациялық технологияларды пайдаланудың ең маңызды мақсаты тәрбиеші мен баланың арасындағы бірлескен танымдық қызмет нәтижесіне қол жеткізу. Инновациялық технологиялардың педагогикалық мәні — баланың танымдық қызметін нығайту, негізгі жеке қасиеттерін қапыптастыру, дербестігін көтермелеу. Инновациялық технологиялар мектепке дейінгі білім беруде ең алдымен өзекті мәселелерді шешу үшін, қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін, ата-аналардың өскелең талаптарын іске асыру үшін пайдаланылады [237].

Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымда қолданылатын жаңа педагогикалық, инновациялық технологиялар қатарына төмендегі технологияларды енгізуге болады:

- Денсаулық сақтау технологиясы [238];
- Ойын технологиясы [239];
- Жобалау технологиясы [240];
- Ақпараттық- қатынастық технологиясы [241];
- Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы (ӨТШТ) технологиясы [242];
- М. Монтессори технологиясы [243];
- Арт - терапия технологиясы [244];
- Бала мен тәрбиеші портфолиосы технологиясы [245];
- Реджио технологиясы [246];
- Макото Шичида әдістемесі [247];
- В.Воскобич технологиясы [248];
- Н. А.Зайцев технологиясы [249].

Мектепке дейінгі ұйымда қолданылатын технологиялар



Сурет 13 –Мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық технологиялар

Соның ішіндегі Реджио – педагогика (Италия) – балаларды ерте жастан дамытудың ең перспективті бағыттарының бірі. Білім берудің инновациялық әдісі төмендегі қағидаларға негізделген:

- Бала дегеніміз – адам, ал кез келген адам құрметке лайық.
- Балалар өзінің білімі мен дамуын бақылай алады.
- Балалар қолмен ұстау, қозғалту, қозғалу, тыңдау, көру және есту арқылы үйренеді. Осылардың барлығынан оларға шектеу қоюға болмайды.
- Балалар өздері әлемді зерттеуге болатын кеңістікте басқа балалармен қатынас орнатады. Балаларда өзін көрсетудің көптеген жолдары мен тәсілдері (драма, музыка, сурет салу, ән айту, би, құрастыру, сұхбат) болу қажет.

Балабақшадағы пәндік орта балаларды өзіндік «Менін» тануына және мойындауына, байланысқа түсуіне, қоршаған ортаны зерттеуіне ынталандырады. Басты қағидалар – жайлылық және ашықтық. Орталық рөл – балалардың қызығушылықтары мен әңгімелерінен, ойындарынан туындайтын жобалармен жұмыс істеу. Жобалар бірнеше сағаттан бір жылға дейін созылуы мүмкін. Балалар ойлағандарын неғұрлым толық жүзеге асыру үшін ересектер көмекші рөлінде болады. Балалардың шығармашылығы үшін кеңістік – балалар күннің көп бөлігін өткізетін және балабақшада өздерін үйіндегідей жайлы сезінетін дамыту ортасы (белсенділік, шығармашылық пен құрастыру, тіл үйрену орталықтары және т.б.) ұйымдастырылған. Педагогтер – бірлескен авторлар, бірлескен шығарушылар, олар дайын жауаптарды бермейді, баланың қызығушылығын ынталандырады. Осылайша балалар өз жаңалықтарын ашуға үйренеді. Балармен қарым-қатынас процесінде педагогтер де үйренеді, өздеріне жаңалықтар ашады, дамиды.

Басты идеясы баланы дамыту тәсілдемесінің негізі – ересектер байқамай қалған көптеген тәсілдер арқылы балалардың өзін танытуына мүмкіндік беруде жатыр. Баланың негізгі «ұстаздары» - қоршаған орта, жобалар, құжаттау.

Оң жарты шардың барлық ерекше қабілеттері туа біткен және Макото Шичида әдістемесі бойынша сабақтар оларды ашуға және дамытуға көмектеседі. Өйткені, егер бұл жасалмаса, ол қабілеттер мүлдем ашылмайды немесе жоғалады. Миды бұлшықеттермен салыстыруға болады, неғұрлым көп жаттығу жасаса, олардың қабілеттері соғұрлым тез өседі. Олардың қажеттіліктерін ұмытқаннан кейін олар әлсірейді және тіпті атрофияға ұшырайды. Әдістеме көмегімен баланың даралығы мен шығармашылық қасиеттері дамиды. Мидың екі жарты шарының функцияларының теңдестірілген жұмысы күшейтіледі. Техника ата-ана махаббатына негізделгендіктен, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас нығаяды.

Н.А.Зайцевтің әдістемесі кестелер мен текшелерге негізделеді. Н.А.Зайцевтің әдістемесі бойынша оқуды үйретіп қана қоймай, баланың сөйлеуі мен фонематикалық есту қабілетін дамытатын кестелер, текшелер және аудио материалдар, (әндер) әртүрлі ойындар мен жаттығуларды қамтитын оқытудың жүйелік тәсілі қолданылады.

Воскобович технологиясының мақсаты - ойындағы балалардың интеллектуалды және шығармашылық дамуына ықпал ететін педагогикалық процесті құру. Әдістеменің артықшылығы:

Ересек адамның баламен жайлы қарым-қатынасын орнату, сабақтар кездейсоқ өтеді.

Ойындар 1 жастан 7 жасқа дейінгі балаларға жарамды, тапсырмалар жас ерекшелігіне сәйкес қиындап отырады.

Технология баланың жан-жақты дамуына бағытталған: ақыл-ой және шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді.

Денсаулық сақтау технологиясының мақсаты: баланың денсаулық сақтау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, оған салауатты өмір-салты туралы қажетті білім, қабілет пен дағдыларды қалыптастыру. Ойын технологиясының мақсаты - баланы тұлға ретінде дамыту, оның бойында кейіннен оның әлеуметтік тәжірибесінің табысқа жетуіне байланысты болатын психикалық жақтарын, ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыру, өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйрету. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді.

Жобалау технологиясының мақсаты - білім беру мазмұнының кез келген бағыты бойынша зерттеу, іздену, практикалық тапсырмаларын шешу үшін белгілі бір жоспарлар, белгілі бір мақсаттары бар мақсаттылық іс-әрекет. Жобалық іс-әрекет негізінде ересектер мен балалардың белгілі бір практикалық мәселені бірлесе жұмыс істеу үдерісінде қол жеткізілетін іс-әрекеттің нәтижеге бағыттылығы.

Ақпараттық-қатынастық технологиялар: оқыту педагогикасында арнайы техникалық ақпараттық құралдарды (интерактивті тақта, электронды-есептеуіш машиналар, аудио, бейне) пайдаланатын барлық технологияларды атайды. Ақпараттық-қатынастық технологиясының мақсаты ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру, қатынастық қабілеттіліктерді дамыту, «ақпараттық қоғам» тұлғасын дайындау, зерттеу қабілетін қалыптастыру, оңтайлы шешімдерді қабылдау.

Мектеп жасына дейінгі балалардың өміріне компьютерді енгізудегі ең басты мақсат - ақпараттық технологияларға толы қоғамдық өмірге психологиялық дайындығын қалыптастыру.

Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы (ӨТШТ) технологиясының басты мақсаты - балалардың ой-өрісін дамытумен қатар, жүріп жатқан үдерісті түсіндіре отырып, жүйелі ойлануға үйрету. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін, тапқырлығын, шығармашылық елестетуін, диалектикалық ойлауын дамыту үшін балабақшаларда табысты қолданылады.

М.Монтессори технологиясының мақсаты: балаға өзін-өзі тәрбиелеуге, өз бетінше оқуға, өз бетінше дамуға жағдай жасау. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін, әртүрлі жаттығулар арқылы дамыта отырып, ұйымшылдық, тапқырлық, ізденімпаздық қабілеттерін қалыптастыру.

Арт-терапия технологиясының мақсаты - балалармен психологиялық жұмыс жүргізуде орны бөлек, баға жетпес әрі өте тиімді әдіс. Бұл емдеу ғана

емес, сонымен қатар креативтің дамуы, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігі, кез-келген жағдайды шешуге көмек көрсету технологиясы.

Бала мен тәрбиеші портфолиосы технологиясының мақсаты: белгілі бір кезең бойынша мектепке дейінгі ұйымның, субъектілерінің жеке жетістіктерін бағалау, жинақтау және белгілеу. Портфолио - тәрбиенің тұлғалық-бағдарлық ұстанымын қамтамасыз ететін білім беру технологиясы.

Инновациялық қызметке мектепке дейінгі ұйым басшыларына, тәрбиешілерге қойылатын негізгі талаптар.

Мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық қызметтің мақсаты - балабақшаның педагогикалық жүйесін жақсарту, білім берудің жетістіктеріне сапалы жету. Жаңа білім беру бағдарламалары бала тұлғасына және отбасы сұраныстарына бағытталған оқу-тәрбие үдерісінің өзгерістерін қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымның жұмысына инновацияны енгізу әдістемелік қызметті ұйымдастыруды жаңарту мен өзгертуді талап етеді. Әсіресе, педагогтар мен әкімшіліктің кәсіби құзыреттілігі оның негізінде кәсіби және тұлғалық дамуы жатыр.

Мектепке дейінгі ұйым басшысының міндеті инновациялық қызметке ұжымның енуі үшін ынталандырып, инновациялық үдеріске қатысушылардың жеке қасиеттерін, олардың кәсіби деңгейін, жаңа қызмет түріне психологиялық, қосымша педагогикалық жүктемеге даярлықтарын ескеру.

Кейбір ұйымдастыру сәттері: құрылымдық бөлімшелер - мәселе бойынша педагогтердің шығармашылық тобын құру. Педагогикалық ұжыммен әдістемелік жұмыстың белсенді формаларын қолдану (семинар-практикумдар, іскерлік ойындар, мәселелік жағдаяттарды талдау). Кәсіби және әдістемелік құзыреттіліктерін жоғарылатуда әрбір тәрбиешінің жеке-дифференциалды қозғарасын ескере отырып, педагогтің кәсіби өсу бағдарламасын өңдеу.

Мектепке дейінгі ұйымның инновациялық қызметін ақпараттық-әдістемелік сүйемелдеу:

– Мектепке дейінгі ұйымның басым бағыттары мен жаңашылдық тақырыптарына қатысты, озық педагогикалық тәжірибелер бойынша база құру.

– Жаңа технологиялар мен бағдарламаларды енгізген педагогтерді ақпараттық-анықтамалық материалдармен қамтамасыз ету.

– Жоба тақырыптары бойынша көрме, ашық сабақ, әдістемелік материалдар бейнетекасын құру.

Мектепке дейінгі ұйымда инновацияның төмендегідей бағыттары қарастырылады:

Инновациялық үдерістерді ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету: мектепке дейінгі ұйымның дамыту бағдарламалары, бизнес-жоспар, жылдық жоспар және т.б. Жеке және ұжымдық инновациялық педагогикалық жобаларды практикаға енгізу және өңдеу. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне қосымша, тегін және сауықтыру желілерін құру: үйірмелер, студиялар, секциялар.

Мектепке дейінгі ұйымға келмейтін балаларға арналған білім беру қызметтерінің ортасын кеңейту: ақылы білім беру қызметтері, ересек мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке даярлау топтары.

Ата-аналарға арналған кеңес беру, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету пунктін құру. Мектепке дейінгі ұйымның сауықтыру жұмыстарына инновациялық көзқарастар енгізу. Инновациялық қызметтің ғылыми-әдістемелік өнімдері - педагогтердің әдістемелік құралдары мен өңдеулерін, материалдарын ғаламтор желілерінің сайттарына орналастыру; педагогикалық кеңестерге, ғаламтор бірлестіктеріне, форумдарға, ғылыми-практикалық конференцияларға, виртуалды семинарларға қатысу, мастер-класстар өткізу. Білім беру үдерісін ақпараттандыру: мектепке дейінгі ұйым сайтының жұмыстарын, ғаламтор-ресурстары жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады.

Инновациялық қызметті ұйымдастыруды жоспарлаған мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі - бұл сауатты маман, бағдарламаны және әдістемелік шараларды анықтай алатын білімді-адам-бала-және-оның ата-анасымен тіл табыса білетін, қиын жағдаяттардан шыға білетін жақсы психолог. Ол үнемі ізденіс үстінде өз білімін жетілдіріп отыратын, жаңа әдіс жолдарын пайдалануға құштар және жақсы жетілген педагогикалық тәжірибені өз ісіне енгізе білетін шебер адам.

Ф.Н.Жұмабекова мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды пайдалану арқылы тәрбиешінің шығармашылығын дамыту ерекшеліктерін қарастыра отырып, осы іс-әрекеттің жүзеге асуына ықпал ететін факторлардың бірі ретінде танылған тұлға - тәрбиешіге қатысты бірқатар талаптар мен мәселелерді ашу міндетімен қатар олардың бұл жұмысты жүргізуге байланысты дайындығы мен шығармашылығы қандай дәрежеде болу керек деген сұрақтың шешімін табу кезек күттірмейтін мәселе деп, қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді [236]. Өйткені, адамның қоғамдағы алатын орны, атқаратын қызметі, сол қоғамның дамуымен тікелей байланысты. Тәрбиешіде мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды пайдалануда білімнің мынандай сапалық көрсеткіштері болуы керек.

Білімнің толықтығы - мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды пайдалануға қатысты барлық ұғымдар мен түсініктерді меңгеру, теориялық және әдістемелік жағынан дайындығы.

Білімінің тереңдігі - мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды тәрбиелеу мен білім беру үдерісінде пайдалану ерекшеліктеріне мән беріп, олардың өзара байланысын ажырату, ең маңыздысын таңдай білу.

Бірізділік - білім мазмұнын ретімен, мазмұнды біртіндеп күрделендіре отырып оны баланың саналы түрде қабылдауына жағдай жасау, бар білімнің жаңа білім тудыратындығына негіз болатындығын түсіну, оны пайдалана білу.

Жүйелілік - мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды пайдалануда алға қойған мақсаттардың ең негізгісін, одан туындайтын мақсатты, қосымша мақсаттарды анықтай білуі керек.

Нақтылық - бар білімдердің ішінен нақтысын ажыратып, қорытындылай алу.

Зерттеу жұмыстарының тақырыптарын нақтылау, мақсаттар мен міндеттер де осы нақтылықты талап етеді.

Ауқымдылық - мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды пайдалану кезеңдерін ашып көрсете отырып, олардың тізбегін құрастыра білу, жалпы ойды нақтылай алуы.

Жинақылық — мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды пайдалануда білімді жинақы етіп ұсына білуі.

Ғалымдар С.Н.Жиенбаева мен К.Ж.Бұзаубақова «Мектепке дейінгі білім инновациясы» атты еңбектерінде мектепке дейінгі білім беру жүйесінің басым бағыттарын ашып, инновациялық технологиялардың сапалық ерекшеліктерін айқындап, сондай ақ инновациялық технологияны оқу-тәрбие үдерісіне ендіру жолдарын қарастырған [250].

Ғалым К.Ж.Туребаева болашақ педагог мамандарға ақпараттық коммуникациялық технологиялар негізінде білім беру және ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселелерін зерделеп, инновациялық технологиялардың оқу-тәрбие үдерісі үшін маңызды екенін атап өтеді [251].

Р.К.Бекмагамбетова «Ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың инновациялық технологиялары» еңбегінде мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық технологияларды саралап, зерделеген [252].

Ұ.Қ.Қыяқбаева өз зерттеулерінде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке дайындығы мен оның құрылымы мотивациялық, танымдық және белсенділік компоненттерін қамтитын тәрбиешілердің жеке басының интегративті сипаттамасын берген. Сонымен қатар автор инновациядағы субъект ұғымына анықтама беріп, өзін қоршаған ортаны терең танып-білуге және біліміне сүйеніп ортаны өзгертуге ұмтылған, санасы мен ерік-жігері қуатты, алдына қойған мақсатына қарай тіке жүре алатын болашақ маман деп көрсеткен [253].

Ғалым К.М.Беркімбаевтың болашақ педагогтерді инновациялық іс-әрекетке даярлаудың мәні, білім беру технологияларының жаңа түрі-мобильдік оқытудың дамуы туралы бірнеше еңбектері бар [254].

Ал, Г.К.Белгібаева мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін қарастырған болатын [255].


Л.В.Козак «Педагогикалық инноватика - білім берудің жаңа бағыттарын дамыту» атты еңбегінде педагогикалық инноватиканың теориялық және әдіснамалық негіздерін талдаған, педагогикалық инноватиканың объектісі мен пәнін айқындаған, педагогтердің инновациялық кәсіби қызметке қабілеттілігін қалыптастыру мәселелерін жіті зерделеген.

Р.Б.Маженова мектепке дейінгі ұйымдарда арт-терапия мен бейнелеу терапияларын пайдалану мүмкіндіктерін қарастырған. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды саласын дамытуда заманауи педагогикалық технология ретінде арт-терапияны қолданудың мазмұнын ашқан [256].

Ә.С.Әмірова және К.А.Анартаева инновациялық жаңа технологияларды іске асыру барысында төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруды ұсынады:

- Педагогтің педагогикалық кәсіби іс-әрекетіне деген сенімділігі, шығармашылық шеберлігі.
- Тәрбиелеу мен білім беру бағдарламасын таңдау мүмкіндігі.
- Тәрбиенің жеке тұлғаға бағытталған модельге көшуі.
- Балалардың тұлғалық-бағдарлы дамуының ескерілуі.
- Оқу үдерісінің кез-келген кезеңіндегі бала дайындығының іске асырылуы мен кепілдігінің міндеттілігі.
- Оқыту технологиясында пайдаланылатын педагогикалық ақпараттың міндеттілігі.
- Балалардың білімді меңгерудегі танымдық қызығушылығы мен қажеттілігінің ескерілуі.
- Балаларды өздігінен қорытынды жасауға, белсенді іс-әрекетті ұйымдастыруға баулу.
- Оқу үдерісін жобалағанда іс-әрекеттің, оқу материалы мен оқыту материалының дәлелділігінің бірлігі.
- Оқу үдерісінің жобалау технологиясы негізінде іске асырылуы.
- Балалардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру.
- Шығармашылық іс-әрекетті нәтижеге жеткізу [257].

Тәрбиеші балаларға білім мазмұнын меңгертуде, инновациялық технологияларды пайдалану барысында бұл үдерістің айырмашылығын түсініп, қарым-қатынас жасауда «субъект-объект» бағытында емес, «субъект-субъект» бағытын ұстануы маңызды. Яғни, баланы әріптесі ретінде қабылдап, тікелей нұсқаулар мен бұйрықтар беруден алшақ бола отырып, олардың өз ойын, пікірін жасқанбай, қысылмай айтуын қадағалау, қарым-қатынаста демократиялық стилін басшылыққа алуы, инновациялық технологияларды пайдалану оң нәтиже беруі үшін оны дұрыс ұйымдастыру маңызды (14-суретте келтірілген).




Сурет 14 - Мектепке дейінгі ұйымдардағы оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық жолдары

Мектепке дейінгі ұйымдардағы оқыту мен тәрбиелеуді инновациялық қолдауды жаппай қолға алу, оның ғылыми - әдістемелік ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білім беру технологияларын игеру арқылы білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу; оқу процесін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу.

Сондықтан, инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу процесіне енгізу барысы, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді.

Сонымен қатар, біз Н.В.Горбунованың еңбектеріне сүйене отырып, инновациялық іс-әрекетті инновациялық процестің белгілі кезеңдеріне байланыстылығын анықтадық [258]. Инновациялық үдерістің кезеңдерін мына суреттен көруге болады.



Сурет 15 - Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық үдеріс кезеңдері

Мектепке дейінгі ұйымның негізгі субъектісі — тәрбиеші, ол -мектепке дейінгі ұйымдарда баламен тікелей қарым-қатынасқа түсіп, қазіргі таңда тұрақты өзгеріп тұратын әлемге табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасайтын, ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол, ата-аналармен бірлесе отырып, баланың дұрыс өсіп-жетілуін, қалыптасуын белгілі нысанда жүргізетін тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық белігінің бірі деп есептелінеді. Сондықтан топтағы психологиялық ахуал, балалардың өзара қарым-қатынасы, олардың балабақшаға келуге деген ынтасы, тағы да көптеген жағдайлар тәрбиеші жұмысына байланысты.

Инновациялық үдерістің осы кезеңдеріне байланысты инновациялық іс - әрекеттің үш кезеңін атап көрсетуге болады.

Бірінші кезеңде тәрбиеші жаңалықтың қажеттілігін дәлелдеу арқылы жаңалық туралы ақпарат жинайды, одан кейін әртүрлі жаңалықтың ішінен қажетті жаңалықты таңдап алып, оны қолдану туралы шешім қабылдайды.

Содан кейін, тәрбиеші инновациялық іс-әрекеттің екінші кезеңіне көшеді, яғни іске асыру кезеңдерін зерттеп, енгізу жоспарын құрып, жаңалықты

қолданады. Бұл кезеңде тәрбиеші оқу–тәрбие процесіне, жаңалықты енгізуіне кедергі жасап отырған факторларды ескере отырып, өзгерістер енгізеді, жаңалықты уақыты мерзіміне байланысты жұмыстарды өткізеді.

Жаңалықты енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық іс-әрекет үшінші кезеңіне өтеді. Бұл кезеңде тәрбиеші жаңашыл тұрғыда ұйымдастырылған оқу–тәрбие жұмысының нәтижесін көтеруге жасаған ықпалын анықтайды, жаңалықтың оқу – тәрбие жұмысына нәтижелі енгізу шарттарын белгілеп, оны таратуға ұсынады.

О.Г. Хомерики инновациялық іс-әрекеттің оқу-тәрбие процесінің қандай да бір бөлігіне жатқызылуы тұрғысынан мынадай түрлерін бөліп көрсетеді [28]:



Сурет 16- Мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық іс-әрекеттің типтері

Зерттеу жұмысымызда мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық іс-әрекеттің типтерін анықтай келе, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетінің даму картасын құрастырдық. (Қосымша Ж келтірілген). Сонымен қатар, зерттеуімізде мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық іс-әрекеттің бағыттары талданып, кесте түрінде көрсетілді (Кесте 5)

Кесте 5- Мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық іс-әрекеттің бағыттары

Инновациялық іс-әрекеттің бағыттары	Инновациялық іс-әрекеттің мазмұны
Мектеп жасына дейінгі баланы дамыту	Денсаулық сақтау, балалардың дене және психикалық дамуы, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Денсаулық сақтау технологияларын әзірлеу. Балалардың экологиялық-валеологиялық дамуы. Баланың әртүрлі қызмет түрлерінің субъектісі ретінде

5- кестенің жалғасы

	<p>дамуы. Өртүрлі қызмет түрлерінде балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту. Балабақша мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты ұйымдастыру. Адамның адамгершілігінің негізі ретінде жалпы адамгершілік құндылықтар мен гуманистік бағыттылықты қалыптастыру; денсаулық сақтау, мәдениет, білім беру, әлеуметтік сала мекемелерімен әлеуметтік байланыстарды дамыту процесінде ұлттық және интернационалдық тамақтанудың өзара байланысы және т.б. Оңалту даму проблемалары бар балаларды және т.б.</p>
Педагогтер мен мамандардың тұлғалық-кәсіби дамуы	<p>Педагогикалық процесті мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының тұтас дамуының факторы ретінде біріктіру. Балалармен түзету жұмыстарының мазмұны және технологиялары. Отбасымен және әлеуметтік әріптестермен жұмыс. Балабақша мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты ұйымдастыру. Балабақша мен отбасындағы әлеуметтік даму. Дипломнан кейінгі білім беру процесінде білім беру қызметінің субъектілері ретінде педагогтер мен мамандарды дамыту.</p>
Мектепке дейінгі ұйымды басқаруды жетілдіру	<p>Білім беру ұйымдарының жаңа модельдерін құру. Өртүрлі бағыттар бойынша тәрбие мен оқытудың мазмұны мен технологияларындағы сабақтастықты қамтамасыз ететін вариативтік және баламалы білім беру бағдарламалары мен педагогикалық технологияларды әзірлеу және сынақтан өткізу. Пәндік-дамытушы ортаны жобалау. Білім беру процесінде және мектепке дейінгі ұйымды басқаруда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану және т.б.</p>

Мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық іс-әрекеттің бағыттары төмендегі суретте берілді. (Сурет -17)



Сурет 17 - Мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық іс-әрекеттің бағыттары

«Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» элективті курсының оқу барысында студенттер инновация, педагогикалық технологиялар ұғымдарының мәнін, мақсаты мен принциптерін түсінеді; мектепке дейінгі ұйым бағдарламалары жайлы білімдері кеңейеді; мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолданылатын жаңа педагогикалық технологиялардың түрлері жайлы білімдері қалыптасады. Болашақ мамандардың кәсіби іскерлігі мен шығармашылық қабілеттері дамиды, мамандықтарына деген қызығушылықтары артады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының нәтижелерін шығару барысында біз балабақша тәрбиешілерінің инновациялық әлеуетінің деңгейін анықтаған болатынбыз. Бұл мақсатта қолданылған Н.В.Немованың «Педагогтердің жаңашылдыққа бейімділігі» сауалнамасы қолданылды [259] (Қосымша Ж). Сауалнама нәтижелері 3-тарауда келтірілді.

Мектепке дейінгі ұйымының қазіргі тәрбиешісі - тек әдістемелік қолдауды ғана емес, сонымен бірге мектепке дейінгі білім беру құндылықтарын, мектеп жасына дейінгі балалардың жеке көзқарастарын қайта қарастыруға, өзін-өзі дамытуға дайындықты қалыптастыруға, балалармен жұмыс істеудің жаңа түрлерін игеруге деген ынтаны арттыруға ықпал ететін психологиялық қолдауды қажет ететіндігін есте ұстаған жөн.

Жоғарыдағы зерделеулерді жинақтай келе мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру бағыттарын ұсынамыз:

– Инновацияны іс-әрекетті игеруге мотивациялық дайындықты дамыту педагогикалық өзара ынтымақтастықты ұйымдастыруға субъект-субъектілік көзқарас іске асырылатын, диалогтік қарым-қатынас жүзеге асырылатын, ізгі ниет пен сенімділік атмосферасы құрылатын, әрбір тәрбиешінің өмірлік және кәсіби тәжірибесінің бірегейлігі мен ескерілетін, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту процесі ұйымдастырылатын, бағытталады және ынталандырылатын дамытушы ортаны құру кезінде тиімді болады;

– Тәрбиешілермен жұмыстың белсенді нысандарын пайдалану, әдіснамалық білімді түсіну және өзіндік шығармашылық өзін-өзі дамыту траекториясын өз бетінше әзірлеу үшін жағдайлар жасау;

– Іс-шараларға дербестендірілген сипат беру, әрбір тәрбиешіні өз қарқынымен ілгерілету мүмкіндігін қамтамасыз ету, оның жеке мақсаттарын, мүмкіндіктері мен ықтимал қиындықтардың сипатын есепке алу;

– Тәрбиешілердің өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру үдерістері арасындағы, өз қызметін рефлексиялау қабілеті мен оның нәтижелілігі арасындағы өзара байланысты түсінуін қамтамасыз ету;

– Өзара ынтымақтастық нысандарын, тәсілдерін таңдау мүмкіндігін сүйемелдеу, бұл ретте «сүйемелдеу» терминінің өзі таңдауды жүзеге асыруда және шешімдер қабылдауда тәрбиешінің дербестігін баса көрсетеді;

– Сүйемелдеудің кешенділігі, мүдделерінің басымдығы, сүйемелдеудің барлық қатысушыларының өзара ықпалдастығының келісімділігі;

– Әрбір тәрбиешінің шығармашылық өзін-өзі барынша жүзеге асыруы үшін жағдай жасау.

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектеп жасына дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн деп санаймыз.

Келесі параграфта инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлаудың педагогикалық әлеуетін қарастырғанды жөн деп таптық.

2.2 Инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлаудың педагогикалық әлеуеті

Зерттеу жұмысымызда болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби тиімділігі білімнің, дағдының, еңбектің белгілі бір нәтижелерінің жиынтығы ғана емес, теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі емес, сонымен қатар педагогтің тұлғалық, кәсіби маңызды қасиеттерінің жиынтығы деп түсінеміз.

Диссертациялық жұмыста болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби маңызды қасиеттерді кәсіби іс-әрекетті (педагогикалық, ғылыми-зерттеу, кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамыту, әлеуметтік-кәсіби өзара әрекеттесу) тиімді орындауды қамтамасыз ететін және кәсіпті сәтті игеруге ықпал ететін психологиялық-тұлғалық қасиеттер ретінде қарастырамыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына жолдауындағы «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» тармағында педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредитациялаудың жаңа стандартын қабылдау және педагог құзыреттілігінің негіздерін әзірлеу қажеттігі, жоғары сұранысқа ие, жоғары білікті кадрлардың тапшылығын төмендету қажеттілігі бойынша міндеттері көрсетілген. Сол себепті, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби маңызды қасиеттерін анықтау үшін Қазақстанның «Ұлттық біліктілік шеңбері» және «Педагогтің» кәсіби стандарты сияқты нормативтік құжаттардағы көрсетілген қасиеттерге талдау жүргіздік.

Қазақстанның «Ұлттық біліктілік шеңбері» кәсіби іс-әрекетке қажетті барлық құзыреттерді сипаттайтын біліктілік деңгейлерінің жиынтығын білдіретін құжат болып табылады [260].

ЖОО студенттерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту мәселесі бүгінгі қоғам сұранысының қажеттігінен көрініс табады. Ол үшін болашақ мамандар зерттеу мәселелерін шешу деңгейлерін жетік меңгеруі тиіс: мәселені таңдау, мақсаты мен міндеттерін анықтау, әдіс-тәсілдерін қарастыру, таңдап алынған әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру, тәжірибелік-эксперимент жүргізу, нәтижеге қол жеткізу [261].

2019 жылғы Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңының «Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары» атты 7-бабында «Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің ғылыми, инновациялық, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге құқықтары бар» [262], - деп көрсетілген. Аталған заңға сәйкес болашақ мамандарды ЖОО студенттерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың қазіргі жағдайын анықтау үшін жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, жоғары білім беру бағдарламасының мазмұнына талдаулар жасалынды. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны жалпы білім беретін пәндер (ЖБП), базалық пәндер (БП) және бейіндеуші пәндер яғни үш цикл пәндерінен тұратыны нақты көрсетілген. Бұлар: ЖБП циклі міндетті компонент (МК), жоғары оқу орны компоненті (ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды. Әр циклдің көлемін айқындайтын кредит саны берілген (кесте 6).

Кесте 6 - Циклдің көлемін айқындайтын кредит саны

Циклдер	ЖБП/ ООД/ GC	БП/ БД/ CC	БП/ ПД/ MC	
МК/ ОК/ CC	51	0	0	51
ТК/ KB/ OC	5	56	31	92
ЖК/ BK/ UC	0	56	29	85
КА/ ИА/ FC	0	0	12	12
	56	112	72	240

Бейіндеуші пәндер циклі көлемі жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 60 академиялық кредитті құрайды. Онда оқу пәндерін және кәсіптік практика түрлері қоса енгізілген.

Білім беру бағдарламасында білім алушылардың педагогикалық практикасы мен мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеуде оқытылатын жеке пәндерді оқыту әдістемесінде болашақ педагогтердің инновациялық іс-әрекетін дамытуға ықпал ететін мүмкіндіктердің бар екенін айта кеткіміз келеді.

Сонымен қатар, дипломдық жоба – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы, - деп көрсетілген.

Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының жалпы көлемін қамтитын дипломдық жобаны жазу және қорғау түрінде жүргізілетіні нақтыланған. Дипломдық жобаның орнына екі кешенді емтихан тапсыратыны, онда жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек

нарығының талаптарына жауап беретін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттілікті көрсететін талаптар қойылған.

Стандартта көрсетілген дескрипторлар мен бірге студенттердің қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелеріне сүйенеміз: зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру, инновациялық технологияларды және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану т.б.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жасты зияткерлік, тұлғалық әлеуметтік және эмоционалдық дамуын стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту, дамыту ісіне ерекше көңіл бөлді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жеке басын дамыту, білім беру мазмұнының жаңарту, болашақ ұрпақ тәрбиесін жаңа сапалық деңгейге көтеру, балаларды шамадан тыс жүктемеден сақтайтын және білім мазмұнына міндетті минимумы мен бала дайындығына қойылатын талаптар деңгейін белгілейтін мемлекеттік құжат – жаңа стандарт дүниеге келді.

Қолданысқа еніп жатқан нормативті құжаттарға сүйеніп жасалған жаңа бағдарламалар кешенінің мазмұнын іске асыру әрқайсысының жеке бөлімдері мен мақсатты бағыттары бар негізгі білім беру салаларымен тығыз байланысты жұмыстарды қарастырады.

Білім беру салаларының арасындағы байланыстарға негізделген және олардың нақты саласы білім жүйесінің біртұтастығын көрсетіп беретіндей етіп материалдың кіріктірілуі бағдарламалардың өзгеше белгісі болып табылады. Кіріктіру педагогқа балалардың жеке дара ерекшеліктерін, олардың жақын даму аймағын ескере отырып, бір және бірнеше білім саласы шеңберінде мазмұнды үйлестіруге және материалды түрліше түйіндеуге құқық және мүмкіндік береді.

Егер, базалық білім мазмұны тұлғалық-бағдарлылық және жеке-даралық тұрғыдан түзілсе, оқытудың белсенді құралы ретінде ойын пайдаланылса, ал ата-аналар балабақшадағы білім беру процесіне «араласып, ат салысса», онда баланың құзыреттілік дамуының жоғары деңгейіне жетуге болады. Сонымен бірге білім беретін материалды кіріктіру жастық кезеңін бірінен екіншісіне өткенде базалық мазмұнның шоғырлану және бірізділік ұстанымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жаңа стандарт бойынша мектепке дейінгі білім беру мазмұны және мектепке дейінгі салада педагогикалық процесті ұйымдастыру мына бағыттар негізінде өзгертілді.

– мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту және тәрбиелеу нәтижесі ретінде баланың құзыреттілігін қалыптастыру;

– ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кіріктірілуі;

– құзыреттіліктің даму индикаторларына, яғни мектепке дейінгі жастағы баланың біртұтас даму деңгейін зерттеу және қадағалаудың қолданыс құралына сүйеніп, әр баланың жетістігін диагностикалауды іске асыру.

Жаңа стандарттың және бағдарламалар кешенінің құрамына орай қазіргі технологиялық тұрғыдан педагогикалық процестер ұйымдастырылады. Сонда:

– мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалауды іске асырғанда мектепке дейінгі балалардың құзыреттілік дамуының ҚР МДТО МЖМБС-ында көрсетіп берілген деңгейіне сәйкестігін анықтау қажет;

– күтілетін нәтиже ретіндегі мектеп жасына дейінгі баланың түйінді құзыреттіліктері баланың жеке-дара ерекшеліктеріне және қоршаған әлеуметтік ортасына тәуелді де, негізінен оның қабілетін, бастамасын, қарым-қатынастағы және іс-әрекеттегі белсенділігін, өмір тіршілігіндегі және оқудағы түсінерлік әр алуан мәселелерді шешудің оңтайлы нұсқасын таба алуын сипаттайды;

– мектеп жасына дейінгі баланың біртұтас дамуын қадағалаудың аспабы (инструментарий) қызметін баланың құзыреттілік дамуының индикаторы атқарады да, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына және ата-аналарға «қатаң емес» диагностика жүргізуге мүмкіндік береді және баланың білім алу траекториясын түзудің негізіне алынады;

– баланың жас және жеке-дара ерекшеліктерін ескеріп, оның құзыреттілік даму деңгейін қамтамасыз ету, балаларға білім беру қызметін көрсететін әр түрлі типті мектепке дейінгі ұйымдар іс-әрекетінің сапалы диагностикасын және мониторингін жүргізу арқылы тиімді бағалау үшін жағдай туғызу, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қажетті деңгейіне және мектепке дейінгі жастағы балаларға білім беру саласындағы дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес келуіне қол жеткізу сияқты индикатордың қызметін айшықтап көрсетуге болады;

– баланың әр құзыреттілігінің дамуын үш деңгей (бірінші деңгей – бала қандай да бір әрекетті қайта жаңғыртады, екінші деңгей – бала не істегенін түсінеді, үшінші деңгей – бала нені білсе, соны қолданады) бойынша қадағалауға арналған білім беру салалары мазмұнынан туындайтын индикатордың жасалған жүйесін пайдалануға болады;

– мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған бағдарламалар кешенінде келтірілген әртүрлі жастық топтағы балалардың мүмкіндіктері мен тұлғалық сапаларының сипаттамаларын ескеру керек болады [4].

Әр білім саласы бойынша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту бағдарламалары мазмұнды ғана емес, сонымен бірге құралдарды, түрлерді, әдістерді, тәсілдерді, балалардың іс-әрекетін ұйымдастыру және басқару технологиясын, яғни педагогикалық процесті анықтайды, сонда:

– педагогикалық процесс білім беру салалары мазмұны арқылы іске асырылады;

– педагогикалық процесс ұйымдастырудың жеке-дара, кіші топтық және топтық формаларының үйлесімді байланыстарына сүйеніп құрылады;

– педагогикалық процесс қарым-қатынасқа, ойынға, ізденуші-эксперименттік іс-әрекетке, ересектермен және құрдастарымен ынтымақтасуға негізделіп ұйымдастырылады;

– педагогикалық процесс пәнаралық, іс-әрекет аралық өзара әрекеттестік сипатта болады, өздігінен іске асыру және өзін таныту үшін оған қатысушылардың әрқайсысына оңтайлы мүмкіндік туғызады;

– педагогикалық процесс тәрбиешінің жетекшілік рөлін ескереді және ғылым мен практиканың өзара байланысын, педагогикалық процесті болжауды, жобалауды және түзуді, педагогикалық іс-әрекет нәтижесінің объективті диагностикасын көздейді;

– педагогикалық процесс диагностиканың нәтижесіне сүйеніп құрылады;

– бала дамуының жеке-дара траекториясын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Жаңа ҚР МДТО МЖМБС-ын және бағдарламаларды мектепке дейінгі ұйымдарда іске асыру:

– базистік тақырыптық-перспективтік жоспарға сүйеніп жасаған, білім беру салаларын кіріктіретін жұмыс оқу жоспарын пайдаланып күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекетінің бөлінуін (оқу іс-әрекетінің кестесін), күні бойғы педагог пен балалардың іс-әрекетін айқындайтын педагогикалық процестің циклограммасын жасауды;

– жұмыс және перспективтік жоспарға, циклограммаға негізделіп әзірленетін оқу конспектісін жасауды қажет етеді.

Инновациялық үдерістер қазіргі өзгеріп жатқан әлемнің ажырамас сипаттамасына айналды. Бүгінде олар тек экономикалық салаға ғана емес, жалпы қоғам өміріне де тән. Соңғы онжылдықтарда әлеуметтік-мәдени тәжірибелер саласына белсенді түрде тамыр жайған инновациялық үдерістер күнделікті өмірге мықтап еніп, индивидтің белгілі бір тұлғалық қасиеттері мен құндылық бағдарларының қалыптасуына негіз болды. Жаңаны дамыту мен құруға деген ұмтылыс, инновацияларға сезімталдық, креативтілік болып табылатын іс-қимыл тәсілдері мен әлеуметтік-мәдени ортаны жаңартуға дайындық уақыттың негізгі сын-қатерлерінің бірі, қоғамның заманауи тұлғаға қоятын талаптарының бірі болып табылады. Бұл адамның инновациялық қоғамға қосылуына ықпал ететін креативтілік сияқты тұлғалық қасиет, оған жеке бейімделу тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар үдерістердің белсенді қатысушысы ретінде қосылуға ықпал етеді.

Педагог өзінің кәсіби іс-әрекетін атқара отырып, оны жетілдіру қажеттілігін түсінеді. Бұған екі жолмен қол жеткізуге болады: белгілі бір бөлшектерді қосу арқылы іс-әрекет тәсілін жетілдіру немесе бұрынғы позициядан толығымен бас тарту. Салыстырмалы түрде бірдей жағдайда бола отырып, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі инновациялық іс-әрекетке әртүрлі жолдармен кіре алады. Инновациялық іс-әрекетті меңгерудегі айырмашылықтар тұлғаның креативтілік деңгейімен анықталады [263]. Өзгерістерді қабылдағыштық, тәуекелге баруға дайын болу, әртүрлі өзгерістерге икемді жауап беру педагогтің креативтілік қабілетін анықтайды.

Креативтілік, бір жағынан, тұлғаның ішкі туа біткен қасиеті, екінші

жағынан, адам тұлғасына инвестициялаудың ұзақ үдерісінің нәтижесі. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің креативтілік қабілеті тұлғаның ажырамас қасиеті болып табылады, оның құрамына инновациялық әлеует, инновациялық іс-әрекетке дайындық, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу сияқты компоненттер кіреді. Яғни, болашақ педагогтің креативтілігі - бұл дәстүрлі немесе қабылданған ойлау схемаларынан ауытқып, түбегейлі жаңа ерекше идеяларды шығаруға дайын болуымен сипатталатын индивидтің шығармашылық қабілеті, сонымен қатар педагогикалық іс-әрекет үдерісінде туындайтын мәселелерді шешу қабілеті, бұл жеке-сараланған тәсілді жүзеге асырудың диагностикалық қабілеттері, әр білім алушының түрлі тәсілдер мен әдістерді қолдана отырып ынталандыру қабілеті, білім алушылар түсінетін және қабылдайтын мақсатты нақты қоя білу, түрлі педагогикалық технологияларды білу.

Біздің зерттеу жұмысымыздың кезеңдері 2017-2020 жылдарды қамтығанымен, зерттеу барысында біз одан кейінгі жылдардағы мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім бағдарламасын да жетілдіру динамикасын назардан тыс қалдырған емеспіз.

Қазақ қыздар ұлттық педагогикалық университетінің 2022/2023 оқу жылына арналып құрастырылған «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру» бағдарламасын зерделей келе біз өз зерттеуіміздің оңтайлы нәтиже бергенін, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту ерекше серпінмен дамып келе жатқанын аңғардық. Білім бағдарламасының мазмұнындағы білім алушының инновациялық, кәсіби іс-әрекетін дамытуға бағыттайтын бірнеше пәндердің қосылғаны көңіл қуантарлық. Білім беру бағдарламасындағы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың педагогикалық әлеуетін арттыратын пәндер тізбегі төмендегі суретте берілді (Сурет 18.)



Сурет 18 – Білім беру бағдарламасындағы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың педагогикалық әлеуетін арттыратын пәндер тізбегі

Мысалы, «Балабақша мен отбасының өзара әрекет етуінің инновациялық формалары» пәні балабақша мен отбасы ынтымақтастығының инновациялық формаларымен таныстырады. Курс педагогикалық ұжымның отбасымен жұмыс жасау әдістері; ата-аналар дәрісхана; оқыту семинарлары; ата-аналарды балалардың жарыстар, жобалар, іс-шараларға қатысуға тартуға бағытталған. Пән мектеп жасына дейінгі балалар отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату; ата-аналарды МДҰ қызметіне тарту, тәжірибе алмасу бойынша бірлескен жұмысты меңгеруге көмектеседі.

«Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологиялар 1» пәнін игеру студенттердің «инновациялық технологиялар» мәні, түсінігі, инновациялық технологиялардың жіктелуі және мазмұнын; балабақшаның тәрбиелеу-білім беру үдерісінде инновациялық әдістерді жобалау; инновациялық технологиялардың тиімділігін бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін қарастырады. Курсты аяқтағаннан кейін студенттер балабақшада инновациялық технологияларды ұйымдастыру және басқару; тиімді инновациялық қызметке жағдай туғызу дағдыларын меңгереді.

Ал, «Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологиялар 2» пәні білім бағдарламасында альтернатив пән болып енгізілгенін де байқадық. Пән мектепке дейінгі ұйымда инновациялық технологияларды енгізуге бағытталған. Пәнді меңгеру барысында студенттер балабақшаның тәрбиелеу-білім беру үдерісін ұйымдастыруда инновациялық, педагогикалық технологияларды («Фребель сыйы», ӨТШТ, ойын технологиялары, М.Монтессори, ІТ технологиялар, дизайн және т.б.) тәжірибелік, зерттеушілік дағдыларды меңгереді.

Сонымен қатар білім беру бағдарламасында, «Мектепке дейінгі ұйымдағы тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы» пәні білім алушылардың кәсіби іс-әрекетті меңгеру барысында тиімді әсер ететіні анық. Осылайша, тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы баланың жеке басын құрметтеуге негізделген педагогикалық үдерісті ұйымдастыру; технологияны енгізу механизмі; педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға (педагогтің іс-әрекеті, стратегиясы мен тактикасы, қызығушылықтары бойынша іс-шаралар жүйесі, даму проблемалары, балалардың бейімділігі) бағытталған. Студенттердің балалармен, ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнату балаларды қызығушылықтары, даму проблемалары, бейімділіктері бойынша саралай білу дағдыларын қалыптастырады.

«Мектепке дейінгі ұйымдағы жобалау қызметінің технологиясы» пәні студенттердің мектеп жасына дейінгі балалардың жобалау іс-әрекетін зерттеуді, жоспарлау, жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері; жобаның тақырыбы мен түрін таңдау; мектеп жасына дейінгі балалардың жобалау әрекеттерін меңгеру кезеңдерін; жоба өнімдерін анықтауға бағытталған. Жобаны дайындау, презентацияны көрсету және қорғау алгоритмі қарастырылады. Электрондық ресурстарды құрастырады. Студенттер курс соңында мектеп жасына дейінгі балалардың жобалау іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістемесін, практикалық тәжірибесін меңгереді.

«Педагогтің кәсіби қызметінің практикумы» пәні МДҰ педагогінің ерте, мектепке дейінгі дамыту, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамытуда педагогикалық үдерісті қамтамасыз ету, өзіндік іс-тәжірибелерін зерттеу арқылы балалардың бастамашылдық, шығармашылық, қарым-қатынас жасауда заманауи әдістерді меңгертуге, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Курс соңында студенттердің мектеп жасына дейінгі балалардың жетістіктерін диагностикалау және мониторингілеуді жүзеге асыру, зерттеу дағдылары дамиды.

Білім бағдарламасының мазмұнындағы бұл пәндердің әрқайсысы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетке даярлауды дамытудың негізі бола алатынына көз жеткіздік.

Жоғарыдағы талданған білім беру бағдарламасын көрсеткішін төмендегі сурет бойынша ұсынамыз. (Сурет 19.)



Сурет 19 - Білім беру бағдарламасының мазмұнының модуль атаулары

Жоғарыдағы талданған мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының түлектерінің атрибуттарын төмендегі сурет бойынша ұсынамыз.



Сурет 20 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының түлектерінің атрибуттары

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарды талдау, келесі түйіндерді жасауға мүмкіндік берді:

1. Қазақстанның «Ұлттық біліктілік шеңберінде» және «Педагогтің» кәсіби стандартында көрсетілген тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер: білім алушының тұлғасын құрметтеу; басқа сенімдерге, әлем мен дәстүрлерге деген көзқарастарына толеранттылық білдіру; мәдени алуан түрлілігіне ашықтығы; икемділігі, бейімделу қабілеті, тұлға құндылықтарын, тіл мен коммуникацияны түсіну; өз бетімен білім алу, талдамалық және сыни ойлау дағдылары; коммуникативтік және тілдік дағдылары; ынтымақтастық дағдылары, дауларды шешу қабілеті; кәсіби іс-әрекетке қажетті жаңа білімді өз бетінше алуға дайын болу; академиялық және кәсіби ортадағы ғылыми пікірталастарға қатысу, сондай-ақ түрлі деңгейдегі академиялық басылымдарда бастапқы зерттеу нәтижелерін жариялау қабілеті; кәсіби әрекет нәтижелері үшін жауапкершілікті өз мойнына алу қабілеті; мемлекеттік және басқа тілдерде табысты және жағымды іскерлік қарым-қатынас жасау қабілеті; коммуникабельділік, толеранттылық, шешендік шеберлік; оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін, нысандары мен құралдарын әзірлеу мен қолданудағы белсенділіктің жоғары дәрежесі.

2. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алатынына көз жеткіздік:

- білім беру (педагогикалық);
- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және жеке тұлғаны қалыптастыру;
- мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру процесін басқару;
- педагогикалық қызмет нәтижелерін болжау, түзету, диагностика;
- мектепке дейінгі білім беру саласындағы озық тәжірибені зерделеу, қорыту, тарату.

3. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы

бойынша білім бакалаврының жұмысқа орналасу мүмкіндіктері зерделеніп, анықталды. Олар:

- мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеші;
- мектепке дейінгі дамыту орталығындағы педагог;
- қосымша білім беру педагогы;
- жалпы білім беретін мектептің мектепалды сыныбының мұғалімі;
- педагогикалық колледждің оқытушысы;
- білім беруді басқару департаментінде және педагогикалық кадрлардың

біліктілігін арттыру институттарында жетекші маман.

Дегенмен де, жылдан жылға білім мазмұнының жаңартылуы, түрлі реформаларды да болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлауға оң әсерін тигізіп жатқаны да анық жағдай.

Қазіргі кезде «реформа» термині біздің өмірімізге толыққанды еніп, барлық салаларда кеңінен қолданыла бастады. Бұл сөздің этимологиялық төркіні латын тіліндегі *reformare* – өзгеріс енгізу деген сөзден тарайды, белгілі бір саланы өзгерту, қайта құру, жаңғырту деген мағынада қолданылады.

Білім беру саласындағы реформалар – білім беру ұйымдарының және оларды басқару жүйесінің қызмет атқаруын, дамуы мен өзін-өзі дамытуын түбегейлі өзгертуге және жетілдіруге бағытталған жаңашыл өзгерістер енгізу жүйесі (Педагогикалық сөздік).

Білім берудегі реформа – білім беру сапасын жақсарту және өзгеріс енгізу мақсатында білім беру жүйесін (ішкі жүйелерін, деңгейлерін), оның мақсаттары мен мазмұнын, құрылымы мен жұмыс тетіктерін өзгертуге бағытталған іс-шаралар (заңнамалық, құқықтық, басқарушылық-қаржылық, кадрлық, ұйымдастырушылық-педагогикалық) (В.А. Капранова [264]).

Білім беруді модернизациялау – білім беру қызметтерін жаңарту, олардың қолжетімділігі мен сапасын жақсарту, білім беру ұйымдарының тиімділігін арттыру, білім беру саласын басқаруды жетілдіру мақсатында білім беру жүйесін (құрылымын, ұйымдастыру және басқару принциптерін, институционалдық ортаны) жетілдіруге бағытталған ұзақ мерзімді, орта мерзімді және жедел шаралардың кешенді жүйесі.

Қазақстандағы білім беру реформаларының негізгі мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Жалпы алғанда, елдегі білім беруді дамыту бағдарламалық негізде жүзеге асырылады.

Қолданылып жүрген оқу бағдарламаларына талдау жасау олардың әртүрлі жастағы балалармен жұмыс жүргізуде үздіксіздік пен сабақтастықты толық қамтамасыз ете алмайтынын көрсетті. Әртүрлі педагогикалық тәсілдемелер немесе әдістемелер баланың жүйелі дамуындағы сабақтастыққа кедергі келтіріп, әртүрлі оқу бағдарламалары мен әдістемелер қолданылатын бір топтан екінші топқа ауысуын қиындатуы мүмкін (ЭЫДҰ, 2006; 2012). Ерте жастағы балалар үшін жүйелілік аса маңызды даму аспектілерінің бірі болып табылады: тұрақты қалыптасқан орта мен біртұтас жүйе балалардың танымдық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды игеруіне оң ықпал етеді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, «егер бала әрбір бірнеше жыл сайын әртүрлі оқу

бағдарламалары мен оқыту әдістеріне ауыса беретін болса, оқудағы сабақтастық бұзылады». Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың барлық жас топтарына (бастауыш мектепке ауысқанға дейінгі) арналған келісілген оқу бағдарламасы баланың біртұтас және үздіксіз дамуын қамтамасыз ете алады (ЭЫДҰ, 2012). Сонымен қатар тәрбиелеу мен оқыту үдерісін жан-жақты және икемді ұйымдастыру мақсатында оқу үдерісін тиімді кіріктіру қажет. Кіріктірілген оқу бағдарламасы тәрбиелеу мен оқытудың анағұрлым терең және күрделі мәселелерін шешуге, балалардың физикалық және ақыл-ой қабілеттерін өзара тығыз және динамикалық қарым- қатынаста дамытуға қабілетті (Taguma, Litjens and Makowiecki, 2013)

Оқу бағдарламасы ЭЫДҰ елдері оқу бағдарламаларымен салыстырғанда ұсынымдық сипатта болып, педагогтердің әрбір баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында белгілі бір инновациялық тәсілдемелерді іске асыруына немесе оқу бағдарламаларын бейімдеуіне шектеулі мүмкіндіктер береді.

ЭЫДҰ елдері бірыңғай ұлттық бағдарламаны енгізу кіші жастағы балаларды тәрбиелеу және оқытудың мақсаты мен міндеттеріне қатысты келісімге келуге мүмкіндік беретінін атап көрсетті (ЭЫДҰ, 2012; 2015). Сонымен қатар ең қарапайым критерийлер белгіленіп (мысалы, педагог пен баланың қарым-қатынасы; педагогтерді даярлау және орналастыру), педагог қызметінің күрделілігі мен маңыздылығы көрсетілуі арқылы осы саланың мәртебесін арттыруға назар аударылады. Сондай-ақ оқу бағдарламасы педагог кадрларға қойылатын негізгі талаптарды, бастапқы дайындығын, біліктілікті арттыру және үздіксіз білім алу жүйесін қалыптастыруға қатысты нұсқауларды қамтиды (ЭЫДҰ, 2001).

Гриффин және басқа авторлар (Griffin, P. , McGaw, B [265]. and Care, E. [266],) жаңартылған білім беру стандарттары оқу бағдарламалары жаңартылған кезде ғана айқын байқалады деп санайды. Ұлыбритания, Германия, Норвегия, Сингапур және Австралия сияқты елдерде оқу бағдарламалары бойынша оқу-әдістемелік кешендер құрастыру арқылы педагогтер мен балаларға арналған нақты белгіленген күтілетін нәтижелер бар. Бұл тәсілдеме Қазақстандағы барлық мектепке дейінгі және жалпы білім беретін мектептер үшін күтілетін нәтижелерді анықтауда қолданылған. Балалардың қандай білім мен біліктерді меңгеруі тиіс екендігін анықтауда нақтылықтың болуы бүкіл ел деңгейінде тұрақты жоғары күтілетін нәтижелерді қамтамасыз етуге, сонымен қатар педагогтерге оқу бағдарламаларын тиімді жүзеге асыру және білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін сақтауға көмектеседі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған оқу бағдарламасы оқыту балалардың академиялық дағдыларын дамытуға ғана бағытталмауы керектігінің маңыздылығы туралы түсініктің артқанын көрсетеді, сонымен қатар педагогтерде ол бағдарламаларды жүзеге асыруда инновациялық педагогикалық тәсілдемелерді тиімді қолдану қажеттілігін туғызады. Бұл жағдайда педагогтер оқу бағдарламасын балалардың үздіксіз біртұтас дамуын ынталандыру үшін мектепке дейінгі оқытудың барлық жастағы санаттарына арналған біртұтас үздіксіз кешенді білім беру шеңберлерін құрастыруға негіз ретінде қолдана

алады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартын жаңартуға ғылыми-педагогикалық қауымдастықтың және ата-аналардың тарапынан болған ұсыныстар негіз болды.

7-кестеде заманауи мектепке дейінгі білім беру мазмұнының ерекшеліктері ұсынылған.

Кесте 7- Заманауи мектепке дейінгі білім беру мазмұнының ерекшеліктері

Дәстүрлі мазмұн	Жаңа мазмұн	Салыстыру көрсеткіштері
Негізгі ақпарат көзі	Зерттеуші, жоба жетекшісі, тьютор	Педагогтің рөлі
Ойын түрінде	Нәтижеге жетуге бағытталған ойындармен тапсырмалар	Негізгі іс-әрекет
Оқу	Ересек пен баланың бірлескен іс-әрекеті	Білім беру үдерісін ұйымдастырудың негізгі моделі
Сабақ	Баланың өз бетінше әрекеті, баланың іс-әрекетін бақылау, зерттеу, эксперимент жүргізу, талқылау, топтама жинау, жобаларды жүзеге асыру, шеберхана және т.б.	Балалармен жұмыс жүргізудің негізгі түрі
Оқытудың дәстүрлі әдістерін пайдалану (ішінара проблемалық-ізденіс әдістерін қолдану)	Оқытудың белсенді және интербелсенді әдістерін қолдану (ішінара дәстүрлі әдістерді қолдану)	Оқыту әдістері
Әдетте балалардың оқу әрекетіне қызығушылығымен байланысты емес. Сабақ педагогтің беделіне негізделеді.	Іс-әрекеттің алуан түрлерін ұйымдастыру сипатында іске асырылатын оқыту мотивациялары бріншікезекте балалардың осы іс-әрекет түрлеріне қызығушылығымен байланысты.	Оқыту мотивациясы
Көп жағдайда реттелген. Педагогтің әзірлеген жоспарына сүйенеді	Білім беру үдерісі балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеру негізінде жоспарларға, бағдарламаларға өзгерістер (түзетулер) енгізуді қарастырады.	Білім беру үдерісі
Нақты бағдарлардың болмауы	Индикаторлар құрастырылған.	Бақылау және мониторинг

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі ұйымда инновациялық қызметті ұйымдастыру және ұстау проблемасының өзектілігі ешкімде күмән тудырмайды. Инновациялық үдерістер мектепке дейінгі білім беруді дамытудағы заңдылық болып табылады және мекеме жұмысындағы айтарлықтай сипатқа ие өзгерістерге жатады, оның қызметкерлерінің қызмет түріндегі және ойлау стиліндегі өзгерістермен қоса жүреді, енгізу ортасына жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға ауысуын тудыратын жаңа тұрақты элементтерді (жаңалықтарды) енгізеді

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды трансформациялау жағдайында кәсіби құзыретті, инновациялық әрекетке дайын, көшбасшылық қасиетке, икемді дағдыларға ие, балалардың дамуын қамтамасыз етуге қабілетті мамандарды даярлау бүгінгі күндегі ЖОО орындарының басты міндеттеріне айналып отыр.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне өмір бойы білім алу ұстанымымен біліктілікті жаңартып тұрудың маңызы зор. Мектепке дейінгі ұйымның көбеюіне байланысты өз кезегінде қашықтан оқыту негізінде студенттерінің келуі жоғары болғанын осы уақытқа дейін байқаған болатынбыз. Осындай жағдайларды ескеріп, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті 15 кредит есебінде «мектепке дейінгі ұйым менеджері» қосымша білім беру бағдарламасы бойынша мамандандыру жүргізіліп жатыр.

Жоғары оқу орнында маман дайындаудың түпкі мақсаты деп санаймыз – кәсіби арқылы көрінетін құзыреттілік студенттің бағыттылығы, оның білімі, дайындығы мен қабілеті мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасау біліктілігі. Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуге бейімділік, қабілеттілік жас, біздің ойымызша, тәрбиешінің мектеп жасына дейінгі балалармен педагогикалық іс-әрекетті тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін және оларды тәрбиелеу үдерісінде нәтижеге жетуге ықпал ететін тұлғалық маңызды, кәсіби қасиеттерін қалыптастыруды білдіреді.

Мектеп жасына дейінгі балалармен оңтайлы қарым-қатынас қабылданған, тұлғаға бағытталған. Тұлғаға бағытталған өзара әрекеттестік тәрбиешінің тұлғасына ерекше талаптар қояды. Олардың ең маңыздылары: эмоционалдылық, басқа адамды оң қабылдау, кәсіби білім мен дағдыларды меңгеру. Біз мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеу күрделі медициналық–психологиялық–педагогикалық мәселе, адамның қоғамның ең жоғары құндылығы ретіндегі, жеке тұлғаның әлеуметтік, белсенділік мәні туралы теориялық ұстанымына негізделген. Сондықтан студенттерді мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуге дайындаудың бүкіл үдерісі олардың балалардың жасына байланысты психологиялық–педагогикалық ерекшеліктерін білуіне негізделуі керек.

Осыдан келіп, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығының әлеуетін жетілдіру үшін ұсыныстарымыз:

- болашақ тәрбиешілердің инновациялық біліктер және дағдылармен, кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктерінің қалыптасуы мен дамуының негізгі

факторы болып табылатын инновациялық тәсілдермен қарулануы үшін педагогикалық зерттеу жұмысын жүргізудің оқу-әдістемелік кешенін дайындау;

- кәсіби құндылықтарды қалыптастыру, инновациялық іс-әрекетке қажет болатын кәсіби қабілеттерді дамыту;

- инновациялық іс-әрекетке, білім алушыларды оқыту сапасын көтеруге деген қызығушылықпен байланысты мотивтерді, қажеттіліктерді дамыту;

- инновациялық іс-әрекеттің қалыптасуы мен дамуы;

- өзіндік инновациялық іс-әрекетінің біліктерін дамыту.

Жоғарыдағы мәліметтерді зерделей келе, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың бірнеше педагогикалық әлеуетін көре алдық (Кесте 8).

Кесте 8 - Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың педагогикалық әлеуеті

№	Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың педагогикалық әлеуеті	Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетін дамытудағы педагогикалық әлеуетінің маңыздылығы
1	Мотивациялық әлеует	Тиімді инновациялық іс-әрекетті қамтамасыз етіп қана қоймай, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетті қалыптастыруға себепші болатын инновациялық технологияларды игертуге студенттер дайындығының сапалы әлеуетін арттырады. Мотивациялық әлеует студенттердің теориялық және практикалық білімдерінің тоғысында қалыптасады және инновациялық іс-әрекетке дайындық деңгейі түрінде көрінеді
2	Әдістемелік әлеует	Жоғары оқу орындарында оқыту және педагогикалық практикадан өту кезінде студенттердің инновациялық іс-әрекетін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және даярлау әлеуетін дамытады.
3	Кәсіби әлеует	Кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің құраушысы ретіндегі инновациялық іс-әрекетті дамыту әлеуетін жетілдіреді. Студенттердің инновациялық іс-әрекетінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін инновациялық біліктер және дағдылар жүйесін дамыту әлеуетін жүйелейді.
4	Шығармашылық әлеует	Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің шығармашылық және кәсіби-педагогикалық қабілеттерін дамыту әлеуетін айқындайды.
5	Инновациялық әлеует	Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын жүзеге асыру әлеуетін дамытады.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың педагогикалық әлеуетін төмендегі суретте берілді.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың педагогикалық әлеуеті



Сурет 21– Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың педагогикалық әлеуеті.

Айта кету керек, әрбір болашақ тәрбиешінің инновациялық әлеуетін іс жүзінде іске асыру білім беру саласында инновациялық идеяларды, жобаларды іске асыруға қабілетті болған кезде барынша нәтижелі болады.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың педагогикалық әлеуеті төмендегі жағдайларға мүмкіндік береді:

- инновациялық әлеуетті дамыту;
- педагогтің процестегі құндылық бағдарларын түсіну;
- инновациялық қызметтің мағынасын табу;
- болашақ педагогтерді мақсатты тәжірибеге бағдарланған инновациялық қызметке белсенді қосу;
- инновациялық шешімдердің сапасын арттыру.

Қорытындылай келе, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың педагогикалық әлеуеті - тиімді педагогикалық қызметтің шарты, кәсіби әрекет пен жетілдірудің көрсеткіші, шығармашылық, инновациялық өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі деген тұжырым жасаймыз.

Келесі параграфта болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін талдауды жөн деп есептейміз.

2.3 Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық- мазмұндық моделі

Қазіргі кезеңде Республикасызда мектепке дейінгі білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл мектепке дейінгі педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі білім беру парадигмасының өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуында.

Жоғары білім беру жүйесін реформалаудың негізгі мақсаты – экономиканың инновациялық дамуға ықпалын тигізетін және бәсекеге қабілетті кадрлар дайындауды қамтамасыз ететін жоғары білім беру сапасына қол жеткізу болып отыр.

Болон декларациясында атап көрсеткендей, қазіргі зияткерлік (интеллектуалдық) талаптарға, әлемдік стандарттар мен еліміздің даму стратегиясына сай келетін бәсекеге лайықты мамандарды дайындау [267].

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби деңгейін ұдайы көтеріп отыру, олардың теориялық білімі мен әдістемелік білігін үздіксіз жетілдіру, оқытудың озық инновациялық әдіс-тәсілдерімен қаруландыра отырып, шығармашылық жұмыстарына жол көрсету, яғни тәрбиеші-педагог мамандығын жетілдіру бүгінгі күннің басты талабы.

Педагогикалық зерттеу объектісінің күрделілігі, сарқылмастығы, шексіздігі оның мәніне, ішкі құрылымы мен динамикасына ену үшін зерттеу үшін қарапайым аналогтарды іздеуді қажет етеді. Құрылымы жағынан қарапайым және зерттеуге қолжетімді нысан прототип (түпнұсқа) деп аталатын күрделірек объектінің үлгісіне айналады. Ол үлгіні пайдалану кезінде алынған ақпаратты прототипке ұқсастықпен тасымалдау мүмкіндігін ашады. Бұл теориялық деңгей әдістерінің бірі – модельдеу әдісінің мәні болып табылады.

Т.К.Чмут «Адамның тұтас әрекетінің құрамдас бөлігі қарым-қатынас құзыреттілігі. Ол қандай да болмасын қарым-қатынас туралы белгілі мөлшердегі білімді құрайды», - деп ой түйіндеген [268]. Біз автордың болашақ мамандардың педагогикалық мәдениет, такт, этикасының негізі болып табылатын коммуникативтік құзыреттіліктің білім негізінде қалыптасады, - деген пікірін қолдаймыз.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту мәселесін зерттеу барысында бірнеше бағыт-бағдарды анықтадық. Сол бағыттарға талдау жасайық:

- бірінші бағыт, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің теориялық білім жүйесі мен мазмұнын анықтайтын кәсіби көрсеткішін жасаумен сипатталады. Сонымен қатар оқыту үдерісін ұйымдастыруға қажетті педагогикалық іскерлік пен дағдыларды меңгеруі тиіс. Осылардың негізінде педагогикалық жоғары оқу орындарында мамандарды дайындау барысында жаңа маманның құрылымдық үлгісін байқаймыз. Осы бағыттағы кәсіби көрсеткіштерді жасаумен қатар кәсіби дайындық үдерісіндегі болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің жеке тұлғалық сапасы мен дайындық мәселелерінің қалыптасуы зерттеледі. Педагогикалық іскерлігінің қалыптасуы

оқыту үдерісін басқару ретінде қарастырылады және басқару фазалары (диагностика, мақсат тұту, жоспарлау, практикалық шешім қабылдау, қорытынды сұрыптау) бойынша теориялық білім мен педагогикалық іскерлік шеңбері жасалады;

- екінші бағыт, педагогикалық қызметтің құрылымдарын зерттеумен сипатталады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инновациялық іс-әрекетін дамыту бойынша жүргізілген зерттеулер педагог қызметінің келесі құрылымдарын анықтап берді;

- үшінші бағыт, жеке қызмет түрлері бойынша теориялық білім мақсаты, міндеттері, мазмұны, ұстанымдары мен әдістері, технологиялары, ұйымдастыру формалары, күтілетін нәтижелермен сипатталуы болып табылады.

Педагог үлгісі мен оның біліктілік сипаттамасы туралы көріністерді айқындау оның кәсіби іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық сипаты. Сондықтан да, ол педагогикалық оқу орындары мен университеттерді бітіруші түлектер қызметінің үлгісін нақтылап беріп, жинақы түрге және бір қалыпқа келтіреді және сол мақсатқа жетуі үшін соған сәйкес нормативті талаптар мен бағалау көрсеткішінің сәйкес тиімділігін жасайды.

Маман үлгісі деген түсінік және оған тығыз байланыстағы жоғары білімі бар маманның біліктілік сипаттамасы түсінігі білім беру мазмұнын және оны таңдаудың негізі мен құрылымдарын ашады. Маман үлгісінде тек қана оның жеке жақтары мен сипаты ғана емес, олардың оқу-тәрбие үдерісі нәтижесіндегі алған жетістіктер және жоғары оқу орны қызметіндегі практикалық үдеріске қажеттілігін көрсететін мамандардың білімділігі мен қабілеттіліктері жатады.

Қазіргі кезде үлгі ұғымын материалдық немесе тұжырымдамалық жүйе ретінде түсіндіреді:

- біріншіден, қандайда бір формада түп нұсқаның маңызды қасиеттері мен қарым-қатынасын бейнелеп, көрсетеді;

- екіншіден, нақты берілген мағынада оның орнын басады;

- үшіншіден, түп нұсқа туралы жаңа ақпарат ұсынады.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлау оқыту үдерісінде іске асырылады. Әртүрлі абстракциялық бағыттағы және объективті шындыққа жақындаудың көмегімен адамның миына объективті дүниенің шағылысуының бір тәсілі ол – үлгілеу болып саналады. Философиялық көзқарас тұрғысынан ол, заттар мен ақиқат құбылысты тануды жеңілдететін ықшамдау тәсілінің дамуы сияқты сипатталады.

Ғылыми зерттеулерде үлгі – оқыту мен оқу үдерісін зерттеудің әдістері мен тәсілдері жүйесіндегі қажетті бөлік дегенмен оның тиімді қолданылуы зерттеу әдістерінің барлық жиынтығын пайдалануға байланысты болады.

Үлгі - әрі шындықты бейнелеу түрі, әрі жинақталған мәліметтерді жинақтау мен білімді ары қарай дамытуға қажетті танымдық әдіс ретінде қарастырылады.

Зерттеу жұмыстарында «үлгі» термині мынадай мағыналарды береді:

- үлгіні құру немесе таңдау жөніндегі әрекеттер және объект туралы білім алу мақсатында оларды зерттеу;

- кез-келген құбылыстар мен үдерістерді жанама зерттеу әдісі. Педагогикалық деңгейде зерттеу жұмысының негізінде құрылған үлгі нәтижесінде педагогикалық жағынан мақсатты құрылған әрекеттердің бірізділігі мен жүйесі түрінде бейнеленуін аламыз, бұл әрекеттер қойылған болжамның дұрыстығын немесе бұрыстығын шешуге алып келеді.

Үлгі – оқыту үдерісі мен оқытуды зерттеудің мақсаты, міндеттері, мазмұны, құралдары және әдістері, технологиялары, ұстанымдары, компоненттерін жүйелейтін буын. Зерттеу аясында құрылған үлгі белгіленген нәтижеге жету үшін оның барлық жиынтығын дұрыс пайдалану керек.

У.Э.Эшиби бойынша, үлгі дегеніміз – зерттеу әдісі ретінде алғанда біршама қиын және қарама-қайшылықтарға толы үдеріс ретінде сипатталады [269].

Л.А.Беляеваның пікірінше, үлгі құрудың мазмұнды жақтарын анықтай отырып, үлгіні бағалаудың келесі өлшемдерін бөліп көрсетеді:

- объектілік аймақтар арасындағы тәуелділікті анықтайтын, байланыстылық;

- үлгілендіретін объектіні қадағалау және тіркеу мүмкіндігі, яғни бақылаушылық;

- тұрақтылық (көрсетулік және техникалық).

«Үлгілік білім беру» түсінігі мен идеясы алғаш рет ХХ ғасырдың 60-шы жылдары АҚШ-да, Ұлыбританияда пайда болды. Сол кезде білім алушыларға берілген білім материалдарында әрекеттердің мақсатқа сай негіздері, ақпараттар қоры және алған қойылған білім алу міндеттеріне қол жеткізудің әдістемелік құралы болса, онда оқу бағдарламасы шеңберінде білім алушылар білім материалдарымен өздігінен жұмыс істей алады деген болжам айтылған еді [270].

Авторлардың пікірлерін қорытатын болсақ, үлгі түсінігі шындықтың белгілі бір тұстарын тереңірек түсіну мақсатында көрсету құралы ретінде анықталады. Мұнда үдерістің өзгермелі табиғаты бір қалыптан екінші қалыпқа, бір элементтен басқасына көшу ретінде анықталады.

Үлгінің негізі – зерттелетін объекті мен оның үлгісі арасындағы белгілі бір сәйкестік.

Үлгі – бұл сызба, физикалық құрылымдар, таңбалық түрдегі немесе формула түрінде зерттелетін объектінің (немесе құбылыстарына) келешекте қажеттігі үшін құрылған жасанды объект, ол бұл объектінің элементтері арасындағы өзара байланысын және қатынасын қарапайым түрде жалпылама қамтылған құрылым түрінде бейнелеп, суреттейді.

Мұнда өлшемдер жалпы (мақсатты құруда тіркелетін талаптарды көрсетеді және соңғы нәтижелерді диагностикалау үшін қолданылады) және жеке деп (үдерістің нақты міндеттерін көрсетеді және аралық нәтижелерді талдауға қолданылады) бөлінеді.

Ш.Т.Таубаева «Өлшем – білім алушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, қалыптастыруда жеткен жетістіктердің белгіленуін салыстыратын ғылыми негізделген эталондар көрсеткіші», – деген анықтама берген. Автор сонымен қатар көрсеткіш – тұлғаның даму үдерісін сипаттайтын деңгейі, оның

оқытылуы, тәрбиелілігі визуальды бақылануы және білім алушының тәжірибесінде қалыптасқан білімі, дағдысы, іскерлігі, тәртібінің белгіленген мөлшерде жүзеге асырылуы, – деген анықтама берген [26]. Бұл бізге болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың құрылымын анықтай алатын өлшемдерді нақтылауға мүмкіндік берді.

Үлгілеу – жаңа білім алу, зерттеу объектілерінің сипаттамаларын жақсарту немесе оларды басқару мақсатында модельдерді құру және зерттеуге негізделген құбылыстарды, үдерістерді, объектілерді, құрылғыларды немесе жүйелерді (жалпы – зерттеу объектілерін) ғылыми зерттеу әдісі. Бұл зерттеудің жалпы ғылыми әдісі, онда таным объектісінің өзі зерттелмейді, оның модель деп аталатын түрдегі бейнесі, бірақ зерттеу нәтижесі үлгіден объектіге ауыстырылады (А.А.Киверялг [271]).

Таным әдістерінің бірі, басқа объектіні зерттеудің көмегімен, кейбір жағынан біріншіге ұқсас, кейіннен зерттеу нәтижелерін бірінші объектіге көшіру арқылы жүзеге асырылады. Бұл екінші нысан біріншінің моделі деп аталады. Демек, модельдеу – модельді құру немесе олардың үлгілері бойынша білім объектілерін зерттеу үдерісі.

Үлгі – өлшем, үлгі, норма. Түпнұсқаның ойша (абстрактілі), символдық (математикалық, сипаттамалық, графикалық) немесе материалдық бейнесін осылай аталып, модель білімдегі немесе тәжірибедегі түпнұсқаның «алмастырушысы» болып табылады. Модель материалдың ең маңызды қасиеттерін жай ғана көрсететін материалдық объект немесе кескін (психикалық немесе шартты: гипотеза, идея, абстракция, кескін, сипаттама, диаграмма, формула, сызба, жоспар, алгоритм блок–схемасы және т.б.) ретінде ұсынылуы мүмкін. Осылайша, кез келген модель әрқашан нақты объектіге қарағанда қарапайым және оның ең маңызды белгілерінің, негізгі элементтері мен байланыстарының бір бөлігін ғана көрсетеді. Сол себепті, бір зерттеу объектісі үшін көптеген әртүрлі модельдер бар. Мектепке дейінгі тәрбиешілерді олардың кәсіби іс-әрекеті контекстінде дидактикалық дайындығын модельдеу құрылып жатқан модельдің түрі мен гносеологиялық функцияларын, сондай-ақ оны құру кезеңдерін анықтауды талап етті.

Зерттеушілер модельдеудің танымалдылығының өсуінің себептерін қазіргі ғылыми білімнің ерекшеліктерімен байланыстырады. Қазіргі ғылымның ерекшелігі оның жетекші салаларында теориялық білімнің рөлінің артуы болып табылады [272].

Зерттеу жұмысымызда болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуды модельдеу үдерісін талдау арқылы, оның негізгі кезеңдерін анықтадық және мазмұны мен өзара байланысын айқындадық.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың құрылымында мотивациялық компонент іргелі болып табылады, оның мәні мынада: «жеке тұлғаға бағытталған өзара әрекеттестік» категориясының мотивациялық тағайындалуында тәрбиешінің тұлғасы мен іс-әрекетіне оң әсер етіп, өз кезегінде оны білім беру мен


тәрбиелеу стратегиясын ізгілендіруге ынталандырады. Тағы бір аспект – қажеттілік – студенттің балалармен қарым–қатынасқа түсуге, олардың іс-әрекетіне айқын жауап беруге және олардың назарын өзіне және іс-әрекетіне аударуға ұмтылуынан көрінеді, олардың реакцияларына сәйкес мінез–құлқының кейіннен өзгеруі, сонымен қатар студенттің оның сезімдік мотиві негізінде балалармен бірлескен серіктестік әрекетті ұйымдастыру. Дәл осы мотивациялық компонентінің мазмұны болашақ тәрбиешінің кәсіби және тұлғалық мәдениетінің негізін қалайды және оның әрі қарай кәсіби өсуіне жағдай жасайды. Өз кезегінде, бұл құрамдастың қалыптасуы балалармен жұмыс істеуге психологиялық қатынастың жиынтығын, кәсіби бағытталған мотивтер мен қабілеттерді, кәсіби қызығушылықтар мен жеке қасиеттерді, сонымен қатар кәсіби өзін-өзі тануды қамтитын кәсіби бағдарды дамыту арқылы жүзеге асырылады. Болашақ тәрбиешінің мотивациялық саласының қалыптасуының нәтижесі оның тұлға құрылымында балалармен қарым–қатынас жасауға ынталандыратын белсенділік пен бастамашылық сияқты қасиеттердің пайда болуы болып табылады.

Осылайша, кәсіби дайындықты қалыптастырудың келесі кезеңіне өтуге және инновациялық іс-әрекетті дамытуға жағдай жасалады. Мотивациялық компоненттен мазмұндық компонентке өтудің ынталандырушы факторларына зейіннің кәсіби бағдары, студенттің қабылдауының, есте сақтауының, ойлауының ерекшеліктері жатады, олар кәсіби білімнің кейінгі құрамдастарының дамуының психологиялық негізін құрайды.

Ендеше, зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқындау үшін әрбір компонентті жеке қарастырайық:

Мотивациялық компонент балалармен оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыратын заманауи білім беру технологияларына болашақ тәрбиешілер арасында қызығушылықтың көрінісімен сипатталады; олардың оқу үдерісінде инновацияларды пайдалануға бағытталған шығармашылық қызметі; студенттің шығармашылық топтардың жұмысына белсенді қатысуы, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың инновациялық формаларын апробациялау; үнемі өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға ұмтылу; педагогикалық қызметте жоғары нәтижелерге жетудің тұрақты қажеттілігі.

Мотивация адамның мінез-құлқымен белсенділігінің қозғаушы күші болып табылады. Мотивациялық компонент педагогикалық ұжымның деңгейін, оның кәсіби және ішкі деңгейін анықтайды оқу-зерттеу тәжірибесінде, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын дамытуда, білімнің әдістемесін оқытуда білікті маман болу қажеттілігі.



Сурет 22 - Мотивациялық компонент бойынша мотив түрлері

Құрылымдық позициялардан мотивацияны қарастыратын бірнеше бағыттары бар. Адамдарды белгілі бір іс-әрекетке итермелейтін қажеттіліктер: Маслоудың қажеттіліктер пирамидасы [273]; Д.Маккелландтың [274], Д.Аткинсонның [275], Хех Узеннің жетістік мотивациясының теориясы [276], Ф.Герцбергтің мотивациялық-гигиеналық теориясы [277], Л.Фестингердің когнитивті диссонанс теориясы [278], А.Н.Леонтьевтің тұлғаның мотивациялық сферасының әрекетінің пайда болу теориясы, Г.Мюррейдің мотивациялық концепциясы [279], себеп-салдарлық атрибуция теориясы Г. Келли [280], К.Роджерстің [281], Р.Майяның [282] «өмірлік мақсаттар» теориясы, В.Врумның күту теориясы [283], М.Месконның, М.Альберттің, М.Хедуридің үлестік моделі, шеберліктің шыңы жетістіктің негізгі факторларымен сипатталады [284].

Зерттеушілердің қарастырған қажеттіліктері кәсіби тұрғыда іске асуымен сипатталатын ерекше күй, жеке және субъективті көріністердегі қабілеттер, мүмкіндіктер мен алғышарттар болып табылатындықтан мотивациялық іс-әрекеттің түрлеріне түсінік берейік.

1. Гуманистік – біреуге қажет болуды қажет ететіндер оның соңынан ереді, олар басқалардың жетістігі үшін өзін үнемі жетілдіріп отыра отырып, адамдарға пайдалы болуға, оларға көмектесуге ұмтылу қажеттілігін сезінеді.

2. Белсенді-танымдылық студенттің өз білімі бойынша білімін байытуға бағытталуымен, білім мен тәрбие мәселелерін шешуде жаңа әдіс-тәсілдерді іздестіруімен сипатталады.

3. Өзін-өзі таныту – студент осы рөлде өзін танытуға және бекітуге ұмтылады, өзінің жеке және кәсіби мүмкіндіктерін көрсету қажеттілігін сезінеді, студенттерге әсер етудің тиімді әдістерін өз бетімен іздейді.

4. Белсенді-шығармашылық – түпкілікті нәтижеге бағытталған және студенттің белсенділікке ұмтылуынан, оқытудың озық әдістері мен оқыту мен тәрбиелеудегі әртүрлі тәсілдерін іздестіруден көрінеді.

5. Бастамашылдық – бұл студенттің кәсіби деңгейін көтеруге ұмтылысы, оның шығармашылықпен айналысуға, өз қабілетінен қанағаттануын сезінуге, басқалардың құрметіне ие болуға ұмтылуы.

6. Ситуациялық, адаптивті-белгісіз, жұмысқа кедергі келтіретін жағдайларды бағалауда, жайлылықта, күмәндану мен студенттің кәсіби талаптарының жете бағаланбаған деңгейінде көрінеді.

Мотивацияны құндылық ретінде қазақстандық ғалымдар Н.Б.Жиенбаева, А. Д.Танатова, А. А.Ғазалиев және т. б. өз зерттеулерінде «бұл студенттің оң көзқарасы мен тұрақты қызығушылығында көрінеді және болашақ кәсіби қызмет, сондай - ақ орындалған жұмыстан қанағаттану сезімі», - деп тұжырым жасады [285]. Мотив тұжырымдамасының мазмұны барлық аталған компоненттер үшін маңызды шарт болып табылады. Біз мотивациялық мақсатты қалыптастыру деп болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлаудың маңыздылығы - студенттердің кәсіби қызығушылығы дамиды инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру дағдылары қалыптасады.

Инновациялық іс-әрекеттің мәнді жағы, оның педагогтің дәстүрлі іс-әрекетінен айырмашылығы инновациялық іс-әрекетті жүзеге асырудың мотивтерінің қалыптасуы мен мақсатын талдау кезінде көп жағдайда нақтыланады. Кез келген әрекеттің негізгі құрамдас бөлігі – қажеттілік. Қажеттілікті сезінген субъекті тапқаннан кейін ғана мотивке айналады, ол өз кезегінде барлық іс-әрекеттің мақсатын анықтайды.


Мотивациялық компонент инновациялық іс-әрекетті педагогтің оны жүзеге асыруға дайындығы, оқу-тәрбие процесін жетілдірудің жаңа, неғұрлым тиімді жолдары мен құралдарын таба білу қабілеті тұрғысынан сипаттайды. Инновациялық қызмет, полимотивті, яғни сыртқы және ішкі мотивтердің үйлесімі арқылы ынталандырылады.

В.Г.Асеев [286], Л. И.Божович [287], А.К. Маркова [288], Дж. Олпорт [289] және т.б. мотивацияның мақсаты жеке іс-әрекетке сырттан енгізілмейді, оны адамның өзі қалыптастырады. Мақсатты қалыптастыру процесі терең жеке сипатта болады. Дегенмен, мақсаттың қалыптасуының өзі өздігінен пайда болған нәтиже емес, ол жеке тұлғаның дамуы. Мақсат іс-әрекетті жүзеге асырудың объективті жағдайлары мен адамның өз мүмкіндіктерінің әсерінен қалыптасады.

Бірқатар зерттеулерінде А.Н.Леонтьев [8, 22-25,] «мотивацияның дамыту бағыттарын іс-әрекетті қиындату және негізгі қажеттіліктерден асып түсетін құралдарды әзірлеу арқылы көрсетілген ізденіс жағдайын және жаңа мотивтерді қалыптастыру» -деп тұжырымдайды. Әрбір нақты мақсаттың жалпы мақсаттар жүйесінен мотивке қатынасы іс-әрекеттің болашақ нәтижесінің бейнесі негізінде іс-әрекетті ұйымдастырып, оған тұлғалық мән беретін жүйе құраушы фактордың рөлін атқарады. Жүйе құрушы фактордың бұл рөлі іс-әрекеттің бір қатынастан екіншісіне бірізді түрде жүзеге асуына қарай өтеді, іс-әрекеттің функционалдық жүйелерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты педагогтің инновациялық іс-әрекетінің операциялық аспектісін зерттеу, оның нақты мазмұнын көрсету сұрақтары туындайды. Демек, субъектінің инновациялық кәсіптік қызметке дайындығын қалыптастыру тек қалыптасу кезеңіндегі іс-әрекет инновациялық ретінде жүзеге асырылады, субъект осы әрекеттің негізгі қатысушысы болып табылады. Соңында, инновациялық қызметті жүзеге асыру педагогтің өзінің әр түрлі құрамдас бөліктеріне рефлексия жасау қабілетін білдіреді. Сонымен, инновациялық іс-әрекеттер – танымдық, мазмұндық, мотивациялық, эмоционалдық, өзіне және өз жұмысына аналитикалық позицияны қабылдауға дайындық деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, рефлексия процесі жеке сипатта болатынын атап өткен жөн. Субъектінің инновациялық іс-әрекетіндегі рефлексиялық позицияның белсенділенуі педагогтің жеке тұлғасымен, оның өзін-өзі дамытуға бағыттылығымен байланысты екені сөзсіз. Бұл процестің қайнар көзі – субъектінің педагогикалық іс-әрекетте қабылдайтын қарама-қайшылықтар жүйесі, сондықтан оқу және кәсіптік қызметте рефлексиялық позицияны өзекті ететін, жағымды өзін-өзі қабылдауды қалыптастыратын, білім беру процестерін ынталандыратын жағдайларды жасау қажет.

А.А. Вербицкий [290], И.А. Зимняя [291], Ж.А. Шуткина [292], А.В. Хуторский [181], М.К. Джандильдинов [293] және т.б. ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, аталған тұғырлар инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудағы маңыздылығын ұсынамыз. Осылайша, ең жалпы түрде болашақ тәрбиешілерді инновациялық іс-әрекетке дайындаудағы күзіреттілік тәсілінің мәні педагогикалық білім инновациялық іс-әрекетті үлгілеуі, оны жүзеге асырудың психологиялық, мотивациялық және басқа да алғышарттарын жасауы керек.

Мазмұндық компонент - болашақ тәрбиешінің мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім стандартының талаптарын білуі және орындауы, мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерін білуі, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі мазмұнының ерекшеліктерін, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін ұйымдастыру әдістемесін, балабақшаның оқу-тәрбие үдерісінде технологияларды пайдаланудың сипаты мен құрылымын, отбасымен жұмыстың міндеттері мен әдістерін түсінуі, оқу іс-әрекетін жүзеге асыру үшін пәндік-дамытушы ортаға бейімдеуі. Мазмұндық компоненттің алгоритмдері төмендегі суретте берілген.



Сурет 23 – Мазмұндық компоненттің алгоритмдері

Мазмұндық компонент инновациялық іс-әрекетті педагогтің оны жүзеге асырудағы іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру, негізгі, қосымша білімдердің болуы, оның құралдармен, әдістемелермен, технологиялармен жабдықталуы, кәсіби ойлауын қалыптастыру тұрғысынан сипаттайды.

Педагогикалық білім берудің пәндік жүйесі біртұтас оқу процесін бөліктерге бөліп, кәсіптік-педагогикалық іс-әрекетке тұтас көзқарастың қалыптасуына кедергі келтіретінін айтады.

Іс-әрекеттік компоненті болашақ маманның білім беру технологияларын, формаларын, әдістерін пайдалана отырып оқыту жүйесін жобалау, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның білім беру бағдарламасымен өзіндік жоспарлауды сәйкестендіру және үйлестіру қабілетін анықтайды;


- заманауи білім беру технологияларын пайдалана отырып, тәрбие жұмысының мақсатын, міндеттерін нақты тұжырымдау;

- қолданылатын технологиялар мен формаларының шеңберінде сипаттамалар мен нормаларды ескере отырып, технологиялық карталарды әзірлеу және ересектер мен балалардың бірлескен іс-әрекетін жобалау, заманауи білім беру құралдарын пайдалана отырып, оқу-тәрбие үдерісінің мәселелерін шешуде интеграциялық тәсілді жүзеге асыру;

- заманауи білім беру технологияларын, олармен жұмыс істеу формаларын, әдістерін енгізу үдерісінде балалардың іс-әрекетінің әртүрлі нысандарын, балалардың қарым-қатынасы мен ынтымақтастығын ұйымдастыру;

- мектеп жасына дейінгі балалармен жұмысты ұйымдастыру үдерісінде ақпараттық жабдықты және сәйкес бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану; балалардың жеке және гендерлік-рөлдік айырмашылықтарын есепке алу әдістерін меңгерді;

- балалардың бастамашылығын дамытуға жағдай жасау, шығармашылық, дербестік; оқу іс-әрекетінің балалардың тәжірибесімен байланысын қамтамасыз етудің өзіндік тәсілдері модельде көрсетілген. Іс-әрекеттік компоненттің технологиясы төмендегі суретте берілген.



Сурет 24- Іс-әрекеттік компоненттің технологиясы

Іс-әрекеттік компонентті дамытудың нәтижесі кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерді, дағдылар мен біліктерді, мотивациялық-құндылық қатынасты, педагогикалық іс-әрекеттің жеке стилін қалыптастыруды қамтитын тұлғалық-бағдарлы балалармен әрекеттестік технологиясын меңгеру болып табылады. Қарым-қатынастың адамдық-тұлғалық түрі – мектепке дейінгі ұйымда қарым-қатынас құралдарын, дамып келе жатқан пәндік ортаны құру әдістері мен әдістерін оқыту, балалардың іс-әрекетін басқару әдістемесін меңгеру, ойындар өткізу және оны тәжірибе жүзінде жүзеге асыру.

Зерттеу барысында көптеген ғылыми еңбектерге сүйене отырып, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке дайындығының құрылымын және болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке дайындығы төмендегідей бірнеше кезеңнен тұратынын анықтадық.

Бірінші кезең - болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің

шығармашылық даралығын дамыту, шығармашылық педагогикалық міндеттерді анықтау, тұжырымдау, талдау және шешу қабілетін қалыптастыру, сондай-ақ шығармашылық ізденістің жалпы технологиясын дамыту, бұрын үйренген білім мен дағдыларды жаңа жағдайға дербес көшіру, таныс жағдайдағы проблемаларды көру, объектінің жаңа қызметі, объектінің құрылымын анықтау, балама түрі шешімдер немесе оның ұсыныстары, бұрын үйренген ұсыныстарды біріктіріп, туындаған мәселеге жаңа үлгіде, сыни ойлауды дамыту.

Екінші кезең - ғылыми таным әдіснамасының, педагогикалық зерттеудің негіздерін анықтау, инновациялық педагогикаға кіріспе. Студенттер инновациялық педагогиканың өрлеуінің әлеуметтік және ғылыми еңбектермен, оның негізгі ұғымдарымен танысады, мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық іс-әрекетті ұйымдастырудың балама тәсілдерін шығармашылықпен түсіндіреді, инновациялық іс-әрекетті дамытудың негізгі көздерін біледі, инновациялық технологиялардың түрлерін біледі.

Үшінші кезең-инновациялық іс-әрекетті ұйымдастыру. Олар авторлық бағдарламаның әдістемелік құрамымен, мектепке дейінгі ұйымдардағы эксперименттік жұмыстың кезеңдерімен танысады, авторлық бағдарламаны құруға қатысады, жаңалықтардың одан әрі дамуын, енгізудің қиындығын талдайды және болжайды.

Төртінші кезең-педагогикалық процеске жаңалық енгізу, эксперимент нәтижелерін зерттеу, кәсіби қызметті интроспекциялау бойынша эксперименттік алаңда практикалық жұмыс. Бұл кезеңде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің жаңашылдыққа қатысты көзқарастары мен идеяларының жүйесі ретінде инновациялық ұстанымы қалыптасады.

Инновациялық дайындықтың негізгі факторы оның жеке іс-әрекет стилін дамыту, өйткені жеке-жеке деңгейде жаңа нәтиже беру.

Инновациялық рефлексиялық технологиялардың барлық процедураларын келесі кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

- жаңа идеяларды іздеу кезеңі;
- инновацияларды қалыптастыру кезеңі;
- инновацияларды іске асыру кезеңі;
- инновацияны қорғау кезеңі.

Болашақ тәрбиешінің мектеп жасына дейінгі балалармен қарым-қатынасын жүзеге асыруға кәсіби дайындығының интегралды құрылымын қалыптастыру үшін іс-әрекеттік компонентті дамытудың маңызы зор. Тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында балалармен коммуникативті қарым-қатынас жасау технологиясын меңгеру және игерілген дағдылар мен біліктерді теориялық тұрғыдан түсіну студенттің алдағы педагогикалық тәжірибеге психологиялық дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді. Осының негізінде бала өз бетінше педагогикалық іс-әрекет үдерісінде мектеп жасына дейінгі балалармен қарым-қатынас жасап, олармен оңтайлы педагогикалық мақсатқа сай қарым-қатынас орнатады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында тәрбиешінің мектеп жасына дейінгі балалармен қарым-қатынасының негізі тәрбиешінің баламен эмоционалдық салада ғана емес, мінез-құлқында да бірлігі екенін анықтауға мүмкіндік беретінін байқадық. Демек, студенттің мектеп жасына дейінгі балалармен тұлғалық-бағдарлы өзара іс-әрекетін жүзеге асыру жұмысы екі бағытты жүзеге асыруды көздейді:

Біріншісі, студенттің баламен қарым-қатынасында біртұтас эмоционалды-сенсорлық негіз құру.

Екіншісі, тәрбиеші оны басқарып қана қоймай, сонымен бірге ересек адамның немесе баланың позициясынан тәртіппен әрекет ететін бірлескен серіктестік қызмет түріндегі өзара әрекетті ұйымдастыру. Мұндай өзара әрекеттесу белгілерінің жиынтығы «балаға жүгіну» қабілетінде көрінеді және балалармен қарым-қатынастағы позицияны, балалардың қарым-қатынасын болжау қабілетінде көрінетін рефлексиялық-атрибутивтік компоненттің мазмұнын көрсетеді. Сонымен қатар, олардың күтулерін, мотивтерін ескереді және соған байланысты мінез-құлқын немесе іс-әрекеттерін өзгертеді. Сондай-ақ позицияларының, көзқарастарының сәйкес келмеуінен туындайтын ықтимал қайшылықтарды шешу арқылы психологиялық-педагогикалық тұрғыдан жұмыс жүргізеді.

Рефлексивтік компонент болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің өз жұмысын бағалау, педагогикалық нәтижелерді анықтау қабілетін және процестердің іске асырылуын, инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуды қамтамасыз етеді.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың рефлексивті компонентінің мәні студенттер өз қызметін бақылап, бақылай отырып, өзін-өзі бағалауды жүзеге асырады.

Модельдің рефлексивті компоненті мыналарды сипаттайды:

- бақылау құралы (тестілеу, сауалнама, бақылау-диагностикалық жұмыстар);
- дайындық көрсеткіштері;
- дайындық деңгейі жоғары, орта, төмен;
- студенттердің мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық іс-әрекетке даярлығын көрсете алуы.

Бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық деңгейі жоғары маман кадрларды дайындамай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономиканың дамуы мүмкін емес. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттің негізінде жүзеге асады. Болашақ педагог-тәрбиешілерді даярлауда оқытудың озық әдіс-тәсілдерімен қаруландыра отырып, шығармашылық жұмыстарына жол көрсету арқылы ғылыми-теориялық, жалпы мәдени, психологиялық-педагогикалық дайындығын жетілдіруде жоғары оқу орындары шешуші рөл атқарады.

Сондықтан ұсынылып отырған модельдің **мақсаты**: Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту.

Міндеттері: Болашақ тәрбиешілердің инновациялық іс-әрекетке даярлығының мотивациясын туғызу, болашақ тәрбиешілердің инновациялық іс-

әрекетке даярлығының педагогикалық ерекшеліктерін айқындау, болашақ тәрбиешілердің инновациялық іс-әрекетке даярлығының теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау, болашақ тәрбиешілердің инновациялық іс-әрекетке даярлығының құрылымы мен педагогикалық іс-әрекеттің құрылымдық-мазмұндық компоненттерін меңгерту.

Ұсынылған моделдің болашақ мамандарды дайындауда маңызы зор.

Біріншіден, бұндай модель студенттерге педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны оның ішкі құрылымы, элементтерінің өзара байланысы және өзара тәуелділігі туралы тұтастай түсінік қалыптастырады.

Екіншіден, мұндай моделдің даярлануы оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін көтеруде, мектеп жасына дейінгі балалармен инновациялық іс-әрекеттің кейбір мәселелері туралы ақпараттарды біріктіруге мүмкіндік береді, кейбір материалдардың қайталануына жол бермей, жүйелі түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, мектеп жасына дейінгі балаларды неғұрлым мақсатты, кәсіби тұрғыдан дайындауға және студенттерге педагогикалық өздігімен білім алуына және болашағын болжауға мүмкіндік туғызады.

Бұл өзгерістердің ең маңызды факторлары: жалпы интеллектуалдық даму, арнайы білімді меңгеру, кәсіби өзін-өзі анықтаудың жоғары деңгейі және педагогикалық тәжірибенің табыстылығы. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында студенттердің оқу үдерісіндегі және оқу тәжірибесіндегі іс-әрекетін бақылауларымыз (тұрақты бақылау), олардың өзіндік талдауы студенттердің ерте жастағы балалармен жұмыс істеуге кәсіби дайындығының деңгейлерін анықтауға және белгілеуге мүмкіндік берді.

Инновациялық іс-әрекетке даярлаудың жоғары деңгейі. Болашақ тәрбиеші өз бетінше оқу-танымдық іс-әрекеті кәсіби маманның қалыптасуын анықтайтынына сенімді. Өйткені, ол бірге жалпы мамандыққа мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуге қызығушылық таныта отырып, олардың жеке және кәсіби болашағы үшін маңызды деп санайды. Жаңа стандартты емес жағдайда білім мен дағдыны сәтті қолданады. Ол балалармен қарым-қатынас жасаудың ұтымды әдістерін пайдаланады. Коммуникативті өзара әрекеттесуде семинарларда, ғылыми студенттік конференцияларда баяндама жасап, алған теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, педагогикалық жұмысты өз бетінше жоспарлау, жаңа ақпараттық технологиялар арқылы өзін-өзі тәрбиелеумен мақсатты түрде айналысады.

Инновациялық іс-әрекетке даярлаудың *орташа деңгейі* болашақ тәрбиешінің өз бетінше оқу-танымдық іс-әрекетке әрқашан дайын болмауымен сипатталады. Ол университетте оқуға қызығушылық танытпайды, бірақ саналы. Студент жұмыстың маңыздылығын түсінеді, алған білімін балабақшада педагогикалық тәжірибеде қолдана алады. Студент теориялық материалды ұсынғанда кейде логика бұзылады. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту әдістемесін әзірлеуге жауапты. Педагогтің бастамасы бойынша ол педагогикалық жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады, педагогикалық міндеттерді қоя алады және шеше алады, бірақ қиындықтар туындаған кезде тиісті тұрақтылық көрсетпейді. Семинарлар мен

конференцияларға қатыса алады немесе кейде сөйлей алады, бірақ өте сирек. Өзін-өзі дамытуға қызығушылық танытады, дегенмен белсенділігі төмен. Жұмысты орындау барысында жартылай ғана жоспарлай алады. Көп жағдайда ол кішкентай балаға әсер етудің тиімді әдістерін таңдауды біледі.

Инновациялық іс-әрекетке даярлаудың *төмен деңгейімен* студент мектеп жасына дейінгі балалармен сауатты қарым-қатынас жасаудың маңыздылығын толық түсінбейді, мектеп жасындағы балалардың іс-әрекетіне аса қызығушылық танытпайды. Теориялық білімдерін толық пайдалана алмайды, педагогикалық мәселелерді шешуде стандарттылық пен стереотипті байқауға болады. Қарапайым зерттеу жұмыстарына біршама қызығушылық танытады, бірақ оны шешуде шығармашылық белсенділіктері пен табандылықтары жетіспейді. Ғылыми жұмыстар конкурстарына қатыспайды, сөз сөйлеуге ұмтылмайды, семинарлар мен ғылыми конференцияларға қатысады, бірақ олардың жұмысына аса белсенділік танытпайды. Дегенмен, айтылғандардан балалармен жүргізілетін педагогикалық іс-әрекетке болашақ тәрбиешіні даярлаудың моделі толыққанды деген сөз емес, әлі де жоғары оқу орындары мен мектепке дейінгі ұйымдардың арасындағы байланыстың алшақтығы байқалады және шешілмеген мәселелерді қарастыра отырып төмендегідей ұсыныстар беруді жөн көрдік:

Еліміздің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің қалыптасуы тарихи күрделі даму кезеңдерінен өтті. Оның мазмұны қоғам дамуының бағыт-бағдарына қарай жаңарып, заман талабына сай өзгеріп отырды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңартуда мектепке дейінгі ұйымдарға арналған стандарт негізінде дайындалған оқу әдістемелік құралдардың сапасын арттыру, тәжірибеде пайдаланудың мүмкіндіктерін жетілдіру, мамандардың кәсіби біліктілігі мен күзiреттiлiгiн арттыруға баса назар аудару қажет. Оқу-әдістемелік құралдар, оқу бағдарламаларының мазмұнын тәрбиеленушілер мен білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, қазақстандық патриотизмге, жалпы ұлттық идеяны іске асыруға тырысу, этносаралық және мәдениетаралық байланыс жағдайында толеранттылықты және қарым-қатынас жасау білігін дамытуға бағыттау. Жаңа білім мазмұны аясында қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет көрсету, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмірлік дағдыны қалыптастыру. Қазақстанның тәуелсіздігі және азаматтық жауапкершілік, Отанға деген сүйіспеншілік, елінің жетістіктері үшін мақтаныш, мемлекет мүддесіне қызмет ету маңызды мәселе деп есептейміз.

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланы дұрыс тәрбиелеу үшін ең алдымен «тәрбиешінің - өзі тәрбиеленген» болуы керек, балаға өзі үлгі бола алатын, мектепке дейінгі ұйымдарға кеменгер басшы, кемел педагог-тәрбиеші қызмет жасауы қажет. Болашақтың адамын тәрбиелейтін, болашақ жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін бала жанының бағбаны тәрбиешілер болғандықтан олардың ары таза, адал, әдепті, инабатты, сыпайы, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, кешірімді болу сияқты адами қасиеттерді өз бойында дамытып ұрпақ тәрбиесінде қолдана білу арқылы мектепке дейінгі жаста рухани тәрбие берудің

негізгі тірегі бола білуі шарт. Балаларды еңбек етуге баулу арқылы өз өмірінің мәнін түсінуге ықпал ететіндігі, үнемдеу, өмірлік дағды қалыптастыру, сөз бен істің бірлігін сақтауға баса назар аудару, ата-аналармен ынтымақтастық орнату. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу мен оқыту үдерісін жалпы адамзаттық құндылықтарға негіздей отырып тұтас білім беру үдерісінде үздіксіз іске асыру, балалардың жүректеріне жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру, олармен жұмыс жасауда рухани бастауларды ашу, шабыттандыру, оқу қызметі барысында қолданатын әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жетілдіріп отыруға көңіл бөлу қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерістерінде инновациялық технологияларды қолдануға жете мән беру қажет. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңалау, жаңалық енгізуде - инновациялық мазмұнды дамыту, жаңаша ұйымдастыру, ал «жаңаша» дегеніміз жаңа мазмұн, оны енгізудің әдіс-тәсілдерін, технологиясын тәжірибеде тиімді пайдалана білуге ұжымды жұмылдыру.

Инновациялық технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалды, кәсіптік-адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқыту-тәрбиелеу үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Инновациялық технологияларды пайдалану негізінде мектепке дейінгі білім беру тұжырымдамасының алгоритмі төмендегідей түрде ұсынылады: білім беру жүйесінің түпкі мақсаттарын баяндау; аралық мақсаттардың болжамдық көрсеткіштерін баяндау; оқыту мазмұнына сүйену; көзделген мақсатқа жеткізетін және оқыту сапасын объективті тексеру әдістемесімен қамтамасыз ететін стандартты оқыту технологиясын ұсыну; оқытудың ұйымдастырушылық формалары мен шарттарын баяндау.

Инновациялық технологияларды мектепке дейінгі ұйымдарға енгізу барысында мына факторлар ескерілуі керек: алынып отырған инновациялық технология тәрбиелеу мен білім берудің тақырыбы мен мазмұнына сай болуы; тиімділігі, жүйелілігін сақтау мен оны тәжірибеде пайдалануда төмендегідей кезеңдер арқылы іске асыру:

- 1-кезең – оқып үйрену;
- 2-кезең – меңгеру;
- 3-кезең – өмірге енгізу, тәжірибеде қолдану.;
- 4-кезең – дамыту, нәтижесін тексеру.

Қазіргі заманғы қазақстандық білім беру үлгісіне көшуде және әлемдік білім кеңістігіне енуде кәсіби білікті, құзыретті тәрбиеші - педагог қана өз жұмысын жаңадан құрып, жоғарғы нәтижелерге жете алады.

Осы орайда біз зерттеуімізде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілернің инновациялық іс-әрекеттерін дамытудың мазмұндық – құрылымдық моделін құрастырдық.

Педагогтің еңбегінің күрделілігін оның «адам-адам» мамандық/кәсіп түріне жатқызуына байланысты, педагогтік іс-әрекет – бұл бір адамның басқа адамға тікелей әрекет жасауы емес, олардың өзара әрекеттесуі деп қабылдау керек. Сондықтан, педагогтің әрекет объектісі педагогикалық үдеріс болып

табылады, ал білім алушы әрекет жасау объектісінен әрекет субъектісіне ауысады. Осының негізінде педагогикалық кәсіп құндылықтары айқындалды:

- Білім алушының тұлғасын, оның құқығы мен бостандығын құрметтеу;
- басқа сенімдерге, әлем мен дәстүрлерге деген көзқарастарына толеранттылық білдіру;
- мәдени алуан түрлілігіне ашықтығы;
- икемділігі, бейімделу қабілеті, эмпатияға деген қабілеті;
- тұлға құндылықтарын, тіл мен коммуникацияны түсіну;
- өз бетімен білім алу, талдамалық және сыни ойлау дағдылары;
- коммуникативтік және тілдік дағдылары;
- ынтымақтастық дағдылары, дауларды шешу қабілеті.

Кәсіби стандартта бес еңбек қызметі белгіленген. Кәсіби стандартта екінші еңбек қызметінің дескрипторлары деңгей бойынша, бұл қызмет «ортақ» барлық деңгей бойынша және педагогикалық қызметтің құндылығын көрсетеді.

Кәсіби стандарттың тұжырымдамалық негізгі деңгейінде заманауи педагогтің үлгісі бейнеленген. Кәсіби стандарт педагогикалық біліктіліктің дамуы бойынша дескрипторлармен толығымен және осы стандартқа қосымша ретінде маманның жеке карточкасында көрсетіледі.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандарына кәсіби стандарт бойынша төмендегіде берілген қызметтер ұсынылады. (Сурет 25).



Сурет 25 - Болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандарына кәсіби стандарт бойынша қызметтері

Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру, оның деңгейін әлемдік білім кеңістігіндегі стандарттарға сай келтіру түптеп келгенде, білімнің алғашқы табалдырығының негізін қалаушы тәрбиешілерге, оның кәсіби

құзырлығына, әдістемелік біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты. Жас ұрпаққа жоғары сапалы білім беру ісін тек қана көп мәдениетті, шығармашыл, жаңашыл, инновациялық тұрғыда ойлап, қызмет жасай білетін тәрбиеші ғана мүлтіксіз атқара алады.

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Сондықтан, мектепке дейінгі білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама – қайшылық мектепке дейінгі білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзіреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Құзіреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды. Әр жеке адамның өміріндегі кәсіптік-әлеуметтік психологиялық тұрғыдан дамуы, оның оқып білім алуы мен тәрбиеленуіне тәрбиешінің білігі қажет болып табылады. Осыған байланысты тәрбиеші еңбегі үздіксіз ізденісті, өз білімі мен тәжібесін жетілдіріп отыруды талап етеді. Мектепке дейінгі ұйым жұмысын өмірдің талабына сай жүргізу, оқу-тәрбие саласындағы зерттеушілік, тәжірибе алмасу жақтарына мән беру тәрбиешінің ізденісіне шек қоймау, қайта оған жағдай жасап отыру тәрбиешінің іскерлік негіздерін меңгеруіне ықпал етеді. Тәрбиешінің өз бетінше білім жетілдіру, осы саладағы үздіксіз ізденісі, озат тәжірибені қолдану, оны өзгелерге насихаттауы, жаңашылдық танытуы, іскерлік негіздері педагогикалық білікке жеткізудің бір жолы болып саналады.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлау әдістемесінің құрылымдық мазмұндық моделі заманауи педагогикалық талаптар мазмұнына лайықталып құрылды. Модельдің құрамында ең алдымен мақсат, одан туындайтын міндеттер, мақсатқа жету жолында меңгерілуі тиіс білім мазмұны, білім мазмұнын меңгерту үшін пайдаланылатын оқыту формалары мен оқыту әдістері, күтілетін нәтиже анықталды.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлау үдерісі оң нәтижелерге қол жеткізетін озық тәжірибені білімалушыларға меңгертетін инновациялық-педагогикалық үдеріс болып табылады.


Бұл үдерісте білімалушыларға білім беру бағдарламасы негізінде инновациялық іс-әрекетке даярлайтын арнайы әзірленген технологиялық модель іске қосылады (сурет 26).

Ұсынылған модельде білімалушылардың жеке тұлғасын болашақта атқаратын инновациялық іс-әрекеті дайын тәрбиеші-педагог тұлғасына дейін жетілдірудің жолдары көрініс табады. Модельдің мазмұнында білім

алушылардың жаңа ой, пікір, идеяларды ойлап табуы мен генерациялау, шығармашылық қабілетін қалыптастыру және дамыту әдістері мен амал-тәсілдерінің жүйесі, оқыту формалары мен нәтижелерін бақылау мен тексеру формалары қарастырылған.

Білім алушылардың инновациялық іс-әрекетінің мазмұнында олардың университет қабырғасында алған теориялық білімі мен практикалық сабақтарындағы тәжірибелік дағдылары арқылы жаңалық ойлап табуға дағдыланады. Инновациялық моделін сыртқа сурет, сызба символ түрінде көрсетіп, басқаларға таныстыра білу, пайдалана білу, нәтижеге қол жеткізу жолдарын анықтау қабілетін көрсетеді.

Студенттердің инновациялық іс-әрекетке белсенді кірісуі және оның табысты болуы, көп жағдайда, әлеуметтік-педагогикалық ортамен тығыз байланыста бола алу қабілетіне байланысты.



Сурет 26 – Болашақ мектепке дейінгі тәрбиешілердің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың құрылымдық мазмұндық моделі

Зерттеу жұмысымызда болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекеттерін қалыптастыру үлгісін құруда мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттердің бірлігінде қарастырамыз. Бұл компоненттер болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекеттерін дамыту дәрежесін сипаттайтын негізгі өлшемдер мен көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді.

Кесте 9 – Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық	Инновациялық іс-әрекетке даяр болуға танымдық қызығушылық	<ul style="list-style-type: none"> – жаңашылдыққа деген құштарлық; – инновациялық іс-әрекеттің қажеттілігін ұғыну; – жүзеге асыратын инновациялық әрекет барысында өзін-өзі дамыту; – инновациялық іс-әрекетке қызығушылығының болуы.
Мазмұндық	Инновациялық іс-әрекетке даярлықтың теориялық әдіснамалық негіздерін білу	<ul style="list-style-type: none"> – инновациялық іс-әрекет туралы әдіснамалық-танымдық білімі; – инновациялық іс-әрекеттің мақсаттарын, міндеттерін, амал- тәсілдерін жақсы меңгергендігі; – инновациялық іс-әрекетті ұйымдастыруда, жүзеге асырудағы сыни пікір алмасу; – шешім қабылдай алу және тәуекелге бара алу қабілеті.
Іс-әрекеттік	Ұйымдастыру білік пен дағдыларын көрсетеді, Инновациялық іс-әрекетке даярлықты жобалау және бағалау	<ul style="list-style-type: none"> – инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыруы; – білім беру үдерісінде қолданылатын инновациялық әдістемелерді саралай алуы; – инновациялық іс-әрекетке түзету жасап, нәтижесін бағалай алу қабілеті; – ғылыми-зерттеу жүргізу барысындағы қарым-қатынас және зерттеушілік дағдылары.
Рефлексивтік	Инновациялық іс-әрекетке даяр болу	<ul style="list-style-type: none"> – өзін педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде түсіну; – өз іс-әрекеттерін түсіну және түсіндіре білу; – нәтижені болжай білу, өз іс-әрекетіне жауап беру; – іс әрекет нәтижесін талдау және өзін өзі бағалау.

Ғылыми жұмыстарды зерделей отырып инновациялық технологияларды қолданумен коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үдерісіндегі субъекті ерекшеліктерінің мағынасын көрсетті.

Көрсетілген өлшемдер мен көрсеткіштер болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекеттерін дамытудың келесі деңгейлері (жоғары, орта, төмен) айқындалды.

Жоғары деңгей. Болашақ тәрбиешілердің инновациялық әрекетін дамытуға қажетті білімді жоғары деңгейде меңгеруі, соған сәйкес кәсіби әрекет түрлерін шығармашылықпен ойлап табатын, оны оқу әрекеттері тәжірибесіне енгізуде сенімді, белсенді, өзін-өзі жүзеге асыратын, өзін-өзі ұйымдастыруы мен бағалауы толық қалыптасқан білім алушы.

Орта деңгей. Болашақ тәрбиешілердің инновациялық әрекетін қалыптастыруға қажетті білімді жеткілікті деңгейде меңгеріп, соған сәйкес кәсіби әрекет түрлерін ойлап табатын, оны оқу әрекеттері тәжірибесіне енгізу белсенділігі орташа, өзін-өзі жүзеге асыратын, өзін-өзі ұйымдастыруы мен бағалауы толық қалыптаспаған білім алушы.

Төмен деңгей. Болашақ тәрбиешілердің инновациялық әрекетін қалыптастыруға пәндік білімнің негізгі деңгейін меңгеріп, соған сәйкес берілген үлгіні қатаң түрде сақтай отырып, әрекет жасайтын, оны оқу әрекеттері тәжірибесіне енгізе алмайтын, өзін-өзі ұйымдастыруы мен бағалауы қалыптаспаған білім алушы.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке дайындығын дамытуда оқу белсенділіктері олардың дербестігі пен шығармашылығын дамытуға жеткізеді. Құрылымдық- мазмұндық модел студенттердің кәсіби әрекеттің негізгі бағыттарының бірі бойынша инновациялық іс-әрекеттерінің жалпы теориялық, мотивациялық, әрекеттік және тәжірибелік тетіктерін белгілейді.

Қорыта айтқанда, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке дайындығын дамытуда оның инновациялық іс-әрекетке белсене араласуы, іс-әрекет барысында инновациялық технологияларды оның құралдарын өздігінен игеруі маңызды болмақ. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің ұйымдастыратын инновациялық іс-әрекеттері олардың кәсіби қызметін дамыту деңгейінде олардың жеке тәжірибесін жақсартуға бағытталған.

Мектепке дейінгі білім берудің болашақ педагогтарының негізгі қызметтің бір бөлігі ретінде инновацияларға дайындығын дамытуды назарға ала отырып, біз ғылыми-зерттеу жұмысында білім беру технологияларын практикада енгізу олардың инновациялық терең дайындығын, педагогикалық дағдылары мен аса қызығушылық кезіндегі жауапкершілігін қамтамасыз етудің негізгі талаптарының бірі болып табылады деген қорытындыға келеміз.

Келесі тарауда болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлаудағы тәжірибелік- эксперименттік жұмыстар мазмұны қарастырылмақ.

3 БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘРБИЕШІЛЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР МАЗМҰНЫ

3.1 Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдістемесі

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдістемелік жүйесін жұмысымыздың осы параграфында қарастырамыз.

Сондықтан, алдымен жүйе ұғымына анықтама беруді жөн көрдік. Жүйе дегеніміз - өзара байланысты түрлі бөліктердің жиынтығы. Ал, инновациялық жүйе деп өзара байланысты, сондай-ақ ішкі құрылымдық деңгейлерінің иерархиялық сипаты бар, сыртқы инновациялық ортамен үздіксіз әрекеттестікке түсетін компоненттердің біртұтас құрылымын атаймыз.

Осы тұрғыдан педагогикалық үдерісті де біз жүйе ретінде қарастырамыз. Кез-келген оқытушы оқыту мен тәрбиенің бірлігінен тұратын педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыру үшін оның педагогикалық-теориялық негіздерін терең ұғынып, мақсат-міндеттерін, мазмұны мен құралдарын, түрлері мен әдіс-тәсілдерін жақсы ажырата білуі керек. Педагогикалық үдеріске қатысушылардың іс-әрекетінің қозғаушы күшіне оқытушылар қолданатын оқыту, тәлім-тәрбиелік құралдары мен әдістер, педагогикалық технологиялар жатады. Осындай педагогикалық үдерісті тұтас ұйымдастыру арқылы ЖОО оқытушылары болашақ тәрбиешілердің кәсіби мәнді тұлғалық қасиеттері мен тәжірибелік дағдыларын қалыптастырып, оны заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерімен қаруландырады.

Қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру мен тәрбие үдерісін жаңғырту болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің теориялық және практикалық-бағдарлы дайындығын тереңдетуді талап етеді. Білім алушыларды теориялық даярлау жалпы кәсіби құзыреттілікке ие жоғары білімді, сондай-ақ заманауи педагогикалық технологияларды жетік меңгерген мамандарды шығаруға бағдарлануы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие берудің бастапқы сатысы болып табылатын білім беру реформасы мектепке дейінгі ұйымдар үшін педагогикалық кадрларды инновациялық іс-әрекетке даярлау жүйесінің қалыптасуы мен даму шарттарын зерделеу қажеттілігі туындайды.

Болашақ тәрбиешілерді инновациялық білім беру ортасын жобалауға дайындау мәселелерін зерттеу инновациялық іс-әрекетке дайындықтың тәсілдерін, шарттары мен принциптерін қарастыруды талап етеді.

Қазіргі педагогикалық зерттеулерде болашақ тәрбиешілерді инновациялық білім беру ортасын жобалауға дайындау мәселесі жан-жақты зерттелген. Мамандарды үздіксіз даярлау жүйесіндегі инновациялық негізде білім беру үдерісін тиімді ұйымдастырудың түрлі аспектілері жалпы зерттеушілердің еңбектерінде кең ауқымда қаралып, талданған.

Біздің зерттеуіміздің ғылыми негіздерін анықтау барысында білім беру ортасы және инновациялық білім беру ортасы ұғымдары да қарастырылған болатын. Білім беру ортасы білім беру субъектілерінің функционалдық және кеңістіктік бірлестігі.

Жалпы студенттерді инновациялық іс-әрекетке даярлау үшін алдымен олардың өздері осындай инновациялық білім беру ортасында тәрбиеленуі қажеттігін ескеруіміз шарт.

Білім беру ортасы дегеніміз - бұл табиғи, физикалық және инновациялық нысандар мен субъектілердің жиынтығы. Олар студенттің кәсіби қалыптасуына, оның шығармашылық және тұлғалық дамуына, сонымен қатар білім беру үдерісінде тұлғааралық қарым-қатынас пен педагогикалық коммуникациялардың қалыптасуына ықпал етеді. Мұның өзі студенттің өзіне сенімділігін арттырып, болашақ кәсіби салада іс-әрекетті тиімді және заманауи талаптарға сай жүзеге асыруға даярлайды. Себебі, мұндай педагогикалық орта білім алушының кәсіби инновациялық іс-әрекетке даярлығы үшін қажетті педагогикалық, тәрбиелік, білім беру, кәсіби, инновациялық, мәдени дамуына қажетті психологиялық-педагогикалық жағдайларды қамтамасыз етеді. Бұл орта студент үшін әсер ету өрісін құрайды.

Инновациялық білім беру ортасы - білім алушының шығармашылық әлеуетін іске асыруға бағытталған жеке тұлғаның - өмір сүру ортасының, тәрбиелеудің, өзіндік дербес білім алудың және өзін-өзі тәрбиелеудің негізгі факторларының синтезі. Мұндай орта инновациялық педагогиканың негізгі принциптерін іске асыру мен қызмет етудің кешенді нысаны және болашақ мамандарды сапалы даярлауда барлық мүдделі субъектілер мен объектілердің күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік беретін оқу орнының бірыңғай білім беру кеңістігі.

Инновациялық ортаны қалыптастыру - тұлғаның шығармашылық әлеуеті мен кәсіби құзыреттілігін дамытуға, кәсіби саладағы инновациялық қызметке дайындықтың негізгі өлшемі ретінде тұлғаның инновациялық белсенділігін дамытуға бағытталған.

Болашақ тәрбиешілердің дайындық сапасын арттыру оқу-тәрбие үдерісін құрудың оңтайлы нұсқаларын таңдауда ғылыми негізделген көзқарасты талап етеді.

Біз болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуды тәжірибелік-эксперимент негізінде жүзеге асырдық.

Тәжірибелік экспериментті ұйымдастыру және жоспарлау мәселесі педагогиканың теориясы мен практикасында негізгі проблемалардың бірі. Тәжірибелік эксперимент мәселесі көптеген танымал педагогтердің еңбектерінде қарастырылған. Мысалы, С.И.Архангельский, В.И.Михеев, Ю.К.Бабанский, В.И.Журавлев, В.И.Загвязинский, А.И.Пискунов тәжірибелік эксперимент деп қазіргі заманғы педагогиканы оқытудың жекелеген әдістері мен құралдарын қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында қолданылатын зерттеу әдісін түсінеді.

Педагогикалық эксперимент үшін зерттеуші зерттелетін құбылыстардың

пайда болуы мен ағымына белсенді түрде қосылатыны тән. Сол арқылы ол өзінің болжамдарын тек қазіргі құбылыстар туралы ғана емес, сонымен қатар құру қажет болатын құбылыстар туралы да тексереді.

Табиғи жағдайда педагогикалық құбылыстарды әдеттегі зерделеуден айырмашылығы оларды тікелей бақылау арқылы эксперимент сыналушыларға педагогикалық әсер ету шарттарын мақсатты түрде өзгертуге мүмкіндік береді.

Сондықтан, эксперимент жүргізу кезінде зерттелушілердің түрлі мінез-құлықтарын, білім алушылардың тәрбиесі мен қабілеттерінің ерекшеліктерін, сондай-ақ педагогтердің тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби дайындықтарын ескеру қажет. Өйткені оның өскелең ұрпақтың іс-әрекетіне әсері өте үлкен. Педагогикалық экспериментте зерттеу объектісі экспериментаторға саналы түрде көмектесе алады немесе қарсы тұра алады.

Әрбір педагогикалық эксперименттен келесі жағдайлар талап етіледі:

- Эксперименттің мақсаты мен міндеттерін дәл анықтау;
- Эксперимент шарттарын нақты сипаттау;
- Зерттелушілер контингентін зерттеу мақсатында анықтау;
- Зерттеу болжамын дәл құру.

Ғылыми зерттеуді ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

– Зерттеуді жоспарлау: әдістер мен әдістемелерді іріктеу және сынақтан өткізу, зерттеудің логикалық және хронологиялық схемаларын құру, сыналушылардың контингентін таңдау;

– Зерттеу жүргізу орны: сыртқы кедергілерден оқшаулауды қамтамасыз ету, санитарлық-гигиеналық талаптарды, жайлылықты және еркін жұмыс жағдайын сақтау;

– Зерттеудің техникалық жабдықталуы шешілетін міндеттерге, зерттеудің барлық барысы мен алынған нәтижелерді талдау деңгейіне сәйкес келуі тиіс;

– Сыналушыларды іріктеу олардың сапалы біртектілігін қамтамасыз етуі тиіс;

– Нақты, қысқа, біртекті болуы тиіс жұмысты жоспарлау сатысында нұсқаулық жасау;

– Зерттеудің толық және мақсатты хаттамасын құру;

– Зерттеу нәтижелерін өңдеу: зерттеу барысында алынған деректерді сандық және сапалық талдау және синтездеу.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде айқындаушы және қалыптастырушы эксперименттер деп бөлінеді. Бірінші жағдайда зерттеуші-педагог эксперименталды жолмен зерделенетін педагогикалық жүйенің жай-күйін ғана белгілейді, құбылыстар арасындағы байланыс, тәуелділік фактісін көрсетеді. Педагог-зерттеуші білім алушыларда белгілі бір тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға, олардың оқу-жаттығуларын, болашақ кәсіби қызметке даярлықты жақсартуға бағытталған арнайы шаралар жүйесін қолданған кезде, қалыптастырушы экспериментті жүзеге асырады.

Педагогикада эксперимент басқа зерттеу әдістерімен тығыз байланыста болады. Педагогикалық эксперимент кешенді сипат әдісі, өйткені бақылау әдістерін, әңгімелесулерді, сұхбаттарды, сауалнамаларды, диагностикалық тесттерді, арнайы жағдайларды құруды және т.б. бірге пайдалануды көздейді.

Егер зерттеушінің эксперименталды және бақылау тобы болмаса, ол эксперименттің деректерін әдеттегі жағдайларда жұмыс істеу кезінде экспериментке дейін алынған деректермен салыстыра алады, бірақ бұл ретте деректер әр уақытта және әр түрлі жағдайларда жиналған болғандықтан, қорытындыны өте абайлап жасау қажет.

Тәжірибелік-экспериментке сыналушылар диагностикалық әдістемелердің нәтижесінде іріктеліп алынды. Сыналушылар екі топқа бөлінді. Олар: бақылау тобы және эксперименттік топ. Эксперименттік және бақылау топтарының зерттеу тұрғысынан елеулі бастапқы жағдайлардың теңдігінің негізгі көрсеткіштері бойынша салыстырылуы маңызды.

Экспериментті өткізу кезеңдері:

- анықтау эксперимент;
- экспериментті дайындау және өткізу;
- қорытынды жасау.

Эксперимент алдындағы кезең осы тақырып бойынша бұрын жарияланған жұмыстардың мұқият теориялық талдауын; шешілмеген мәселелерді анықтауды; осы зерттеудің тақырыбын таңдауды; зерттеудің мақсаты мен міндеттерін қоюды; осы проблеманы шешу бойынша нақты тәжірибені саралауды; проблеманы шешуге ықпал ететін теория мен практикада бар шараларды зерделеуді; зерттеудің гипотезасын тұжырымдауды қамтиды. Ол жаңашылдық, әдеттен тыс, орын алып отырған пікірлермен қарама-қайшылық салдарынан эксперименттік дәлелдемелерді талап етуге тиіс.

Педагогикалық-психологиялық іс-шаралардың белгілі бір жүйесінің тиімділігін тексеру бойынша эксперимент жүргізуге дайындық бірқатар міндеттерден тұрады:

- білім мен іскерліктің бастапқы деңгейін, жеке тұлғаның немесе ұжымның белгілі бір қасиеттерінің тәрбиелілігін және т.б. талдау жүргізілетін жүйенің бастапқы жағдайын зерттеу;

- эксперимент жүргізілетін жағдайлардың бастапқы жағдайын зерттеу;
- ұсынылған шаралар жүйесі тиімділігінің критерийлерін қалыптастыру;
- эксперимент қатысушыларына оны тиімді өткізудің тәртібі мен шарттары туралы нұсқау беру (егер эксперимент бір ғана педагог өткізсе);
- шаралардың эксперименталды жүйесінің әсерімен объектілердің өзгеруін сипаттайтын аралық негізінде эксперимент барысы туралы деректерді бекіту;
- эксперимент жүргізу барысында қиындықтар мен мүмкін болатын типтік кемшіліктерді көрсету.

Сонымен анықтаушы эксперименттің мақсаты мен міндеттерін айқындап алайық. Эксперимент бағдарламасы 10-кестеде көрсетілген.

Кесте 10 – Тәжірибелі эксперимент кезеңдері

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамыту бағдарламасы			
№	Атауы	Жүзеге асыру формасы	Мазмұны
1-кезең	Анықтау кезеңі	Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін анықтау.	Студенттердің инновациялық іс-әрекетінің дайындығының бастапқы деңгейін анықтау
2-кезең	Қалыптастыру кезеңі	Теориялық моделдің құрамдас бөліктеріне орай инновациялық іс-әрекет бойынша жұмыс жүргізу және «Мектепке дейінгі инновация» курсына тәжірибеге енгізу.	Болашақ тәрбиешілердің бойына инновациялық іс-әрекетті бейімдеу, қалыптастыру
3-кезең	Нәтиже	Зерттеу болжамын және ұсынылған әдістің қолайлылығын анықтау мақсатында қайта диагностикалау. Бастапқы деңгеймен қалыптастыру экспериментінен кейінгі нәтижелерді салыстыру динамикасын анықтау.	Теориялық моделдің тиімді екендігін дәлелдеу, негіздеу.

Білім беру үдерісінде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нақтыланған кезеңдеріне орай біз жұмыстың өтілу жоспарын нақтыладық. (11-кесте).

Кесте 11 – Тәжірибелік эксперименттік жұмысты жүзеге асыру бағдарламасы

Бағдарлама бөлімдері	Мазмұны
Экспериментті жүргізуші	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының докторанты Тайтелиева Лаура Рахатовна
Эксперименттің өзектілігі	Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекеті жеткіліксіз деңгейде қалыптасуы, олардың инновациялық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру, мазмұны мен әдістерін ғылыми анықтауды талап етеді. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытудағы өзектілігі білім беру үдерісінің талаптарына, педагогикалық кәсіби қызмет шарттарына сәйкестендіруге алғышарт жасау. Инновациялық іс-әрекеті қалыптасқан болашақ тәрбиешіге кәсіби міндеттерді неғұрлым қарқынды жылдам шешуге, идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Эксперименттің идеясы	Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытудағы жоғары оқу орнының даярлық жүйесіне құрылымдық- мазмұндық моделі мен «Мектепке дейінгі инновация» курсы «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін бақылау күнделігі», «Тәрбиеші-педагогтың қысқаша инновациялық анықтамалық сөздігі» арқылы болашақ тәрбиешілердің инновациялық іс-әрекетке дайындығын сәтті қалыптастырады.
Эксперименттің мәні	Болашақ тәрбиешінің кәсіби қызметінде барлық құрамдас бөліктерінде инновациялық іс-әрекетінің көрініс беруі: жобалық мақсат қоя білу, оқу идеясын жүзеге асыруға ынталандыру, нәтижеге бағыттаудағы іс-әрекет.
Эксперимент нысаны	Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамыту.
Эксперименттің пәні	Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың технологиясы.
Эксперименттің мақсаты	Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың құрылымдық мазмұндық моделі мен «Мектепке дейінгі инновация» «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін бақылау күнделігі», «Тәрбиеші-педагогтың қысқаша инновациялық анықтамалық сөздігі» курсына тиімділігін анықтау барысында тәжірибеден өткізу.
Міндеттері:	Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын анықтауға арналған әдістемелерді таңдау; 2. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығының алғашқы деңгейін анықтаушы эксперимент барысында айқындау; 3. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын жетілдіріп-қалыптастыруға бағытталған педагогикалық-психологиялық іс-шараларды қалыптастырушы эксперимент барысында жүзеге асыру; 4. Анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент нәтижелерін салыстырмалы талдау және математикалық-статистикалық өңдеу; 5. Зерттеу нәтижелерін қорытындылау.
Эксперименттік зерттеу базасы:	Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстары Абай атындағы ҚазҰПУ-да және Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде жүргізілді. Эксперименттік зерттеуге барлығы 146 студент қатысты: эксперименттік топқа 6В012- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 74 студенті (Абай атындағы ҚазҰПУ) бақылау тобына 6В012- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының (Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті), 72 студенті енді.

1	2
Болжамы:	Егер болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын жетілдіріп-қалыптастыруға бағытталған арнайы педагогикалық-психологиялық іс-шараларды ұйымдастырса, онда студенттердің инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыруға даярлығына кіретін мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттердің даму деңгейін жоғарылатуға болады.
Диагностикалық құралдар	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Тұлғаның жетістікке жету қажеттілігін диагностикалау» әдістемесі (Т.Элерс); 2. «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау» әдістемесі (В.Э.Мильман) 3. Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау әдістемесі (Ю.В. Рындина) 4. Креативтілікті зерттеуге арналған экспресс-әдісі (Д. Джонсон) 5. Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау әдістемесі (Л.М.Митина) 6. Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау» әдістемесі (Е.Е.Рукавишникова) 7. Педагогтардың жаңашылдыққа бейімділігі сауалнамасы (Н.В. Немова бойынша) мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне бейімделіп алынды
Күтілетін нәтижелерді бағалау көрсеткіштері	<p>Инновацияға оң көзқарас, ішкі ынталандырудың айқындылығы, Инновациялық білім жүйесінің болуы; Инновациялық қызметке қабілетті. Қызметтің жаңа түрлерін зерттеу. Проблемаларды өз бетінше шешу, талдау дағдыларын дамыту; Идеяларды өз бетінше құру мүмкіндігі.</p>
Эксперименттің кезеңдері мен мерзімі	<p>Эксперимент 2017 жылдың қыркүйек айынан басталып, 2020 жылдың мамыр айына дейін жалғасты. Анықтаушы кезең: (2017-2018 жж.) Қалыптастырушы кезең: (2018-2019 жж.) Қорытынды кезең: (2019-2020 жж.)</p>
Эксперименттің ұзақтығы	3-жыл
Эксперименттің типі	Жоғары оқу орнындағы педагогикалық эксперимент

Анықтаушы эксперименттің мақсаты – жоғары оқу орны жағдайында болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі ретінде студенттердің инновациялық іс-әрекетке даярлығының бастапқы мәліметтеріне сүйене отырып, дамытудың жолдарын анықтау, сондай-ақ болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлығын дамыту моделінің біз көрсеткен негізгі компоненттері (*мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік*) бойынша студенттердің инновациялық даярлық деңгейлерін (жоғары, орта, төмен) айқындау.

Осы орайда болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлығын дамыту үшін мынадай әдістемелер кешені

айқындалды және диагностикалық зерттеуде қолданылды:

- «Тұлғаның жетістікке жету қажеттілігін диагностикалау» әдістемесі (Т.Элерс) [294]; «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау» әдістемесі (В.Э.Мильман) [295].

- «Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау» әдістемесі (Е.Е.Рукавишникова) [296]; «Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау» әдістемесі (Ю.В.Рындина) [297];

- Креативтілікті зерттеуге арналған экспресс-әдісі (Д. Джонсон) [298]; Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау әдістемесі (Л.М.Митина) [299].

Бұл әдістемелерді біз өзіміз айқындаған инновациялық іс-әрекетке даярлықтың төрт компонентіне сәйкес зерттеуде жүзеге асырдық (12-кестені қараңыз).

Кесте 12 - Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығының бастапқы деңгейін зерттеу әдістемелері

№	Компоненттері	Диагностикалық әдістемелер
1	Мотивациялық	1. «Тұлғаның жетістікке жету қажеттілігін диагностикалау» әдістемесі (Т.Элерс); 2. «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау» әдістемесі (В.Э.Мильман)
2	Мазмұндық	1. Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау әдістемесі (Ю.В. Рындина)
3	Іс-әрекеттік	1. Креативтілікті зерттеуге арналған экспресс-әдісі (Д. Джонсон) 2. Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау әдістемесі (Л.М.Митина)
4	Рефлексивтік	1. «Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау» әдістемесі (Е.Е.Рукавишникова)
Педагогтердің жаңашылдыққа бейімділігі сауалнамасы (Н.В. Немова бойынша) мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне бейімделіп алынды		

Кестеде көрсетілген әдістемелердің көмегімен алғашқы диагностикадан алынған нәтижелерді келесі параграфта қарастырамыз.

Кез-келген білім беру жүйесі мектепке дейінгі тәрбие мен білім алудан басталатындықтан осы сатыда тұрған балалардың болашақта қоғамның дамуына үлес қосатын азаматтарын тәрбиелейтін мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби даярлығына жылдан-жылға үлкен мән беріліп, олардың инновациялық іс-әрекетке даярлығына талаптар артуда.

Табысты кәсіпқой педагог қызметінің сипаттамасы ретінде оның өзгерістерге дайындығы, ұтқырлығы, стандартты емес еңбек іс-қимылына қабілеттілігі, шешім қабылдауда жауапкершілігі және дербестігін атауға болады.

Педагогтердің инновациялық қызметке дайындығының мониторингін ұйымдастыру педагогтердің кәсіби қызметінің аса күрделі мәселелерінің бірі. Өйткені оны өткізу үшін оның нормативтік, әдіснамалық және тұжырымдамалық, сондай-ақ бағдарламалық-әдістемелік негіздері әлі де жеткіліксіз. Сондықтан, біз осы ғылыми жұмысымызда қазіргі мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын диагностикалау әдістемесін құрастырдық.

Осы орайда біз *диагностикалық зерттеу* барысында болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке деген мотивациялық, және іс-әрекеттік, рефлексиялық даярлығынан тұратын тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу деңгейлерін анықтауға тырыстық.

Жалпы ғылымда диагностика жүргізуде, біздің жағдайымызда, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлығын диагностикалау үшін *зерттеу әдістері* ерекше мәнге ие. Бұл инновациялық даярлықты дамытудың зерттеу әдістерін таңдауға мүмкіндік береді. Себебі, кез келген ғылымның дамуы оның әдістерінің нақтылығымен тікелей байланысты.

Сондықтан, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығының зерттеуде тәжірибелік эксперимент міндеттерін шешу үшін және қойылған мақсатқа қол жеткізуде біз сауалнама әдістерін қолдандық.

Сауалнамалар – бұл сұрақтар мен тұжырымдар түрінде ұсынылған тапсырмаларынан тұратын психодиагностикалық әдістемелер тобы. Сауалнамалар ең көп таралған диагностикалық құралдардың қатарына жатады және жеке тұлғалық сауалнамалар мен сауалнама-анкеталарға бөлінуі мүмкін.

Сауалнамалық әдістерді зерттелушілер топтарында бірлескен түрде жалпылама қолдану болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлығын дамыту бойынша жүргізілетін тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының тиімділігін тұтас анықтауға мүмкіндік берді (13-кесте).

Кесте 13 - Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс деңгейлеріндегі ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың деңгейлері	
Жұмыс мазмұны	Зерттеу әдістері
<p>Мәселенің зерттелу дәрежесін анықтау және осы тақырып бойынша зерттеу жүргізудің қажеттілігін негіздеу.</p> <p>Зерттеудің ғылыми-ұғымдық аппаратын құрастыру.</p> <p>Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бағдарламасын құру. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығының</p>	<p>Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлығын дамыту моделін ұсыну.</p> <p>Қарастырылып отырылған үдерістің инновациялық -педагогикалық көздерін теориялық тұрғыда негіздеу және айқындау. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлығын бағалаудың</p>

<p>даму деңгейінің көрсеткіштері мен критерийлерін бөліп көрсету.</p> <p>Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлығын дамытудың моделін нақтылау.</p> <p>Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлығын дамыту әдістемесін негіздеу және айқындау.</p> <p>Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлығын дамыту моделін эксперименттік түрде апробациялау.</p> <p>Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында алынған материалды математикалық-статистикалық өңдеу және сапалық талдау.</p> <p>Нәтижелерді рәсімдеу және зерттеу қорытындыларын тұжырымдау.</p>	<p>бақылаушы-диагностикалық аппаратын анықтау.</p> <p>- теориялық (талдау, жалпылама жүйелеу);</p> <p>- эмпирикалық (бақылау, әңгімелесу, педагогикалық тәжірибені біріктіру және зерттеу, тестілеу, анкеталау);</p> <p>Математикалық статистика әдістері;</p> <p>Теориялық (біріктіру, жүйелеу);</p> <p>Эмпирикалық (бақылау, тестілеу, анкеталау);</p> <p>Алғашқы материалдарды өңдеудің статистикалық әдістері;</p> <p>Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін талдау, сараптау, жалпылау, жүйелеу;</p> <p>Эксперимент нәтижелерін екінші өңдеудің статистикалық әдістері (бақылау эксперименті).</p>
--	---

Сонымен қатар зерттеу барысында теориялық талдау әдісі кәсіби даярлық, инновациялық даярлық феноменін зерттеудің теориялық тұғырларының негізгі идеяларын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Ал зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу үшін қолданылатын статистикалық әдістер зерттеу мәселесінің ерекшелігіне байланысты таңдап алынады.

Жүргізілген диагностикалық әдістемелер бақылау және эксперименттік топты анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелерге сәйкес тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты, Мектепке дейінгі және әлеуметтік педагогика кафедрасына қарасты 6В012- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының күндізгі бөлім студенттері эксперименттік топ ретінде белгіленді (74 студент).

Ал, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Педагогика және психология факультеті, Мектепке дейінгі және бастауыш білім кафедрасы, 6В012- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының күндізгі бөлім студенттері бақылау тобына алынды (72 студент).

Бірінші кезекте жүргізілген анықтаушы эксперимент барысында зерттелуші бақылау және эксперименттік топ студенттерінің инновациялық даярлығының мотивациялық компоненттері даму деңгейлерін айқындау үшін Т.Элерстің [294] «Тұлғаның жетістікке жету қажеттілігін диагностикалау»

әдістемесі бойынша зерттеу жүргізілді.

Зерттелушілерге сауалнама парағы және нұсқаулық ұсынылды. Сауалнамадағы 41 сұрақтың әрқайсысына ИЯ немесе ЖОҚ деп жауап беру қажеттілігі түсіндірілді (1-қосымша).

Зерттелушілердің жауап парағы сауалнама кілтімен тексерілді: 2–5, 7–10, 14–17, 21, 22, 25–30, 32, 37, 41 сұрақтарына Иә жауабы қойылса, онда оларға 1 ұпайдан беріліп, сомасы шығарылады. Ал 6, 13, 18, 20, 24, 31, 36, 38 және 39. 1, 11, 12, 19, 23, 33–35 және 40 сұрақтарына жоқ деп жауап берілсе, ешбір ұпай саны берілмейді.

Элерс тестінің интерпретациясы: Ұпайлар саны жоғары болған сайын, жетістікке деген мотивация жоғары болады.

1 ұпайдан 10 ұпайға дейін - жетістікке деген қажеттілігінің төмендігі;

11 ұпайдан 16 ұпайға дейін - жетістікке деген мотивация деңгейі орташа;

17 ұпайдан 20 ұпайға дейін - жетістікке деген мотивация деңгейінің жоғарылығы;

Аталмыш әдістеме тұлғаның жетістікке қаншалықты дәрежеде бағдарланғандығын, тәуекелділік деңгейін айқындайды. Әдістеме авторы Элерстің пікірінше, сәтсіздіктен қорқатын адамдар тәуекелдің аса үлкен немесе керісінше, кіші деңгейін дұрыс көреді. Сондай-ақ ол адамның мақсатқа жетудегі жетістікке ұмтылысы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым тәуекелге дайындығы төмен болатыны жөнінде тұжырымдайды.


Осылайша жетістікке деген ұмтылыс жетістікке деген үмітіне әсер етеді: жетістікке деген үміті жетістікке әлсіз мотивациясына қарағанда жетістікке күшті мотивацияда қанағаттанарлық сипатта болады. Егер адамда сәтсіздіктен қашу (қорғану) мотивациясы жоғары болса, онда бұл адамның мақсатқа жетуіне бөгет жасайды.

Студенттер жауаптарына Т. Элерс сауалнамасының кілтіне сәйкес талдау жасап, оны төмендегі 14-кестеде көрсеттік.

Кесте 14 – Т.Элерс әдістемесі бойынша анықтаушы эксперименттегі студенттерінің жетістікке жету мотивациясы деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Бақылау тобы (72 студент)	Эксперименттік топ (74 студент)
Жоғары (17-20 ұпай)	7 (9,4%)	8 (10%)
Орта (11-16 ұпай)	31 (43,4%)	32 (43,8%)
Төмен (1-10 ұпай)	34 (47,2%)	34 (47,2%)

Т.Элерс әдістемесі бойынша жетістікке жету мотивациясы көрсеткіштері төмен, орта, жоғары деңгейлері бойынша есептеліп, зерттелуші болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің, яғни анықтаушы эксперименттегі пайыздық нәтижелері салыстырмалы түрде диаграммада көрсетілді. (Сурет 27).



Сурет 27 – Зерттелуші студенттер топтарының жетістікке жету мотивациясы деңгейлерінің анықтаушы экспериментте анықталған пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

14-кесте мен диаграммадағы пайыздық мәліметтер көрсеткендей, бақылау және эксперимент топ студенттерінде жетістікке жету мотивациясы бойынша елеулі айырмашылықтар байқалмады. Екі топта да төмен нәтижелер басым болды. Мұның өзі болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің жетістікке жету мотивациясының жеткілікті қалыптаспағандығын білдіреді. Мысалы, бақылау тобындағы зерттелушілер жетістікке жетудің жоғары деңгейін 9,4% және эксперименттік топтағы студенттердің 10% жоғары деңгейлік көрсеткішті көрсетті.

Элерс әдістемесінің интерпретациясы бойынша жетістікке жету түрткісі төмен тұлғалар көбінесе қорғану, сәтсіздіктен қашу мотивациясын ұстанады. Ал, мұндай түрткілер адамның кез-келген қызметте жетістікке, мақсатқа жетуіне кері ықпал етеді.

Ал, жетістікке жетудің төменгі деңгейін екі топта да зерттелушілердің елеулі бөлігі көрсетті: бақылау тобында 47,2%, эксперименттік топта 47,2%.

Мұның өзі студенттерді жетістікке жетуге ынталандыратын психологиялық-педагогикалық іс-шаралардың қажеттігін көрсетеді.

Бізбен екінші кезеңде В.Е.Мильманның [295] «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі жүргізілді. Аталмыш әдістеме тұлғаның жалпы және шығармашылық белсенділігін, қарым-қатынасқа, қоғамдық статуска, комфортқа және т.б. кейбір тұрақты бағыттылықтарын анықтауға арналған (2-қосымша).

Нұсқаулық. Сіздің өмір кейпіңізге және ұстанымдарыңызға байланысты 14 тұжырым берілген. Әрбір тұжырымның 8 нұсқасы бар. Сіз қабылдаған жауабыңыздың тұсына келесі белгілердің бірін қойыңыз (+) қабылдаймын, (=) кейде, (-) жоқ, (х) қабылдамаймын, (?) білмеймін. Әдістеме сұрақтарына көп ойланбай, жылдам жауап беруге тырысыңыз. Өз жауаптарыңыздың дұрыстығын қадағалаңыз.

В.Е.Мильман ұсынған әдістеме бойынша тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау үшін 5В010100 (6В01201) - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының күндізгі бөлім студенттерімен тест жүргізілді.

Нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау зерттелушінің жауаптары баллмен көрсетіледі «+» - 2 балл, «-» - 1 балл, «=» немесе «?» - 0 балл.

Соңында мотивациялық профиль құрылады. Егер сыналуды шкала бойынша (жқ), (шқ), (әп) жоғары балл жинаса, демек онда «қызметтік» тұлғаның мотивациялық профилі, ал егер шкала бойынша одан жоғары балл жинаса ө, ж, ә, жқ (немесе басқа шкаламен тең жағдайда) демек тұлғаның күнделікті мотивациялық профилі көрініп тұр.

Кесте 15- Әдістеме кілті:

Шкалалар атауы	Жауаптары
1	2
<i>Тіршілікті қамтамасыз етуге бағдарлану</i>	1а, 2а, 3а, 4е, 5а, 6з, 8а, 10д, 11а, 12а
<i>Ыңғайлылық пен жайлылыққа ұмтылу</i>	1е, 2г, 7в, 8в,з, 9в,г,е, 10г, 12д,е
<i>Қоғамдық бедел мен мәртебеге ұмтылу</i>	1г, 2з, 3а, 4г, 5д, 6ж, 7в, 9а, 10г, 12в
<i>Қарым-қатынасқа ұмтылу</i>	1в, 2д, 3в, 4б,в, 7б,з, 8б,г, 9д,з,10а, 11г, 12в
<i>Жалпы белсенділік</i>	1г,з, 4а,г, 5з, 6а, 7д, 9б, 10в, 12з
<i>Шығармашылық белсенділік</i>	1ж,з, 2е,ж, 3ж, 4д, 5д,е, 6е, 7е,ж, 8д,ж, 10ж, 11з, 12г.
<i>Қоғамдық пайдалылық</i>	1д, 2з, 3г,д, 4в,ж, 5г,ж, 6ж, 8е, 9ж, 10б,е, 11е,ж, 12ж.

В.Е.Мильман әдістемесі бойынша қоғамдық бедел мен мәртебеге ұмтылу жалпы белсенділік, шығармашылық белсенділік, қоғамдық пайдалылық шкалалары бойынша ұпайлар қосындысы тұлғаның іске бағыттылығын сипаттайды. Қалған шкалалар бойынша ұпайлар қосындысы адамның жалпы тұрмыстық бағыттылығын білдіреді.

Сонымен, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің мотивациялық бағыттылықтарын зерттеу мақсатымен қолданылған В.Е.Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау» әдістемесі бойынша анықтаушы эксперимент нәтижелерін ұсынамыз (16-кестені қараңыз).


Кесте 16 – Зерттелуші топтардың анықтаушы экспериментте анықталған В.Э.Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша нәтижелері

№	Шкалалар	Бақылау тобы (72 студент)	Эксперименттік топ (74 студент)
1.	Тіршілікті қамтамасыз етуге бағдарлану	13 (18%)	12 (15%)
2.	Комфортқа ұмтылу	17 (23,7%)	17 (23,7%)
3.	Қоғамдық бедел мен мәртебеге ұмтылу	12 (16,7%)	17 (23,7%)
4.	Қарым-қатынасқа ұмтылу	11 (15,3%)	11 (15,3%)
5.	Жалпы белсенділік	9 (12,5%)	8 (10%)
6.	Шығармашылық белсенділік	6 (8,3%)	6 (8,3%)
7.	Қоғамдық пайдалылық	4(5,5%)	3 (4%)

Анықтаушы эксперименттегі В.Э.Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, бақылау тобы 72 зерттелушілерінің тіршілікті қамтамасыз етуге бағдарлануы 13 (18%) құрады, комфортты жағдайларда өмір сүруді қалайтындар саны 17 (23,7%) зерттелуші болды, әлеуметтік бедел мен мәртебеге ұмтылу 12 (16,7%) зерттелушілерде көрініс тапса, ал қарым-қатынасқа ұмтылу 11 зерттелушіде, яғни бақылау тобының 15,3%-нда көрініс тапты. Осы топтағы жалпы белсенділікке ұмтылатындар саны 9 адам, яғни 12,5% құраса, шығармашылық белсенділік 6 адамда байқалып, яғни зерттелушілердің 8,3%-нда көрінді. Соңғы шкала қоғамдық пайдалылықты 4 зерттелуші (5,5%) таңдаған.

Айқындаушы эксперимент нәтижесінде эксперименттік топты құраған 74 студенттің В.Э.Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша пайыздық көрсеткіштерін сандық және сапалық талдайтын болсақ, олардың арасында тіршілікті қамтамасыз етуге бағдарланғандар 12 адамды (15%) және комфортты жағдайларға ұмтылғандар саны 17 (23,7%) зерттелушілерді құрады. Қоғамдық бедел мен мәртебеге ұмтылу шкаласы бойынша жоғары ұпайлар 17 (23,7%) зерттелушілерде көрініс тапты. Қарым-қатынас пен коммуникацияға ұмтылу 11 зерттелушіде, яғни бақылау тобының 15,3%-нда көрініс берді. Келесі шкала жалпы белсенділікті қалау 8 адам, яғни 10% байқалса, шығармашылық белсенділік не бары 6 адамда көрініп, зерттелушілердің 8,3%-н құрады. Соңғы шкала қоғамдық пайдалылық көрсеткіші 3 зерттелушілерде, яғни эксперименттік топтың 4%-нда көрініс тапты.

Сонымен, осы әдістеме бойынша алынған алғашқы диагностика нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері бізбен келесі диаграммада көрсетілді



Сурет 28 - Анықтаушы эксперименттегі В.Э. Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Жалпы, екі топ нәтижелерін салыстыратын болсақ, екі топта да тұлғаның мотивациялық құрылымында айтарлықтай өзгешеліктер байқалған жоқ. Алғашқы диагностика нәтижелері бойынша, екі топтың да зерттелушілерінде жалпы тұрмыстық мотивация басым, ал іске бағдарлану төмен дәрежеде екені байқалды. Зерттелуші студенттердің көп бөлігі тіршілікті қамтамасыз етуге бағытталғандығын, көбінесе жайлылық пен комфортты жағдайларды қалайтынын, сонымен қатар қарым-қатынасқа ұмтылатын түрткілері барын көрсетті.

Рефлексия болашақ тәрбиешінің кәсіби мәнді қасиеттерінің бірі болғандықтан, бұл қасиет оның инновациялық іс-әрекетке даярлығында да маңызды болып табылады. Сондықтан, өзінің педагогикалық жаңашыл іс-әрекетін үнемі қадағалап, өз-өзін сырттай бақылап, өзіне есеп беріп, жұмыс нәтижелерінен қорытынды шығару арқылы ғана педагог сәттілікке жете алады.

Жалпы, педагогикалық қарым-қатынастағы рефлексияның негізгі төрт түрі белгілі:

– Әлеуметтік-перцептивті рефлексия - педагогтің педагогикалық үдеріс шеңберінде және одан тыс жерлерде балалармен, әріптестерімен және балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас барысында қалыптасқан өз пікірлері мен ұсыныстарын қайта тексеруге және қайта пайымдауға қабілеттілігі.

– Коммуникативтік рефлексия – педагогикалық қарым-қатынас үдерісі субъектісінің оны басқа қатысушылар қалай қабылдап, бағалайтынын түсінуінен тұрады. Коммуникативтік рефлексия – қарым-қатынастың және тұлғааралық қабылдаудың маңызды құрамдас бөлігі, адамның адаммен

танылуы мен қабылдануының ерекше сапасы.

– Тұлғалық рефлексия – субъектінің өз іс-әрекеттерін зерттеуіне, өзінің Менін, өзінің кәсіби білімі мен іскерлігін сырттай қайта бақылап, бағалауға негізделген.

– Интеллектуалды рефлексия – педагогикалық іс-әрекет объектісі және онымен әрекет ету тәсілдері туралы білімді бағалау үдерісі.

Рефлексия болашақ педагогке, ол дұрыс бағытта қозғала ма, оның педагогикалық іс-әрекетінде кейбір олқылықтар бар ма соны түсінуге мүмкіндік береді. Рефлексия негізінде педагогикалық үдерісті, сондай-ақ өздігінен білім алу және кәсіби өзін-өзі жетілдіру үдерісін бақылау және басқару жүзеге асырылады. Рефлексия кәсіби-білім беру қызметінің жағдайын өзгерткенде үлкен маңызға ие. Рефлексия педагогикалық қызметті дамытудың маңызды механизмдерінің бірі..

Сондықтан, біз айқындаушы эксперименттің 3-ші кезеңінде Е.Е.Рукавишникованың [296] «Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша зерттеу жүргіздік.

Әдістеме нұсқауы. Өзіңізді тереңірек тану мақсатында сізге бірқатар сұрақтарға жауап беру ұсынылады. Оларға жауап бере отырып, тіркеу бланкісінде келісіміңізді + белгісімен, ал келіспеуді – - белгісімен белгілеңіз.

Нәтижелерді өңдеу. Педагогикалық рефлексияның даму деңгейін анықтауда әдістемені жүргізу барысында алынған нәтижелерді өңдеу үшін алдымен кілтпен салыстыру қажет. Кілтпен сәйкес келетін әрбір жауап үшін сыналушы 1 балл немесе керісінше – 0 балл алады, соңында барлық алынған ұпайлар саны қосылады.

Кілт

1 + 6 + 11 + 16 + 21 + 26 + 31 +

2 + 7 + 12 + 17 + 22 - 27 + 32 -

3 + 8 + 13 - 18 + 23 + 28 + 33 -

4 - 9 + 14 + 19 - 24 + 29 - 34 +

5 + 10 - 15 - 20 + 25 + 30 -

0-11 ұпай – рефлексия дамуының төмен деңгейі;

12-22 балл – рефлексияның орташа деңгейі;

23-34 балл – жоғары рефлексия деңгейі.


Студенттер жауаптарын Е.Е.Рукавишникованың «Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау» әдістемесі кілтіне сәйкес өңдеу жасап, оны төмендегі 17-кестеде көрсеттік.

Кесте 17 – Е.Е.Рукавишникованың «Педагогикалық рефлексия» әдістемесі бойынша анықтаушы эксперименттегі студенттердің пайыздық көрсеткіштері

Зерттелуші топтар	Педагогикалық рефлексия деңгейлері		
	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы (72 студент)	8(11,3%)	27(37,4%)	37 (51,3%)
Эксперименттік топ (74 студент)	7(8,7%)	29(36,3%)	38(55%)

Зерттелушілердің басым көпшілігінің педагогикалық рефлексияның орта және төменгі деңгейі байқалды. Мұның өзі студенттердің өз іс-әрекеттерін әлі дұрыс бақылай және талдай алмайтындығын білдіреді.

Аталмыш әдістеме бойынша педагогикалық рефлексия көрсеткіштері төмен, орташа, жоғары, деңгейлері бойынша есептеліп, зерттелуші болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің анықтаушы эксперименттегі пайыздық нәтижелері салыстырмалы түрде диаграммада көрсетілді (Сурет 29).



Сурет 29 – Зерттелуші студенттер топтарының педагогикалық рефлексия деңгейлерінің анықтаушы эксперименттегі пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

17-кесте мен 29 суреттегі диаграммадағы пайыздық мәліметтер көрсеткендей, екі топ бойынша да бақылау және эксперименттік топ студенттерінде педагогикалық рефлексия бойынша төмен деңгейлік көрсеткіштер басым болды. Мұның өзі зерттелуші студенттердің педагогикалық рефлексиясы әлі жеткілікті қалыптаспағандығын білдіреді. Мысалы, бақылау тобындағы зерттелушілердің 51,3% педагогикалық рефлексияның төменгі деңгейін көрсетсе, ал эксперименттік топтағы студенттердің 55% осындай төмен нәтижелерге ие болды.

Жалпы, педагогикалық еңбек саласы қарым-қатынас үдерісі жетекші рөл атқаратын кәсіби қызмет түріне жатады. Дәл осы қарым-қатынас арқылы оқыту мен тәрбиелеудің міндеттері жүзеге асырылады, себебі қарым-қатынас педагогтің кәсіби шеберлігін арттыру мен педагогикалық қызметті ұйымдастыруды жетілдірудің қуатты резерві болып табылады. Осындай педагогикалық қарым-қатынасты тиімді жүзеге асыруда өзін-өзі бағалау рөлі өте ерекше.


Біздің пікірімізше, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығында студенттердің кәсіби іс-әрекетке даярлығын өзін-өзі бағалауының маңызы орасан зор. Себебі, нағыз тәрбиешінің ең алдымен кәсіби іс-әрекетін өзін-өзі дұрыс бағалауы болуы керек.

Сондықтан, біз зерттеуіміздің келесі кезеңінде студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау деңгейін анықтауды жөн көрдік. Бұл мақсатта бізбен «Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау» әдістемесі (Ю.В.Рындина) қолданылды. [297] Аталмыш әдістеме нәтижелері 18 - кестеде келтірілген.

Кесте 18 – Анықтаушы эксперименттегі «Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау» әдістемесі (Ю.В.Рындина) бойынша зерттелуші топтар нәтижелері

Зерттелуші топтар	деңгейлері		
	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы (72 студент)	11 (14%)	33 (47,2%)	28 (38,8%)
Эксперименттік топ (74 студент)	14 (17,5%)	35 (51,2%)	25 (31,3%)

Бұл нәтижелердің диаграммасы келесі суретте көрсетілген. (30-сурет).



Сурет 30 - Анықтаушы эксперименттегі «Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау» әдістемесі (Ю.В.Рындина) әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштері

Біз, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-

әрекетке даярлығының психологиялық параметрлерінің бірі ретінде креативтілікті қарастырамыз. Себебі, креативтілік тұлғаның түрлі шығармашылық қабілеттері мен осындай іс-әрекетке деген қызығушылығын, сондай-ақ жасампаз тұлғаға тән маңызды психологиялық сапаларды біріктіреді.

Сондықтан, зерттеудің келесі кезеңінде біз Д. Джонсонның креативтілікті зерттеуге арналған экспресс-әдісін қолдандық.

Д.Джонсонның креативтілік сауалнамасы креативтілік психодиагностикасының экспресс-әдісі болып табылады [298]. Эксперименталды практикада бұл әдістеме П.Торренс пен Д.Гилфордтың құрастырған шығармашылық ойлау тесттеріне қосымша ретінде де қолданылуы мүмкін.

Д.Джонсонның креативтілік сауалнамасының сенімділігін бағалау Ресейде Е.Е.Туникпен (1997) жүргізілді. Ол алған деректер Джонсонның креативтілік сауалнамасын тікелей бақылауға болатын шығармашылық көріністерді бағалау үшін психодиагностикалық құрал ретінде қолдану мүмкіндігі туралы куәландырады.

Креативтілік сипаттамаларына тұлғаның келесі ерекшеліктері кіреді:

1. Проблемаға сезімталдық, қиындықтарды таңдау, қоршаған ортаның нәзік, белгісіз, күрделі, қарама-қайшы ерекшеліктерін сезіну қабілеті.

2. Әртүрлі идеялардың, бейнелердің, гипотезалардың, нұсқалардың көп санын ұсыну және білдіру қабілеті.

3. Проблеманы шешудің әртүрлі стратегияларын пайдалану, идеялардың сан-алуан түрлерін, санаттарын ұсыну қабілеті.

4. Идеяны әртүрлі бөлшектермен толықтыру, идея-бейнені әзірлеу, жетілдіру қабілеті.

5. Өзіндік ерекшелігі, ойлау мен мінез-құлықтың стандартсыздығы, қызмет нәтижелерінің бірегейлігі, жеке стиль.

6. Қайта құруларға, бейнелер мен идеялардың дамуына қабілеттілігі, серпінділігі, өнертапқыштық, құрылымдау қабілеті.

7. Шығармашылық қызметке эмоционалды қызығушылық, қажеттілік, шығармашылық мотивация.

8. Ойлау, бағалау, мінез-құлықтың тәуелсіздігі, стандартты емес позицияға жауапкершілік, өзіне сүйенген мінез-құлықтың дербес стилі, өзін-өзі қамтамасыз ететін мінез-құлық.

Осыған сәйкес, креативтілік сауалнамасы шығармашылық ойлау мен мінез-құлықтың 8 сипаттамасынан тұрады.

Сауалнаманы толтыру ең аз уақыт шығынын талап етеді (10-30 минут). Әрбір тармақ (мінездеме) сарапшының нақты жағдайда (сыныпта, сабақта) бақылауының негізінде немесе бақылаудың ұзақ тәжірибесі негізінде бағаланады. Бұл сауалнама өзін-өзі бағалауды (жоғары мектеп жасы, студенттер) және басқа тұлғалардың: педагогтер, ата-аналар, сыныптастардың креативтілігін сараптық бағалауды өткізуге мүмкіндік береді. Әрбір тармақ 5 балдық шкала бойынша бағаланады: 1-ешқашан, 2-сирек, 3-кейде, 4-жиі, 5-үнемі.

Креативтіліктің жалпы бағасы сегіз сипаттама бойынша балл жиынтығы

болып табылады (ең төменгі баға – 8 ұпай, ең жоғары баға – 40 ұпай).

Шығармашылық деңгейлері бойынша жиынтық бағалары қосылып жалпы креативтілік дамуының үш (3) деңгейін диагностикалауға мүмкіндік береді: жоғары, орта, төмен.

Кесте 19 – Анықтаушы эксперименттегі болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің Д.Джонсонның креативтілік сауалнамасынан алынған креативтіліктің 8 факторының пайыздық көрсеткіштері (%)

Креативтілік факторы	Бақылау тобы (72 студент)			Эксперименттік топ (74 студент)		
	Жоғары	Орта	Төмен	Жоғары	Орта	Төмен
1. Проблемаға сезімталдық, қиындықтарды таңдау	(9,7%)	(38,9 %)	(51,4 %)	(22,6%)	(38,7 %)	(38,7%)
2. Әртүрлі идеяларды ұсыну және білдіру қабілеті	(16,6%)	(41,7%)	(41,7%)	(21,3%)	(36,2%)	(42,5%)
3. Проблеманы шешуде түрлі стратегияларды пайдалану	(20,8%)	(44,4 %)	(34,8 %)	(22,4%)	(38,8 %)	(38,8 %)
4. Идеяны жетілдіру қабілеті	18%	40,3 %	41,7 %	(21,3%)	(42,5%)	(36,2%)
5. Ойлау мен мінез-құлықтың айырмашылығы, іс-әрекеттің жеке стилі	6,9%	25%	68,1%	10%	27,5%	62,5%
6. Инициативтілік пен өнертапқыштық	16,7%	40,3%	43%	18,8%	40%	41,2%
7. Шығармашылық қызығушылық	19,5%	43%	37,5%	23,8%	41,2%	35%
8. Ойлау, бағалау, мінез-құлықтың тәуелсіздігі	20,8%	44,4%	34,8%	22,5%	45%	32,5%

Анықтаушы эксперименттегі Д. Джонсонның креативтілік сауалнамасынан алынған креативтіліктің 8 факторының пайыздық көрсеткіштері бойынша бақылау тобында болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің креативтілік факторлары ішінен проблемаға сезімталдықты көрсетіп, қиындықтарды таңдағандар 7 зерттелуші (9,7 %) болса, төменгі даму деңгейлері 37 зерттелушіде (51,4%) анықталды. Ал эксперименттік топта бұл фактор бойынша жоғары көрсеткіштерді көрсеткендер 12 адамды, яғни

зерттелушілердің 22,6% пайызын құраса, орташа деңгей 31 адамда, бұлар зерттелушілердің 38,7%-ын қамтыса, төменгі көрсеткіштер 31 студентте 38,7% анықталды.

Екінші фактор әртүрлі идеяларды ұсыну және білдіру қабілетіннің жоғары көрсеткіштері бақылау тобындағы 12 (16,6%) зерттелушіде анықталса, орта деңгей 30 (41,7%) зерттелушілерде анықталды. Төменгі даму деңгейі де 30 (41,7%) зерттелушілерде көрініс тапты. Ал, эксперименттік топта жоғары көрсеткіштері барлар 11 адамды 21,3%-ын құраса, орта деңгейі барлар 29 адамды 36,2% қамтыды. Ал, төменгі деңгейдегі көрсеткіштер 34 зерттелушіде 42,5% анықталды.

Үшінші фактор проблеманы шешуде түрлі стратегияларды пайдалану бойынша бақылау тобында 15 зерттелуші (20,8%) болса, төменгі даму деңгейлері 25 зерттелушіде (34,8%) анықталды. Ал, эксперименттік топта бұл фактор бойынша жоғары көрсеткіштерді көрсеткендер 12 адамды, яғни зерттелушілердің 22,4% пайызын құраса, орташа деңгей 31 адамда, бұлар зерттелушілердің 38,8%-ын қамтыса, төменгі көрсеткіштер де 31 студентте, яғни зерттелушілердің 38,8%-нда байқалды.

Төртінші фактор идеяны жетілдіру қабілетіннің жоғары көрсеткіштері бақылау тобындағы 13 (18%) зерттелушіде анықталса, орташа деңгей 29 (40,3%) зерттелушілерде анықталды. Төменгі даму деңгейі де 30 (41,7%) зерттелушілерде көрініс тапты. Ал эксперименттік топта жоғары көрсеткіштері барлар 11 адамды 21,3%-ын құраса, орташа деңгейі барлар 34 адамды 42,5% қамтыды. Ал төменгі деңгейдегі көрсеткіштер 29 зерттелушіде 36,2% анықталды.

Бесінші фактор ойлау мен мінез-құлықтың айырмашылығы, іс-әрекеттің жеке стилі бойынша бақылау тобында жоғары нәтижелер 5 зерттелуші (6,9%) болса, төменгі даму деңгейлері 49 зерттелушіде (68,1%) анықталды. Ал, эксперименттік топта бұл фактор бойынша жоғары көрсеткіштерді көрсеткендер 8 адамды, яғни зерттелушілердің 10% пайызын құраса, орта деңгей 22 адамда, бұлар зерттелушілердің 27,5%-ын қамтыса, төменгі көрсеткіштер де 44 студентте, яғни зерттелушілердің 62,5%-нда байқалды.

Алтыншы фактор инициативтілік пен өнертапқыштық бойынша жоғары көрсеткіштер бақылау тобындағы 12 (16,7%) зерттелушіде анықталса, орташа деңгей 29 (40,3%) зерттелушілерде анықталды. Төменгі даму деңгейі де 31 (43%) зерттелушілерде көрініс тапты. Ал, эксперименттік топта жоғары көрсеткіштері барлар 15 адамды 18,8%-ын құраса, орташа деңгейі барлар 29 адамды 40% қамтыды. Ал, төменгі деңгейдегі көрсеткіштер 30 зерттелушіде 41,2% анықталды.

Жетінші фактор шығармашылық қызығушылық бойынша жоғары көрсеткіштер бақылау тобындағы 14 (19,5%) зерттелушіде анықталса, орташа деңгей 31 (43%) зерттелушілерде анықталды. Төменгі даму деңгейі де 27 (37,5%) зерттелушілерде көрініс тапты. Ал, эксперименттік топта жоғары көрсеткіштері барлар 16 адамды 23,8%-ын құраса, орташа деңгейі барлар 30 адамды 41,2% қамтыды. Ал, төменгі деңгейдегі көрсеткіштер 28 зерттелушіде 35% анықталды.


Сегізінші фактор ойлау, бағалау, мінез-құлықтың тәуелсіздігі бойынша жоғары көрсеткіштер бақылау тобындағы 15 (20,8%) зерттелушіде анықталса, орташа деңгей 32 (44,4%) зерттелушілерде анықталды. Төменгі даму деңгейі де 25 (34,8%) зерттелушілерде көрініс тапты. Ал, эксперименттік топта жоғары көрсеткіштері барлар 18 адамды 22,5%-ын құраса, орташа деңгейі барлар 30 адамды 45% қамтыды. Ал, төменгі деңгейдегі көрсеткіштер 26 зерттелушіде 32,5% анықталды.

Сонымен, анықтаушы экспериментте бақылау және эксперимент тобындағы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің Джонсонның креативтілікті зерттеу экспресс-әдісі бойынша алынған жалпы креативтіліктің орташа пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы төмендегі суретте айқын көрсетілген (суретті қараңыз).

Кесте 20 - Джонсонның креативтілікті зерттеу экспресс-әдісі бойынша анықтаушы эксперимент нәтижелері

	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы (n=72)	15,1%	56,9%	28%
Эксперименттік топ (n=74)	13,3%	53,7%	33%

Жалпы алғашқы зерттеу бойынша зерттелуші студенттер топтарының креативтілік бойынша орташа деңгейлік көрсеткіштері басым болды. Мұның өзі қазіргі жастардың шығармашылыққа деген қызығушылығы мен қабілеттері орташа дамығандығын білдіреді. Осылайша, бақылау тобы зерттелушілерінде креативтіліктің орташа көрсеткіштері 56,9%, ал эксперименттік топта 53,7% анықталды.




Сурет 31 - Джонсонның креативтілікті зерттеу экспресс-әдісі бойынша анықтаушы эксперимент нәтижелерінің диаграммасы

Ендігі кезекте студенттер топтарында соңғы қолданылған әдіс Л.М.Митинаның «Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау» әдістемесі бойынша нәтижелер келесі кестеде көрсетілді.

Кесте 21 – Анықтаушы эксперименттегі Л.М.Митинаның «Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау» әдістемесі бойынша зерттелуші топтар нәтижелері

Зерттелуші топтар	Коммуникативтік қабілеттер деңгейлері		
	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы	(28%)	(33%)	(39%)
Эксперименттік топ	(33%)	(33%)	(36%)



Сурет 32 – Анықтаушы эксперименттегі Л.М.Митинаның «Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау» әдістемесі бойынша зерттелуші топтар нәтижелері

Анықтаушы эксперименттегі Л.М.Митинаның «Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау» әдістемесі бойынша жоғары көрсеткіштер бақылау тобындағы 20 (28%) зерттелушіде анықталса, орташа деңгей 24 (33%) зерттелушілерде анықталды. Төменгі даму деңгейі 28 (39%) зерттелушілерде көрініс тапты. Ал, эксперименттік топта жоғары көрсеткіштері барлар 24 адамды 33% құраса, орташа деңгейі барлар 24 адамды 33% қамтыды. Ал, төменгі деңгейдегі көрсеткіштер 26 зерттелушіде 36%

анықталды.

Сонымен, анықтаушы эксперимент барысында бақылау және эксперименттік топта да көптеген әдістемелер бойынша орташа және төмен нәтижелер алынды. Тек соңғы Л.М.Митинаның «Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау» әдістемесі бойынша коммуникативтік қабілеттері жоғары және орташа дамыған зерттелушілер саны басым болып, басқа әдістемелердің нәтижелерімен салыстырғанда, төменгі көрсеткіштері бар зерттелушілер саны аздау болды.

Келесі кезекте біз болашақ балабақша тәрбиешілерінің инновациялық әлеуетінің бастапқы деңгейін анықтадық. Бұл мақсатта қолданылған Н.В.Немованың Педагогтердің жаңашылдыққа бейімділігі сауалнамасы қолданылды. Сауалнама 6 сұрақтан тұрады.

Нұсқаулық: Құрметті болашақ тәрбиеші! Келесі бағалау шкаласын пайдалана отырып, жаңашылдықты қабылдау деңгейіңізді анықтаңыз: 3 балл – әрдайым; 2 балл – кейде, 1 балл – ешқашан.

Нәтижелерді өңдеу нәтижелерін өңдеу барлық толтырылған сауалнамалардың баллдарының сомасын қарапайым математикалық есептеу жолымен жүргізіледі. Жаңашылдыққа сезімталдық деңгейі (К) мына формула бойынша анықталады:

$$K = K_{\text{факт}} / K_{\text{макс}}$$

Мұндағы: $K_{\text{факт}}$ - барлық болашақ тәрбиешілер алған баллдардың нақты саны; $K_{\text{макс}}$ - ең жоғары мүмкін балл саны - 18.

Жаңашылдыққа сезімталдық деңгейін бағалау үшін мынадай көрсеткіштер пайдаланылады:

$K < 0,45$ – өте төмен сыни деңгей;

$0,45 < K < 0,65$ – төмен деңгей;

$0,65 < K < 0,85$ - рұқсат етілген деңгей;


$K > 0,85$ - оптималды деңгей.

Осы әдістеме бойынша анықтаушы экспериментте бақылау және эксперименттік топтан келесі нәтижелер анықталды (22 кесте).

Кесте 22 - Н.В.Немованың Педагогтердың жаңашылдыққа бейімділігі сауалнамасы бойынша анықтаушы эксперименттегі педагогтер нәтижелері

Зерттелуші топтар	Жаңашылдыққа бейімділік деңгейлері			
	Сыни деңгей	Төмен деңгей	Орташа деңгей	Оптималды Деңгей
Бақылау тобы	(15%)	(25%)	(35%)	(25%)
Эксперименттік топ	(20%)	(25%)	(30%)	(25%)

Бұл нәтижелер диаграммаға түсірілді (33-суретті қараңыз).



Сурет 33 - Н.В.Немованың Педагогтердің жаңашылдыққа бейімділігі сауалнамасы бойынша анықтаушы эксперименттегі педагогтар нәтижелері

Жалпы алғашқы зерттеу бойынша педагогтердің жаңашылдыққа бейімділігі орташа және төмен деңгейді көрсетті. Себебі, сыни деңгей мен төмен деңгейдегі көрсеткіштердің қосындысы бойынша екі топта да төмен деңгейлік нәтижелер басым болды. Осылайша бақылау тобында 25 пайыз төменгі нәтижелер алынды, ал эксперименттік топта төмен нәтижелері барлар 25 пайызды құрады. Мұның өзі мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық әлеуеттері мен даярлықтарын қалыптастыру қажеттігін білдіреді.

Сонымен, анықтаушы кезеңдегі жүргізілген зерттеу барысында алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда студенттер мен педагогтердің инновациялық іс-әрекетке даярлығының жеткіліксіз деңгейде қалыптасқандығын көрсетті.

Диагностикалау барысында анықтау экспериментінің мақсатына сәйкес жүргізілген сауалнама және қолданылған әдістемелерді қолдану нәтижесінде бақылау және эксперименттік топтардың арнайы өлшемдері бойынша инновациялық іс-әрекетке даярлығының даму деңгейлері төмендегідей анықталды.

Сонымен болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығының дамуын анықтайтын мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттері бойынша көрсеткіштер келесідей анықталды (23-кесте).

Кесте 23 – Анықтаушы эксперименті бойынша студенттердің инновациялық даярлық деңгейлері (%)

Өлшемдері	Бақылау тобы			Эксперименттік топ		
	Ж	О	Т	Ж	О	Т
Мотивациялық компонент	16,2%	46%	34,3%	11,5%	48,3%	39,9%
Мазмұндық-компонент	16%	46,5%	37,5%	10,2%	45,8%	44%
Іс-әрекеттік- компонент	17,4%	49,3%	36,8%	15,8%	55,6%	28,6%
Рефлексивтік компонент	15,2%	50,2%	34,6%	14,6%	60,1%	25,3%
Орташа көрсеткіш	16,6%	47,2%	36,2%	12,5%	50%	37,5%


Ескерту: Ж-жоғары, О-орта, Т-төмен

Демек, анықтау эксперименттің мәліметтері мен нәтижелерінен болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығының деңгейінің төмендігі яғни студенттердің болашақ тәрбиешінің инновациялық даярлығын дамытуға бағытталған оқу-тәрбие жұмыстарының жеткілікті дәрежеде жүргізілмегендігін байқадық.

Сондықтан, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке қажетті кәсіби құзыреттіліктері мен кәсіби мәнді тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында бізбен арнайы қалыптастырушы психологиялық-педагогикалық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Кесте 24 – Анықтаушы эксперимент бойынша студенттердің инновациялық даярлық деңгейлері (%)

Деңгейлер	Бақылау тобы (72 студент)	Эксперименттік топ (74 студент)
Жоғары	12 (16,6%)	10 (12,5%)
Орта	34 (47,2%)	38 (51,3%)
Төмен	26 (36,2%)	26 (36,2%)



Сурет 34- Анықтаушы эксперимент бойынша студенттердің инновациялық даярлық деңгейлері

Бұл диаграммадан байқағанымыз, бақылау және эксперименттік топтардағы айырмашылықтар көп емес.

Қорыта келгенде, бұл мәселе бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының көпшілігі болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлау деңгейі білім алушылардың біліміне, тәжірибесіне, қоғам талаптарына байланысты болатынын көрсетеді. Сондықтан, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуда бұл әдістемелер маңызды рөл атқарады, оның тиімділігі келесі параграфта тәжірибелік тұрғыдан дәлелденді.

3.2 Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың механизмі

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық табыстылығы дамуының бастапқы деңгейін айқындау жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісінде жүзеге асырылды. Ол болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің маңыздылығын түсінуін, өздерінде инновациялық іс-әрекетке даярлықты дамытуға ұмтылуын, яғни қарым-қатынасының болуын; сол саласы бойынша білімі мен кәсіби даярлық феноменін тұрғысынан түсінуін зерттеуге бағытталған; өзін-өзі таныта алуы, өзінің кәсіби іс-әрекеттерін жете түсінуі мен өздігінен бағалай алу деңгейін анықтауға бағытталған.

Эксперименттік-тәжірибе жұмысында болашақ мектепке дейінгі ұйым

тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығының дамуы моделіндегі мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттері және соған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштері бойынша деңгейлерін бағалау көрсетіледі.

Сонымен, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың жеткіліксіз тұстарын ескере отырып, эксперименттік бағдарламаларды басшылыққа алып және әдістемелік жұмыстарды өткізу үшін біз келесі бағыттарды белгіледік:

- болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың мүмкіндіктері анықталды;

- болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың бағдарламасына талдау жасалынып ЖОО «Мектепке дейінгі инновация» элективті курсының мазмұны анықталды; «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін бақылау күнделігі», «Тәрбиеші-педагогтың қысқаша инновациялық анықтамалық сөздігі» құрастырылды.

- теориялық талдаудың негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығының дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылды;

- болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытудың өлшем, көрсеткіштері, деңгейлері белгіленді;

- болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығы ретінде кәсіби әлеуетін қалыптастырудағы педагогикалық технологиялар таңдалды;

- болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдістемесі дайындалды.

Инновациялық іс-әрекеттегі ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыруға жасалған педагогикалық-психологиялық талдау және болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдістемесін дайындауға көмектесті.

Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты – болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің жетістікке жету мотивациясының даму дәрежесін анықтау, сонымен бірге олардың осы мәселеге қатынасын айқындау, тұтас алғанда білім беру үдерісі үшін оның маңыздылығын түсінуін білу. Себебі, студенттердің қызығушылығы мен қабілеттеріне сәйкес келетін білімге сұранысы қалыптасатыны белгілі.

Педагогикалық тәжірибеде тұлғаның даму деңгейіне диагностикалық талдау жасау үшін белгілі бір әдістеменің қажеттілігі күннен күнге артып отыр. Ол тұлғаның қалыптасу үдерісін тиімді басқаруға, болашақ тәрбиешінің инновациялық даярлығын дамыту ерекшеліктерін білуге мүмкіндік береді.

Осыған орай, біздің зерттеуімізде болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлығын дамыту *әдістемесін жасау* міндет етіп алынды.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлау жүйесінде инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту әдістемесін қолдану маңызды

рөл атқарады. Әдістеме жаңа білім беру технологияларын пайдалану элементтеріне негізделеді.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекеті бір пәннің мазмұнында қалыптаспайды. Бұл осы ұйымдасқан білім беру бағдарламасының мазмұнында инновациялық іс-әрекеттерге кіріктіріле отырып 240 ECTS орындалатын әрекет. Білім беру бағдарламасы төмендегідей компоненттерден құрастырылды:

-Жалпы білім беру пәндері міндетті, элективті;

-Базалық пәндер міндетті, элективті;

-Бейіндеуші (мамандандырылған) пәндер міндетті және таңдау;

Элективті курс мазмұны педагогика, психология, философия, тарих, мәдениеттану, гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдарымен тығыз байланысты

Оқу курсының мақсатын 25-кестеде ұсындық.

Кесте 25 – «Мектепке дейінгі инновация» Элективті курсының смарт мақсаты

S	«Мектепке дейінгі инновация» элективті курсы негізінде мәселені анықтай алуын, стандартты емес мәселелерді шеше алуын, инновациялық іс- әрекетін жүзеге асыру алгоритмін мәселені тану және талдау әдістерін, болжау қоя білуі, мақсат қою әдістерін, болжау және іс-әрекеттік нәтижелерін бағалай алуын, мәселелерді басқаруға және шешуге шығармашылық көзқарас, тәжірибеде қолдануын ұйымдастырылған іс-әрекетті жобалау мен құрастыруда педагогикалық үдерісте шығармашылық ойларды (жобалық, конструктивтік, басқарушылық рефлексивтік) жүзеге асыруға қажетті біліктер мен дағдылары.
M	Игерген білімдерін тәжірибеде жүзеге асыра білуін
A	Insert, Smart,Canva, Mind mapping, Brainstorming, Bono әдісі (6 қалпақ), Kolb (David A. Kolb) Fish bone (Каора Исикава) Smart, әдістері арқылы
R	Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекеттерін дамыту үшін
T	150 сағатта. (15аптада)

Оқу курсының нысаны – болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін дайындау жүйесі.

Оқу курсының пәні - болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін «Мектепке дейінгі инновация» курс негізінде қалыптастыру үдерісі.

Оқу курсының міндеттері:

- студенттерді инновациялық іс- әрекетінің мәнін тануға бағдарлау;

- инновациялық іс- әрекетінің ұстанымдарын, кезеңдерін үйрету;

- инновациялық іс- әрекетінің үдерісінің мақсаттары мен мазмұнын талаптарды орындауға үйрету;

- педагогикалық үдеріс барысында тәжірибелік міндеттерді шешуде инновациялық іс- әрекетінің әдістерін қолдануды меңгеру мен біліктілігін қалыптастыру;

Блум таксономиясын инновациялық іс-әрекетте қолдана білуге үйрету.

Негізгі білім беру бағдарламалары, құрылымы типтері, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын талдай білуге үйрету.

Білім берудегі құжаттарды жобалай білуге үйрету.

Әдістер: педагогикалық, психологиялық, мәдениеттану, аналитикалық сипаттағы пәндер жүйесіндегі инновациялық технологиялары бойынша отандық және шетелдік педагогтері тарапынан ұсынылған әдістер және ғылыми әдебиеттерді талдау.

Элективті курс мазмұнын құрастыруда жоғары оқу орнында білім беру үдерісін ұйымдастыруда басшылыққа алынатын нормативті құжаттар мен оқу құралдары басшылыққа алынды.

Қалыптастыру кезеңі бойынша 6B01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандықтарына инновациялық іс-әрекетін дамытуда «Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновация» элективті мамандандырылған таңдау пәні ұйымдастырылды. (кредит 3. ECTS 5.)

«Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновация» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешені дайындалып, жүргізілді. Жалпы 150 сағат. Дәріс-15, практикалық -30, СӨЖ-7,СОӨЖ-98 сағатқа арналады.

Пәннің пререквизиттері: Мектепке дейінгі педагогика, Балалар психологиясы.

Пәннің постреквизиттері: өндірістік практика, дипломдық жоба.

Кесте 26 – «Мектепке дейінгі инновация» курсының тақырыптары:

Апталар	Өткізілу формасы	Тақырып атауы	Сағат саны
1 апта	Дәріс	Пәнге кіріспе	1
	семинар		2
2 апта	Дәріс	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының бағыттары	1
	семинар	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі нормативтік-құқықтық актілер	2
3 апта	Дәріс	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби күзіреттілігі	1
	семинар	Көшбасшылық және кәсіби даму Өзгерістерге жетекшілік ету мен басқару	2
4 апта	Дәріс	Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация түрлері	1
	семинар	Мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық технологиялар	2
5 апта	Дәріс	Мектепке дейінгі ұйымның стратегиялық даму жоспарын жобалау	1
	семинар	Мектепке дейінгі ұйым жұмысын басқару және ұйымдастыру	2

6 апта	Дәріс	Мектепке дейінгі білім беру жүйесін бағалау ерекшеліктері	1
	семинар	ECERS-R бағалау шкаласы	2
7 апта	Дәріс	Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу, білім беру процесін ұйымдастыру	1
	семинар		2
8 апта	Дәріс	Мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық қасиеттерін дамытудағы педагогтің инновациялық іс-әрекеті	1
	семинар		2
9 апта	Дәріс	Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудағы педагогтің инновациялық іс-әрекеті	1
	семинар		2
10 апта	Дәріс	Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын дамытудағы педагогтің инновациялық іс-әрекеті	1
	семинар		2
11 апта	Дәріс	Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамытудағы педагогтің инновациялық іс-әрекеті	1
	семинар		2
12 апта	Дәріс	Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік дағдыларын дамытудағы педагогтің инновациялық іс-әрекеті	1
	семинар		2
13 апта	Дәріс	Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытудағы педагогтің инновациялық іс-әрекеті	1
	семинар		2
14 апта	Дәріс	Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының әрекеттестігіндегі педагогтің инновациялық іс-әрекеті	1
	семинар		2
15 апта	Дәріс	Мектеп жасына дейінгі ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізу технологиялары	1
	семинар		2

Оқу бағдарламасында қарастырылған:

- теориялық білімнің заманауи деңгейі;
- болашақ тәрбиешілердің инновациялық қызметке деген қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ынталандыру;
- басқару дағдыларын дамыту.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерістердің инновациялығы – мектеп жасына дейінгі балалардың тиімді дамуына септігін тигізетін жаңа технологияларды мақсатты ендіруінде болып табылады. Педагог пен баланың өзара әрекет етуі жүзеге асырылатын оқытудың интерактивті әдістерін қолдану барынша маңызды бола бастады.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің әртүрлі қызметтерінде интерактивті, инновациялық әдістерінің ерекшеліктері туралы білімнің қалыптасуына, өзара әрекет ету субъектілерінің өзара бағытталған белсенділігіне, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағдарланған кешенді түрдегі пән ұйымдастырылып өзінің нәтижесін көрсетті.

Элективті курстың міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымда инновациялық педагогикалық

технологияларды қолдану арқылы тәрбие және білім беру жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктеріне талдау жасау;

- инновациялық технологияларды қолдану арқылы мектепке дейінгі ұйымда білім беру үдерісін жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

- мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын ендіру қажеттілігін негіздеу;

- мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын ендіру процедуралары туралы түсініктеме беру;

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбие және білім беру үдерісінде заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын қолдану аясында тәрбиешілер мен педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру: мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен педагогтерінде әртүрлі қызмет түрлерінде (ойын, танымдық-зерттеу, коммуникативтік, еңбек және т.б.) мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасаудың заманауи интерактивті нысандары туралы біртұтас білім қалыптастыру;

- мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісінде интерактивті нысандарын (диалогтық технологиялар, ӨТШТ технологиялары, денсаулық сақтау технологиялары және т.б.) қолдану дағдыларын дамыту;

- мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен педагогтарында мектеп жасына дейінгі балалармен интерактивті өзара әрекет ету үшін ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану қабілетін қалыптастыру;

- мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен педагогтерінде өзіндік білім алу қажеттілігін қалыптастыру.

Элективті курс негізінде инновациялық іс-әрекеттерін дамытуда төмендегідей талаптарды орындау қажет:

- біріншіден, болашақ тәрбиеші мектепке дейінгі ұйымда әрбір оқу қызметін ізденіспен ғылымның әр саласы бойынша ғылыми теорияларды өз тәжірибесінде басшылыққа ала білуі;

- екіншіден, инновациялық іс-әрекеттің жоғары деңгейді қарастыруына мүмкіндік туғызатындай нәтижелі іс-әрекетті;

- үшіншіден, инновациялық іс-әрекеттің түрлерін кеңінен пайдалана білуі;

- төртіншіден, инновациялық іс-әрекеттің негізінде болашақ тәрбиешінің зияткерлігін дамытып, өз тәжірибесінде ізденушілік іс-әрекеттермен тереңірек айналысуды қажет деп есептейміз.

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру барысында мәселені анықтау үшін инсерт әдісін қолдандық, өйткені болашақ маманның сыни ойлау деңгейін дамытуда нәтижелі техникалардың бірі ретінде қарастырдық.

Біздің тәжірибемізде мазмұндық компонентті игерту мақсатында инсерт тәсілін қолдандық. 27-кесте түрінде жүзеге асты.

Кесте 27– INSERT (инсерт) терминінің мәні мен мағынасы

I	Interactive	Өз-өзін белсендендіру	Нәтижелі оқу мен ойлануға арналған өзін-өзі белсендендірудің инновациялық әдісі
N	Noting	Белгілейтін	
S	System	Жүйе	
E	Effective	Нәтижелі	
R	Reading	Оқу	
T	Thinking	Ойлану	

Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің талдауын дамытуда, сондай-ақ, оқу үдерісін қабылдау мен талдауда (v + ? -) белгілері арқылы оқытудың инсерт тәсілі қолданылды. Студенттер талдау барысында өзі үшін қажет болып табылатын төмендегі кесте бойынша жұмыс жасайды (28 кесте).

Кесте 28 - Мектепке дейінгі білім беру мәелесін талдау бойынша қойылатын белгілер

Мектепке дейінгі білім мәелесін талдау бойынша қойылатын белгілер			
V	+	-	?
Мен білемін (маған бұрыннан белгілі ақпарат)	Мен үшін жаңа ақпарат	Білмеген ақпарат, білуге талпынамын	Сұрақтар бар, осы жайлы нақтырақ білгім келеді

Жеке және топтық жұмыс түрлері жиі ұйымдастырылды. Бұл әдіс өте маңызды мәселелерді шешуге көмектесті:

- студентті мақсат қоюға және оған жету жолдарын табуға мүмкіндік береді;
- студенттердің назарын аудару және оларды жұмысқа тарту;
- студенттерді өздерінің білімі мен дағдыларына ғана емес, білімді игеруді және топ мүшелерінің жұмыс сапасын бақылауды да қадағалауға үйрету;
- бұрын басқалардың жауаптарын тыңдап, талдай отырып, әр оқушыға өзін-өзі көрсетуге көмектеседі. Яғни, студенттер болашақта басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін ынтымақтастық нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін біртіндеп дамытады;
- тәрбиелік міндеттерді жүзеге асырады: достықты, жауапкершілікті, бастамашылықты, басқаларға төзімділікті тәрбиелеу.

Эдвард Де Боненің [300] «Алты ойшыл қалпақ» әдісі идеяларды талдауда тиімді жүзеге асырылды. Әдіспен жұмыс жасау 29-кестедегідей жүргізілді.

Кесте 29 – Боне әдісі бойынша оқу жобалау үдерісіндегі сабақты өткізу түрі

Ақ қалпақ	Мәселені талқылауда фактілер мен сандарға назар аударады Мысалы қандай бәсекелер бар, ресурстары қандай, шешімдері қандай және т.б.
Қызыл қалпақ	Мәселені сезімдерге эмоцияларға интуитивті ойлауға талқылау кезінде назар аудару. Мысалы пайдаланушыларда қандай эмоция тудырады шешім қандай болуы керек, сенімді болу үшін қандай эмоцияларды қолдану керек және т.б.
Сары қалпақ	Инновациялық іс-әрекет үшін жағымды тұрғыдан интерпритациялау. Бұл педагогикалық үдеріс кезінде шешімнің жағымды жақтарын анықту маңызды.
Қара қалпақ	Педагогикалық үдеріс кезінде қауіп –қатерді анықтау және талдау.
Жасыл қалпақ	Үдерісте шығармашылыққа, шығармашыл ойлауға назарын аударту Таңқалатын және интрига тудыратын ақпараттарды талдау жеткізу
Көк қалпақ	Инновациялық іс-әрекеттің нақты алгоритмін жасау, ұсыну. Нақты идеяны іске асыру.

Әдісте тапсырмалар қойылып, топқа бөлініп жасалды. Бір сабақтарда бір идеяны талқылайтын болсақ, келесі сабақтарда әртүрлі идеяны түстерге бөліп талдау тапсырылды. Әдіс қолданғаннан кейін қарапайым кестеде қалпақтың түсіне қарай идеялар топтастырылды. Белсенді қолданған келесі әдістердің бірі Scamper әдісі болды [301]. Тәжірибеде қолданған әдісті 30-кестеде ұсынамыз.

Кесте 30 - Scamper әдісі

S	Substitute	Қазіргі оқу үдерісіндегі шешімді қалай ауыстыруға болады?
C	Combine	Басқа шешімдермен немесе өнімдермен қалай біріктіруге болады?
A	Adapt	Пайдалырақ болу үшін өнімді қалай өзгертуге болады?
M	Modify	Өз өнімімізді немес шешімімізді тағы қалай қолдана аламыз.
P	Put to other uses	Өз өнімімізді немесе шешімімізді қандай мақсатта қолдана аламыз?
E	Eliminate minify	Кемшіліктерді қалай жоюға немесе азайтуға болады?
R	Revers rearengе	Өнімді немесе шешімді керісінше өзгерте аламыз ба? Өнімді немесе шешімді қайта құра аламыз ба?

Мұнда әдістің ерекшелігі әр студенттің өзіне берілген тапсырманы жауапкершілікпен атқара білуінде, ақпараттың қолжетімділігі, өз эмоцияларын жеткізе білуі, статистикаларды дәлелмен жеткізе білуі жеке студентпен жүргізілгенге қарағанда топпен жүргізілген сәтті болды.

Фишбоун әдістемесін біз қалыптасқан жағдайды анықтауда, стереотиптерді өзгертуде қолданған әдіс болды [302].

Кластер құру ережесі: 1. Ойыңа келген пікірді жазуға тартынбау 2. Берілген уақыт аяқталғанша жұмысты жалғастыру, жазу. 3. Тақырыптың басқа қырларын ашуға ұмтылу 4. Мүмкіндігінше көп идеяларды жинақтау.

“Фишбоун” немесе “Балық қаңқасы”



Сурет 35–Фишбоун әдісін сабақта қолдану суреті

Бас бөлігіне шешілуі керек мәселе немесе жауап табылуы керек сұрақ қойылды. Балықтың қабырғаларының жоғары жағына мәселе тудырған сұрақтар жазылды. Астыңғы бөліктеріне жауаптар, ұсыныстар қарастырылды. Балықтың құйрығына қорытынды жауаптар мен ұсыныстар жазылды. Фишбоун әдітемесін пайдалана отырып мәселелік сабақтарды өткізу нәтижесінде студенттердің көпшілігінде пәнді зерделеуде оң мотивация, курстың жекелеген тақырыптарына ғана емес, жалпы пәнге танымдық қызығушылық артты.

Топтағы студенттерді төрт-төрттен бөліп, әр топқа қазіргі таңда маңызды мәселе бойынша тақырып тандап постер қорғау ұсынылды.

Жүргізілген элективті пән аясындағы кейбір тапсырмалардың үлгілері (8 апта бойынша). Өзіңіздің балабақшаңыздың даму салалары мен перспективаларын айқындау үшін жұптасып бірге «Жетілдіру үшін деректерді пайдалану» моделін қолданыңыз. Жауаптарыңызды шаблонға жазыңыз және талқылаңыз. Іс-әрекеттік компонент бойынша деректерді қолдану әдістемесі бойынша жұмыс төмендегі кесте бойынша ұйымдастырылды. (31-32 кесте).


Кесте 31 – Деректерді қолдануды бағалау

Деректерді қолдануды бағалау	
Сіз нені байқадыңыз?	Сіз нені анықтағыңыз келеді?

Кесте 32 – Деректерді талдау бойынша мектепке дейінгі ұйымның басқарушы үйрету тобын құру

<p>Бағыттары: Деректерді талдау тобы – бұл деректерді мақсатты түрде жинақтап, талдайтын және балабақша жұмысын жақсарту жоспарын әзірлеуге көмектесетін маңызды құрылым. Үлестірме материалды осы команданы дамыту үшін пайдаланыңыз.</p>
<p>Топтың атқаратын рөлі: Топ мектепке дейінгі ұйымда қандай рөл атқарады? Бұл топ құрамында мектеп әкімшілігінің өкілдері болады ма? Топ басқа мүдделі тараптардан деректер жинай ма? Команда мүдделі тараптар үшін ақпараттың негізгі көзіне айнала ма, әлде жалпы ұйымға ортақ ақпарат тарату стратегиясы бола ма?</p>
<p>Топ жұмысының бағыты: Топ кеңесу беру бағытында әрекет ете ме, әлде мектепке дейінгі ұйымды жақсарту жоспарын әзірлейді ме? Топ мектепке дейінгі ұйымды жақсарту жоспарын құру арқылы процеске қатыса ала ма немесе оның ұсыныстары шешім қабылдайтын басқа тұлғаларға жіберіле ме?</p>
<p>Топ жұмысының ұзақтығы: Топ жұмысы қанша уақытқа созылады? Топ қаншалықты жиі жиналатын болады? Жұмыстың соңына дейін топ қандай нәтижелерге қол жеткізуі тиіс?</p>
<p>Топ мүшелерінің сапасы: Бұл топта қандай жұмыс істеу стилі және деректерді өңдеу стилі қолданысқа алынуы тиіс? Топтың шығармашылық ойлауы мен табысқа жетуіне көмектесу үшін қандай қасиеттер жиынтығы тиімді болар еді (көп жылдық тәжірибе, мазмұндық саладағы білім және т.б.)?</p>
<p>Қосымша пікірлер: Топты құру барысында қандай басқа сипаттамаларды ескеру қажет болады?</p>

МДҰ әлеуетін арттыру үшін кері байланысты пайдалану бойынша 14-аптада (тәжірибе проблемасы) сызбасы құрастырылды. (36-сурет).



Сурет 36– МДҰ әлеуетін арттыру үшін кері байланысты пайдаланудың нұсқасы

Мазмұндық компонентті дамыту бойынша «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін зерделеңіз және SWOT-талдау нәтижесі бойынша ұйым дамуын жоспарлаңыз деп тапсырма берілді.

Кесте 33 – SWOT-талдау нәтижесі бойынша ұйым дамуын жоспарлау

Ішкі факторларды бар ресурстармен күшейту	
Күшті тұстары	Әлсіз тұстары
1. МДҰ әлсіз тұстарын күшейту үшін не істей аламын? 2. МДҰ күшті тұстарын қалай қолдана аламын?	1. МДҰ әлсіз тұстарын қалай жетілдіре аламын? 2. МДҰ әлсіз тұстарын жою үшін қандай мүмкіндіктерді қолдана аламын?
Сыртқы факторларды бар ресурстар арқылы жетілдіру	
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер

33- кестенің жалғасы

<p>1. Сыртқы фактор мүмкіндіктерін ішкі ресурстарды жетілдіруге қалай қолдана аламын?</p> <p>2. Әлсіздікті жою үшін қандай тактикаларды, әдіс-тәсілдерді қолдануға болады?</p> <p>3. Қолда бар ресурстар ұйым үшін қандай жаңа мүмкіндіктердің ашылуына ықпал етіп, қандай қауіп-қатерлердің алдын алуға негіз бола алады?</p>	<p>1. Қауіп-қатерлерді жою үшін қандай ішкі факторларды қолдануға болады?</p> <p>2. Қандай қауіп-қатердің алдын алуға мүмкіндік бар? Бұл үшін не істей аламын?</p> <p>3. Ішкі ортаның қандай құзыреттілігі қауіп-қатерді болдырмауға негіз болады?</p> <p>4. Ұйымның күшті тұстары арқылы қандай қауіп-қатерді болдырмаймын?</p>
--	--

Рефлексивтік компонентті дамыту бойынша 7 ші аптада Аралық бақылау тақырыптарында төмендегі кесте бойынша жұмыстар жүргізілді:

Кесте 34– Рефлексия құралы: Мен тәрбиелеу мен оқытуды қалай жетілдіремін?

Сұрақ	Рефлексия
<p>Мен топта қаншалықты жиі боламын? Қандай мәселелер кедергі келтіреді? Жұмыс күні барысында өз басымдықтарымды қалай қайта қарай аламын?</p>	
<p>Жақсы тәрбие мен оқыту деңгейінің қандай дәлелдерін байқадым? Мұны қалай нығайта аламын?</p>	
<p>Мен бейресми бақылаулар мен ҰОҚ қатысудан кейін педагогтермен қандай кері байланыспен бөлісемін?</p>	
<p>Мен табысқа жеткен педагогтер өз балаларын оқытудағы қиындықтарды түсінетініне қаншалықты сенімдімін?</p>	
<p>Оқыту тәжірибесін жетілдіру және жақсарту үшін өз байқағандарымды біріктіріп, барлық педагогтермен бөлісу үшін деректерді қалай сақтай аламын?</p>	
<p>Мен өз қызметкерлерімнің тәжірибесі қабілеттер мен әдіс-тәсілдердегі айырмашылықтарға әкелетінін түсіну үшін оларды жеткілікті дәрежеде білемін бе? Мен оларды басқару және қолдау көрсету тәсілдерін қалыптастыру үшін, бұл түсінікті қалай қолдана аламын?</p>	
<p>Менің кері байланысым педагогтің оқыту әдістеріне –жалпы оқу жоспарына сәйкес оқыту әдістемесіне бағытталған ба?</p>	
<p>Менің кері байланысым балалардың қарым-қатынасымен іс-әрекет белсенділігінің жеткілікті деңгейіне қаншалықты бағытталған?</p>	
<p>Менің кері байланысым оқытудың жүзеге асырылу дәлелдеріне қаншалықты бағытталған? Оқыту қалай жүзеге асырылды?</p>	
<p>Педагогтерді мониторинг нәтижелері бойынша өз тәрбиеленушілерінің оқу нәтижелерін жеке және топтық талқылауға қалай тартуға болады?</p>	

Зерттеу жұмысымызға тікелей қатысты диагностика жүргізуде іс-әрекеттік компонентке қатысты әдістің бірі білу, түсіну, қолдану, талдау, синтездеу, бағалау сұрақтары бар тесттер. Мұнда ең көп таралған әдіс – Б.Блумның таксономиясы [303]. Блум таксономиясы, студенттердің іс-әрекеті арқылы мақсаттарды және оларға қол жеткізудің тиімділігін анықтайтын зияткерлік дағдылардың иерархиясы қазіргі заманғы диагностиканың және сыни ойлаудың дамуын диагностикалаудың маңызды құралы болып табылады.

Кесте 35 – Б. Блум таксономиясы

Ойлау дағдылары	Мазмұны	Білім алушы не істейді
Білім	Есте сақтайды	Анықтама береді, айқындайды, жіктейді
Түсіну	Айтып беру, түсіндіру	Түсіндіреді, баяндайды, әңгімелейді, интерпретация жасайды
Қолдану	Қажет жағдайда теориялық білімдерін іс-әрекетте қолдана алады	Жаңа мәселелерді шешеді, құрастырады, пайдаланады
Талдау	Бөлшектерге бөлу	Талқылайды, салыстырады.
Жинақтау	Бөлшектерден бүтін жасау	Құрастырады, жаңаны ойлап табады
Бағалау	Өз көзқарастарын қорғау дәлелдер келтіру	Болжайды, бағалайды

«Мектепке дейінгі инновация» элективті курсының жалпы мазмұны және оның болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби дайындығын тексеру мақсатында бағалау парағы толтырылды.

Кесте 36 - Бағалау парағы

«Мектепке дейінгі инновация» курсының аспектілері	Курс мазмұны	Оқу-әдістемелік материал	Оқыту әдістері
Әлеуметтік және дүниетанымдық			
<i>ескертпелер</i>			
Кәсіби педагогикалық			
<i>ескертпелер</i>			
Нормативтік-құқықтық			
<i>ескертпелер</i>			
Технологиялық			
<i>ескертпелер</i>			
Инновациялық			
<i>ескертпелер</i>			
Білім мазмұны, білім беру салалары және бағдарламалары			

Студенттердің іс-әрекетін рефлексивті бағалау үшін біз «Портфолио» әдісін қолдандық. Бұл әдіс С.Синектің заманауи педагогке қойылатын конустық метафоралық талаптары арқылы құрастырдық [304].

Неге мен мұны істеймін ?

Мен мұны қалай жасаймын ?

Не үшін мұны істеймін ?

Бұл әдістің ерекшелігі студент портфолионы деректер базасы ретінде емес, өз іс-әрекетін мақсатты түрде өзі құрастырады. Не үшін білім алатыны, қалай жүзеге асыратындығы неге іс-әрекет ететіндігін мақсатқа айналдыра білуінде.

Бұл әдісті педагогикалық үдерісте қолдануымыздың мақсаты, болашақ педагог қабілетті барлық нәрсені көрсете алу, оның ең күшті жақтарын көрсету, оның адами, кәсіби, шығармашылық әлеуетін барынша ашу, түлектің өзін-өзі тану дағдыларын және олардың динамикасын түсіну нәтижелерін, өзін-өзі бағалауды қалыптастыру, болашақ педагогке өз іс-әрекетін талдау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, сондай-ақ сыртқы сынға оң және сындарлы көзқарас дағдыларын қалыптастыру, білім алушылардың кәсіби дамуын ынталандыру үшін қол жеткізген үздік жетістіктерді таныстыру.

Оқытудың тиімділігіне қол жеткізудің негізгі индикаторлары қандай?

Оқу тиімділігі туралы сіздің бағалауыңыз қандай?

Портфолио болашақ мамандыққа дайындық нәтижелерін қадағалау жүйелілігінің индикаторы ретінде, маманның оқу жобалау әрекетін меңгергендігі туралы дәлелдеу құралы мен технологиясы ретінде қарастыруы, оқу жобалау әрекетін меңгергендігін бағалау болды.

«Мектепке дейінгі инновация» курсында дәрістер, тапсырмалар, өзіндік жұмыс тақырыптары, бағалау айдары, глоссарий және әдебиеттері тізімі QR арқылы да қолжетімді болды. Бұл әдіс білім алушылар үшін де тәжірибеде тиімді болды.



Сурет-37 «Мектепке дейінгі инновация» элективті курсының QR коды.

Бұл код қазіргі цифрлы білім беруде маңызды. Өйткені ақпараттардың барлығын сақтауға тиімсіз. Бұл оған көбірек деректерді сақтауға мүмкіндік

береді. QR кодын сканерлеген кезде білім алушылар дәріске бірден қол жеткізе алады, кез-келген кезде қолжетімді әдіс.

Оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл бұл бағалау, берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда бағалау төмендегі бағалау жүйесі арқылы жүзеге асырылды.

Кесте 37 – Дәріс сабақтарын бағалау критерийлері

Жоғары	Орта	Төмен
<p>- білім алушы дәрісте берілген негізгі ұғымдар мен анықтамаларды салыстырады және талдай алады;</p> <p>- ақпаратты нақты, сауатты, дәйекті түрде жеткізеді; ашық, талдау сұрақтарын құрастырады;</p> <p>- өзіндік көзқарасын білдіреді, ой-пікірлерін сенімді жеткізе алады</p> <p>-қосымша тың ақпараттармен: -ғаламтор желісі, энциклопедия, сөздіктерден алынған ойлар, пікірлер қамтылған.</p>	<p>- дәрісте берілген негізгі ұғымдар мен анықтамаларды біледі, ақпаратты жобалап жеткізе алады,</p> <p>-жабық сұрақтарды құрастырумен ғана шектеледі.</p> <p>- өзіндік көзқарасын сенімді жеткізе алмайды</p> <p>- қосымша тың ақпараттармен: - ғаламтор желісінен алынған бір, екі ой, пікірлермен шектеледі.</p>	<p>- дәрісте берілген берілген негізгі ұғымдар мен анықтамаларды сипаттамалық тұрғыда бере біледі.</p> <p>- Ойын жаттанды сөз тіркестері арқылы жеткізеді.</p> <p>- қосымша тың ақпараттармен: - ғаламтор желісімен байланыстырып ойын жеткізе алмайды.</p>

Кесте 38 – Семинар (практикалық) сабақты бағалау критерийлері

Жоғары	Орта	Төмен
<p>Білім алушы талдауға берілген тапсырмаларға сыни көзқараспен қарайды</p> <p>мазмұнды білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты сәйкестендіре біледі;</p> <p>-жағдаяттық тапсырмаларды орындауда логикаға сүйенеді; теориялық білімін мысалдармен түсіндіреді, жауапты нақты мысалдармен және деректермен толықтыра алады; қорытындыларды жинақтай алады, дәлелді талдау жасай алады.</p>	<p>Білім алушы талдауға берілген тапсырмаларға сыни көзқараспен қарайды;</p> <p>мазмұнды білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты сәйкестендіре біледі;</p> <p>- жағдаяттық тапсырмаларды орындауда конструктивтілік жетіспейді;</p> <p>- жауапты нақты мысалдармен және деректермен толықтыра алады; қорытындыларды жинақтай алуда қателеседі, дәлелді талдау жасай алмайды</p>	<p>Білім алушы талдауға берілген тапсырмалар сыни көзқарас жетіспейді;</p> <p>мазмұнды мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендіре алмайды;</p> <p>- жағдаяттық тапсырмаларды орындауда конструктивтілік жетіспейді;</p> <p>- мысалдармен және деректермен толықтыра алмайды; дәлелді талдау жасай алмайды</p>

Кесте 39– Білім алушының өзіндік жұмысын бағалау

Жоғары	Орта	Төмен
Ақпаратты өз бетінше жинақтай біледі; теориялық білімді сенімді дәлелдемелермен құрылымдай алады; мәтінді кесте, блок-схема, график, модель форматына келтіре алады; өзіндік ой-тұжырым, қорытынды жасай алады.	Ақпаратты өз бетінше жинақтай біледі; теориялық білімді сенімді дәлелдемелермен құрылымдауы жеткіліксіз; мәтінді басқа форматқа келтіре алмайды; өзіндік ой-тұжырым, қорытынды жасауы жеткіліксіз.	Қажетті ақпаратты өз бетінше жинақтауда тереңдік жетіспейді; теориялық білімді құрылымдай алмайды; мәтіннің астарына үңілмейді; өзіндік ой-тұжырым, қорытынды жасай алмайды.

Кесте 40 – Аралық бақылауды бағалау критерийлері


Жоғары	Орта	Төмен
Теориялық білімдерін жаңа контексте (басқа ситуацияда, проблема шешуде) қолдана алады; Келтірілген идеялар мен пікірлерді өзіндік позициядан талдай алады; Өз дәлелдерін, түсіндірмелері мен сипаттауларын, жорамалдары мен гипотезаларын талдай алады ; практикалық тапсырмаларды орындауда тұжырымдар мен қорытынды жасап, нақты шешімдерді ұсына алады.	Теориялық білімдерін практикамен ұштастыра алады; - Келтірілген идеялар мен пікірлерді өзіндік позициядан талдауда 1-2 қате жібереді; - Өз дәлелдерін, түсіндірмелері мен сипаттауларын, жорамалдары мен гипотезаларын талдауда қателеседі ; - практикалық тапсырмаларды орындауда тұжырымдар мен қорытынды жасайды, нақты шешімдерді ұсына алмайды.	- Көптеген маңызды фактілер келтірілмейді, -тұжырымдар жасалмайды; - Көптеген қателіктер жібереді; -теориялық материалды меңгермеген.


Кесте 41- Оқу үдерісінде қолданылған қосымшалар

Қосымшалар	Қолданыстары
Padlet	Padlet — бұл әр тыңдаушыға өз жұмысын тақтаға шығаруға, түсініктеме беруге және бағалауға мүмкіндік беретін қызмет. Белгілі бір тақырып бойынша материалдарды ортақ жинау үшін тақтаны пайдалануға болады.
Learningapps.org қызметі	Білімді тексеру үшін интерактивті жаттығулар жасауға мүмкіндік береді.
Kahoot қосымшасы арқылы жұмыс	Kahoot-білім беру жобаларына арналған қосымша. Оның көмегімен тест, сауалнама, оқу ойынын жасай алады немесе білім марафонын ұйымдастыра алады. Бағдарлама жұмыс үстелінде де, смартфондарда да орындалады. Бұл қосымша арқылы өткен тақырыпты пысықтауға немесе әлі де нені толықтыру керектігін білуге болады.
Quizizz	Quizizz-бұл Kahoot-қа ұқсас студентті бағалаудың сенімді құралы! Оқытушы тесттерді өзі жасай алады, оларды өңдей алады.

Wordwall платформасы	АКТ дағдыларынсыз жаттығулар, презентациялар, тапсырмалар, ойындар түрінде жеке оқу ресурстарын құру, содан кейін оларды сабақта, сонымен қатар үй тапсырмасына пайдалануға болады.
Advego.ru	Мәтіннің бірегейлігіне семантикалық талдау
Dandelion.eu	Ең жақсы пайдаланушы тақталары
Coreapp	Онлайн-білім беру саласындағы технологиялық стартап-білім беру материалдарын құрастырудың және пайдаланушылар үшін жеке ұсынымдар әзірлеудің талдамалық жүйесі бар білімді тексерудің орталықсыздандырылған онлайн-платформасы.

Кесте 42 - Оқу үдерісінде қолданған платформалар сипаттамасы

Платформалар	Сипаттамасы
1	2
	Padlet - әртүрлі мазмұнды (күжаттарды, материалдарды) сақтауға және онымен жұмыс жасауға ыңғайлы, қолдануға ыңғайлы қызмет. Қолданушыға жасалған беттердің санын шектемейді және кириллицаны қолдайды.
	Discord көп платформалы. Негізгі деңгейде Discord - дауыстық, мәтіндік және бейне арқылы байланыс орнатудың қарапайым әдістерінің бірі.
	<i>Learningapps.org</i> - интерактивті құру жылдамдығы; тапсырманың дұрыстығын лезде тексеру; көптеген шаблондар суреттермен, дыбыспен және бейнемен жұмыс істеуді қолдайды; басқалардың жасаған жаттығуларының үлкен жинағын қамтиды
	<i>Kahoot</i> - Жедел тест нәтижесі. Қосымшада сауалнамалар мен педагогтердің жұмысын жасау оңай. <i>Kahoot</i> мыналарды ұсынады: тесттер, сауалнамалар мен викториналар өткізу. Педагог жауап беру уақытын таңдайды. Тест, сауалнама немесе викторинаның нәтижесінің бірден шығуы. Шексіз қатысушылар
	<i>Quizizz</i> – педагогтің топты жақсы басқаруға, әр баланың жеке жұмысын қадағалауға мүмкіндігі бар. Барлық балаларға бірдей тапсырмалар беріледі, бірақ әр бала өз құрылғыларында кездейсоқ сұрақтар тізбегін алады және тестпен өз қарқынымен жұмыс жасайды. Педагог әр баланың жұмысын қадағалап отырады

	<p><i>Wordwall платформасы</i> - бұл платформа қашықтықтан оқыту тәжірибесінде қолдануда келесідей артықшылықтармен ерекшеленді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ынталандыратын тапсырмаларды ойын түрінде құру. 2. Қатысушыларды ынталандыру. 3. Студенттердің білімін үздіксіз бақылау үшін қарапайым және жылдам қолдану. 4. Барлық пәндер үшін қолайлы. 5. Интерфейс тілін өзгерту мүмкіндігі. 6. Сіз шаблондарды тез өзгерте аласыз және осылайша жаңа тапсырмалар жасай аласыз. 7. Сіз басқа платформаларда таба алмайтын бірегей шаблондарды пайдалана аласыз. 8. Дайын тапсырмаларды тауып, сабағыңызға редакциялап өзгертуге болады. 9. Материалдарды ұсыну, білімді жаңарту және қолдану үшін қолдануға болады. 10. Тапсырмаларды тексеру үшін қосымша уақыт қажет емес, себебі жүйе баллды автоматты түрде есептейді.
---	--

Тәрбиешінің шығармашылық тұлғасының қалыптасуында екі қосымша тенденцияны ажыратуға болады: Шығармашылық бастама ойластырылған және жүзеге асырылады-өзінің болмысының авторы ретінде (өз тағдыры А.В.Петровский, 1995); оны қоғам, оның қажеттіліктері мен даму тенденциялары үнемі түзетіп отырады.

Қазіргі заманғы реформаланған білім беру кеңістігі шығармашылық өсуді ынталандырады, білім беру кеңістігінің жетекшісі мен педагогіне ішкі қайта құру, білім беру үдерісін басқарудың авторитарлық - командалық стилінен демократиялық, тең қарым-қатынас әдісіне көшу міндеттерін қояды. Жаңа қоғам жаңа әлеуметтік-мәдени білім беру кеңістігін жасайды, онда тәрбиешілердің шығармашылық потенциалы мен кәсіби шеберлігі жүзеге асырылады.

Тәжірибелік-экспериментте қолданылған инновациялық іс-әрекетті дамытуға бағытталған төмендегі әдістерін ұсынамыз.

Оқыту формалары;

Студент санына қарай:

Жаппай-топтық – жеке.

Мақсатына қарай:

Теориялық (дәріс);

Практикалық (семинар);

Аралас (практика түрлері үздіксіз оқу, таныстыру тәжірибе, үздіксіз (психологиялық-педагогикалық) тәжірибе, кәсіби (педагогикалық) тәжірибе, кәсіби (өндірістік-педагогикалық) тәжірибе,

Қорытынды (ағымдық бақылау 1, аралық бақылау 1, емтихан)

Қалыптастыру кезеңінде инновациялық іс-әрекетті іске асыруға мүмкіндік жасайтын инновациялық оқытудың өзгеше әдістерін қарастырамыз. Әдебиеттерді топтастырудың жеке талабы қабылданғанын, дегенмен де бұл бөлу тым шартты түрде екендігін атап өткен жөн. Мысалы, оқытудың мақсатына байланысты инновациялық оқыту тәсілдерін келесі топтарға бөледі:

- Шығармашылық тапсырмалар.
- Шағын топтардағы жұмыс.
- Үйретуші ойындар: рөлдік, іскерлік, білімдік.
- Жалпы ресурстарды пайдалану: экскурсия маманын шақыру.
- Әлеуметтік жобалар: жарыстар, көрмелер, спектакльдер, көріністер және т.б.
- Дене жаттығулары (әртүрлі сипаттағы).
- Жаңа ақпараттық материалды оқу және бекіту: интерактивті дәріс, педагог рөліндегі білім алушы, көрнекі құралдармен жұмыс, әрқайсысы әрбіреуін оқытады.
- Құжаттармен жұмыс: құжаттарды құрастыру, өз ұстанымы негіздемесі бойынша жазбаша жұмыс.
- Күрделі және пікірталастық мәселелерді талқылау: жобалық әдіс, пікірлер шкаласы, пікірсайыс, дебаттар, симпозиум.
- Мәселелерді шешу: миға шабуыл, шешім ағашы, келіссөздер мен медиация.

Диагностика құралы студенттердің репродуктивті дағдылардан өнімді дағдыларға өтуін диагностикалауға көмектесетін әртүрлі сұрақтармен жұмыс істей алады. Қарапайым сұрақтар-кейбір фактілерді атауға, белгілі бір ақпаратты есте сақтауға және көбейтуге жауап беретін сұрақтар. Олар көбінесе дәстүрлі бақылау формаларында қолданылады: аралық бақылауларда, емтихандар жүргізуде және т. б.

Қорыта келе, жоғары оқу орындарында болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке дайындығын дамытудың өзектілігі айқындалды. *Зерттеу жұмысымызға байланысты әзірленген және университеттің оқу үдерісінде тәжірибеге енгізілген «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» элективті курсының мазмұны болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке дайындығын дамытуға ықпал етті деген тұжырым жасаймыз.*

3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері

Педагогтің инновациялық іс-әрекетке даярлығының жүйе құраушы факторы ретінде біз өз кәсібіне және тәрбиеленушілерге жауапкершілікпен қарау және педагогикалық қызметті қайта құру мен жетілдіру қажеттілігінің болуын, сонымен қатар педагогикалық іс-әрекетте шығармашылықты танытуды қарастырамыз.

Сонымен, кәсіптік білім берудің креативті парадигмасы оқыту ортасын әзірлеу мен іске асыруда көрінеді. Бұл ретте шығармашылық технологияларды іске асыру стратегиясы жеке тұлғалық өсуді, сондай-ақ психологиялық және педагогикалық жаңа түзілімдерді қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған оқыту ортасының факторларымен түрлі өзара іс-қимылдарды жүзеге асырудан тұрады. Өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында жеке тұлғаның оқыту ортасымен нәтижелі өзара іс-қимыл ұстанымын қабылдауы инновациялық технологиялар әдіснамасының басты аспектілерінің бірі болып табылады.

Осы орайда, бізбен тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында шешімін табатын негізгі міндеттердің мазмұны анықталды: педагогикалық экспериментті жүргізу және ұйымдастыру алгоритмін құру; болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін және оның компоненттері, өлшемдері, деңгейлік көрсеткіштері жүйесін негіздеу; болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлығын дамытуды бағдарламалық-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету; эксперимент барысында алынған нәтижелерге талдау жасау және математикалық-статистикалық өңдеу.

Бекіту экспериментінің мақсаты - болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға әсер ететін кәсіби мәнді тұлғалық қасиеттері мен кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру деп белгіленді.

Біз қалыптастырушы психологиялық-педагогикалық іс-шаралардың болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері болып табылатын студенттердің инновациялық даярлығын қалыптастыруға ықпалын зерттеу мақсатымен екінші реттік диагностиканы жүргіздік.


Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде студенттердің Т.Элерс әдістемесі бойынша жетістікке жету мотивациясы деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштері төмендегі 43-кестеде көрсетілді.

Кесте 43 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топ зерттелушілерінің Т. Элерс әдістемесі бойынша жетістікке жету мотивациясы деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Бақылау тобы (72 студент)	Эксперименттік топ (74 студент)
Жоғары (17-20 ұпай)	10 (13,8%)	34 (45,9%)
Орта (11-16 ұпай)	33 (45,9%)	33 (45,4%)
Төмен(1-10 ұпай)	29 (40,3%)	7 (8,7%)

Т. Элерс әдістемесі бойынша жетістікке жету мотивациясы көрсеткіштері төмен, орта, жоғары, деңгейлері бойынша есептеліп, зерттелуші болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің, яғни анықтаушы эксперименттегі

пайыздық нәтижелері салыстырмалы түрде диаграммада көрсетілді. (Сурет 38).



Сурет 38 - Қалыптастырушы эксперимент нәтижесіндегі бақылау және эксперименттік топ студенттерінің Т. Элерс әдістемесі бойынша жетістікке жету мотивациясы деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Қалыптастырушы эксперимент көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, бақылау тобын құраған ҚазҰҚызПУ студенттерінің жетістікке жету 40,3%-нда жетістікке жету мотивациясы төмен деңгейдегі көрсеткіштерге ие болған. Жоғары деңгейдегі көрсеткіштер шамамен тек 14% зерттелушілерде ғана байқалған.

Ал, эксперименттік топты құраған Абай атындағы ҚазҰПУ студенттерінің көбісінде 45,9%-нда анықталды. Төмен деңгейдегі көрсеткіштер тек 8,7% зерттелушілерде ғана көрініс тапты.

Сонымен, бақылау тобы зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, олардың мотивациялық құрылымындағы түрткілер біраз ғана өзгерген. Алайда, мотивациялық бағыттылық өзгермей, көбінесе сыртқы сипатқа ие болған: оларда бедел мен мәртебеге ұмтылу және жеке қамын ойлауға байланысты өмір тіршілігін қамтамасыз етуге, ыңғайлылық пен жайлылыққа ұмтылу сияқты түрткілер басым болғанын көруімізге олады.

Ал, енді эксперименттік топ зерттелушілерінің жетістікке жету мотивациясының қалыптастырушы шаралар кейін қалай өзгергенін қарастыратын болсақ, оларда жоғары деңгейге ие болғандар саны артып, төмен деңгейдегі жетістікке жету мотивациясын көрсеткен зерттелушілер саны елеулі азайғанын көруімізге болады. Бұл бізбен ұйымдастырылған қалыптастырушы іс-шаралардың болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің тұлғалық өсуі мен инновациялық даярлығына тиімді әсер еткендігін дәлелдейді.

Келесі кезеңде қолданылған В.Э.Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін салыстырып, талдайық (44-Кесте).


Кесте 44 - Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде В.Э. Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау» әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топ нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Шкалалар атауы	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Тіршілікті қамтамасыз етуге бағдарлану	16,6%	6,2%
Комфортқа ұмтылу	15,2%	2,1%
Қоғамдық бедел мен мәртебеге ұмтылу	20,4%	9,3%
Қарым-қатынасқа ұмтылу	12,3%	11,2%
Жалпы белсенділік	12,2%	20,8%
Шығармашылық белсенділік	14,8%	35,7%
Қоғамдық пайдалылық	8,5%	14,7%

В.Э.Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, бақылау тобы зерттелушілерінің 20,4% қоғамдық бедел мен мәртебеге ұмтылатындықтары айқындалды, 16,6% өмір тіршілігін қамтамасыз етуге ұмтылса, ал 15,2% комфортқа ұмтылатындықтарын білдіртті.

Қалыптастырушы-тәжірибелік іс-шаралардан кейінгі эксперименттік топ зерттелушілері нәтижелерін талдайтын болсақ, олардың көбісі 35,7% шығармашылық белсенділікке ұмтылатындықтары, 20,8%-нда жалпы белсенділіктері артқаны және 14,7%-ы қоғамдық пайдалылыққа ұмтылатындықтары анықталды. Мұның өзі олардың алғашқы анықтаушы кезеңге қарағанда, іске бағыттылықтары мен шығармашылық белсенділіктері

артқандығын көрсетеді.



Сурет 39 - Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде В.Э. Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Сонымен, қалыптастырушы эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерін салыстыратын болсақ, бақылау тобы зерттелушілерінің мотивациялық құрылымында көбінесе сыртқы мотивация (бедел мен мәртебеге ұмтылу) және жалпы тұрмыстық мотивация (өмір тіршілігін қамтамасыз етуге, ыңғайлылық пен жайлылыққа ұмтылу сияқты түрткілер басым болса, ал эксперименттік топ зерттелушілерінде тұлғалық өсуге және инновациялық даярлыққа байланысты ішкі түрткілердің және іске бағыттылықтың артқанын байқауымызға болады. Бұл бізбен ұйымдастырылған қалыптастырушы іс-шаралардың болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің тұлғалық өсуі мен инновациялық даярлығына тиімді әсер еткендігін білдіреді.

Үшінші кезекте қайта қолданылған Е.Е.Рукавишникованың «Педагогикалық рефлексия» әдістемесі бойынша анықтаушы эксперименттегі зерттелуші топтардың нәтижелерін салыстырайық (кестені қараңыз).


Кесте 45– Е.Е.Рукавишникованың «Педагогикалық рефлексия» әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі студенттерінің пайыздық көрсеткіштері

Зерттелуші топтар	Педагогикалық рефлексия деңгейлері		
	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы (72 студент)	9(12,5%)	30(41,6%)	33 (45,9%)
Эксперименттік топ (74 студент)	20(25%)	44(62%)	10(13%)

Кестеден байқағанымыздай, бақылау тобында зерттелушілердің басым көпшілігі педагогикалық рефлексияның төменгі 33 (45,9%) және орташа 30(41,6%) деңгейін көрсетті. Олардың арасында жоғары нәтиже көрсеткендер саны 9(12,5%) адамды құрайды. Мұның өзі арнайы қалыптастырушы шаралардың өткізілмеу салдарынан, бұл студенттердің педагогикалық рефлексия деңгейлері әлі артпағанын, олар әлі де өз іс-әрекеттерін дұрыс бақылай және талдай алмайтындығын білдіреді.

Ал, қалыптастырушы іс-шаралар өткізілген эксперименттік топ зерттелушілерінде педагогикалық рефлексияның орташа 44(62%) және жоғары 20(25%) деңгейлері басым болды. Мұндай нәтижелер дамытушы шаралардың студенттердің рефлексивтілік сапаларына оң ықпал бергендігін көрсетеді.

Аталмыш әдістеме бойынша педагогикалық рефлексия көрсеткіштері салыстырмалы түрде диаграммада көрсетілді (Сурет 40).



Сурет 40 – Е.Е.Рукавишникованың «Педагогикалық рефлексия» әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі студенттер топтарының пайыздық көрсеткіштері


Зерттеуіміздің келесі кезеңінде студенттердің кәсіби деңгейін деңгейін қайта диагностикадан өткіздік. Осы параметрді анықтайтын «Студенттердің

кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау» (Ю.В.Рындина) әдістемесі бойынша нәтижелер кестеде келтірілген.

Кесте 46 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі «Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау» (Ю.В.Рындина) әдістемесі бойынша зерттелуші топтар нәтижелері

Зерттелуші топтар	Деңгейлері		
	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы (72 студент)	13 (18%)	35 (48,6%)	24 (33,4%)
Эксперименттік топ (74 студент)	22 (27,5%)	40 (57,5%)	12 (15%)

Бұл нәтижелердің диаграммасы келесі суретте көрсетілген.



Сурет 41- Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау» (Ю.В.Рындина) әдістемесі бойынша зерттелуші топтар нәтижелері

Анықтаушы эксперимент мәліметтерімен салыстыратын болсақ, эксперименттік топта кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлық деңгейлері бойынша біршама өзгерістер байқалды. Осылайша олардың арасында жоғары көрсеткішке ие болғандар саны 22 (27,5%) дейін артқанын көруге болады. Сонымен қатар орташа деңгейді көрсеткендер саны 40 (57,5%) құрады.


Ал, бақылау тобы зерттелушілерінің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлық деңгейі бойынша, айқындаушы эксперимент көрсеткіштерін қалыптастырушы эксперимент мәліметтерімен салыстырғанда, айтарлықтай өзгерістері байқалмайды. Оларда орташа 35 (48,6%) және төмен 24 (33,4%) көрсеткіштерге ие болғандар саны басым болды. Мұның өзі бізбен

ұйымдастырылған инновациялық орта және педагогикалық-психологиялық іс-шаралардың кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлық сияқты педагогтің өте мәнді кәсіби сапасының қалыптасуына тиімді әсері болғанын көрсетеді.

Анықтаушы экспериментте бақылау және эксперимент тобындағы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің Джонсонның креативтілікті зерттеу экспресс-әдісі бойынша алынған жалпы креативтіліктің орташа пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы төмендегі суретте айқын көрсетілген (суретті қараңыз).

Кесте 47 - Джонсонның креативтілікті зерттеу экспресс-әдісі бойынша қалыптастырушы эксперимент нәтижелері

	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы (n=72)	13(18%)	36 (50%)	23 (32%)
Эксперименттік топ (n=74)	24 (30%)	45 (63,7%)	5 (6,3%)



Сурет 42 - Джонсонның креативтілікті зерттеу экспресс-әдісі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейін алынған нәтижелер


Жалпы алғашқы анықтаушы диагностикалық зерттеуде бұл әдістеме бойынша екі зерттелуші студенттер топтарынан да креативтілік бойынша орташа деңгейлік көрсеткіштер алынған болатын. Енді қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелерді салыстырып көрейік. Кесте және суреттен байқағанымыздай, бақылау тобында елеулі айырмашылықтар анықталған жоқ. Оларда әлі де орташа 36 (50%) және төмен дейгей 23 (32%) басым болды. Мұның өзі қазіргі жастардың шығармашылыққа деген қызығушылығы мен қабілеттері орташа дамығандығын білдіреді. Осылайша, бақылау тобы зерттелушілерінде креативтіліктің орташа көрсеткіштері 50%, ал эксперименттік топта 63,7% анықталды.

Айқындаушы эксперимент көрсеткіштерін қалыптастырушы эксперимент мәліметтерімен салыстырғанда біршама өзгерістері байқалды, жоғары көрсеткіш 16,7 % -ға пайызға артқанын көруге болады. Эксперименттен кейінгі алынған зерттеу мәліметтерінің орта деңгейлік көрсеткішін, айқындаушы эксперимент кезіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 10 % пайызға артса, төменгі көрсеткіш 26,7 пайызға төмендегенін байқаймыз.

Зерттелуші студенттер топтарында соңғы қолданылған алтыншы әдіс Л.М.Митинаның «Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау» әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперимент нәтижелері келесі кестеде көрсетілді.

Кесте 48 – Қалыптастырушы эксперименттегі Л.М.Митинаның «Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау» әдістемесі бойынша зерттелуші топтар нәтижелері

Зерттелуші топтар	Коммуникативтік қабілеттер деңгейлері		
	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы (72 студент)	23 (32%)	25 (34,7%)	24 (33,3%)
Эксперименттік топ (74 студент)	30 (37,5%)	32 (47,5%)	12 (15%)



Сурет 43 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Л.М.Митинаның «Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау» әдістемесі бойынша зерттелуші топтар нәтижелері

Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Л.М.Митинаның «Педагогтің коммуникативтік қабілеттерін бағалау» әдістемесі бойынша жоғары көрсеткіштер бақылау тобындағы 23 (32%) зерттелушіде анықталса, орташа деңгей 25 (34,7%) зерттелушілерде анықталды. Төменгі даму деңгейі 24 (33,3%) зерттелушілерде көрініс тапты. Ал, эксперименттік топта жоғары орташа көрсеткіштері артып, төмен деңгейдегілер саны азайған. Осылайша, жоғары

деңгейі барлар 30 (37,5%) адамды құраса, орташа деңгейі барлар 32 (47,5%) адамды қамтыды. Ал, төменгі деңгейдегі көрсеткіштер 12 зерттелушіде, яғни 15% ғана анықталды.


Сонымен, біз ұйымдастырған қалыптастырушы іс-шаралардан кейін эксперименттік топ зерттелушілерінде инновациялық даярлыққа ықпал ететін көптеген психологиялық көрсеткіштер бойынша нәтижелері артқанын байқадық.

Қалыптастырушы эксперименттен кейін бақылау және эксперименттік топ педагогтерінен келесі нәтижелер анықталды (51 кесте).

Кесте 49 - Н.В.Немованың Педагогтердің жаңашылдыққа бейімділігі сауалнамасы бойынша қалыптастырушы эксперименттегі педагогтар нәтижелері

Зерттелуші топтар	Жаңашылдыққа бейімділік деңгейлері			
	Сыни деңгей	Төмен деңгей	Орташа деңгей	Оптималды деңгей
Бақылау тобы	(10%)	(25%)	(40%)	(25%)
Эксперименттік топ	(5%)	(10%)	(50%)	(35%)

Бұл нәтижелер бізбен диаграммаға түсірілді (суретті қараңыз).



Сурет 44 - Н.В.Немованың Педагогтердің жаңашылдыққа бейімділігі сауалнамасы бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі педагогтердің нәтижелері

Жалпы екінші реттік диагностика мәліметтері көрсеткендей, қалыптастырушы эксперименттен кейін бақылау тобында болашақ тәрбиешілердің жаңашылдыққа бейімділігі бұрынғыдай орташа және төмен деңгейде қалды.

Ал, эксперименттік топта төмен және сыни нәтижелері барлар тек 20 пайызды құрады, яғни қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде эксперименттік топ жаңашылдыққа бейімділіктің сыни және төменгі деңгейі барлар саны азайып, орташа (45%) және оптималды деңгейі барлар саны (25%) артқанын байқауымызға болады. Мұның өзі болашақ тәрбиешілермен жүргізілген дамытушы іс-шаралар олардың инновациялық әлеуетінің артуына оң ықпал еткендігін көрсетіп, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық әлеуеттері мен даярлықтарын қалыптастыру шаралары сәтті болғанын білдіреді.

Сонымен, эксперимент жұмысының қалыптастыру бөлімі «Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновация» атты элективті курс бойынша студенттерімен жүргізілген сабақтардың нәтижесінде алдымен теориялық білімдерін кеңейту, практикалық тұрғыдан педагогикалық тәжірибелерін байыту үшін инновациялық даярлықты дамытудың жаңа технологияларын, әдіс-тәсілдерін іздестіруге, сонымен оқудан тыс әрекеттердің әртүрлі формасын енгізуге арналды.

Қалыптастыру экспериментін қорытындыласақ, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығының жағымды өзгеріс динамикасын байқадық.

Осылайша, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығының дамуын анықтайтын мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттері үш деңгейдегі көрсеткіштеріне сүйене отырып, орташа пайыздың көрсеткіштері анықталды: ол бақылау тобында 29% - жоғары, 54% - орта, 17% - төмен деңгейде болса, ал эксперименттік топта 32% - жоғары, 64% - орта, 4% - төмен деңгейді көрсетеді.

Аталған өлшемдер бойынша жоғары инновациялық даярлық деңгейін көрсеткен студенттер саны көбейген. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлық деңгейі бойынша мәліметтер 50-кестеде көрсетілген.

Кесте 50 – Қалыптастыру эксперименттен кейінгі бойынша студенттердің инновациялық даярлық деңгейлері (%)

Компоненттері	Бақылау тобы			Эксперименттік топ		
	Ж	О	Т	Ж	О	Т
Мотивациялық	34%	50%	16%	32%	63%	5%
Мазмұндық	28%	52%	20%	30%	65%	5%
Іс-әрекеттік	25%	60%	15%	34%	64%	2%
Рефлексивтік	23%	65%	12%	31%	65%	4%
Орта көрсеткіш	29%	54%	17%	32%	64%	4%


Ескерту: Ж-жоғары, О-орта, Т-төмен

Соңғы тексеру қорытындысы -кестеде көрсетілген.

Кесте 51 – Қалыптастырушы эксперимент барысында анықталған болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлық деңгейлері (%)

Деңгейі	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Жоғары	17%	31%
Орта	56%	63%
Төмен	27%	6%

Бұл кестеден эксперименттік топтың көрсеткішінің жоғары екендігі байқалады. Эксперименттік топта студенттердің оқудан тыс іс-әрекеттері жоғары деңгейді көрсеткен. Анықтау эксперименті кезіндегі көрсеткіштермен салыстырғанда жоғары деңгейлерінің неғұрлым өскендігін көруге болады (45-сурет).



Сурет 45 - Қалыптастыру эксперимент нәтижелері


Анықтау және қалыптастыру эксперименттеріндегі көрсеткіштерді салыстыра келе, біз соңғы қорытынды кезеңнің нәтижесін шығардық (52-кесте).

Кесте 52 - Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижесі

Денгейлер	Бақылау тобы (72 студент)		Эксперименттік топ (74 студент)	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Жоғары	12 (16,6%)	14 (19,1%)	10 (12,5%)	24 (30%)
Орта	34 (47,2%)	36 (50%)	38 (51,3%)	41 (58,8%)
Төмен	26 (36,2%)	22 (30,9%)	26 (36,2%)	9 (11,2%)

Алынған нәтижелер сараптамасы көрсеткендей, эксперименттік топ зерттелушілерінде инновациялық даярлықтың жалпы көрсеткіштері қалыптастырушы бағдарламаны жүргізгеннен кейін едәуір өскен.

Зерттелуші топтардың инновациялық даярлық деңгейлерінің қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштерінің салыстырмалы диаграммасы суретте көрсетілген.



Сурет 46 – Студенттердің инновациялық даярлық деңгейлерінің қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштерінің салыстырмалы диаграммасы

Нәтижелерді талдау тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық даярлық деңгейінің эксперименттік топтарда жоғарылағанын көрсетеді. Эксперименттік топтағы инновациялық даярлықтың жоғары деңгейі 12,5%-дан 30%-ға дейін өссе, ал төменгі деңгей 36,2%-дан 11,2%-ға дейін төмендеген. Бұл нәтижелерден байқағанымыздай, экспериментке дейін төмен деңгей көрсеткен студенттерді орташа деңгейге дейін көтеруге қол жеткізілді. Ал, бақылау тобында эксперименттік топқа қарағанда инновациялық даярлық бойынша көп өзгерістер байқалмады.

Енді осы алынған айырмашылықтардың статистикалық мәнділігін анықтау үшін бізбен математикалық-статистикалық талдау жүргізілді.


Біз эксперименттік топтағы болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің анықтаушы эксперимент пен қалыптастырушы эксперименттен кейінгі инновациялық іс-әрекетке даярлығының қалыптасу деңгейіндегі айырмашылықтардың статистикалық мәнділігін анықтау үшін Фишердің бұрыштық түрлендіруінің ϕ -критерийін пайдаландық.

Фишер өлшемі зерттеушіні қызықтыратын әсердің (көрсеткіштің) кездесу жиілігі бойынша екі тобын салыстыруға арналған. Ол неғұрлым көп болса, соғұрлым айырмашылықтар анық болып табылады.

Өлшем сипаттамасы:

Критерий бізді қызықтыратын әсер (көрсеткіш) тіркелген зерттелушілердің екі тобының пайыздық үлесі арасындағы айырмашылықтардың дұрыстығын бағалайды.

Фишердің бұрыштық түрленуінің мәні радиандарда өлшенетін орталық бұрыштың шамасына пайыздық үлестерді ауыстырудан тұрады. Үлкен пайыздық үлес ϕ үлкен бұрышы, ал аз үлес - аз бұрыш. Бірақ арақатынас сызықтық емес.



Сурет 47 - Фишердің бұрыштық түрленуінің мәнділік өсі

Жауабы: $\phi^*_{эмп} = 3.016$ болды. Алынған эмпирикалық $\phi^*_{эмп}$ критерий мәнділік осінде орналасқан. H_0 жоққа шығарылады. Мұның өзі эксперименттен кейінгі эксперименттік топ нәтижелерінің, бақылау тобы нәтижелерімен салыстырғанда, мәнді өзгерістерге, айырмашылықтарға ие болғанын көрсетеді. Сонымен осы критерийдің есептеу матрицасын көрсетейік.

Кесте 53- Инновациялық іс-әрекетке даярлықтың қалыптасуы бойынша эксперименттік және бақылау топтары зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерін салыстырмалы математикалық-статистикалықөңдеу үшін Фишердің бұрыштық түрлендіру критерийін есептеу

Топтар	«Эффект бар» (инновациялықіс-әрекетке даярлық қалыптасқан)			«Эффект жоқ» (инновациялықіс-әрекетке даярлық қалыптаспаған)			Қосынды
	Зерттелушілер саны	% мөлшер		Зерттелушілер саны	% мөлшер		
1 топ ЭТ	65	(88,8%)		9	(11,2%)		74(100%)
2 топ БТ	50	(69,4%)		22	(30,6%)		72(100%)
Қосынды	115			31			146

Бұл зерттеуіміздің болжамы дәлелденді, ұйымдастырылған инновациялық даярлықты қалыптастырушы психологиялық-педагогикалық іс-шаралардың тиімділігі тексерілді.

Қорыта келе, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуда жүйелі ұйымдастырылған жұмыстың барысында статистикалық талдауларға сүйене отырып, дайындалған арнайы курс бағдарламасы мен әдістемесінің тиімділігі тәжірибе жүзінде сынақтан өткізілді.

Жүрізілген зерттеу жұмысы диссертациямыздың басында алға қойған болжамымызды дәлелдеп, қорғауға алып шығатын қағидаларымыздың дұрыстығын айқындады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс зерттеу тақырыбымыздың әдіснамалық тұрғыларын жүйелеген бөлімнің логикалық жалғасы ретінде арнайы әзірленген, теориялық-әдіснамалық тұғыры айқындалған арнайы әдістемелік-технологиялық жүйенің жасалуы дұрыс және бүгінгі күнгі мектепке дейінгі ұйым мамандарын даярлауда аса қажетті екенін көрсетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту» атты диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми болжамы дәлелденді, бірнеше теориялық және қолданбалы нәтижелер алынды.

Жүргізілген теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік зерттеу жұмысының нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жұмысын реттеуге арналған мемлекеттің стратегиялық даму бағдарламалары мен нормативті құжаттарға жасалынған талдаулар негізінде жоғары кәсіби білім алу барысында болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту мәселесінің өзектілігі дәлелденді.

